

Б 81

Қ66

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Қорғабаяв Т.

Жалпы
тіл білімі

581

К 66

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

Т. Кордабаев

Жалпы тіл білімі

Павлодар
2010

УДК 81

ББК 81

Қ 66

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналады

БАС РЕДАКТОР

Арын Е.М.

ҚҰРАСТЫРУШЫ, ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Құдабаев А.Ж.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Айтбаев Ө., Әбілқасымов Б., Жанпейісов Е., Жанұзақов Т.,
Жүнісбеков Ә., Қалиев Ғ., Қайдар Ә., Құсайынов К., Нақысбеков О.,
Оралбаева Н., Сайрамбаев Т., Сарыбаев Ш., Сарбалаев Ж.,
Серғалиев М., Сыздық Р., Хасанов Б.

Қ 66

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ. Қордабаев Т.
Жалпы тіл білімі. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы Павло-
дар мемлекеттік университеті, 2010. – 234 б.

ISBN 978-601-238-075-0

УДК 4888

Оқулықта тіл білімі дамуының басты кезеңдері, әр кезеңдегі негізгі ғылыми бағыттар мен тіл ғылымындағы мектептер сөз болады. Қазіргі заман тіл ғылымының теориялық проблемалары баяндалады. Сонымен қатар тіл білімінің ғылымдар саласындағы орны, басқа ғылымдармен байланысы да қарастырылған.

Осы кітап зиялы қауымға, ғалымдарға, аспиранттарға, қазақ тіл білімін терең білгісі келетін жалпы көпшілікке арналады.

Еңбек материалдары 1999 жылы жарық көрген автор еңбегінің негізінде алынды.



УДК 81
ББК 81

© Қордабаев Т.

Құрастырушы А.Ж. Құдабаев

С. Торайғыров атынд. ПМУ 2010

ISBN 978-601-238-075-0

АЛҒЫ СӨЗ

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ – қазақ тілінің әр жақтары (дыбыс жүйесі мен сөздік құрамын, грамматикалық құрылымы) мен салаларын (фонетика, лексикология, грамматика) олардың дамуын, өзара байланысын, ішкі заңдылықтарын жан-жақты зерттейтін ғылым саласы. Қазіргі қазақ тілі – саяси, ғылыми көркем әдебиет, публицистика, күнделікті радио мен теледидар хабарларында қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілінің өсуі мен дамуын қазақ тіл білімі тұрғысынан ғана емес, жалпы түркология ғылымы тұрғысынан алып қарағанда, шығып жатқан ғылыми еңбектерінің саны жағынан болсын, жаңа әдістерді қолдану, ғылыми проблемаларды шешу, мамандар даярлау жағынан болсын, әлемдік түркологияда алдыңғы қатарға шықты.

Тіл білімінің жаңа саласы статистика, қолданбалы лингвистика әдістерін түркология ғылымында алғаш қолданған да Қазақстан ғалымдары болатын.

Бүгінгі кезде ұлттық тілге деген сұраныстың көптігіне байланысты осы еңбекті шығару ісі қолға алынды.

Сіздердің қолдарыңызға тиген «Қазақ тіл білімінің антологиясы» атты сериялық басылым ұлттық тілдің дамуына мол үлес қосқан ғалымдардың еңбектерін белгілі жүйемен топтастыруды жөн көрдік.

Қазақ тіл білімі антологиясының басты мақсаты – классикалық үлгідегі жазылған ғылыми еңбектердің, тілдік зерттеулердің, ғылыми ой-тұжырымдардың көрсеткішін кейінгі жас ғалымдарға, ұрпағымызға үлгі ету. Талдаудың, пайымдаудың, дәлелдеудің сан қырлы тәсілдеріне бойлатудың нақты мүмкіндігін ұсыну.

Қай елдің болмасын рухани мұрасын танып – талдаудың, бағалаудың ғылыми қалыптасқан шарттары бар. Мұндағы

ғылыми ізденістер осы талаптардың биігінен көріне алған. Қазақ тіл ғылымындағы жетекші ойлар – тіл салаларының барлық бастау көзінің бұлағы.

Бұл антологияны кұрайтын ғалымдардың еңбектері қазіргі кезде кітапханалардың сирек қорларында өте аз әрі санаулы болғандықтан және кейбіреулері тіпті жетіспейтіндіктен қайта жинақтап, жариялату ісі қолға алынды.

Редакциядан.

КІРІСПЕ

“Жалпы тіл білімі” атты оқу пәніне арналған тұңғыш оқулық қазақ тілінде 1975 жылы жарық көрді.

Оқулықтың ұсынылып отырған басылымына біраз өзгерістер енгізілді. Біріншідеп, белгіленген көлем тым шағын болғандықтан, оқу бағдарламасындағы біраз мәселелер бұрынғы басылымына енбей қалған болатын, қамтылғандарының өзі де өте ықшамдалып берілген. Екіншіден, орыс тілінде жазылған біраз еңбектер бұл оқулық баспаға берілгеннен кейін шығарылды да, оларды пайдалануға мүмкіндік болмады. Үшіншіден, оқулық жарық көрген уақыттан бергі оқыту тәжірибесі, оқырмандардың мерзімді баспасөздерде жариялаған мақалалары мен хаттары оқулыққа өзгерістер енгізудің қажеттігін байқатты. Соны ескере отырып, оқулықта бұрын бардың өзі қайта жазылды да, олардың үстіне бірнеше тың тараулар мен параграфтар енгізілді. Солардың нәтижесінде оқулық түбірлі өзгерістерге ұшырап, жаңарып шықты.

“Жалпы тіл білімі” курсының Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқытыла бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Оқу пәні ретінде 1960 жылдан бастап белгілі болды. Сондықтан да болар, басқа лингвистикалық пәндердей қалыптасқан дәстүр, тұрақталып бір ізге түскен оқу бағдарламасы мен оқу құралдары бұл курста тым аз. Оқу бағдарламасына сәйкес тұрақты оқулық орыс тілінде де санаулы. Бірақ орыс тілінде жалпы тіл білімінің әр саласына қатысты материалдар, аударма еңбектер (Ф. де Соссюрдің, Э. Сепирдің, Ж. Вандриестің, т.б.), колтума еңбектер баршылық. Солардың ішінен 1970-1973 жылдар ішінде СССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған, лингвистиканың ең өзекті, жалпы теориялық мәселелерін қамтыған “Жалпы тіл білімі” атты үш томдық күрделі еңбекті және басқа кейбір еңбектерді атаған жөн¹.

¹ Общее языкознание: М., 1970, М., 1972, М., 1973;

Бұлар сөз болып отырған курсты орыс тілінде оқып, үйренуді жеңілдететіні даусыз, ал қазақ тіліндегі жағдай мейлінше басқа, бізде бұл курсқа қатысты қолтума еңбек те, аударма еңбек те жоқ. Олай болатыны 1950-жылға дейін қазақ тілі білімі құрамында жалпы тіл білімі тіл ғылымының дербес саласы ретінде сөз болған емес, олай деп қарарлық маман да болмады, қажеттілік те болмады. Алғашқы кадам жалпы тіл білімінің негізіне жататын “Тіл біліміне кіріспе” атты курстың республикамыздағы жоғары оқу орындарында оқу пәні ретінде оқытылуынан басталды. Соған байланысты оқу құралдары пайда болды.²

Жалпы тіл білімінің әлемдік ғылымда теориялық саласы ретінде танылуы – ХІХ ғасырдың басында, салыстырмалы-тарихи әдістің тіл білімінің зерттеу әдісіне айналуы нәтижесінде қалыптасты. Ол әлемдік тілдердің универсалды, барлығына ортақ мәселелерін зерттейді де, соның негізінде жалпы тілдік теорияны қалыптастырады. Сондықтан жалпы тіл білімін бүкіл тіл ғылымына бағыт-бағдар сілтейтін жетекші, бағдарлағыш ғылым деп санайды.

Оқулықта ғылыми еңбек болғанымен, оның өз ерекшеліктері бар. Егер ғылым ашылмағанды ашуды, шешілмегенді шешуді, белгісізді белгілі етуді көздесе, оқулық, негізінде, ғылым ашқан жаңалыққа сүйенеді. Шешімі табылған талассыз қағидаларды баяндауды, соларды талдап түсіндіруді көздейді. Бірақ “Жалпы тіл білімі” курсына қарастырылған мәселелердің барлығы бірдей басы ашық, пікір таластарынан айыққан мәселелер емес, олардың ішінде күні бүгінге дейін шешімін таппай келе

Кодухов В.И. Общее языкознание. М., 1974;

Березин Ф.М., Головин Б.И. Общее языкознание. М., 1979, т.б.

² Қордабаев Т.Р. Тіл білімнің кейбір мәселелері. Педучилищелердің ІV курсына арналған көмекші оқу құралы. Алматы, 1955; Соныкі: Тілдің структуралық элементтері. Филология факультеттерінің сырттан оқитын студенттеріне арналған. Алматы, 1975;

Аханов К. Тіл білімінің негіздері. Университеттер мен педагогтық институттардың филология факультеттеріне арналған оқулық. Алматы, 1973.

жатқан проблемалар мол. Курстың біраз тарауларында пікір таластарын тудырып жүрген мәселелер де сөз болды. Олай етудің бір себебі – студенттерге тек дайын ережелерді ғана ұсынып қоймай, талас пікірлер жөнінде олардын да ойдануына, өздерінше тұжырым жасауына түрткі салу.

Мұндай жағдайларда талас пікірлерді түсінікті тілмен ықшамды баяндау жағы көзделді. Сондай-ақ, теориялық тұжырымдарға дәлел тілдік фактілер мүмкіндігінше ана тілімізден және туыс тілдерден келтірілді.

Оқулықтың соңында пайдаланған және пайдалану керек деген әдебиеттер тізімі берілді. Студенттерге солардың ішіндегі қажеттілерін оқушылардың өздері ұсынғаны мақұл.

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

“Жалпы тіл білімі” деген атау – тіл ғылымының жалпы тілдік теориялық саласы және оқу пәні деген екі мағынада қолданылады.

Жалпы тіл білімі тіл ғылымының теориялық саласы ретінде ХІХ ғасырдан бастап қалыптаса бастады. Жеке тілдер жөніндегі ғылым бұдан көп бұрын пайда болғанмен, олар бір-біріне байланыссыз, жеке-жеке қаралды. Тілдердің өзара туыстас, төркіндестігі, дыбысты тілдің жалпы адамзаттық құбылыс екендігі олардың арасында бірліктің де, өзгешеліктің де, жалпы заңдылықтың да, даралықтың да болатыны онша белгілі бола қоймады. Сондықтан зерттеулердегі жалпы тілдік теориялық қорытындылар жасалмай келді.

Дыбысты тілде толып жататын ортақ сипаттардың, универсалды құбылыстардың барлығы алуан тілдердің фактілерін бір-біріне салыстыра қарау нәтижесінде айқындалады. Оның айқындалуы адам баласының тілінде болатын ортақ заңдылықтарды, универсалды құбылыстарды зерттейтін, соның негізінде жалпы тілдік теориялық тұжырымдар жасайтын жалпы тіл білімін дүниеге келтірді.

Жалпы тіл білімі – тіл ғылымының жалпы тілдік теориясы. Ол – бүкіл тіл туралы ғылымның бағыт-бағдарын белгілейтін компас ғылым. “Жалпы тіл білімі” пәнінің алға қоятын мақсаты – оқушыларды теориялық тіл білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінен хабардар ету. Оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, негізгі бағыт-бағдарынан, ғылым алдында тұрған басты-басты проблемалардан оқу бағдарламасы талабына сай жүйелі білім беру. Осындай мақсаттарға сәйкес курс күрделі төрт бөлімге бөлінеді: *тіл ғылымының тарихы, тіл теориясы, тіл ғылымындағы әдістер мен әдістемелер, тіл білімінің басқа ғылымдармен қарым-*

қатынасы. Бұл бөлімдердің әрқайсысы өз ішінен бірнеше тарауларға, параграфтарға жіктеледі.

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ОБЪЕКТІСІ

Ғылымның түрлі салаларға жіктелуі оларды зерттейтін объектілердің сипатына байланысты. Ғылым объектісі деп оның зерттейтін, қарастыратын мәселелерін айтады. Объектісіз ғылым болуы мүмкін емес. Жалпы тіл ғылымының объектісі — адамдардың дыбысты тілі. Жалпы тіл ғылымы тілдің құрамын, функциялық сипаттарын, даму заңдылықтарын, сыртқы дүниемен, қоғаммен, ой-санамен, мәдениетпен қарым-қатынасын түгел алып, жан-жақты зерттейді. Тіл ғылымы үшін дыбысты тілге қатысты мәселелердің бәрі де керек, бәрі де маңызды. Тіл ғылымына даму сатысына, қоғамдық рөліне, генеологиялық, типологиялық сипаттарына, қолданушы қауымның сандық шамасына, функциялық көріністеріне қарамастан, дүние жүзіндегі тіл атаулының барлығы да объекті бола алады.

Жалпы тіл білімі дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән универсалды мәселелерді қарастырады. Ғалымдардың айтуына қарағанда дүние жүзінде 5651 тіл және диалектілер бар көрінеді. Бірақ тілдер сан жағынан қаншалықты көп және құрылымы жағынан алуан түрлі болғанымен, олардың бір-біріне ұқсас, бәріне тән ортақ қасиеттері, ортақ заңдылықтары болады. Мысалы, тілдердің бәрі де адамдардың өзара қатынас жасау құралы; тілдердің қай қайсысында да дыбыс, сөз, грамматикалық форма, сөйлем дегендер болады; тіл атаулының тілдік элементтердің қай-қайсысы да бір қалыпты қоймайды, өзгеріске ұшырап, дамып отырады және дамуға, өзгеріске түрткі болатын әр алуан ішкі және сыртқы себептер тілдер тарихының қай-қайсысында болса да кездеседі; тілдік туындылардың ауызекі немесе жазба түрде болатыны да тіл атаулының барлығына тән.

Айта берсек, барша тілдерге ортақ осындай қасиеттер аз емес. Мұндай ортақ қасиеттердің болуы – тіл иелері болып табылатын адамзаттың ойлау жүйесінің сөйлеу органдары мен есту қабілеттерінің, ой-саналарының бір-біріне жакын, ұқсас болуынан. Жалпы тіл білімі жоғарыда айтылғандай дыбыс тілі атаулының барлығына тен ортақ мәселелерді, ортақ заңдылықтарды сөз етеді. Зерттейтін объектісі – жалпы тілдік болғандықтан, одан шығатын теориялық тұжырымдар да тіл атаулының барлығына немесе басым көпшілігіне бірдей қолдануға болатын жалпы тілдік теория болмақ. Ондай өзекті проблемалар қатарына мыналар жатады:

1. Тілдің өзіндік табиғаты мен мәні, сөйлеумен, ойлаумен, қоғаммен байланысы, атқаратын қызметі.
2. Тілдің құрылымы, құрылым элементтерінің бір-бірімен байланысы, ара қатынасы.
3. Тілдің таңбалық, жүйелік сипаттары.
4. Дыбыс тілінің шығуы, тілдер дамуындағы ортақ заңдылықтар, тілдік құбылыстарға түрткі болатын ішкі, сыртқы себептер, тілдер дамуында болатын дифференциялық (даралану), интеграциялық (жакындасу) процестер, жалпы халықтық тіл, диалект, сөйлеу тілі мен әдеби тіл, т.б.
5. Тілдердің типологиялық, генеологиялық топтары, жіктеулері.
6. Жазудың пайда болу, даму жолдары.
7. Тіл білімінің өзіндік зерттеу әдістері.
8. Тіл білімінің негізгі салалары, басқа ғалымдармен қатынасы, өзіндік орны.

Бұл проблемалар – тіл білімінің өзіндік сипаты бар дербес ғылым екенін танытатын және өзара байланысты мәселелер. Жалпы тіл білімі қарастыратын проблемаларды сөз еткенде, олар жөнінде белгілі тұжырымдар жасағанда, жеке тілдерді немесе тілдік топтарды зерттеу нәтижелері басшылыққа алынады. Теориялық тұжырымдар жеке тілдерді зерттеу, айқын-

далған топшылауларды жинақтау, қорытындылау негізінде жасалады. Сондықтан ғылыми негізде зерттелген тілдер неғұрлым көп болса, жинақталатын, қорытылатын материалдар да солғұрлым көп болса да, жалпы тіл білімінің мазмұны тереңдей, ғылыми нәтижесі молая түседі. Ал, тіл ғылымының жеке тілдерді зерттейтін саласы өз зерттеулерінде жалпы тіл білімі жасаған теориялық тұжырымдарға сүйенеді, соны басшылыққа алады.

ЖАЛПЫ ТІЛ БІЛІМІНІҢ САЛАЛАРЫ

Дыбысты тіл – қыры мен сыры мол, өте күрделі құбылыс. Оны бір ғана тәсілмен, бір бағытта зерттеу арқылы танып-білу мүмкін емес. Бұл жағдай тіл білімінің түрлі салаларға бөлшектенуін туғызады және зерттеу ісін түрлі бағытта, түрлі максатта жүргізуді қажет етеді. Тіл ғалымында тіл білімін, алдымен, **жеке тілдер туралы ғылым, жалпы тіл білімі** деп екі топқа бөледі. Жеке немесе туыстас тілдерді зерттейтін ғылым сол тілдің я тілдердің атымен аталады; қазақ тіл білімі, өзбек немесе орыс тілі білімі, болмаса түркология т.б.

Тіл туралы ғылымның алғашқы қадамы жеке тілдерді сипаттаудан басталған. Ондай сипаттау тілдің құрылымдық салаларын айқындауға арналған. Тіл құрылымын зерттеу – күні бүгінге дейін жеке тілдер туралы ғылымның негізгі объектілерінің бірі. Осыған сәйкес жеке тілдер туралы ғалымда өз ішінен: фонетика, фонология, лексикология, семасиология, морфология, синтаксис, диалектология, т.б. деп бөлушілік бар.

Тіл ғылымының жеке тілдерді я тілдер тобын зерттейтін саласы сол өзі зерттеп отырған тілге қатысты мәселелерді сөз етеді, оның сүйенетін материалдары да, одан шығаратын қорытындылары да сол тілге тән болады.

Жалпы тіл білімі – көп кабатты, сан-салалы күрделі ілім. Оның күрделілігінің, қиындығының басты себебі – объектісі-

нің қыр-сыры- молдығында. Тіл ғылымының бірден-бір объектісі болып есептелетін дыбысты тіл жалпы адамзаттық құбылыс бола тұра, екінші жағынан, бір-біріне ұқсамайтын ала-құлалықтарға толы жеке-жеке тілдерге бөлшектенеді. Ал тіл ғылымы солардың ешқайсысын да назардан тыс қалдырмауға тиісті. Екіншіден, тіл ғалымы – әлемдік ғалым бола тұра, сонымен қатар, жеке ұлттық та ғылым. Өзінің туған тілін зерттейтін әр ұлт өкілдері оған ұлттық түр енгізбей тұрмайды. Тіл ғылымында жарыса қолданылатын, көп жағдайда мәселені мейілінше қиындататын алуан түрлі терминдердің болуы да осыдан.

Тіл білімі – өзіндік ерекшеліктері бар мектептерге зерттеудің әдіс-тәсілдеріне мейілінше бай. Олардың арасында ымыраға келмейтін қайшылықтар да аз емес. Бірақ соған карамастан қазіргі заман тіл білімінде қалыптасқан бірнеше күрделі салалар бар. Олар:

1. Интралингвистика. Мұндағы интра – латын тілінен ауысқан префикс, мағынасы – ішкі. Интралингвистика тілдің ішкі жүйелік құрылымын, жүйе элементтерінің бір-бірімен қарым-қатысын зерттейді. Кейбір әдебиеттерде бұл терминнің орнына *микрoлингвистика*, *ішкі лингвистика* дейтін атаулар да қолданылады. Интралингвистиканың негізгі салалары – фонетика, лексикология, грамматика.

2. Экстралингвистика – екі сөзден құралған термин. Экстра – латын тілінен алынған префикс. Мағынасы – сыртқы, сыртқары. Экстралингвистика тілдің сыртқы дүниемен, қоғаммен байланысын зерттейді. Сондықтан оны *социологиялық лингвистика*, *металингвистика* (мета – грекше жарты), сыртқы лингвистика деп, немесе оның тілдік қоғамда, ойлау процесінде атқаратын қызметін зерттейтініне қарап *функциялық лингвистика* деп те атайды. Экстралингвистика социалингвистика, менталингвистика дейтін екі салаға бөлінеді. Менталингвистика деген терминнің құрамындағы мента – латын тілінде

ойлау, ақыл деген мағынаны білдіреді. Менталингвистика тіл мен ойлаудың қарым-қатысын, тілдік мағынаның теориясын, сөйлеу әрекетімен, жағдаймен байланысын зерттейді.

3. Тіл білімін зерттеуде қолданылатын әдіс-тәсілге, зерттеушінің ұстанған бағыт-бағдарларына қарай да жіктеушілік бар. Ондай жіктеулер қатарына салыстырмады-тарихи, типологиялық, арсалдық, структуралық, психолондалық, этнографиялық, эстетикалық, синхрондық, диахрондық, қолданбалы тіл білімі жатады,

Кейбір зерттеушілер еңбектерінде фонетиканың дыбыстардың физикалық, физиологиялық жақтарын зерттейтін саласын интралингвистикадан бөліп алып, предлингвистика деп атаушылық та бар. Сондай-ақ, әр тілдің дыбыстық мәнерлерін, экспрессивтік, эмоциялық, көркемдік мүмкіндіктерін зерттейтін саланы паралингвистика деп жіктеу де бар. Бұл салалар жеке тілдер туралы ғылымның да, жалпы тіл білімінің де қарауына жатады. Әрине, ерқайсында ер түрлі көлемде сөз әтеді.

Жалпы тіл білімінің жоғарыда аталған негізгі проблемаларымен қатар ол қарастыратын басқа да біраз мәселелер бар. Солардың бірі – лингвистикалық ой-пікірдің қалыптасу, даму жолдары жөніндегі мәселе, яғни ғылымның өз тарихы.

Енді осы мәселеге тоқталамыз.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТІЛ БІЛІМІ ТАРИХЫ

Ғылым салаларының өзіне тән дүниеге келу, бірте-бірте даму тарихы болады. Сондай тарих тіл туралы ғылымда да бар. Ғылым тарихы өткенді білу үшін ғана емес, оның қазіргі күйін дәл, дұрыс танып, болашағын бағдарлау үшін де қажет. Ғылым, соның ішінде тіл туралы ғылым да бірдеп жетілмейді, біртіндеп дамиды, кейінгісі алдыңғының негізінде туып, соның өзгерген, жаңа сатыға көтерілген табиғи жалғасы ретінде желі болып тартыла береді.

Ғылым тарихын білудің мәні ерекше. Пәнді оның тарихы арқылы ғана жете білуге болады. Тіл білімі тарихының тәрбиелік те, танымдық та мәні зор. Өйткені ол қоғамдық ой-сананың, мәдениеттің дамуымен тығыз байланысты. Тіл тарихы таным теориясын қалыптастыратын білімдердің бірі. Тіл туралы ғылым белгілі шамада болса да жазу тілі, жазба ескерткіштері бар жерде ғана туып, қалыптаса алады. Көне заманнан біздің дәуірге жеткен зерттеулер тіл туралы алғашқы толғаныстардың жазба ескерткіштерді филологиялық тұрғыдан қарау, оның тілін сөйлеу тілімен салыстыру нәтижесінде туғандығын байқатады.

Тіл білімі тарихын зерітеуші ғалымдардың басшылыққа алатыны историзм принципі. Бұл принцип бойынша, әр дәуірде қалыптасқан, өмір сүрген алуан түрлі тілдік мектептер, концепциялар сол өз дәуірі тұрғысынан бағаланып, олардан бұрын не бар еді, бұлар оған не қосты, кейінгілердің өздерінен бұрынғылардан артықшылығы қандай деген тұрғыда қаралуы керек.

Тіл білімінің тарихы бұралаңсыз, тартыс-талассыз болған емес, екі түрлі философиялық бағыт-материалистік және идеалистік түсінік мұнда да болды, қазір де бар. Тіл ғылымы

діни нанымдардың шырмауында, басқа ғылымдардың шылауында болған балаң, әлсіз, шақты да, тоқырау, гүлдену кезеңдерінде басынан өткізді

Әдетте, тіл білімінің басқа ғалымдардан бөлініп, жеке ғылым болып қалыптасу тарихын ХІХ-ғасырдың бас кезінен бастайды. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі тұрғысынан алғанда оның тарихын өткен ғасырдан бастау, әрине, шындыққа жуықтайды. Бірақ бұдан ХІХ-ғасырға дейін тіл мәселесі сөз болмады деген ұғым тумамайды. Дыбыс тілінің өзіндік сырын білуге адам баласы ғылымға дейінгі дәуірлердің өзінде де талпынған. Адам қоғамының балаң кездерінен сақталған алуан түрлі мифологиялық түсініктерді былай қойғанның өзінде, өте ертедеп басталатын әр түрлі жазу-сызуларда тілдік заң-ережелер ескерілмеді деуге болмайды.

Біздің жыл санауымыздан 5-6 мың жылдар бұрынғы египеттіктердің, шумерлердің т.б. шығыс халықтарының жоғары мәдениетті болғандығын, әр түрлі жазуларды пайдаланғандарын ескерсек, тіл ғылымының көне ғылымдардың бірі екендігін байқауға болады. Бірақ египеттіктердің, шумерлердің тілге байланысты айтқан пікірлері біздің заманға жеткен жоқ. Тіл мәселелеріне байланысты жазылып сақталған, біздің заманға жеткен деректердің ең көнесі Ежелгі Қытай, Үндістан, Ежелгі Греция елдеріне тән.

Тіл ғылымы тарихын ер түрді кезеңдерге бөлушілік бар. Бірақ онда бірізділік жоқ. Дегенмен, шартты түрде болса да, төмендегідей жіктеуді ұсынуға болады. Олар:

1. Ежелгі заман тіл білімі.
2. Орта ғасыр тіл білімі.
3. Қайта өркендеу дәуіріндегі тіл білімі.
4. ХІХ ғасыр тіл білімі.
5. XX ғасыр тіл білімі

Бұлардың әрқайсысы – өз ішінен тағы да түрлі кезеңдерге бөліне алатын күрделі дәуірлер.

I ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ТІЛ БІЛІМІ

Қоғам тарихының көне дәуірі де, жазу мен ғылымның алғашқы бастамалары да Таяу Шығыста, Месопотамия мен байырғы Египетте басталғанымен, олардан қалған тілге байланысты еңбектер біздің заманға жеткен жоқ, сондықтан ежелгі дәуір тіл білімі деген Көне Қытай, Үндістан, Грек-Рим заманынан қалған, біздің заманға жеткен жазба нұсқаларға байланысты қаралады. Біз де осы жолмен жүреміз.

Ежелгі дәуір – тіл біліміне қатысты ой-пікірдің жана туындай бастаған және оның мейілінше балаң шағы. Ұзақ мерзімді қамтитын бұл уақыт бойында тіл біліміне тән түсінік бірте-бірте, өте баяу дамиды. Ол өрісі, терендігі жағынан да тым жұпыны болды. Соған қарамастан бұл кезеңдегі тіл біліміне қатысты мәліметтерді қазіргі кезде әркен жайған тіл білімінің бастамасы, қалана бастаған ірге тасы деп санаған жөн.

Ежелгі дәуір тіл білімінде ерекше көңіл бөлінген екі күрделі проблема болған. Оның бірі – атау, ат қою теориясы да, екіншісі – *грамматикалық өнер* /искусство/ проблемасы.

Мұның біріншісінде – зат атаулары қалай пайда болған, атаулардың өздері атау болған заттармен, құбылыстармен, оқиғалармен қандай байланысы бар? Атаулардың дұрыс я теріс қойылуының қандай мәні бар дегендерді сөз етушілер – философтар болған және бұл проблеманы олар философияның ең мәнді саласының бірі ретінде қараған. Ғылым тарихында *ат қою теориясы* деп аталатын бұл сала қытайда да, үнділерде де, гректерде де бір-біріне өте ұқсас бағытта талданып, біртектес шешімге сайып отырған.

Грамматикалық өнер теориясы тілді дұрыс қолданудың ережесін белгілеуді мақсат еткен. Бұл ереже бірде *грамматикалық өнер* делінсе, енді бірде *жазу өнері* деп те аталады.

Грамматикалық теория жазба ескерткіштер тілдерін зерттеудеп туған. Сондықтан ежелгі дәуір тіл білімі, әдетте, *филология* дәуірі деп те аталады /филология – грек сөзі, мағынасы – сөзді сүю/.

Филология – жазба ескерткіштердің тілін, стилін, тарихи жақтарын зерттейтін ілім. Оның дүниеге келуі жазба ескерткіштердің пайда болуымен, оны зерттеу қажеттігінің тууымен тығыз байланысты. Грамматика теориясы көне заман елдерінің әрқайсысында әр түрлі мақсатта және әр түрлі дәрежеде болған.

Бірақ соған карамастан ежелгі дәуір тіл біліміндегі ой-пікірдің барлығына тән ортақ сипаттар да болды.

Біріншіден, бұл кезеңдегі грамматикалық өнер біраз мәселеде философияға байланысты болған.


Екіншіден, грамматикалық өнер тілдің құрылысын түсіндіруді мақсат етпеген, тілді дұрыс қолданудың, дұрыс сөйлеудің ережелерін жасауды, жазу тілі мен сөйлеу тілі арасындағы қарым-қатынасты түсіндіруді көздеген. Сондықтан да грамматикалық өнер-пікірді – дұрыс, әдеби етіп бере білуге үйрететін тәжір-биелік ілім деп саналады.

Үшіншіден, филология дәуірінде тілдің морфология, фонетика саласында едәуір істер атқарылғанымен, олар тек тәжірбие-лік сипатта ғана болған, ал лексикология, синтаксис мәселелерінің зерттелуі тым мардымсыз.

Төртіншіден, әр елдің филологтары тек өз тұсындағы бір тілге тән нұсқаларды зерттеген. Сондықтан әр түрлі тілдер фактілерін салыстыра қарау дегенді олар білмеген.

Бесіншіден, бір елдің тіл біліміндегі ой-пікірдің екінші елге жетуі де нашар болған.

Ежелгі Қытай тіл білімі. Қытай – мәдениеті, ғылыми ой-пікірі ертеде дамыған, дүние жүзілік мәдениетке зор үлес қосқан ежелгі ел. Қытай тіл білімі тарихы екі мың жылдан астам уақытты қамтиды. Қытайдағы тіл білімі ХІХ ғасырдың аяғына



дейін баска елдердегі тіл білімінің әсерінсіз өз бетінше дамыған. Тіл ғылымы тарихында өзіндік дәстүр қалыптастырған. Бірақ қытай тіл білімі әлемдік тіл ғалымына мәнді үлес қосқан жоқ, ұлттық шеңбердеп шыға алмады. Қытай жазба ескерткіштері біздің заманнан 15 ғасыр бұрын пайда болған. Олар мал сүйектеріне, әсіресе жауырынға жазылып сақталған.

Ат қою теориясы мен грамматикалық өнер теориясы ежелгі қытайда да болған. Ат қою теориясын қалыптастырған адам, біздің жыл санауымыздан бұрынғы 551-479 жылдар арасында өмір сүрген философ ғалым – Конфуций (Кун-Цзы).

Оның ойынша зат пен оның атауы арасында табиғи байланыс болады. Атау заттың табиғатына сай болу керек. Бұл кате тұжырым. Ат қою теориясымен қатар ежелгі қытайда грамматикалық өнердің де негізі қаланған. Грамматикалық ілім қытайлардың көне жазуы – иероглифке негізделген. Қытай иероглифі біздің жыл санауымыздың бірінші ғасырының өзінде-ақ белтілі нормаға келтіріліп, *уставтық, жартылай уставтық және жылдам жазу* делініп үш стильге бөлінген, грамматикаға байланысты пікірлер де осы иероглиф жазуын талдап түсіндіруге негізделген.

Грамматикалық өнер ежелгі дәуірдеп сақталған діни жазбалар тілін зерттеу негізінде туған. Көне және орта ғасырлық қытайда тілге байланысты үш түрлі филологиялық мәселеге ерекше көңіл аударылған. Оның бірі – көне сөздердің мағыналарын айқындау, екіншісі – иероглифтің құрылысы мен этимологиясын айқындау, үшіншісі – фонология. Тілдегі дыбыстық өзгешеліктерді айқындауда, тілді зерттеуде қытайлықтардың өзіндік ерекшелігі, дәстүрі болған. Оларда ежелден қалыптасқан ұғым бойынша, тілдегі ең негізгі тұлға – сөз. Сондықтан иероглиф жазуы жеке дыбысты емес, сөзді танбалайды. Ежелгі қытай лингвистикасының негізгі – тілдегі әр сөзге жеке таңба тағайындау, ол таңбалардың мағынасын, оларды қалай оқу, қалай қолдану жолдарын айқындау болған. Ол үшін таңбалар

сөздігі жасалған. Біздің заманға жеткен сондай сөздіктердің бірі және кытайлар үшін ең беделдісі кытайша “Эрья” деп аталатын сөздік. Біздің заманға дейінгі үшінші ғасыр шамасында жасалған бұл сөздік бұрыннан сақталған діни жазбаның сөздерін – иероглифін түсіндіруге арналса керек. Ол жазбалардың сөздері – киелі, жоғары стильді, канондық сөздер саналған. Сөздікте оның иероглифін талдау, жүйелеу, оларды оқудың, түсінудің ережелері берілген. Сөздікті грамматикалық еңбектер қатарына жатқызуға себепші болатын да сол ережелер.

Кейінгі кездерде “Эрья” сөздігіне еліктеп, оның сырын аша түсуге арналған тағы да бірнеше сөздіктер жасалған көрінеді. Олардың барлығы да кытайдың иероглифін талдауға, олардың этимологиясын, мағынасын ашуға арналған. Осы себептен бұл сөздіктерді кейде иероглифтік грамматика деп те атайды.

Иероглифтік грамматикаларда морфема, сөздер мағынасы, этимология мәселесі болмаса, калыпты грамматикалық әдебиеттердегідей грамматикалық категория мәселелері сөз болмаған. Ғалымдар кытай лингвистикасының өзіндік ерекшелігі, өзіндік дәстүрі де осында дегенді айтады.

Ежелгі Үндістан тіл білімі. Үнділерден бізге жеткен зерттеулер жыл санауымыздан бұрынғы V ғасырдан басталады. Бұл материалдардың ғылыми жүйелілігіне, ой тереңдігіне қарағанда Үндістан тіл білімі бұдан да бұрын болғанға ұқсайды. Тіл білімі мұнда практикалық қажеттіліктен туған. Үнділердің өте ерте дәуірдеп сақталған аңыздардан, гимндерден, діни жырлардан құралған “Веда” деп аталатын жазба ескерткіштері болған. Біздің дәуір алдындағы VI ғасырларда белгілі болған бұл жинақты үнділер қасиетті, киелі деп санаған және қазірде де солай санаушылық бар көрінеді. Бұл “киелі” жырлар тілінде сол уақытағы үнділерге мағынасы түсініксіз көптеген сөздер, сөйлемшелер болған. Соларды айқындау және “Веда” тілін сөйлеу тілі әсерінен қорғау, оның айтылу мәнерін, беретін

түсінігін өзгеріссіз сақтау мақсатымен “Веданың” тілін зерттеген. Бұл зерттеу төрт түрлі бағытта жүргізілген: а) дыбыстық жүйесі мен айтылу мәнерін, яғни фонетикасы мен орфоэпиясын зерттеу; е) жардың құрылысы мен өлең өлшемдерін зерттеу; б) грамматикасын зерттеу; в) жеке сөздердің тіркесін және оның мән-мағынасын “яғни лексикасы мен этимологиясын зерттеу. Ежелгі Үндістандағы тіл білімі, негізінде, осы төрт бағытта дамыған. Бірақ бұлардың даму тарихы, зерттелу дәрежесі біркелкі болмаған.

Өз кезі үшін айтарлықтай жақсы, жан-жақты зерттелген мәселелер қатарына ғалымдар фонетика мен” морфологияны жатқызады. Бұлар жөніндегі зерттеулер үнділердің атақты лингвисті Яски мен Панини жазған еңбектер арқылы біздің заманға жеткен.

Яски біздің дәуірімізге дейінгі бесінші ғасырда өмір сүрген. Ол – “Веда” тілінің бес томдық сөздігін жасап, түсінік жазған адам.

Панинидің біздің дәуірге дейінгі IV ғасыр шамасында жазған «Аштадхьян» (грамматикалық ережелердің сегіз бөлімі) деген еңбегінде төрт мыңнан астам грамматикалық ереже берілген. Бұл еңбегінде Панини “Веда” тілін қалпына келтіру нәтижесінде пайда болған үнділердің санскрит деп аталатын көне әдеби тілінің және “Веда” жыры тілінің дыбыстық жүйесін, сөз туғызу, сөз өзгерту жолдарын жан-жақты зерттеген. Панини еңбегі – тіл білімі тарихындағы біздің дәуірге жеткен тұңғыш сипаттама грамматика дейді мамандар. Ол *санскрит тілінің грамматикасы* деп те аталады. Мұнда сөздерді тапқа, түбірге, түрлі қосымшаларға бөлу, жұрнақ, жалғау, префикс дегендердің бәрі де бар. Панини грамматикасы ережелерінің дәлелдігіне, зерттеулерінің терең және жан-жақтылығына қарап, бірсыпыра ғалымдар Үндістанда тіл білімі Паниниге дейін де даму басқышынан өткен, бірнеше грамматикалық

еңбектер жазылған болу керек деп жорамалдайды. Бірақ ондай еңбектердің болған-болмағаны ғылымда әзірше белгісіз.

Үнділер тілдегі барлық сөздерді есім, етістік, предлог, демеулік деп төрт топқа бөлген де, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған. Етістіктің шаққа бөлінуі, есімдерде жеті түрлі септік жалғаудың барлығы, т.б. көптеген грамматикалық мәселелер өте дәлдікпен шешілген.

Үнділер синтаксис мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеген. Ежелгі Үндістан тіл білімінде морфологиядан кейінгі мол зерттелген сала – фонетика. Фонетика ежелгі заман тіл білімінің ешқайсысында Үндістандағыдай зерттеудің жоғарғы сатысына көтеріле алмаған. Дыбыстардың физиологиялық сипаттары, сөйлеу органдарының тіл дыбыстарын жасаудағы артикуляциясы, дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып кездесетіндіктері, олардың себептері жан-жақты және дұрыс сөз етілген.

Үндістан тіл білімінің тарихын сөз ете келіп, В. Томсен: “Үндістан тіл білімінің көтерілген биігі ерекше. Бұл биікке, көп нәрсені үнділерден үйрене тұрса да, еуропалық тіл білімі ХІХ ғасырға дейін көтеріле алмады”¹, – деп жазады.

Ал И.А. Бодуэн де Куртенэ “ХІХ ғасырдағы тіл ғылымы, немесе лингвистика” деген еңбегінде: “Егер де үнді грамматистерінің ХVІІІ ғасырдың аяғы мен ХІХ ғасырдың бас кезіндегі Еуропа зерттеушілерінің ақыл-ойына тигізген орасан зор әсері болмаса, салыстырмалы грамматиканың, тіпті Еуропа мен Америка топырағында пайда болған тіл ғылымының гүлдеп дамуы болмаған болар еді”², – дейді.

Шынында да, үнділер тіл білімінің дамуына елеулі үлес қосқан. Тіл фактілерін зерттеуде олар синтетикалық тәсілді де қолданған. Сол арқылы тілдік элементтердің өзара ұқсастығын және бір-бірінен өзгешеліктерін айқындаған.

¹ Томсен В. История языкознания до века. – М.: 1938.

² Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. М.: 1963.

Кейінгі дәуірлерде Үндістанда Панини грамматикасының мән-мағынасын талдап түсіндірген, оның жолын ұстанған бірнеше лингвист ғалымдар болған.

Эдинбург университетінің профессоры Джон Лайонз 1978 жылы орыс тілінде жарияланған “Теориялық лингвистикаға кіріспе” деп аталған еңбегінде Панинидан кейін Үндістанда оншақты грамматикалық бағыт болған. Бізге олардан көне үнді, грамматикасын зерттеген мыңға жуық еңбек жетті. Олардың көпшілігі Панини дәстүрін қолдаған деп жазады.

Ежелгі Греция тіл білімі. Ежелгі дәуір тіл білімінің тағы бір отаны – Ежелгі Греция. Грецияда туған тіл біліміндегі ой-пікір бүкіл Еуропа тіл ғылымының қалыптасып дамуына күшті әсерін тигізді. Ф. Энгельстің: “Греция мен Рим қалаған негіз болмаса, қазіргі Еуропа да болмас еді” деген сөзін тіл біліміне байланысты да айтуға болады. Тіл мәселелеріне байланысты бұл елден біздің дәуірге жеткен жазба материалдар жыл санауымызға дейінгі V ғасыр шамасынан басталады.

Ғалымдардың айтуына қарағанда, Греция тіл білімі Гомердің “Илиада” мен “Одиссея” жырының тілін зерттеуден басталыпты. Көне заманнан сақталған бұл дастан тілінің көп жері гректердің сөйлеу тілінен мейлінше алыстап, оларға түсініксіз бола бастаған да, грек ойшылдары соны зерттеу, айқындау істерімен шұғылданған. Бұл жағынан алғанда, Үнді тіл білімі мен Грек тіл білімін туғызған себеп бірдей.

Әдетте, Греция тіл білімін екі кезеңге бөліп қараушылық бар. Оның бірі - философиялық кезең, екіншісі – филологиялық кезең деп аталады. Бірінші кезең біздің дәуірге дейінгі V-III ғасырлар арасын қамтиды. Бұл – Грек тіл білімі қалыптасуының алғашқы кезеңі. Мұны қалыптастырушылар философтар болған. Олар тіл мәселелерін лингвистикалық тұрғыда емес, философия тұрғысынан сөз еткен, философияға тәуелді, соның ажырамайтын бір саласы деп есептеген және нақтылы тілдік фактілерге сүйенбей, абстракты болжаулар, философиялық тұжырымдар

жасаумен шұғылданған. Бұл бағыт Греция тарихында эллинизм деп аталатын дәуірге дейін сақталды.

Ежелгі Грек философтарының тілге қатысты мәселелерден ерекше сөз еткендері – атаудың табиғаты, зат пен оның атауы арасында қандай байланыс болатыны, тілдің қайдан, қалай пайда болғаны және тілдің грамматикасы мен логика арасындағы қарым-қатынас жөніндегі мәселелер.

Заттың өз атауына қатысы жөніндегі мәселе Ежелгі Грецияда бірнеше ғасырға созылған және Грек философтарын екі топқа бөлген аса күрделі мәселе болған. Олардың Героклит бастаған бір тобы – атау заттың табиғатына сәйкес жаратылыстан берілген, сөз табиғат туындысы десе, Демокрит бастаған екінші тобы оған қарсы – зат пен оның атауы арасында табиғи байланыс болмайды, ол екеуінің арасындағы байланыс – шартты, кездейсоқ байланыс дегені тұжырым жасайды.

Грек философтары арасында болған бұл айтыс Платонның “Кратил” деп аталатын диалогі арқылы біздің дәуірге жетті. Демокрит атаулардың жаратылыстан берілген табиғи еместігіне төрт түрлі дәлел айтады. Олар тілдерде бір затты әр түрлі атаумен білдіретін синоним және атауы біркелкі бола тұра әр түрлі мағынаны білдіретін омоним сөздердің болуы, сондай-ақ, көптеген заттардың тілдік атауларының болмауы немесе зат атауларының кейде өзгеріп кететіні – осылардың барлығы атаудың зат табиғатына тән еместігін білдіреді деген дұрыс қорытынды жасайды.

Ежелгі Грек философтарының тілге байланысты сөз еткен екінші проблемасы – тілдің шығу жөніндегі мәселе. Бұл мәселеде де олар дұрыс шешімге келе алған жоқ. Олардың бір тобы тілді дыбысқа еліктеудеп шыққан десе, екінші бір тобы ертедегі адамдардың өзара келісуінен барып шыққан дегенді айтады. Тіл білімінде мұның алғашқысын *дыбысқа еліктеу* теориясы десе, соңғысы *келісім теориясы* деп аталады. Бұл екі тұжырымның екеуінің де ғылыми негізі жоқ.

Грек ғалымдары көтерген тағы бір проблема – грамматика мәселелері. Грамматиканы да алғашқыда философия, әсіресе логика ғылымына тәуелді, соның бір саласы ретінде, логикалық категориялардың көрсеткіші ретінде ғана қараған. Бұл саладағы алғашқы пікір Платон мен Аристотель еңбектерінде кездеседі. Платон тілдегі сөздерді есім, етістік деп екі топқа бөлсе, Аристотель алдыңғы екеуінің үстіне жалғауыш дегенді қосып, үш топқа бөледі. Аристотель – грамматика мен логика арасындағы қарым-қатысты алғаш сөз еткен ғалым. Оның логика мен поэтика жөніндегі ілімі кейінгі заман оқы-мыстыларына да күшті ықпал жасады. Аристотель логиканы ұғым, пайымдау сияқты категорияларды зерттейтін ғылым деп анықтайды да, сөз табы деген – сөйлемнің элементтері, ал сөйлем – есім мен етістіктің байланысы, бұл екі категория арасында елеулі өзгешеліктер бар: етістік шакты білдіреді, предикативтік қызмет атқарады, ал есім септеледі, сөйлемде субъектілік қызмет атқарады дейді. Бірақ Платон да, Аристотель де сөздерді тапқа бөлгенде, біздің қазіргі түсінігіміздей тілдік категория ретінде емес, логикалық категория ретінде қарайды. Есім мен етістік – пайымдаудың мүшелері, бұлардан басқа сөздер осы екеуінің төңірегінде топталып, жалғауыштық қызметтер атқарады деп түсіндіреді. Соған қарамастан Аристотельдің лингвистикалық көзқарастары бұл ғылымның кейінгі замандардағы дамуына зор әсерін тигізді. Күні бүгінге дейін қолданылып жүрген грамматикалық категориялардың, терминдердің көпшілігі сол Аристотель деп қалған.

Бұл елдегі тіл ғылымы өз дамуының ең биігіне Греция тарихында эллинизм деп аталатын дәуірде көтерілді. (Бұл – жыл санауымызға дейінгі III ғасыр мен біздің дәуірдің IV ғасыры арасы). Тіл білімі тарихында грамматистердің Александрия мектебі деп аталатын бағыт та осы дәуірде қалыптасқан. Бұл кезең Греция тіл білімі тарихында филология дәуірі деп аталады. Оның басты бір ерекшелігі – грамматикалық ілімнің философияның,

логиканын ықпалынан босанып, өз алдына дербес пән ретінде каралуы еді. Грамматистердің Александриялық мектебін қалыптастырып, грамматика ілімін дамытушылар: Аристрах Самофракийский (б.д.д. 200-150 ж.), оның шәкірттері Дионисий Фракийский, Ацоллоний Дискол (біздің заманымыздың II ғасыры) болды. Аристрах тілдегі сөздерді есім, етістік, есімше, член (артиклъ), есімдік, предлог, үстеу, жалғаулық деп сегіз топқа бөлген. Дионисий Фракийский негізгі сөз таптарының көптеген грамматикалық категорияларын, Аполлоний Дискол синтаксис мәселелерін зерттейді. Дегенмен, Ежелгі Грецияда морфологияға карағанда синтаксис, фонетика, лексикология аз зерттелген.

Бұл дәуірдегі фидюлогия жазба ескерткіштерді жинау, зерттеу ісімен ерекше шұғылданған. Ежелгі Грек дәуірінен келе жатқан зат пен оның атауы арасындағы қарым-қатынас жөніндегі талас бұл дәуірде де болды. Бірақ бұл кездегі талас тілде белгілі бір заңдылық деген бола ма, жоқ па деген мәселе төндрегінде болды. Оны бар деушілер *аналогистер*, жоқ деушілер *аномалистер* деп аталады.

Аномалистер (Ктатес Малос) зат пен оның атауы және грамматикалық категориялар мен логикалық категориялар арасында ұқсастық, заңдылық жоқ десе, аналогистер (Аристрах Самофракийский) тілде аналогияның ролі ерекше, тілдік элементтерде аналогия жолымен бірыңғай, біркелкі, болу тәндепциясы күшті болады, тілдегінің барлығы да белгілі заңдылыққа бағынады деді.

Тіл білімі тарихында елеулі мәні барлығына карамастан, Ежелгі Грек тіл ғылымының әлсіз жақтары да мол болған. Тіл мәселелері алғашқыда философия, логика ғылымдарына тәуелді, соның бір саласы ретінде қаралғандықтан, тілдік категорияларды логикалық категориялармен теңестіріп карау, алдыңғысын соңғысының мүлдесіне бағынышты ету әрекеті кейінгі заманға дейін арылмай келді. Тілдік категорияның

өзгеріп, дамып отыратын тарихи құбылыс екеніне гректер де жете мен бермеді. Оның үстіне гректер өз тілінен басқа тілдерді тіл деп санамады. Сондықтан олардың зерттеулері бір ғана тіл фактілеріне негізделеді. Бұл – олардың лингвистикалық мәліметтерінің өсуіне жалпы тілдік теориялық терен тұжырымдар жасауларына мүмкіндік бермеді.

Рим тіл білімі. Грецияны жаулап алған римдіктер тіл білімін дамытуға айтарлықтай үлес қоса алмады. Олар Александрия грамматистерінің ілімін өз тіліне сәйкестендіріп колданудан аса қойған жоқ. Рим грамматистері ішіндегі ең көрнектісі – Варрон (жыл санауымызға дейінгі I ғасырда өмір сүрген), кейінірек Доната (IV ғасырда) болды. Бұлар латын тілі грамматикасын жазды.

II ТАРАУ

ОРТА ҒАСЫР ТІЛ БІЛІМІ

Орта ғасыр – адамзат қоғамы дамуының он шақты ғасырын қамтитын және прогресс тұрғысынан алғанда әр тектес болып келетін күрделі де шытырманы көп дәуір. Еуропа тарихы тұрғысынан қарағанда бұл мезгілді үш кезенге бөлуге болады: а) III-V ғасырлар арасы. Бұл – құлдық дәуірінің ыдырап, феодалдық қоғамның құрыла бастаған кезеңі; ә) VI-X ғасырлар аралығы. Бұл – феодалдық қатынастың әбдеп орнығып, гүлденген заманы; б) XI-XVI ғасырлар аралығы. Бұл – феодалдық қатынастың ыдырап, капиталистік қоғамның туа бастаған, тарихта “қайта өркендеу дәуірі” деп аталатын кезең.

Орта ғасырдың өзіндік бір ерекшелігі – әр түрлі діндердің туын, әлемдік діндерге айналуы. Ондай діндер қатарына *будда, ислам, христиан* діндерін жатқызуға болады.

Дүние жүзілік діндердің тарауымен қатар сол діндердің сүндет-парызын, шариғатын уағыздайтын жазбалар да тарады. Ол жазбалар тілі киелі, қасиетті тіл, пайғамбарлар тілі деп жарияланды. Жертілікті халықтар ол тілде жазылған аят-хадистарды мағынасын, тілін түсінбесе де жатқа біліп, құдайға құлшылық ететін дуға ретінде айтуға міндетті болды. Бұл тіл -тіл ғылымында *канондық* тіл деп аталады. Сөйтіп, дін тараған аймақтардағы халықтар өз ана тілімен қатар канондық тілді де қолданды. Канондық тіл бірден-бір дұрыс тіл деп жарияланды да, әр халықтың өз ана тілі, сөйлеу тілі, теріс тіл, пендешілік тілі деп есептелді. Жазба тіл, әдеби тіл деп саналатын да канондық тіл болды. Мысады, түркі халықтары, сондай-ақ казак халқы үшін де канондық тіл араб тілі, исламның ең қасиетті, киелі кітабы – құранның тілі болды. Араб тілі оқу пәні болды. Оны молдалар, дін иелері оқытты. Оқытудың I-сатысында әліпби, екінші сатысында иманшарт, үшінші саты-

сында әптиек, одан кейін кұран оқытылды. Еуропа халықтары үшін канондық тіл – латын тілі. Олар латын тілін жазу тілі, ғалым ретінде пайдаланды. Бүкіл оқу орындарында ғылыми пән ретінде оқытылатын да латын тілі грамматикасы болды. Жеке тілдер грамматикасы латын тілі грамматикасы негізінде сөз болып, соның үлгісіне түсірілді. Латын тілі грамматикасы барлық тілдерге бірдей дәрежеде қолдануға болатын ортақ құрал деп есептелінеді. Солай бола тұрса да орта ғасырдағы грамматикалық ой-пікірдің бір мәнді жағы бар: ол кейін заманғы жалпы тіл ғылымының сол орта ғасыр топырағында тамырлана бастауы еді. Әлем халықтарының бүкіл рухани мәдениетіне ұлы өзгерістер енгізген. “Қайта өркендеу дәуірінің” өзі де орта ғасыр топырағында көктей бастаған болатын. Сондықтан кейбір мәселеде кері тартпалығына діни қарсылықтарына қарамастан, орта ғасырды прогресс үшін, ғылым үшін құралақан болды деу жөн емес.

Зерттеудің өзіндік жана жүйесін жасай алмағандарымен, қолтума еңбектер бермегендерімен, филологиялық, грамматикалық мәселелермен орта ғасырда шұғылданушылар да аз болған жоқ. Олардың баса назар аударған бір мәселесі – көне канондық жазбалар тілінің өзіндік нормасын өзгеріссіз сақтау, кейінгі заман жазба тілін көне канондық тілмен үйлестіру, олардың арасындағы алалықтарды бір ізге салу сияқты нормалаушылық жұмыстар болды. Бұл жұмыстарында олар антикалық қоғам қалдырған грамматикалық, поэтикалық, риторикалық, логикалық тұжырымдарға сүйенеді, соларды басшылыққа алады.

Канондық жазбалармен қатар біраз елдерде жазба жұмысымен әдебиет едәуір дамыды. Жергілікті тілдерді зерттеу, нормалау, олардың грамматикаларын жазу талабы күн тәртібіне қойылды. Сөйтіп, VII-XV ғасырлар аралығында иран, исланд, француз, испан, итальян, түркі, ағылшын т.б. тілдердің грамматикалары жарық көреді.

Грамматика мәселелерімен қатар ежелгі дәуірдеп келе жатқан зат атауларының табиғаты жөніндегі мәселе де ескерусіз қалмады. Оны сөз етушілер бұл дәуірде де екі топқа бөлінді. Оның бірі – *реалистік*, екіншісі – *номиналистер* деп аталады. Реалистер заттар жөніндегі жалпы ұғым – ақиқат, ол алғашқы, зат соңғы деген идеалистік бағытты ұсынады. Номиналистер керісінше, зат болмаса, ол туралы ұғым да болмайды, сондықтан ақиқат нәрсе – зат, ол алғашқы, ал зат туралы ұғым соңғы деген материалистік бағытты уағыздайды.

Араб тіл білімі. Дүние жүзі ғылымы мен мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосқан халықтардың бірі – арабтар. Бұлардың жазбалары IV ғасырлардан басталды. Арабтар – тіл ғылымының дамуында да елеулі роль атқарды. Орта ғасырлық арабтарда тіл білімінің ерекше дамыған кезі – Халипат дәуірі деп аталатын VII-XII ғасырлар шамасы. Тілдің грамматикалық жүйесін сипаттаудың араб тіл ғылымдары бір-біріне байланысты үш түрлі мәселенің сырын ашу арқылы жүргізді. Олар сөз таптары мен сөйлем синтаксисін зерттейтін *Нахв*, сөздердің сөйлемдегі орын жағынан түрленісін, мағыналық құбылыстарын зерттейтін *Сарф*, сөйлеу процесінде болатын дыбыстардың фонетикалық құбылыстарын, жалпы дыбыс жүйесін зерттейтін – *Таджвид* деп аталатын бөлімдер. Арабтар Үнді, Грек тіл ғылымы табыстарын жақсы пайдалана отырып, өз тілінің фонетикасын, морфологиясы мен лексикасын зерттеуге ерекше назар аударады. Фонетика саласында дыбыс пен әріп арасындағы өзгешеліктерді айқындайды. Дыбыстың физиологиялық сипатын ашуға көп көңіл бөледі. Кейбір ғалымдар (Сибавейхи) жасалу орнына қарай дыбыстарды 16 топқа бөліп қараған. Грамматика мәселесінде (көрнекті өкілі – Сибавейхи), әсіресе сөздерді тапқа бөлуде араб ғалымдары Аристотельге еліктеген. Аристотель сияқты бұлар да сөздерді есім, етістік, жалғауыштар деп үш топқа бөлді. Арабтар тіл білімінде өзіндік тың жол салған, соны пікірлер айтқан.

Араб тіл ғалымдарының тілдің грамматикалық жүйесін зерттеу тәсілдері де, грамматикалық терминдері де бұрынғылардан өзгеше болды, өзіндік дәстүр қалыптастырды. Арабтар киелі, қасиетті, канондық тіл деп саналатын құран тілінің нормасын зерттеудің өзінде де, көп жағдайда, сөйлеу тілі нормасына сүйенеді, соны зерттеді. Бұл Ежелгі дәуір тіл ғылымының ешқайсысында да кездеспеген жаналық. Араб тілі грамматикасын зерттеудің дәстүрін, өзіндік жүйесін қалыптастыруда Сибавейхидің 796 жылы жазған “Ал китаб” деп аталатын еңбегі шешуші роль атқарған. Араб тіл ғылымдары қалыптастырған біртұтас зерттеу жүйесі кейінгі замандарда туған *Еврей* тіл ғылымына да елеулі әсерін тигізген.

Араб оқымыстыларының ерекше көңіл бөлген және зор табысқа жеткен саласы – лексикография көрінеді. Арабтың бір ғана Әл-Фируза-бади деген лингвисті “Хомус” (мұхит) атты 60 томдық сөздік жасапты.

Араб тіл ғылымдары ғылым тарихында бірінші болып, әр түрлі тілдер материалдарын бір-біріне салыстыра, салғастыра зерттеу тәсілін қолданған. Осы тәсілді қолдана отырып, олар түркі, монгол, парсы тілдерін зерттеп, олардың салыстырма сөздіктерін, шағын көлемді грамматикалық еңбектерін жазған. Осындай еңбектің ғылымда белгілі ең көнесі және ең толығы түркі халқынан шыққан, Арабияда оқып білім алғандықтан, араб ғалымы деп аталып кеткен Махмуд Қашқари жасаған “Түркі тілдерінің сөздігі” (Девону луғатит түрк). Бұл сөздік 1073-1074 жылдары жазылған. Сөздікте сол дәуірдегі түркі тайпаларының көпшілігінің тілдік материалдары камтылған және ол тайпалар тілдерінің өзара бір-біріне ұқсастық, өзгешеліктері тілдік материалдарды салыстыра қарау арқылы айқындалған. Бұл – түркі тілдері жөніндегі ең тұңғыш, ең көлемді және ең терең мәнді ғылыми еңбек. Сонымен қатар, бұл сөздік – тіл ғылымы тарихында әр түрлі тілдер фактілерінің

бір-біріне салыстыра зерттеу әдісімен жазылған тұңғыш еңбек. Мұның түркі тілдері үшін мәні ерекше.

Араб тілді ғалымдар М. Қашқари сөздігінен кейін де бірсыпыра сөздіктер, грамматикалық еңбектер жазып қалдырған. Олар туралы түркология мәселелерінің сөз ететін еңбектерден мол мәлімет алуға болады.

Қайта өркендеу дәуірі тіл білімі. Еуропа тарихы тұрғасынан алғанда, қайта өркендеу дәуірі XIV-XVI ғасырлар арасын қамтиды. Бұл – қоғам дамуында орта ғасырдың аяқталын, жаңа тарихтың, буржуазиялық қоғамның басталған кезі. XIV ғасырдан бастап, алдымен Италияда қалыптасқан “Қайта өркендеу” деген термин феодалдық қатынастың орнына келген капиталистік қоғамдағы буржуазия мәдениетімен тығыз байланысты. Өйткені қайта өркендеу дәуірі – озық ойдың еркін дамуына мейілінше кедергі жасаған, догмалық ережелерге сүйенген орта ғасырлық керітартпа дәстүрден, мешеу мәдениеттен шынайылықты, гуманизмді уағыздайтын жаңа дәуір мәдениетіне өту. Бұл дәуірде орта ғасырда діннің қуғанына ұшырап, елеусіз қалған көне мәдени мұраларға ерекше көңіл бөлу, оларды қайта көркейту, өрлету ұраны көтерілді. *Circa*, жаңа дәуірдің “Қайта өркендеу” деп аталуы да осыдан болса керек.

Қайта өркендеу дәуірі бүкіл қоғам өмірінің басқа да салалары сияқты тіл ғылымы үшін де жаңа, даму дәуірі болған. Бұл дәуірдің лингвистикалық проблемасы: а) ұлттық тілдердің қалыптасып, дамуы; е) бұрын белгісіз, жаңадан ашылған тілдері үйрену, зерттеу; б) ежелгі дәуірдің лингвистикалық ой-пікірін көркейтіп, қайта дамыту.

Жаңа жерлердің, елдердің ашылуы, сауданың дамуы, отаршылық жорық – Еуропа тіл ғылымының дамуына қолайлы жағдай туғызды, бұрын белгісіз толып жатқан тілдердің барлығы айқындалды. Отарлау мүлдесі ол тілдерді үйрену, зерттеу, түрлі сөздіктер жасау, грамматикалық мәліметтер жинау міндетін алға қойды. Азия, Африка, Америка халықтары

тілдерінен жиналған орасан мол материалдарды бір-біріне салыстырып қарау, сол арқылы олардың арасындағы ұқсастық, өзгешеліктерді айқындауға алғашқы кадамдар жасалды. Зерттеудің сипаттама, салыстырма түрлері бой көрсете бастады.

Қайта өркендеу дәуірінде ерекше қолға алынған тағы бір мәселе – орта ғасырда жөнді мән берілмеген ежелгі грек, рим жазба нұсқаларын тауып, жариялау, оларға филологиялық талдаулар жасау болды. Өз дәуірі үшін бұл саладағы күрделі істер қатарында Ж. Скалигердің 1540 жылы шыққан “Латын тілінің негіздері туралы”, Р. Стефанустың 1553 жылы шыққан “Латын тілі қазынасы” және “Грек тілі қазынасы”, П. де Алкаланың “Араб тілі грамматикасы” (Рейхлиннің “Еврей тілі грамматикасы” 1505 жыл) атты еңбектерді атауға болады. Осылармен қатар XV-XVI ғасырлар ішінде испан, корей, нидерланд, жапон, парсы, армян, венгер, ағылшын, француз, мексикан тілдерінің грамматикалары шығарылды. Сөйтіп, бірінші орынға канондық тілдерді емес, әр халықтың, әр ұлттың өзіндік сөйлеу тілін, ана тілін қоюды, соны зерттеп, соның сырын ашуды көздеді. Осылардың нәтижесінде XVII-XVIII ғасырларда жаңа үлгіде жазылған грамматикалық еңбектер әр елде, әр жерде шығып жатты. Олардың кейбіреулері әлі де болса, латын тілі грамматикасы үлгісінен шыға алмаған, тілдік материал ретінде сөйлеу тілі фактілерінен гәрі ескі жазба тіл фактілеріне көбірек сүйенген еңбектер болса да, канондық тіл грамматикасы тіл атаулының барлығына бірдей жарамды бола алмайтынын, әр тілдің өзіндік ерекшеліктері, өзіндік грамматикалық құрылымы болатынын және осы бағытта жүргізілетін зерттеулерге жол ашқан, бастама болған еңбектер еді.

Нормативтік, практикалық грамматикалармен қатар, нормативтік сөздіктер де жарық көре бастайды. Ондай сөздіктер қатарына 1612 жылы Италияда шығарылған “Курск Академиясының сөздігі” деп аталатын түсіндірме сөздікті, 1694 жылы

Францияда жарияланған “Француз Академиясының сөздігін”, 1726-1739 жылдар ішінде әзірленіп жарияланған “Россия Академиясы сөздігін”, түркі тілдерінің әр түрлі мақсатта жасалған бір, екі тілді сөздіктері жатады.

Әр түрлі халықтар тілдерінен жиналған материалдарды бір-біріне салыстыра карау, бір тілдегі сөздерді екінші тілге аудару да осы кезеңде кең етек алды. П.С. Палластың басқаруымен 1786-1791 жылдар арасында жасалғап, 272 тілден іріктеп алынған сөздердеп құралған. “Барлық тілдердің және наречиелердің салыстырма сөздігі” деп аталатын еңбек шығарылды. Бұған түркі тілдерінен, казак тілінен де біраз сөздер енді. 1784 жылы испандық монах Лоренсо Эрвас-и-Пандуроның “Белгілі тілдердің каталогі және олардың өзара ұқсастығы мен өзгешеліктері туралы ескертпе” деп аталатын еңбегі шықты. Неміс ғалымы И.К. Аделунг мен И.С. Фатердің 500-ге жуық тілдердің таңдамалы сөздерінен құралған төрт томдық сөздігі жарық корді.

Бұрын белгісіз көптеген тілдер фактілерімен және олардың тарихымен азды-көпті болса да танысу тілдің бір калыпта калып коймайтынын, өзгерістерге ұшырайтынын байкатады. Бұл жағдайда кейінгі дәуірлерде тілді уакыт өткен сайын дамып отыратып тарихи құбылыс деп тануға түрткі болды.

Әр тілдерден жиналған материалдарды салыстыра карау олардың бір-бірінен өзгешеліктерімен катар ұқсастығы, ортак касиеттері де болатыны байкалды. Бұл – тілдер арасындағы жақындықты, ұқсастықты, универсалдық сипаттарды зерттеуге жол ашты. Оның үстіне бұл дәуірде логика ғылымы да едәуір дамып, логикалық категорияларды жалпы адамзаттык болатыны, оның тілдік категорияларымен байланыстылығы да айкындала түсті. Логикалық категориялар жалпы адамзаттык болған соң, тілдік категориялар да жалпы адамзаттык болу керек дейтін көзқарастар туады. Бұл іске сол дәуірдің атакты фило-софтары да, тіл ғылымдары да қатынасады. Сөйтіп, логикалық

категориялардың жалпы адамзаттық, универсалдық сипатын байқаған ғалымдар жалпы тілдерге ортақ, универсалды грамматика жазу талабын күн тәртібіне қояды.

Универсалды грамматика. 1660 жылы жарияланған. Оны француз ғалымдары – логик, философ, профессор Антуан Арно /1612-1694/ мен грамматист, филолог, профессор Колод Лансло /1616-1695/ екеуі бірігіп жазған. Бұлар өз заманында Франциядағы ғылым мен халық ағарту істерінің орталығы болған Пор-Рояль монастырының ғалымдары болғандықтан және сол монастырьда шыққандықтан, оны “Пор-Рояль грамматикасы” деп те, “Рациональды жалпы грамматика” деп те атайды.

Пор-Рояль грамматикасы ежелгі грек, еврей және француз тілдері материалдары негізінде жазылған. Бірақ ол – салыстырмалы туынды емес, логика-типологиялық грамматика. Оның алға қойған мақсаты – барлық тілдерге ортақ рационалды (логикалық) негізді және олардың арасындағы өзгешеліктерді ашу. Грамматикада екі түрлі принцип басшылыққа алынған: біріншісі – берілген грамматикалық ережелердің жалпы тілдік болуы, екіншісі – ол ережелердің логикаға негізделуі.

Универсалды грамматика екі бөлімнен тұрады: оның бірі -фонетика, екіншісі – грамматика. Алты тарауға бөлінген бірінші бөлімде дыбыс пен әріп, буын, екпін мәселелері, оқуға үйрету әдісі сөз болған, екінші бөлімі жиырма төрт тараудан құралған. Оларда морфология, синтаксис мәселелері талданған.

Пор-Рояль грамматикасы өз дәуірінде Еуропада зор беделге ие болған, көп ұзамай-ақ бірсыпыра тілдерге аударылып, әлденеше рет қайта басылған. Көптеген ғалымдар Пор-Рояль грамматикасын тіл білімі даму тарихындағы, ерекше құбылыс, жаңа сапалы тіл білімінің төл басы, жалпы тіл ғылымының алғашқы жаршысы деп жоғары бағалайды. Пор-Рояль грамматикасы барлық оқу орындарында қолданылатын, жалпы тілдік теорияда мәлімет беретін оқулық деп саналған.

Дегенмен, тіл біліміне қосқан жаңалықтарымен бірге бұл енбектің бірсыпыра кателіктері де бар. Олардын ең негізгісі – логикалық категория мен тілдік категорияларды бір-бірінен ажыратпай, тең құбылыстар деп қарауы. Авторлар әр тілдің өзіндік грамматикасы деген болмайды, грамматика жалпы тілдік, универсалды болу керек, өйткені грамматикалық категориялар – логикалық категорияның көрсеткіштері, ал логика категориялары жеке ұлттық болмайды, жалпы адамзаттық болады дейді. Бұл тұжырымның кателігі мынада: логика категорияларының жалпы адамзаттық болатыны даусыз, бірақ тіл олай емес, ол жеке ұлттық, халықтық болады. Ойлау процесін, ой категориясын әр тіл өзінше көрсетеді. Олай болатыны логикалық категория мен тілдік категориялар арасында елеулі өзгешеліктер болады, бұл екеуі арасына теңдік белгісін қою қате. Тілдік категориялар логикалық категорияларға қарағанда әлдеқайда өрісті, көп салалы. Әрине, тілдердің грамматикаларында ортақ үлгілер, универсалды сипаттар аз емес, бірақ оған қарап, дүниедегі барлық тілдерге ортақ, бәріне бірдей дәрежеде қолдануға болатын грамматика жасауға болмайды да. Тіл білімінің міндеті – барлық тілдерді бір ғана грамматикаға тәуелді ету емес, тілдер арасындағы бірлік пен ұқсастықты айқындау.

ІІІ ТАРАУ

ХІХ ҒАСЫР ТІЛ БІЛІМІ

Тілдердің бір-біріне жақын, өзара туыстас болатындығы туралы пікір салыстырмалы-тарихи тіл білімінен, яғни ХІХ ғасырдан көп бұрын белгілі болған.

Түркі тілдерінің өзара туыстас, бір негізден тараған тіл екендігін түркі нәсілді Махмуд Қашқари ХІ ғасырдың өзінде айқындады. Ол түркі тілдерін қыпшақ, оғыз, түркі деп аталатын үш топқа бөліп зерттеді.

1538 жылы Француз гуманисті Гвилельм Постеллустың “Тілдер туыстастығы туралы” деген еңбегі жарияланады. Автор осы еңбегінде тілдерді туыстық жақындықтарына қарай жіктеуді алғаш ұсынады. Бұдан кейін 1559 жылы Нидерландия ғалымы Иозефус Скалигер “Еуропалықтар тілдері туралы пікір” деген еңбегінде бүкіл еуропалық тілдерді туыстықтарына қарай 2 топқа бөледі. Тілдер туыстастығы философтар назарын да аударады. Вильгельм Леибниц тіл ғылымдарын әлем тілдерін бір-біріне салыстыра зерттеуге үндейді. Өзі тілдерді арамей, яфет тілдері деп екі топқа бөледі де, *яфет* тілін *скиф*, *кельт* тілдері деп тағы екі топқа бөледі. Скиф тобына *фин*, *түркі*, *моңғол*, *славян* тілдерін, кельт тобына еуропалық тілдерді жатқызады.

ХVІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың бас кезінен бастап ғалымдар назарын ежелгі үнді тілінде жазылған ескерткіштер мен лингвистикалық зерттеулер аудара бастайды. Үнді тілінде жазылған “Санскрит тілінің грамматикасы” Еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазуға түрткі және негіз болды. Санскрит тілінің грек, латын және еуропалық тілдерге ұқсастығы әр жерде, әр ғалымдар тарапынан жиі айтыла, жазыла бастайды. 1786 жылы ағылшын ғалымы Уильям Джонстың “Азиялық зерттеулер” деген еңбегі жариялайды. Онда санскрит тілінің грек, латын тілдеріне өте жақын екендігін көрсете

келіп, бұл үшеуінің түпкі төркіні бір болуы керек, бұл топқа герман, кельт, иран тілдерін де қосуға болатын сияқты. Асылы, осылардың бәрі өзара туыстас болар деген тұжырымға келеді. Осыған ұқсас жорамалды 1808 жылы шыққан “Үнділердің тілі және даналығы” деген еңбегінде Ф. Шлегель де айтқан. Ол да Джонс сияқты санскрит, тілі сөз түбірлері жағынан ғана емес, тіпті грамматикалық құрылысы жағынан да грек, латын тілдеріне өте ұқсас дегенді айтады, тілдерді бір-біріне салыстыра зерттеуді ұсынады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Еуропалық тіл білімі дамуының жана дәуірі тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудан, тілдер өзара туыстас, төркіндес болады деп біліп, сол заңдылықтарды ашуға, зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдісті қолданудан басталады. Тіл туралы ғылым тарихында үлкен бетбұрыс болған бұл жайт ХІХ ғасырдың алғашқы он жылдығында орныға бастайды. Әрине, жана әдістің қалыптасуы – ежелгі заманнан басталатын лингвистикалық ой-пікір дамуының заңды, табиғи нәтижесі. ХVІІІ ғасырдың соңғы жартысы мен ХІХ ғасырдың алғашқы жылдарында тіл ғылымының даму қарқыны, бағыты жана зерттеу әдісінің қажеттігін айқын көрсетті.

Өткен ғасырдың бас кезінде әр елде салыстырмалы-тарихи әдіс негізінде жазылған бірнеше еңбек жарық көрді. 1816 жылы неміс ғалымы Франц Бопптың санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, парсы, герман тілдеріндегі етістіктердің жіктелу жүйесімен салыстыра зерттеген еңбегі шықты. Онда аталған тілдердің туыстастығы дәлелдеді. Бопп бұл тілдерден жинаған материалдарын иран, славян, балтық бойы халықтары, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1833-1849 жылдар арасында “Үнді-Еуропа тілдерінің салыстырма грамматикасын” жазды.

Ғалымдардың айтуына карағанда, Бопптың бұл еңбегіне үнді тіл білімінің әсіресе Панини еңбегінің әсері тиген. Пани-

ни сияқты Бопп та, негізгі зерттеу объектісі етіп морфологияны алады да, фонетиканы соған тәуелді жағдайда қарайды, синтаксис саласы тіпті сөз болмайды.

Тіл білімі тарихында Бопп салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушы деп саналады. Ф. Бопп еңбектері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуына зор ықпалын тигізді.

Франс Бопп /1791-1867/ Майнце каласында туған. Гимназияда оқып жүрген кезінде-ақ санскрит, парсы, араб, көне еврей тілдерін оқып үйренген, 1821 жылы Берлин университетіндегі шығыс әдебиеті және жалпы тіл білімінің профессоры, 1829 жылдан академик. Оның ең басты еңбегі – “Санскрит, зенд, армян, грек, латын, литва, көне славян, гот, неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы”. Бұл еңбек үш томнан тұрады: 1833-1852 жылдары бірінші рет, 1856-1861 жылдарда жөнделіп екінші рет, 1868-1870 жылдары үшінші рет басылды.

• Салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырушылардың екіншісі – Дания ғалымы Расмус Раск. Ол өзінің 1818 жылы басылып шыққан “Исланд тілінің шығу тарихы” атты еңбегінде тілдер туыстастығын білдіретін негізгі белгілер не екендігін жан-жақты көрсетеді. Ол – тілдердің сөздік жағынан бір-біріне ұқсастығы тіл туыстастығының кепілі бола алмайды, бір тілден екінші тілге сөз ауыса береді, тіл туыстығының белгісі – олардың грамматикалық жағынан ұқсас болу, өйткені грамматикалық формалар бір тілден екіншісі тілге ауыспайды деген қорытынды шығарды. Тілдер туыстастығының екінші бір кепілі – дыбыстар алмасуындағы заңдылықтар мен негізгі сөздік қордың ұқсастығы дегенді баса айтады. Өзінің осы тұжырымына сүйене отырып, Раск көптеген еуропалық тілдер фактілерін бір-біріне салыстыра зерттейді.

• **Расмус Кристиан Раск /1787-1832/** Копенгаген университетінде оқыған. 1823 жылдан бастап осы университеттің профессоры, Ол 20-шақты тілді білген, испан, италян, фран-

цуз, көне ағылшын, швед, т.б. көптеген тілдердің грамматикасын жазған. Расктің тілдер фактілерін салыстырудан туған ең көрнекті еңбегі «Ежелгі солтүстік тілдері және неміс, исланд тілдерінің шығуы туралы зерттеулер» деп аталады. Бұл еңбегінде автор гот (герман) тілдерінің латын, грек тілдерімен туыстастығын дәлелдейді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің тағы бір көрнекті өкілі – неміс ғалымы Якоб Гримм. Бұл ғалымның төрт томнан тұратын “Неміс грамматикасы” атты еңбегінің бірінші кітабы 1819 жылы басылады. Мұнда автор неміс тілінің қалыптасу, даму жолдарын, оның құрамындағы әр түрлі диалектілерді бір-біріне салыстыру, неміс тілін герман тіліне жататын басқа тілдермен қатар қоя қарау арқылы айқындайды.

Гримм өзінің еңбектерінде тілдің, тілдік элементтердің даму тарихын зерттеуге баса көңіл бөледі. Ол тарихи салыстырудың баспалдақты, хронологиялық жолын енгізіп қалыптастырады. Сөйтіп, тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қай-қайсысы да оның бірте-бірте дамуының табиғи нәтижесі екенін дәлелдейді.

Гримм тіл тарихының қоғам тарихымен байланыстылығын, тілдің қоғам тарихын зерттеуде орасан зор роль атқаратынын баса айтты.

Ф. Бопп еңбектері сияқты Гримм еңбектері де салыстырмалы-тарихи тіл білімін зор беделге ие етіп, оның даму бағытына елеулі ықпал жасады. Ф. Энгельс Гриммді герман тілі салыстырмалы грамматикасының негізін салушы деп жоғары бағалады.

Якоб Гримм /1785-1863/ Ганау қаласында туған. Кассель қаласындағы лицейде, кейін Марбург университетінің заң факультетінде оқыған. Бірақ ол филология мен әдебиет маманы болды. Ол Геттинген, кейініректе Берлин университеттерінің профессоры болған. Оның ең негізгі лингвистикалық еңбегі төрт томнан тұратын “Неміс тілі грамматикасы”. Мұнда бүкіл герман тілдерін бір-біріне тарихи тұрғыда салыстыра зерттейді. Бұл еңбек салыстырмалы-тарихи тіл білімінің теориялық

жағынан да, практикалық жағынан да ілгері дамуына зор әсерін тигізді.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің негізін салушылардың жолын ұстанған басқа да ғалымдар болды. Олар салыстырмалы-тарихи әдіспен үнді-еуропа семьясына жататын тілдерді жекелеп те, топтап та зерттей отырып, олардың арасындағы бірлік пен өзгешеліктерін, бір-біріне жақындық дәрежелерін айқындады.

Салыстырмалы-тарихи әдісті қалыптастырушылардың ерекше назар аударған мәселесі – үнді-еуропа семьясына жататын тілдердің шыққан төркінін, ол төркіннің қандай сипатта болғанын айқындау болды. Ол төркін тілді ата тіл – проязык деп атады да, одан тараған тілдер тобын семья деп атады.

Дыбыс тілі жалпы адамзаттық құбылыс болғандықтан, онда бір-біріне ұқсастық болмай қоймайды. Оның себептері көп. Ұқсастық бір тілдің екінші біреуіне тигізген әсерінен, тілдік тұлғалардың, әсіресе сөздердің бір тілден екіншісіне ауысуынан болуы мүмкін. Мысалы, орыс тілінде қолданылатын колпак, алтын, баба, бак, бар, оба деген сөздер бірлі-жарым дыбыстық өзгешеліктер мен көптеген түркі, солардың ішінде қазақ тілінде де кездеседі. Бірақ соңғыларда басқа мағынада жұмсалады. Жоғарыда айтылған кездейсоқ ұқсастық дейтіндеріміз – осылар. Мұндай тіларалық омонимдер олардың туыстастығының көрсеткіші бола алмайды. Сондай-ақ, қазақ тіліне орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден ауысқан: база, телефон, радио, демократия, студент, кафедра тәрізді сөздер бар. Бұлар – қазір бір-бірімен ешқандай туыстық жақындықтары жоқ көптеген тілдерде кездесетін ортақ сөздер. Жоғарыда айтылған тілдер қарым-қатынасы арқылы пайда болатын ұқсастық, бірлік дейтіндер, міне, осылар. Бұлар да тілдер туыстастығына кепіл бола алмайды. Тілдер туыстастығының, төркіндестігінің негізгі кепілі – сөз туғызушы, сөз өзгертуші формалардың бірлігі, ұқсастығы және негізгі сөздік қор мен ды-

бысзандарындағы жақындық. Сондықтан тілдер туыстастығын айқындау үшін кездейсоқ ұқсастықты алмай, тілдердің фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік жүйелеріндегі ұқсастықтарды салыстырған жөн. Тілдер туыстастығын тек осылардағы бірлік пен төркіндік қана аша алады. Бірақ туыстас тілдер фактілерін салыстырғанда олардың бір-бірінен ешқандай жақындығы, бірлігі жоқ фактілерін немесе бір-біріне ешқандай өзгешелігі жоқ фактілерін салыстыруға болмайды. Мысалы, казак тіліндегі сөйлем, үтір, нүкте деген сөздердің — мағынасы ұйғыр тілінде жұмлә, пәш, чекит деген сөздермен беріледі. Ал енді, казак тіліндегі пай, ат, зиян, қызыл, қызғылт, кымыз, ақ деген сөздер башқұрт тілінде де дәл осы казак тіліндегідей дыбыстық кұрылымда айтылады.

Салыстыру үшін алынатын материалдар, фактілер тарихи жағынан салыстырып отырған тілдерге ортақ, о баста бір негізден тарағанмен, кейін өзгерістерге ұшырап, бөлектенген болуы керек. Мысалы, казак тілінде: тас, тұз, баға, болат, балта, мүйіз, табан, жаксы, жат деген сөздердің, ойрот тілінде: таш, тұз, баға, болат, балта, мүйіз, табан, жат болып айтылуын немесе казак тілінде косымша *д*, *т* дыбыстарынан басталып қосылатын: біздер, тілектестік, мендік, атты дегендердің карақалпак тілінде; біздер, тілеклестік, менлік, атлы болып, *л* дыбысымен ауысатындығын алуға болады. Салыстыру арқылы бұл фактілердің бастапқы түрін де, қай тілде қалай және неліктен өзгеріске ұшырағандығын да табуға болады.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің кемшіліктері:

Салыстырмалы-тарихи әдіс тіл туралы ғылымды қалыптастырып, дамытуда зор роль атқарды, лингвистикалық жаңа дәуірдің басы болды. Бірақ соған карамастан ғылымның кейінгі замандардағы дамуы бұл әдістің бірсыпыра осал жақтарының да барлығын айқындап берді. Біріншіден, ең алдымен, салыстырмалы-тарихи әдісті қолданушылар тілдің өткенін зерттеуге, болған-болмағаны беймәлім, жорамалдан туған ата тіл

(проязык) дегенді табуға баса назар аударды. Сөйтіп, тілдің қазіргі күйін, оның жүйелік, құрылымдық сипаттарын айқындауға жете мән бермеді. Екіншіден, бұл әдіс тілдің лексикасын, семантикасы мен синтаксисін зерттеуде айтарлықтай жеміс бере алмады. Үшіншіден, туыстас тілдердің бір-біріне жақын, ұқсас келмейтін фактілері ескерусіз қалды. Анықталып, түпкі төркіні табылды деген тілдік элементтердің көпшілігінің қай тарихи кезеңге жататынын және қай тілде солай болғанын тап басып айту мүмкін болмады. Төртіншіден, бұл әдіс бірнеше тілдер фактілеріне сүйеніп қана қорытынды жасады, тілдердің басым көпшілігі, әсіресе туыстығы белгісіз тілдер зерттеуден шет қалды. Бесіншіден, туыстас тілдер фактілерін салыстыруда ол фактілердің хронологиялық жақтарына жете мән берілмеді, көп жағдайда өзара жалғаспайтын, бір-бірінен алшак жатқан дәуірлер фактілері салыстырылды. Алтыншыдан, тілдік фактілерді салыстырғанда сол тілдердің иесі болып табылатын қауым тарихына жеткілікті мән берілмеді. Тіл тарихы қоғам тарихына, материалдық мәдениет тарихына жеткілікті шамада ұштастырылмады. Ең акырында, салыстырмалы-тарихи әдіс тіл біліміндегі бірден-бір әдіс деп есептеліп, оның аты ғылым атына (салыстырмалы-тарихи тіл білімі) айналды. Бұл ол көтере алмайтын жүк еді. Бірақ салыстырмалы-тарихи тіл білімі мен оның зерттеу әдісі – салыстырмалы-тарихи әдіс тепе-тең емес. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі – туыстас тілдерді зерттейтін, туыстық жақындықтарына қарай оларды түрлі семьяға, топқа жіктейтін, олардың тарихын, тараған аймақтарын айқындайтын ғылым. Бұл ғылым мен ол қолданатын әдістің проблемалары бір емес. Алдыңғының өрісі әдіске қарағанда әлдеқайда кең.

Тіл білімінің дамуына байланысты туған жаңа талаптарға сай келмейтін осындай олқылықтар зерттеудің жаңа амал-тәсілдеріне көшуге мәжбүр етті. Бірақ бұдан салыстырмалы-тарихи әдіс қолданудан біржола шығып қалған, қажетсіз тәсіл екен деп ойлауға болмайды. Ол – тіл білімінің даму тарихын-

да елеулі роль атқарған, орынды пайдалана білсе, әлі де берері көп, қазір де зерттеудің басты бір тәсілі ретінде қолданылып жүрген әдіс.

Тіл философиясы. Тіл философиясы тіл білімінен көп бұрын пайда болған. Тіл ғылымы дүниеге келген күнінен бастап философиямен тығыз байланыста келеді. Ол туралы алдыңғы тарауларда айтылды.

Дүниеге келу тарихының көнелігіне карамастан, тіл философиясы осы атауға ХІХ ғасырда ғана ие болды. ХІХ ғасырда Еуропа халықтарының салыстырмалы-тарихи грамматикаларын жазумен қатар тіл философиясының ғылым саласы ретінде қалыптасуына, дамуына, өзіндік объектісінің айқындалуына көп көңіл бөлінді. Бұл дәуірдегі тіл философиясының алға қойған мақсаты – тілдің табиғаты мен мәнін, оның қоғам өмірінде алатын орны мен қызметін, ойлаумен, адамдардың рухани өмірімен байланысын айқындау болды. Бұл мәселемен сол дәуірдің көрнекті ойшылдары – Гердер, Шлегель, Гумбольдт, Шлейхер, Штейнталь, Вундт сияқты ғалымдар айналысты. Бұлардың ішінде өз дәуірі үшін де, кейінгі заман үшін де ең беделдісі Вильгельм Гумбольдт /1767-1835/ болды. Тіл ғылымы тарихында оны салыстырмалы-тарихи тіл білімінің философиялық негізін қалаушы деп санайды. Гумбольдт салыстырмалы-тарихи әдістің тіл зерттеу әдісі болып қалыптасуында үлкен роль атқарды. Осы әдістің принциптері, проблемалары шеңберінен тысқары да көптеген проблемаларды көтеріп, теориялық тұжырымдар жасады. Тілдің табиғаты, мәні, құрылымы, тіл мен мәдениет, тіл мен материалдық дүние, тіл мен ойлау, тіл мен қоғам, тіл тарихы, тіл білімінің салалары, т.б. Гумбольдт зерттеген проблемалар қатарына жатады. Оның бұл салалардағы тұжырымдары толық та, айқын баяндайтын еңбектері – “Адамзат тілі құрылысының әр алуандығы туралы” /1827/, “Ява аралығындағы Кави тілі туралы” /1836/ деп аталатын туындылары.

Гумбольдт бірінші болып, тілдің ішкі құрылымын, оның халықтардың рухани өмірімен, ой-санасымен, мәдениетімен, тарихымен байланыс дәрежесін жан-жақты талдады, өзіндік лингвистикалық, философиялық біртұтас сындарлы жүйе құрды.

Гумбольдт тіл білімінің өзіндік философиялық базасы – тіл философиясы. Тіл философиясының негізгі принциптері – тілді адамдар әрекеті деп тану, оны халықтың ұлттық санасы деп есептеу. Гумбольдтың ойынша, тіл – әрекет, ол рухтың жемісі, рухтың әрекеті. Тіл үздіксіз даму үстінде, даму – тілдің өмір сүруінің формасы. Тіл – ойлау әрекетінің творчестволық синтезі, бірақ сонымен бірге ол – актив форма, ойлау әрекетінің құралы. Тіл мен ойлаудың бірлігі – ажырамас бірлік. “Халық тілі – оның рухы, халық рухы – оның тілі”. Тіл жеке адамдардың сөйлеуі арқылы көрінеді, бірақ ол – жеке адамның табысы емес, халықтың табысы, жалпыхалықтық туынды. Гумбольдт тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу мәселесімен де айналысты.

Сонымен, XIX ғасырдың алғашқы жартысы – компаративистиканың /лат. салыстыру/ өз алдына дербес ғылым болып қалыптасып, өзінің зерттеу тәсілі мен әдістемесін жетілдірген, объектісін айқындай түскен кезең болды. Бұл кезеңде тіл ғылымының жалпы тілдік мәселесі ретінде тіл философиясы, жеке тілдер жөніндегі тарауы, салыстырмалы грамматика салалары қалыптасып, дами түсті. Тілдік материалдар жинау, тіл білімін теориялық жақтан дамыту да қызу жүріп жатты. Бәрінен де гөрі кеңірек етек алған мәселе – үнді-еуропа тілдерін бір-біріне салыстыра зерттеу, олардың шыққан төркінін, ата тілді айқындау болды. Тілді, тілдік элементтерді тарихи тұрғыдан зерттеу ғана ғылыми деп жарияланды.

Типологиялық зерттеу. Салыстырмалы-тарихи зерттеу – өзара туыстас, төркіндес тілдер семьясын жеке-жеке зерттегені болмаса, әр семьяға жататын тілдерді бір-біріне салыстыра

жинақтап карау, сөйтіп, дүние жүзіндегі тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ типтік сипаттарды ашу ісінде дәрменсіз болды. Ал жалпы тіл білімі тек тілдер туыстастығын айқындауды ғана көздемейді, ол дүниежүзіндегі тілдердің жалпы адамзаттық сипаттарын, типтес белгілерін ашып, тіл атаулының барлығын да қамти алатын типологиялық классификация жасауды да қажет етеді. Осы мақсатты іске асыру үшін салыстырмалы-тарихи зерттеумен замандас салыстырудың екінші түрі, типологиялық салыстыру дүниеге келді. Тіл білімінде зерттеудің бұл түрі салыстырмалы әдіс, типологиялық әдіс, кейде типологиялық тіл білімі деп те аталады.

Типологиялық зерттеудің кенірек етек алып, зерттеудің бір әдісі ретінде қалыптасуы ХІХ ғасырдың бас кезі болғанымен, ХVІ-ХVІІ ғасырларда басталған көп тілді салыстырмалы сөздіктер жасау, рационалды грамматикалар жасау, – осы әдістің алғашқы нәтижелері. Екеуінде де тіл фактілерін салыстыру болғанымен, типологиялық зерттеу – салыстырмалы-тарихи зерттеуден өзгеше. Бұлардың объектісінде де, көздейтін түпкі мақсатында да өзгешелік кездеседі. Типологиялық зерттеуде туыстас тілдер ғана емес, бір-бірімен ешқандай туыстық жақындығы жоқ тілдер фактілері де салыстырылады. Екіншіден, салыстырмалы-тарихи әдістегідей тілдік жүйедегі жеке элементтер емес, жүйе құрылымы салыстырылады. Үшіншіден, мұнда тілдік тұлғалардың материалдық туыстығын ашу көзделмейді, салғастырылып отырған тілдердің ортақ белгілерін, типтік сипаттарын айқындау, сөйтіп тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу көзделеді. Типологиялық зерттеудің алға қоятын мақсаты – барлық тілдерге немесе тілдердің көпшілігіне ортақ универсалды, типтік белгілерді ашу. Бұл зерттеудің типологиялық деп аталуы да осыдан.

Ғылымда типологиялық зерттеуді сипаттама зерттеудің жалғасы, соның екінші басқышы деген пікір бар. Бұл орынды да, өйткені типологиялық салыстыру үшін, алдымен, дүние

жүзіндегі тілдердің әрқайсысының құрылымдық сипаттары жеке-жеке зерттелген болуы керек. Типология сол айқындалған құрылымдық сипаттарды өзара салыстыра карау арқылы тілдерде болатын ортақ қасиеттерді, типологиялық белгілерді айқындайды.

Типологиялық зерттеу – мәні, функциясы жағынан тілдердің барлығына немесе көпшілігіне ортақ, жалпылық сипаты бар объектілерді салыстырылады. Мұндай объекті тілдің фонология саласында да, семантикалық, грамматикалық салаларында да болады. Типология тілдердің осы аталған жүйелердегі жалпылық мәні бар объектілерді бір-біріне салыстыра карау арқылы олардың арасындағы ұқсастықтар мен өзгешеліктерді ашады. Мысалы, фонология саласында дыбыстардың дауысты, дауыссыз, шұғыл, ызың болып бөлінуі, болмаса морфемалардың лексикалық, грамматикалық болып бөлінуі, т.с.с. тілдердің барлығына немесе басым көпшілігіне тән типтік белгілер. Типологиялық зерттеуде осылар сияқты универсалды тұлғалар салыстырылады.

Типологиялық әдістің тіл білімінде қолданыла бастағанына біраз уақыт болғанымен, ол туралы әр елдің көрнекті тіл ғалымдарының көпшілігі пікір айтқандарымен, бұл мәселе күні бүгінге дейін бір ізді шешімін тапқан жоқ.

Дүние жүзіндегі тілдердің типологиялық белгілерін айқындап, тілдерді сол белгілеріне қарай жіктеуді алғаш ұсынған неміс романтиктерінің көсемі Фридрих Шлегель. Ол 1809 жылы жарық көрген “Тіл және үнділердің даналығы” дейтін еңбегінде сөз тұлғасын түрлендіретін қосымшалардың бар-жоқтығына, сөздердің тұлғалық құбылысқа түсудегі сипатына қарай тілдерді флективті, агглютинативті деп екі топқа бөледі. Мұнда көрсетілген типологиялық шағын белгілер дүние жүзіндегі тілдерді қамти алмайды. Осыны байқаған Шлегельдің туысы Август Шлегель 1818 жылы шыққан “Провансаль тілі туралы” атты зерттеуінде алдыңғы екеуі үстіне

аморфты тіл дегенді қосады. Аморф - формасыз деген мағынаны білдіреді. Бірақ формасыз тіл болмайды, тек оның көріну жолдары әр тілде әр басқа болады. Сондықтан бұл жіктеу де толық емес. Ағайынды Шлегельдердің біраз кемшіліктерін ашып, типологиялық зерттеуді едәуір дамыта түскен ғалым – В. Гумбольдт. Ол тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеуге екі түрлі белгіні негіз етуді ұсынады: оның бірі – тілдік тұлғалар қарым-қатынасы, екіншісі – сөйлем құрау тәсілдері. Осы белгілерге сүйене отырып, Гумбольдт дүние жүзіндегі тілдерді төрт топқа бөлді, жоғарыда аталған үш белгінің үстіне инкорпорациялы тіл дегенді қосып, оған Америка индеецтері мен палеоазиат тілдерін жатқызады.

Көрсетілген типологиялық белгілер, сол белгілер негізінде тілдерді жіктеу принциптері кейінгі замандардағы А. Шлейхер, Э. Сепир, И. Мещанинов, Т. Милевский, т.б. ғалымдар зерттеулерінде толығы, жетіле түсті.

Қазір типологиялық белгілердің негізгілері ретінде сөз құрылымын, сөздердің тұлғалық түрленісін, сөз туғызатын, сөз түрлендіретін формаларды, синтаксистік қатынастарды алады. Сөз құрылымы морфологияның негізгі объектілерінің бірі болғандықтан, ғылымда типологиялық – жіктеу морфологиялық деп те аталады. Морфологиялық белгілерге ерекше мән берілетін себебі ол тілдік ұсақ жүйелер ішіндегі ең тұрақтысы, екіншіден, морфологиялық тип тілдерде онша көп емес және оған тән тұлғалар айқын да тұрақты, сондықтан оларды жүйелеу оңай. Осы аталған белгілерге қарай тілдерді түбір тіл, жалғамалы /агглютинативті/, копармалы /флективті/, полисинтетикалық тілдер деп бөлу – қазіргі заман тіл білімінде көп тараған принцип.

Типологиялық әдіс тек тілдерді жіктеуге ғана қолданылмайды, сонымен бірге, салыстырмалы сөздіктер жасауда да, шет тілді оқытуда да кең қолданылады.

XIX ғасыр тіл біліміндегі ағымдар. Тіл білімі өзінің бүгінгі көтерілген сатысына ішкі қайшылықтарсыз, талас-тартыссыз бірден жеткен жоқ. Оның даму тарихында әр түрлі ағымдар, пікір таластары болып отырды және қазір де бар. Ондай ағымдардың тууына түрткі болған себептердің бірі – тілдің өзіндік табиғаты мен мәнін ашу мәселесі. Кейбір ғалымдар тілдің қоғамдық мәнін дұрыс түсініп, оны қоғамдық құбылыстар қатарына жатқызса, енді бір топ зерттеушілер тілді табиғат құбылысы деп түсініп, оны зерттейтін ғылымды табиғаттану ғылымдары тобына қосты, тілді таза психикалық құбылыс деп санап, тіл білімін психология ғылымына тәуелді етпекші болғандар да болды. Осындай көзқарастағылар өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап өз алдарына лингвистикалық мектептер болып қалыптасты. Олардың қатарына натуралистік, психологиялық, жас грамматикалық деп аталатын лингвистикалық мектептер жатады.

Натуралистік немесе биологиялық көзқарас. Натурализм латынның натура /жаратылыс/ деген сөзінен шыққан. Натурализм жеке ағым ретінде көркем әдебиетте, өнерде, ғылымда XIX ғасырдың екінші жартысында Дарвин ілімінің әсерінен пайда болды.

Ғылымда натуралистер деп аталатындар – қоғамдық құбылыстарды зерттеуде жаратылыс заңдарын басшылыққа алып, мәселені соған негіздеп шешуге ұмтылушылар.

Тіл біліміндегі натурализм көрнекті неміс ғалымы, Россия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Август Шлейхер /1821-1869/ есімімен байланысты. А. Шлейхер – салыстырмалы-тарихи тіл біліміне тіл философиясын қалыптастырушылардың, тіл фактілерін салыстыруда дыбыс құбылыстарының заңдылықтарын катал сақтауды талап етушілердің, үнді-еуропалық ата тілді мүсіндеушілердің, тілдердің типологиялық ұқсастығы мен генеологиялық бірліктерін жан-жақты талдаушылардың ең көрнектілерінің бірі. Ол славян, балтық,

неміс тілдерінің салыстырмалы грамматикаларын жазудағы зерттеулері арқылы тіл білімін теориялық жағынан дамытты, оның бағыт-бағдарына едәуір ықпал жасады. Салыстырмалы-тарихи әдісті жетілдіре, оның объектісін айқындай түсумен бірге А. Шлейхер XIX ғасырда туған тіл философиясының да көрнекті өкілі болды. Көптеген пайдалы істермен қатар ол тіл біліміне бірсыпыра концепциялар да енгізді. Оның сондай теріс көзқарастарының бірі – тіл білімінде натуралистік көзқарасты қалыптастырды.

Оның натуралистік көзқарасы “Лингвистикалық салыстырмалы зерттеу”, “Неміс тілі”, “Дарвин теориясы және тіл білімі” дейтін еңбектерінен толық көрінеді.

Бұл еңбектерінде А. Шлейхер тілді табиғи организм, тіл де табиғи организмдер сияқты басқаларға тәуелсіз, өз бетінше өмір сүреді, туады, өседі, қартайады, жаратылыс заңына бағынады, сондықтан тілді зерттегенде, жаратылыс заңдарын басшылыққа алу керек, тіл білімі жаратылыстану ғылымдары тобына жатады, соның бір саласы дейді. Тіл табиғаты жөніндегі бұл тұжырым, әрине, қате. Өйткені тіл қоғамдық құбылыстар қатарына жатады да, оны зерттейтін тіл білімі қоғамдық ғылымдар тобына қосылады.

Философиялық екінші тұжырымы – тілдің мәніне байланысты. Оның пікірінше, тілдің негізгі функциясы – ойды қалыптастырып, жарыққа шығару. Тіл дегеніміз – дыбысты ойлау дейді. Тілдің ойды қалыптастыратын құрал екені даусыз, бірақ ол тілдің негізгі және бірден-бір қызметі емес, оның негізгі қызметі – коммуникативтік. Бұл жөнінде ол ештеме айтпайды.

А. Шлейхер көтерген тағы бір мәселе – тілдегі болатын өзгеріс-құбылыстарға, тіл тарихына байланысты. Ол тілдегі өзгеріс адам еркіне тәуелсіз, өзіндік заңы бойынша іске асады, сондықтан ол биологиялық организмдер тобына жатуы керек, өйткені биологиялық организмдер де басқаларға тәуелсіз өз заңы бойынша өзгереді, сөйтіп, екеуі де өзгерудің бір ғана заңына

бағынатындыктан, екеуіндегі өзгерістің сипаты да бірдей, яғни тілдегі өзгеріс, қоғамдағы өзгерістер сияқты, тілдің дамуымен тарихын көрсетпейді, биологиялық организмдегі сияқты тек өсу, қартаю ғана болады дейді. Тілдік өзгерістерді А. Шлейхер тарихқа дейінгі, тарихтан кейінгі деп екі жікке бөледі де, тілдің тарихқа дейінгі өзгерісі оның дамуы, тарихи болады да, тарих басталғаннан кейінгі өзгерісі оның дамуы емес, тек өсуі ғана дейді.

А. Шлейхер тілдерді типологиялық белгілеріне қарай жіктеу мәселесімен де айналысқан. Ол дүние жүзіндегі тілдерді түбір тіл, жалғамалы тіл, копармалы тіл деп үш түрге бөледі. Шлейхердің пікірінше, тілдер типінің бұл үш түрі, оның дамуының үш түрлі басқышы: ең жоғарғы сатыда копармалы тіл, ең төменгі сатыда түбір тіл тұр, бұл үш түрлі сатының үшеуі де тіл дамуының тарихқа дейінгі дәуірінің жемісі дейді. Бұл пікірлер, әрине, кате.

А. Шлейхер үнді-еуропа тілдері тараған ата тілді мүсіндеу мәселесімен де айналысты. Оның бұл саладағы теориялық тұжырымы ғылым тарихында “Тілдің тегі” /родословное древо/ деп аталады. Бұл теория бойынша баста бір тіл болған да, содан келе-келе әр түрлі тілдер бөлінген. Тіл зерттеушілер арасында бұл теорияны қолдаушылар да, қарсылар да бар.

А. Шлейхер тіл білімі мен филология арасындағы қарым-қатынасты да сөз етті. Оның пікірінше, тіл ғылымы жаратылыстану ғылымдары құрамына енетіндіктен, ол тарихи ғылым емес, ал филология – тарихи ғылым. Өйткені филология жазбалар тілін зерттейді. Жазбалар тілі дейтініміз – тарих, онда халықтың рухани өмірінің тарихы бар. Сондықтан филология тек тілді ғана емес, халықтың рухани өмірінің тарихын зерттейді.

А. Шлейхердің тіл табиғатына, мәніне, тарихына байланысты айтқан пікірлерінің кате бағытта болғанына қарамастан, оның концепцияларында ойлы, тартымды жүйелілік бар. Сол

себепті көпшілік назарын аударды, қолдаушылар да, қарсылар да мол болды. Шлейхердің талантты жазылған фонетикалық, грамматикалық еңбектері де мол. Ғылымда А. Шлейхер еңбектерімен компаративистиканың I дәуірі аяқталды деп есептейді.

Психологиялық көзқарас. Натуралистерге қарсы күрес үстінде дүниеге келген бағыт-психологиялық ағым деп аталады. Тіл біліміндегі психологизм XIX ғасырдың орта кездерінен бастап қалыптаса бастады. XIX ғасырдың екінші жартысындағы көрнекті тіл ғылымдарының көбі осы бағытты жақтады. Тіл психологиясының объектісі – адамдардың сөйлеу әрекетінде болатын психикалық процестер. Тіл психологиясын қалыптастырушылардың ең бастылары қатарына Берлин университетінің профессоры **Гейман Штейнтальды /1823-1899/** жатқызуға болады. Кейінірекке Штейнтальдың көзқарасын Харьков университетінің профессоры **Александр Потебня /1835-1891/,** неміс ғалымдары **Вильгельм Макс Вундт /1832-1920/,** Герман, Пауль, тағы басқалар қолдады. Тілдік құбылыстарды психологиялық тұрғыдан сөз ету – XIX ғасырдағы лингвистердің көпшілігінде болды және бұл бағыт тілдік философия ретінде әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың, мектептердің басын біріктірді.

Лингвистикалық психологизм өз ішінде қайшылықтары, алалықтары жоқ, біртұтас көзқарас емес. Бұлардың басын біріктіретін, ортақ концепция бар: Ол – тіл мәселелерін шешуде психологиялық қағидаларды басшылыққа алу. Тіл психологиялық бақылаудың объектісі тіл біліміндегі логикалық көзқарастарды сынау, тілдік категориялар мен логикалық категориялар арасында қайшылықтар көп, сондықтан тіл мәселелерін зерттеуде логика заңына сүйенуге болмайды деу. Психологиялық бағыттағылар өз ішінен индивидуалистік психологизм, әлеуметтік психологизм деп аталатын екі бағытқа жіктеледі.

Индивидуалистік психологизмның ең көрнекті өкілі Герман Пауль. Бұлар тіл біліміндегі натуралистік және логикалық бағыттарға қарсы күресе отырып, тілдік құбылыстардың барлығын жеке адамдардың сөйлеу және психикалық ерекшеліктеріне, олардың ой-санасындағы өзгеріс-құбылыстарына тәуелді етеді. Жалпы халық тілі, біртұтас ұлт тілі деген – жалған сөз. Тіл жеке индивидумдікі. Сондықтан тіл білімінің міндеті – индивидумның тілін зерттеу. Индивидумның тілін, психикалық құбылысын зерттеу арқылы тұтас халықтың, ұлттың рухани өмірінің заңдылығын ашуға болады деп қарайды.

Индивидуалистік психологизм тілдің қоғамдық мәнін жоққа шығарады. Тіл білімін қоғамдық ғылымдар тобынан бөліп алып, оның дербестігін жояды, оны психологияға тәуелді, соның бір саласы деп санайды.

Ал әлеуметтік психологизм өкілдері индивидуалистердің “ақиқат бар нәрсе – индивидумдар тілі ғана” дейтін қағидаларына қарсы, олар тіл әлеуметтік, оны туғызушы да, қолданушы да жалпы халық, қоғам дегенді айтады.

Әлеуметтік психологизм теориясын негіздеуші, оның ең көрнекті өкілі Г. Штейнталь. Оның тіл мәселелерін психологияның заң-ережелеріне негіздеп шешетін концепциялары грамматика, логика, “психология және бұлардың принциптері мен өзара қарым-қатынастары” /1855/, “Психология мен тіл біліміне кіріспе” /1881/, “Тілдің шығуы” /1851/ деп аталатын т.б. еңбектерінде баяндалған.

Барлық психологистер сияқты бұлар да тілді психологиялық бақылаудың объектісі деп санайды. Индивидуалдық психология халықтық психологияға негіз болады. Халықтық психология – халық рухы жөніндегі ілім. Халық рухы – адамдардың рухани әрекетінің қайнар көзі. Халық рухы, ең алдымен, тілінен, одан кейін әдет-ғұрпынан, дәстүрінен, жалпы әрекетінен көрінеді, Осылардың бәрі, соның ішінде тіл де, халық рухының жемісі, халықтық психологияның көрінісі.

Психологизм өкілдері сөйлеу психологиясы, оның сөйлеу әрекетімен байланысы, сөйлеу әрекетінің іске асу жолдары деген мәселелерге ерекше мән береді. Психологизм көп жағдайда лингвистикалық талдау орнына психологиялық талдауды қолданады, сөйтіп, тіл білімін өзінің негізгі функциясынан айырады. Психологизм – тілдік категориялардың барлығы да тек тілдік материалдар арқылы керінетін, соны жамылған психологиялық категориялар деп санайды.

Тіл біліміндегі психологиялық бағыт үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарынан бастап психологиялық лингвистика /психоллингвистика/ деген атпен тіл білімінің дербес саласы ретінде қалыптасты. Ол – психология мен тіл білімінің аралығында, екеуінің түйісуінен туған жаңа бағат. Бұл бағыт алғаш Америка тіл білімінде қалыптасты да, көп ұзамай басқа елдерге тарады.

Қазірде психоллингвистика – сөйлеу әрекеттерінің заңдылықтарын зерттейтін ғылым деп саналады. Мұны сөйлеу әрекеттерінің теориясы туралы ғалым деп те атайды. Кейбір зерттеулерде психоллингвистиканың негізі – информация теориясы дегенді де айтады. Олай дейтіні психоллингвистика сөйлеу әрекетінде болатын хабар беру, хабарды қабылдау процестерінің қалай іске асатындығын зерттейді. Бұл – оның негізгі объектісі. Психоллингвистика – өз объектісін, міндеті мен мақсатын жан-жақты және дәл айқындай қоймаған жас ғылым.

Жас грамматикалық бағыт. Жас грамматикалық бағыт (младограмматизм) ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан бастап қалыптасты. Алғаш Германияда туғанымен, көп ұзамай оған тілектес, пікірлестер әр елден табылып, өте тез өркен жайды. Францияда М. Бреаль, Швейцарияда Ф. Де Соссюр, Америкада Уитни, Италияда Г.И. Асколи, Россияда Ф.Ф. Фортунатов бастаған Мәскеу лингвистикалық мектебі мен Бодуэн де Куртенэ бастаған Қазан лингвистикалық мектептері болды.

Бұл ағым өкілдері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өздеріне дейінгі өкілдерін “бұлар – жорамалға толы қапырық

шеберханада үнді-еуропалық ата тілді мүсіндеушілер” деп кекетіп, тіл ғылымдарын сол “сасық шеберхананы” тастап, жана жол табуға шақырған болатын. Олардың осы қызбалықтарына, албырттықтарына карап, неміс лингвисті Ф. Царнке оларды “жас грамматистер” деп ажуалаған еді. Осы ажуа ат бірте-бірте лингвистикалық мектептің аты болып қалыптасты.

Жас грамматистік көзкарасты қалыптастырушылар Бругман, Остгоф, Дельбрюк, Пауль, т.б. Лейпциг университетінің тіл ғалымдары болғандықтан, кейін ол Лейпциг лингвистикалық мектебі деп те аталды.

Жас грамматистер мектебі өз зерттеулеріне екі түрлі принципті негіз етті. Оның бірі – тарихи принцип те, екіншісі – психологизм принципі. Осы себептен де жас грамматикалық бағытты кейде психологиялық салыстырмалы-тарихи тіл білімі деп те атайды.

Бұлардың бағыт-принциптерін баяндайтын еңбектер көп. Олардың ішіндегі ең негізгілері деп Г. Остгоф пен К. Бругманның “Үнді-Еуропа тілдерінің морфологиялық зерттеулері” /1878/ дейтін кітапқа жазған алғы сөзін, Г. Паульдің “Тіл тарихының принциптері” /1880/ және К. Бругман мен Б. Дельбрюктің “Үнді-Еуропа тілдері салыстырма грамматикасының негізі” /1886-1900/ атты кітаптарын атауға болады.

Жас грамматикалық бағыттың тууына тіл білімі дамуының ішкі факторлары себепші болды. ХІХ ғасырдың 60 жылдарынан бастап компаративистік тіл білімінің жайы қанағаттанғысыз, бағыты бұлдыр, тоқырауға ұшырады деген пікірлер туып, сол тоқыраушылықтан құтқаратын жана бағыт іздеу басталды. Жас грамматикалық бағыт осылайша туып, көп ұзамай-ак әлемдік тіл ғылымындағы ғылыми ағым болып қалыптасты.

Өрісінің кеңдігі, тілдік зерттеу еңбектерінің молдығы, ғылым дамуына тигізген әсері жағынан ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы лингвистикалық ағымдардың ешқайсысы да жас грамматикалық мектепке тең келе алмайды. Бұл

мектеп белсенді, беделді ғылыми ағым ретінде елу жылдан астам уақыт өмір сүрді.

Әдетте, жас грамматистер дәуірін салыстырмалы-тарихи тіл білімі дамуының екінші кезеңі деп есептейді. Өйткені бұлар өздеріне дейін қолданылып келген салыстырмалы-тарихи әдісті түбірмен өзгертуді көздеген жоқ, оның кейбір ескірген, пайдасыз деген амал-тәсілдерінің орнына зерттеудің жана әдістерін енгізуді мақсат етті.

Жас грамматистер тіл ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Олар салыстырмалы-тарихи тіл білімінің өздеріне дейін орын алып келген көптеген кемшіліктерін дұрыс ашып, компаративистиканы жана, жоғары сатыға көтерді. Туыстас тілдер семьялары жөнінде көптеген құнды салыстырмалы-тарихи зерттеулер берді. Натуралистік ағымның тілді табиғи организм дейтін, тіл білімін жаратылыстану ғылымдары тобына қосатын және тіл тарихын екі кезеңге бөлетін көзқарастарының терістігін жете әшкереледі. Туыстас тілдердің дыбыстық ұқсастықтарын айқындаудың жолдарын, амал-тәсілдерін нақтылап, жетілдірді. Үнді-Еуропа тілдеріндегі фонетикалық заңдылықтарды тілдік фактілер арқылы талдап көрсетті. Үнді-Еуропа тілдерінен орасан көп нақтылы тілдік материалдар жинады. Бұл материалдар тіл білімінің практикалық саласының дамуына мұрындық болуымен қатар кейінгі дәуірлерде тіл білімін теориялық жағынан жетілдіре түсуге, тіл білімінде бұрын болмаған немесе тым елеусіз болып келген диалектология, лингвистикалық география, эксперименталды фонетика сияқты жана салалардың туып, қалыптасуына да көп септігін тигізді.

Үнді-Еуропа тілдерінің материалдары негізінде түрлі салыстырма сөздіктер, салыстырма грамматикалар жазылды. Туыстас тілдер фактілерін бір-біріне диахрондық жолмен салыстыру әдісі өзінің ең жоғары сатысына көтерілді. Осылардың бәрі жас грамматикалық кезең – салыстырмалы-тарихи тіл білімі дамуының ең гүлденген заманы болды деуге мүмкіндік берді.

Жас грамматикалық бағытта жетістіктермен қатар көптеген кемшіліктер де болды. Оларды топтап жинақтасак төмендегідей болмақ:

1. Жас грамматистердің тілдің табиғаты жөніндегі философиялық концепциялары дұрыс болмады. Олар тілді туғызатын да, дамытатын да жеке адамдар дегенге сүйеніп, тіл білімінің теориялық негізі индивидумдар психологиясы, лингвистиканың міндеті – индивидумдар тілін зерттеу деді.

2. Фактіге сүйену дегенді желеу етіп, ғылыми абстракцияның мәнін ескермеді, нақтылы фактілермен дәлелдеуге болмайтын дыбыс тілінің шығуы, оның алғашқы дәуірдегі сипаты сияқты мәселелерді тіл білімінің объектісі емес деп жариялады.

3. Тілдің құрамдық бөлшектерін бір-біріне байланыссыз жеке жеке талдаушылыққа бой ұрды. Бұл – тілді элементтері бір-бірімен тығыз байланыста тұратын біртұтас жүйе деп тануға кедергі болды.

4. Лингвистикалық талдау – сөйлеу тілі фактілеріне сүйену керек деген қағиданы берік ұстап, жазба тіл дәстүріне жеткілікті мән берілмеді.

5. Барлық назар туыстас тілдер фактілерін өзара салыстыра зерттеуге аударылды да, туыстас емес тілдердің бір-біріне тигізетін әсеріне, тілдік контакт мәселесіне жеткілікті көңіл аударылмады.

6. Тілдің өзіндік ішкі даму заңына, фонетикалық заң мен аналогияға шешуші мән беріп, тілдік құбылыстарға экстралингвистикалық жайттардың тигізетін әсерлерін ескерусіз қалдырады.

7. Зерттеу істерінде бір ғана диахрондық, индуктивтік әдістерге сүйенді де, синхрондық, дедуктивтік әдістерге жөнді мән бермеді, ондай зерттеулерді ғылыми емес деп санады.

Жас грамматикалық бағыттың осындай олқылықтары XIX ғасырдың соңғы он жылынан бастап айқын байқалды.

Олардын концепциясына наразы пікірлер, жанаша бағыт-бағдар іздеушілер әр жерде, әр елде бой көрсете бастады. Тіл білімі жас грамматикалық концепцияларға қарсы күресу, зерттеудің жаңа жолын іздеу үстіне ХХ ғасырдың есігін ашты.

Мәскеу лингвистикалық мектебі. Мәскеу лингвистикалық мектебін ХІХ ғасырдың 70-80 жылдарында Мәскеу университетінің ғалымдары қалыптастырды. Оны басқарған сол кездегі орыс тіл білімінің көрнекті ғалымдарының бірі – академик **Филипп Федорович Фортунатов** /1848-1914/. Ол Германияда, Францияда, Англияда болып, жас грамматикалық бағыттағы көрнекті ғалымдардың лекциясын тыңдаған, өзі де осы бағытты қуаттаған, компаративистиканың Россиядағы көрнекті өкілі болған, Үнді-Еуропа тілдерінің фонетикасын, морфологиясын зерттеп, бұл саладан біраз еңбектер берген.

Бұл мектеп құрамында орыс тілі білімінің көрнекті өкілдері академик **Алексей Александрович Шахматов** /1864-1920/, **Александр Матвеевич Пешковский** /1878-1933/, т.б. болды.

Мәскеу лингвистикалық мектебі, негізінде Лейпциг жас грамматистерінің Россиядағы қолдаушылары болды. Бұлар да индивидуалдық психологизмді өздерінің методологиялық негізгі принципі деп санады. Лейпциг мектебі сияқты бұлар да тілді фонетикалық заңын өз зерттеулерінде әрдайым есепке алып отыруға ерекше мән берді. Бұлардың концепциялары, көп жағдайда, психологизм принципіне негізделді.

Мәскеу лингвистикалық мектебі лингвистикалық бағыт ретінде үстіміздегі ғасырдың отызыншы жылдарына дейін, Н.Я. Маррдың “Тіл туралы жаңа ілім” деп аталатын мектебі үстемдік алғанға дейін өмір сүрді.

Қазан лингвистикалық мектебі. Бұл Қазан қаласындағы университетте ХІХ ғасырдың аяқ кезінде қалыптасты. Оған дем беруші – поляк-орыс тіл ғалымы, Қазан университетінің профессоры **Иван Александрович Бодуэн де Куртенэ** /1845-1929/. Ол жалпы тілдік теориялық мәселелермен көбірек айналысқан.

Бодуэн де Куртенэ жас грамматикалык бағытпен тығыз байланыста болды, көп жағдайда олардың концепциясын жақтады. Солардың ізімен бұл да индивидуалдық психологизмді қолдады, ақиқат бар тіл – индивидумдар тілі, біртұтас ұлттық тілі деген тек қиялда ғана болатын жалған нәрсе, сондықтан зерттеудің негізгі объектісі индивидумдар тілі, индивидумдар психологиясы дейді. Солай дей тұра ол, екінші жағынан, тілде даралықпен бірге жалпылық та болады, бұл екеуі бірлікте. Индивидумдағы бар нәрсе, екінші жағынан, жалпынікі, жалпы адамдық болып табылады. Олай болатыны барлық индивидумдар психикасы біркелкі болады. Бұл біркелкілік – жалпылықтың, әлеуметтіктің негізі дегенді айтады. Сөйтіп, Бодуэн де Куртенэнің психологизмі индивидуалдық қана емес, әлеуметтік те психологизм болып шығады. Бұл – бүкіл Қазан лингвистикалық мектебіне тән тұжырым. Бұлардың көтерген тағы бір мәселесі – тілдің статикалық және динамикалық күйі деген мәселе. Жас грамматизм ізімен бұлар да тілдің динамикалық күйін, яғни тарихын зерттеудің бірінші орынға қоя отырып, екінші жағынан, тілдің статикалық күйін, яғни жүйесін зерттеуге де көңіл аударды. Тілдің белгілі бір дәуірдегі күйін, жүйесін айқындауда статикалық әдіс – таптырмайтын құрал дегенді айтты. Мектептің, оның көсемі Бодуэн де Куртенэнің бұл пікірі өзінен кейінгі де Соссюрдің статикалық және динамикалық лингвистикасы дегендерімен үндес келеді.

Қазан лингвистикалық мектебі, әсіресе Бодуэн фонема мәселесіне ерекше назар аударды. Оның бұл саладағы еңбегі кейініректе Прага структуралистерінің фонема жөніндегі зерттеулеріне күшті әсерін тигізді.

Қазан лингвистикалық мектебі құрамында Н.В. Крушевский, В.А. Богородицкий сияқты көрнекті тіл ғалымдары да болды. Кейінгі кезде бұл мектептің бағытын қолдап, оны ілгері дамыта түскен ғалымдар – Л.В. Щерба мен Е.Д. Поливанов.

IV ТАРАУ

XX ҒАСЫР ТІЛ БІЛІМІ

Лингвистикалық мектептер. Қазіргі заман тіл білімі жас грамматистерге қарсы күресте туып қалыптасты. XIX ғасырдың соңғы он жылы мен XX ғасырдың бас кезінен бастап Батыс Еуропа тіл білімінде жас грамматистік бағыт қатты сынға алынды, зерттеудің жаңа әдісі, бұрынғыдан өзгеше амал-тәсілдері іздестіріледі. Әр елде, әр жерде жас грамматизмге қарсы лингвистикалық мектептер пайда болды. Олардың қатарына “Сөздер мен заттар”, “Эстетизм”, “Социологизм” деп аталатын мектептерді жатқызуға болады. Жас грамматизм бағытын сынауда бұлардың өкілдері бірауызды болғандықтарымен, тілдің өзіндік сипатын, мәнін айқындауға келгенде әрқайсысының өзіндік көзқарастары, ұстаған жолдары болды. Енді соған келейік.

Сөздер мен заттар. Бұл – тіл білімі тарихында жас грамматикалық бағыттан біржола және үзілді-кесілді бас тарту ұранын тұңғыш көтерген мектеп. Оның өкілдері 1909 жылдан бастап Рудольф Мерингердің /1859-1931/ басқаруымен шыға бастаған /Австрияда/ “Сөздер мен заттар” деп аталатын журнал төңірегінде топтасқандықтан, соның атымен аталған /Журнал XX ғасырдың 40 жылдарына дейін шығып тұрды/. Бұл мектептің ең көрнекті өкілі – роман тілдері мен жалпы тіл білімінің маманы Австрия тіл ғалымы Гуго Шухардт /1842-1927/.

Г. Шухардт тек роман тілдерін ғана емес, басқа да көптеген тілдерді зерттеген, жан-жақты, терең білімді адам болған. Ол тіл білімінде бірталай тың да қиын проблемаларды батыл көтеріп, өз көзқарасын білдіріп отырған. Бұл мектептің өкілдері зат пен оның атауы арасындағы қарым-қатынасқа ерекше мән береді. Г. Шухардт “Заттар мен сөздер” деген еңбегінде: сөз затты білдіреді, зат – алғашқы, ол ешнәрсеге тәуелсіз, өзі үшін

өмір сүреді, ал сөз затқа карағанда соңғы, кейінгі, ол – затқа тәуелді, оның өмірі затқа байланысты, зат жоқ болса, оған қойылатын атау да жоқ, тілдегі әр сөздің өзіндік тарихы бар, оны тек лингвистикалық талдау “арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады, заттар тарихы мен сөздер тарихы арасында толық параллелизм де, сондай-ақ күрделі және нәзік қарым-қатынастар да бар, тіл білімінің міндеті – соны ашу дейді.

Осы талаптарға орай бұл ағым ғалымдары /Т. Шухардт, Р. Мерингер, В. Мейер-Любке, т.б./ сөздер тарихын сол сөздер атау болған заттар тарихына байланыстыра отырып, ұқыптылықпен, көп жағдайда өте шебер зерттелген.

Әрине, сөздер тарихын сол сөз атау болған заттар тарихына байланыстыра қараудың тарихи лексикологияға берері көп, бірақ тіл білімі үшін әр сөз атау болған заттар тарихын зерттеу әрдайым қажет бола бермейді. Олай істеу, көп жағдайда, тіл ғалымдарын негізгі объектіден бөліп, тіл білімі үшін қажеті жоқ нәрселермен айналыстырады.

Бұл мектеп өкілдері әсіресе Г. Шухардт тілдік элементтер /сөздер/ мағыналарының өзгеруіне, дамуына ерекше мән береді. Бұлардың семантикалық мәні жөніндегі пікірлері бұл мәселенің кейінгі дәуірде дамуына елеулі әсерін тигізді.

Г. Шухардт тілдерді туыстық жақындықтарына қарай жіктеудің дәлдігіне, ата тіл болды дегенге күмән келтіреді, генеалогиялық классификациялау орнына тілдерді географиялық ыңғайына қарай қарауды ұсынады. Географиялық жағдайына, қоныс ыңғайының өзгерісіне қарай бір тіл екінші бір тілге ауысып отырады дегенді айтады. Осыдан келеді де тілдің дамуы, ондағы болатын өзгеріс-құбылыс тілдердің араласуынан, тоғысуынан болып жатады. Дүние жүзіндегі тілдердің барлығы да өзара туыстас, бірақ олардың туыстастығы бір төркіннен, ата тілден тарағандықтан емес, араласып, тоғысқандықтан дейді. Бұл, әрине, бір жақты кеткендік.

Біраз мәселеде бұл мектеп өкілдері индивидуалистік психологизм ағымындағылармен пікірлес болды. Шухардттың пікірінше, тіл – жеке сөйлеушінің /индивидумның/ жемісі. Индивидумның тұрмыс жағдайы, мінез-құлқы, мәдениеті, жасы тілге әсерін тигізеді, сөйтіп, индивидуалдық стиль қалыптасады. Сөздер тарихы – сол еөздерді қолданушы индивидумдар тарихы дейді.

Г. Шухардт өзінің “Фонетикалық заң туралы” деген мақаласында жас грамматистердің тілде “бұлжымайтын фонетикалық заң бар” дейтін негізгі принципіне қарсы шығады: “бұлжымайтын фонетикалық заң” деген жоқ, кездейсоқ фонетикалық өзгерістер бола береді.

Г. Шухардтың лингвистикалық мұрасы бір тектес те, бәрі бірдей бағалы да емес. Оның еңбектерінің ең құнды жақтарының бірі – ғалым дамуына бөгет болатындардың бәрін де ешбір жалтақсыз батыл сынай отыра, үздіксіз жаңалық, басқаша тың бағыт іздеуінде, ғалымдарды соған үндеуінде. Г. Шухардт еңбектері өз дәуіріндегі лингвистикалық ой-пікір дәрежесін жан-жақты көрсете алады. Ол өз еңбектері арқылы тіл білімінің жас грамматистер доктринасы шеңберінде қала алмайтынын, тіл зерттеу ісінде жаңа, тың бағыт-бағдардың қажеттілігін дәлелдеді. Г. Шухардт бастап көтерген көптеген мәселелер лингвистика дамуының кейінгі дәуірлерінде күрделі де мәнді проблемаларға айналды. Сондайлардың бірі ретінде осы мектеп көтеріп қалыптастырған тілдердің бір-біріне тигізетін әсерін, тілдер тоғысуы, ареалдық лингвистика, тілдерді географиялық ыңғайларына қарай жіктеу мәселелері.

Көптеген құнды пікірлермен қатар бұл ағымның қайшылықтары да болды. Бұларда айтарлықтай тұрақты, өзіндік жүйелі принцип болмаған. Сондықтан тек шартты түрде ғана болмаса, “Сөздер мен заттар” бағытындағыларды қалыптасқан лингвистикалық мектеп еді деу қиын.

Эстетизм. XX ғасырдың бас кезінде Батыс Еуропада жас грамматизм бағытына қарсы бағытта пайда болған лингвистикалық мектептің тағы бір түрі – эстетизм немесе эстетикалық лингвистика. Оны қалыптастырушы – неміс ғалымы, роман тілінің маманы, әрі әдебиетші, Мюнхен университетінің профессоры **Карл Фосслер /1872-1949/**.

Эстетизм мектебінің негізгі принциптері К. Фосслердің “Тіл – біліміндегі позитивизм мен идеализм” /1904/, “Тіл – творчество және даму” /1906/ деген еңбектерінде баяндалған.

Мектептің эстетизм деп аталу себебі – оның ілімдері тілді эстетикалық тұлға, эстетикалық көрсеткіш дейді де, оны зерттейтін тіл ғылымы – эстетиканың бір саласы, эстетика – оның негізі, қайнар бұлағы. Тіл жөніндегі зерттеу эстетикадан басталып, эстетикамен аяқталады деп санайды.

Кейде бұл мектеп неофилология немесе идеалистік неофилология деп те аталады.

К. Фосслер зерттеулерінің көпшілігі әдебиеттану ғылымына жатады. Солармен бірге тіл мәселелеріне арналған “Лингвистикадағы позитивизм мен идеализм” деп аталатын еңбегінде Фосслер позитивистер деп жас грамматистерді атайды да, идеалистер тобына өзін және өзінің жолын қуушыларды жатқызады. Бұл еңбектің ең түйінді мәні – жас грамматикалық бағыттың позитивизмін қатал сынай отырып, тілді эстетикалық туынды, тіл білімін эстетикалық ғылым деп жариялау. К. Фосслер өзінің эстетикалық концепциясын негіздеуде идеалистік философия мен өз дәуірінің атақты тіл ғалымдары В. Гумбольдт пен Г. Штейнталь еңбектеріне сүйенген.

В. Гумбольдттың ізімен К. Фосслер де тіл рухтың көрінісі, тілге байланысты мәселенің қандайы болса да тіл рухы арқылы айқындалады, тіл – рухтық процесс. Тілдің даму заңын рухтан бөліп алуға болмайды, қайта соның әрекеті ретінде зерттеу керек дейді.

В. Гумбольдтың ізімен К. Фосслер де тілді творчестволық туынды, тіл – творчество дейді. Бұл – оның бүкіл концепциясының негізі. Тілді творчество деп санағандықтан, К. Фосслер индивидумдардың сөйлеу әрекетіне ерекше мән береді. Ол рухани творчествоның барлығы да эстетикалық құбылыс. Творчество болғандықтан тіл де эстетикалық қарауына жатады. Ал объектісі эстетикалық құбылыстар қатарына жатқандықтан, тіл білімінің эстетикалық болмысқа әдісі жоқ деп есептейді. Олар тілдің экспрессивтік қызметін зерттеуге баса назар аударады, тілді тарихи-мәдени туынды деп санайды.

Эстетистер тіл білімін эстетикаға стилистика арқылы жатқызады. Олар: тіл – индивидуалдық рухани творчество... Сөйлеудің барлық түрі де индивидуалдық рухани әрекет. Ал ол әрекетті, яғни индивидумның стилін, стилистика зерттейді дейді де, осыдан барып, тілді индивидум жасайтын, индивидумның тілін /стилін/ стилистика зерттейтін болғандықтан, тіл білімінің бастамасы, негізі – стилистика. Стилистика – эстетиканың бір саласы. Олай болса, тіл білімі эстетиканың бөлінбейтін бір бөлшегі деген қорытынды жасайды.

Бұл мектептің эстетизмі индивидуализммен ұштасады. Сондықтан бұларды кейде эстетикалық индивидуализм деп те атайды. Эстетистер де тілдің қоғамдық мәнін ескермейді, оны жеке адамның рухани табысы деп қарайды, түгелдей индивидуалдық рухқа тәуелді, бағынышты етеді. Қанша индивидум болса, сонша стиль (тіл) бар. Сөйлеудің, хабарлаудың әрбір құралы (яғни тілдік элементтер) бастапқыда индивидуалдық, стилистикалық болады. Жалпыхалықтық, диалектілік тілдер деген өмірде жоқ. Тілдің жалпылық мәнінің өзі де индивидуалдық тілдің жай жиынтығы деп қарайды.

Ал тіл индивидумның табысы болса, ол қалайша қатынас құралы бола алады деген сұрауға эстетизм мектебінің басшысы К. Фосслер: Егер адамдар тіл арқылы өзара қатынас жасай алатын болса, ол тілдік заңның, тілдік материалдардың немесе тілдік

құрылымның жалпылығынан емес, тілдік дарындылықтың, қабілеттіліктің жалпылығынан, ортақтығынан болады. Тілдің пайда болуы, өмір сүруі, дамуы – бәрі де осы сөйлеу дарындылығының жалпылығына, барлық адамға бірдейлігіне байланысты, соның аркасында әр түрлі тілде сөйлейтін адамдар белгілі уақыттан кейін бірін-бірі түсіне алады деп жазады.

Эстетистердің айтуынша, тілдік категорияларға негіз болатын интуиция /сезу/, тек интуиция ғана ол категориялардың мәнін танып білуге мүмкіндік береді. Тіл білімінің міндеті зерттеу ісіне интуитивтік тану әдісін қалай қолдануды айқындау.

Эстетизм өкілдері жас грамматизм бағытын да, логицизм, психологизм бағытын да сынға алады. Логика тіл табиғатына тән емес, логика мен тіл білімі біріге алмайды дейді.

Эстетистер жас грамматистерді позитивистер деп айыптағанда оларға қоятын басты бір кінәсі – сендер тілдік элементтер арасындағы себептестік қатынасты ескермей, тек тілдік фактілерді көбейтуге, оларды бір-біріне байланыссыз, бөлек-бөлек сипаттауға әуестенесіздер. Тіл білімі үшін маңыздысы – фактілерді құр есепке алу, оны сипаттап беру ғана емес, олардың арасындағы себептестік қатынасты айқындау дейді.

Құбылыстар арасындағы себептестік қатынастарды айқындаудың шешуші мәні барлығы даусыз, бірақ фактілерді есепке алу, оны талдау, соған сүйену қажеттігін де ескермеуге болмайды.

Лингвистикалық мектеп деп аталғанымен, эстетистердің принциптерін жақтаушылар аз болды.

Неолингвизм. /гр. нео – жаңа және лингвистика атауларының бірігуінен туған/. Неолингвизм де жас грамматизм бағытына қарсы XX ғасырдың бас кезінде қалыптасқан лингвистикалық мектеп. Неолингвистика деген атауды бұл мектеп өкілдері өздерін жас грамматизм бағытынан мейлінше бөлек лингвист етіп көрсету үшін қолданған. Бұл мектеп Италияда қалыптас-

ты. Оның негізін салушылар **Маттео Джулио Бартоли /1873-1946/, Джулиано Бонфанте, /1904 ж./, В.Пизани /1899 ж./** т.б.

Неолингвистер жас грамматистерді сынаған, өз принциптерін баяндаған көптеген еңбектер жазды. Сондай еңбектердің бірі – 1925 жылы М.Д. Бартоли жазған “Неолингвистиканың қосымша очеркі” атты кітап. Онда лингвистикалық жана мектептің істері мен принциптері қысқаша баяндалады. Неолингвизм бір-біріне үйлесе қоймайтын әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың – В. Гумбольдттың, Г. Шухардттың, К. Фосслердің, кейбір мәселеде Г. Паульдің принциптеріне сүйенеді. Сондықтан бұл мектеп кейде эклектикалық неолингвизм деп те аталады.

Неолингвизм өкілдері В. Гумбольдт пен К.Фоселер сияқты тілді рухани әрекет, көркем туынды, эстетикалық көрсеткіштердід жиынтғы дейді Г. Шухардт сияқты бұлар да тілдер тоғысуына ерекше мән береді. Г. Пауль сияқты бұлар да индивидумның сөйлеу әрекетін зерттеуге ерекше көңіл бөледі. Эстетистердің ізімен неолингвистер де жас грамматистерді позитивистер, фактіге табынушылар деп айыптайды. Өздерін тілдің барлық мәселелерімен де шұғылданатын нағыз тіл ғалымдарымыз деп жариялайды. Екіншіден, бұлар жас грамматистер концепцияларының негізі саналатын “бұлжымайтын фонетикалық заң” доктринасын ғылыми емес, өмірде шашау шықпайтын, бұлжымайтын заң деген жок деп есептейді.

Неолингвизмнің тілдердің географиялық орнына шешуші мән беретіндіктеріне қарай кейде оны ареалдық лингвистика деп те айтады. Ареалдық лингвистика немесе лингвистикалық география – тілдік құбылыстардың тараған аймағын, шекарасын зерттейтін ғалым.

Неолингвизм өкілдерінің бір табысы – лингвистикалық география ілімінің принциптерін айқындап, жетілдіріп, оны тіл біліміне ендіріп таратты. Жас грамматистер тілді бір ғана

диахронды тұрғыда зерттесе, неолингвистер оны синхрондык тұрғыда да зерттейді

Жас грамматистер тіл білімінің міндеті сөйлеу тілі фактілерін зерттеу дегендерімен, іс жүзінде жазба тіл фактілерін көбірек зерттеді. Неолингвистер сөйлеу тіліндегі диалектілік ерекшеліктерді зерттеуге ерекше мән берді. Неолингвизмнің ең басты кемшіліктері – тілдің жүйелік, құрылымдық сипатына жеткілікті мән бермей, экстралингвистикалық мәселелерге көп көңіл бөліп, тіл өміріндегі индивидумдар ролін асыра бағалаулары болды.

Социологиялық мектеп. Бұл мектеп тілдің қоғамдық сипатын, әлеуметтік мәні барлығын мойындаудан туған. Тілде әлеуметтік сипаттың барлығын, қайта өркендеу дәуірі мен XVIII-XIX ғасырлардың бірсыпыра ойшылдары да баса айтқан, дегенмен, бұл мәселе XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жүйелі зерттелмеді.

Тіл қоғаммен байланысты, тіл – қоғамдық құбылыс дегендердің тезис ретінде алынып, тіл білімінің күрделі бір проблемасы ретінде арнайы сөз болуы өткен ғасырдың екінші жартысынан басталады. Социологиялық зерттеу тіл біліміндегі натуралистік, индивидуалдық көзқарастарға қарсы бағытта туып қалыптасты.

XIX ғасырдың аяқ кезі мен XX ғасырдың бас кезінде тілдің әлеуметтік сырын ашумен көбірек шұғылданғандар француз ғалымдары болды. Осы себептен тіл білімі тарихында тіл зерттеудегі социологиялық бағыттың отаны Франция деп санап, оны Франция социологиялық мектебі деп атаушылық бар. Ал социологиялық лингвистика деген термин 1952 жылдан бері қарай қолданылып жүр.

Социологиялық бағыттың Франциядағы көрнекті өкілдері – Поль Лафарг /1842-1911/, Ф. де Соссюр /1857-1913/, А. Мейе /1866-1936/, Ж. Вандриес /1875-1960/, Э. Бенвенист /1902/.

Мектептің социологиялық деп аталған себебі бұл бағыттағылар индивидуалистік, натуралистік бағыттағыларға қарама-қарсы тіл – қоғамдық, әлеуметтік құбылыс, ол тек адам қоғамы бар жерде ғана өмір сүре алады. Тілді дүниеге келтірген де, оны ілгері дамытатын да қоғамдасқан адамдар. Тіл әлеуметтік құбылыс болғандықтан, ол басқа әлеуметтік құбылыстармен байланыста каралу керек деп санайды.

Социологиялық мектеп көтерген және шешкен проблемаларды байқау үшін, оның кейбір қайраткерлеріне өте қысқа болса да тоқталып өтейік.

Поль Лафарг. Ол өзінің 1894 жылы шыққан “Революцияға дейінгі және одан кейінгі француз тілі” деп аталатын еңбегінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік, таптық жіктерінің тілге, әсіресе оның лексикасына қандай әсер ететіндігі терен де жан-жақты зерттелген. Француз тілінің XVII-XVIII ғасырлардағы даму сипаттарын, жеке сөздер мағынасында болған құбылыстарды зерттеп отырып, Лафарг ұғымның, әдеби тіл нормасының көп жағдайда қоғамдық қатынастарға тәуелді болатындығын дәлелдейді. Ол – тілді өзінің әлеуметтік ортасынан бөліп алуға болмайды деп есептейді.

Фердинант де Соссюр Швейцар тіл ғалымы, Париж, кейін Женева университеттерінің профессоры. Жоғары білімді Лейпциг университетінен алған. Ф. де Соссюрді, әдетте, тіл біліміндегі социологиялық мектептің негізін салушы деп санайды. Бірақ оның ғылыми мұраларын бір ғана ағым, бір ғана мектеп ғана көзқарас шеңберінде қарауға болмайды. Оның теориялық өрісі өте кең, жан-жақты. Ол өзінің еңбектері арқылы тіл ғылымының дамуының жаңа дәуірін ашқан, қазіргі заман тіл білімі дамуының ең басты проблемаларын айқындап, оған бағыт-бағдар сілтеген, жан-жақты ойланылған біртұтас жүйелі лингвистикалық концепция жасаған адам. Ғалымның көптеген теориялық тұжырымдары бірсыпыра елдердегі лингвистикалық ой-пікірлер дамуына күні бүгінге дейін күшті әсерін тигізуде.

Ф. Де Соссюрдің тіл біліміне қосқан үлесін, көтерген проблемалары мен өзіндік концепцияларын танытатын еңбегі “Жалпы лингвистикалық курс” деген кітабы. Бұл еңбек Ф. де Соссюр қайтыс болғаннан кейін 1916 жылы басылып шықты.

Кітап көп ұзамай-ақ Еуропа халықтарының бірнеше тіліне, 1933 жылы орыс тіліне аударылып, тіл білімінде үлкен қозғалыс, қызу айтыс туғызды. Мұнда көтерілген жеке проблемалар жөніндегі пікір таластары күні бүгінге дейін саябырлаған жоқ.

1973 жылы профессор А.А. Холодовичтің редакциясымен Ф. де Соссюр еңбектері “Труды по языкознанию” деген атпен 2 рет орыс тілінде жарияланды.

Ф. де Соссюрдің атын бүкіл дүние жүзіне жайған, лингвистика әлемінде оны даңққа бөлеген бұл еңбегі бірнеше тарауға бөлінетін кіріспеден және бес бөлімнен құралған. Оның 1-бөлімі “Жалпы принциптер”, 2-бөлімі “Синхрондық лингвистика”, 3-бөлімі “Диахрондық лингвистика”, 4-бөлімі “Географиялық лингвистика”, 5-бөлімі “Ритроспективтік лингвистика мәселелері” деп аталады. Әр бөлім өзі ішінен бірнеше тарауларға бөлінеді.

Ф. де Соссюр алғашқы кезде салыстырмалы-тарихи тіл білімін қолдаушы, соның принциптерін дамытушы болса, кейін, әсіресе Женева университетінде тілдің жалпы теориясына арналған курстан лекциялар оқыған 1906-1912 жылдар арасында ол бағытынан қол үзген.

Ф. де Соссюр көтерген және өз көзқарасын баяндаған проблемалар көп, солардың бастыларына төмендегілерді жатқызуға болады.

Лингвистикалық объектiсi. Даму дәрежесiне, өмiр сүру формасына қарамастан тiлдердiң қай-қайсысының да сөйлеу процесiндегi көрiнiстерi тiл бiлiмiне объект бола алады дейдi. Тiл бiлiмiнiң мiндетi – таңбалар жүйесi болып есептелетiн тiлдi “өзi мен өзiн және өзi үшiн зерттеу”, оның iшкi құрылымын, жүйесiн айқындау дегендi айтады. Ф. де Соссюрдiң “тiлдi

өзі мен өзін және өзі үшін зерттеу” деген тұжырымы кейінгі замандағы кейбір ғалымдардың бір жақты кетуіне, тілді айналадағы дүниедеп біржола боліп алып, тек “өзі мен өзін ғана зерттеумен” әуестәнулеріне себенші болды.

Ф. де Соссюр тілді зерттегенде оның элементтері арасында болатын қайшылықтар да, ұқсастықтар да естен шықпау керек, бұл екі құбылыстың тілдік механизмді айқындауда мәні ерекше деп, зерттеу ісінде бүтіннен бөлшекке қарай жүргізізетін дедуктивтік әдісті қолдануды ұсынады.

“Тіл білімі, – дейді Ф. де Соссюр, – тілді таңбалар жүйесі ретінде зерттейтіндіктән, ол – семиотикалық ілім, қоғам өмірінде қолданылатын таңбаларды зерттейтін әлеуметтік психологияның бір саласы болмақ”. Бұл саладаға Ф. де Соссюр қосқан жаңалық – лингвистиканы тілдің таңбалық жүйесін, ішкі құрылымын, грамматикалық жүйесін зерттейтін ілім деп жариялауында.

Тіл – қоғамдық құбылыс. Тілдің қоғамдық сипаты, әлеуметтік мәні туралы Ф. де Соссюрге дейін де талай айтылған, бірақ Ф. де Соссюр оны жанаша, өзінше түсіндіреді. Ол тілдің қоғамдық құбылыс екенін мойындап қана қоймайды, оны өзінің бүкіл концепциясына негіз, өзек етеді, барлығын содан таратады. Тілдің өзіндік сипатын сөз еткенде Ф. де Соссюр: қызметі жағынан алғанда тіл коммуникативтік те, экспрессивтік те қызмет атқарады, бұл екеуінің ең маңыздысы – алғашқысы, тілдің әлеуметтік сыры да осында деп санайды. Тілдің сыртқы дүниемен, қоғаммен байланысын зерттейтін дербес ғылым болу керек, ол – сыртқы лингвистика деп аталуы керек дейді.

Тіл – таңбалар жүйесі. Тілде таңбалық сипаттың барлығы ежелгі грек философтарынан бері қарай айтылып келген. Бірақ тілді таңбалар жүйесі деп анықтау, тілдік таңбалардың сипатын талдап ашу Ф. де Соссюрден басталады. Ф. де Соссюр тілдік элементтердің материалдық және идеялық жағы болады,

бұлардың біріншісін таңбалаушы, екіншісін таңбаланушы дейді де, осы екеуінің бірлігі таңба деп аталады дегенді айтады.

Ф. де Соссюр “Тіл – идеяны білдіретін таңбалар жүйесі” дейді, оны өмірде қолданылатын басқа әр алуан таңбалармен қатар қоюға, жазумен, мылқауларға арналған әліппемен, символикалық әдет-ғұрыптарымен, әдептілік, сыпайыгершілік формалармен, әскери сигналдармен, тағы басқалармен салыстыруға болады.

Таңба өзі білдіретін идеямен емін-еркін және шартты қатынаста болады. Емін-еркін болатын себебі таңбаланушы таңбалаушының мәнін ашып бере алмайды дейді.

Ф. де Соссюр көтерген төртінші проблема “Тіл және сөйлеу мәселесі”. Ол тіл мен сөйлеу бір-бірімен байланысты, бірақ бір-бірімен өзгешеліктері бар, екі бөлек дүние. Сөйлеу – тілді қолданудың нәтижесі, ол – индивидуалдық, ал тіл – қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті, өзара байланысты таңбалардың жүйесі. Тіл – әлеуметтік сипатқа ие дейді.

Тіл мен сөйлеуді бір-бірінен бөліп қараудың ғылыми мәні зор, бірақ бұл екеуін бір-біріне қарсы қоюға болмайды. Сол сияқты, сөйлеудегінің бәрі таза индивидуалдық деу де асырып айтқандық. Әрбір сөйлеуші индивидум қоғамдық тілдегі бар материалдарды ғана пайдаланады. Мұндағы даралық сол материалдарды іріктеп, екшеп алудан, лайықты жерге орналастырудан көрінеді.

Ф. де Соссюр карастырған тағы бір проблема – ішкі лингвистика мен сыртқы лингвистика. Ф. де Соссюр сыртқы лингвистика тілді қоғам тарихы мәдениет тарихы, саясат, әдебиет, географиялық мекен-жай, диалектілік жіктермен т.б. байланыста қарап зерттейді, яғни тілді оның өмір сүруіне қажетті сыртқы жағдайлармен байланыста қарайды. Сыртқы лингвистика тіл жүйесінің, ішкі механизмін түсіндіре алмайды, оған қатынасы жоқ. Ал ішкі лингвистика тілдің құрылымын,

жүйесін, яғни тілдің өзіне ғана тән ішкі мәселелерін, өзіндік ішкі заңдылықтарын зерттейді дейді.

Тілдің өзіндік құрылымына тән ішкі мәселелермен қатар оған күшті әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы құбылыстардың да болатыны даусыз. Тіл білімі үшін тілдің өзіндік құрылымын, ішкі жүйесін зерттеу қандай қажет болса, тілге әсерін, ықпалын тигізетін сыртқы жәйттерді зерттеу, білу де сондай қажет. Өйткені тілдің ішкі құрылымындағы көптеген құбылыстардың кейде одан сыртқы, яғни экстралингвистикалық жәйттердің әсерінеи болып жататындығы талассыз.

Ф. де Соссюр тілдің жүйесі жөніндегі проблеманы да ерекше сөз етеді. Ол: тіл – барлық элементтері бірігіп бір бүтін болып тұратын жүйе. Тілдік таңбалар – сол жүйенің құранды элементтері. Жүйе элементтерін оларды біріне-бірін қарсы қойып карау арқылы айқындауға болады. Сол арқылы тілдік таңбалардың мән-маңызы, ролі танылады. Тілдік таңбалар, яғни жүйе элементтері өзара байланысты, шартты қатынаста болады. Бір-бірімен қарым-қатынасы арқылы олардың мағыналары түрленеді, мәні, құны айкындалады дейді. Тілдің өзіндік құрылымы бар жүйелі объект екені Ф. де Соссюрге дейін де сөз болған. Ол туралы В. Гумбольдт та біраз пікір айтқан. Бірақ Ф. де Соссюрдің олардан ерекшелігі ол тіл жүйесі проблемасын лингвистиканың ең өзекті объектісі деп санады, оны өзінің басқа бірсыпыра концепциясының тууына негіз етті. Бұл саладағы оның ең бір жағымды да маңызды ісі – тілдің қазіргі күйін, оның жүйесінің қазіргі функциясын жан-жақты және терең зерттеуді талап етуі болды. Қазіргі тіл білімінде тілдік жүйе, тілдік құрылым деген мәселелер ең елеулі проблемалар қатарында қаралып жүр.

Ф. де Соссюр атына байланыстыратын тағы бір мәселе зерттеудің синхрондық және диахрондық түрлері. Ол тіл білімін синхрондық лингвистика, диахрондық лингвистика деп екіге бөледі.

Синхрондық лингвистика тілдің ішкі жүйесін зерттейді де, диахрония бір-біріне байланыста алынған тілдік элементтердің тарихын зерттейді. Тілдің ішкі механизмі дейтініміз – тілдік жүйе. Тілдік жүйенің сырын ашу тек синхрондық зерттеудің ғана қолынан келеді. Сондықтан синхрондық лингвистика диахрондық лингвистикадан маңыздырақ. Ол – тілдің белгілі бір дәуірдегі күйі туралы теория. Синхрония тілдік жүйе құрайтын элементтердің бір-бірімен логикалық, психологиялық қарым-қатынастарын талдайды.

Сөйтіп, Ф. де Соссюр тілді зерттеудің сипаттама /синхрония/ және тарихи /диахрония/ әдістерін бір-біріне қарама-қарсы қояды. Синхрония тілдік жүйенің сырын ашады, диахрония тілдік жүйені бұзады, оны өзара байланысы жоқ, бөлек-бөлек фактілердің жиынтығына айналдырады деп қарайды. Тіл ғалымдарының басым көпшілігі Ф. де Соссюрдің бұл пікірін тіл тарихының мәнін елемегендік деп санайды.

Ф. де Соссюр қойған және өзінше шешкен бұл мәселелердің қай-қайсысы да ХХ ғасыр тіл білімі дамуының талан-мүлделеріне толық сай келді. Бұлар күні бүгінге дейін тіл білімінің өзекті мәселелері ретінде қаралып келеді.

Тіл ғылымы тарихында тіл білімінің ілгері дамуына дәл Ф. де Соссюрдей ықпал жасаған ғалым аз. Дегенмен, оның концепцияларының бәрі бірдей мінсіз де емес, еңбектерінде қайшылықтар да, қате тұжырымдар да бар.

Тілдің әлеуметтік мәні кеңес тіл білімінде “тіл және қоғам” деген атаумен 1930-жылдың бас кезінен бастап кең қойылып келеді. Тілдің қоғаммен байланысын жан-жақты талдаған кеңес ғалымдары Р.О. Шор, Е.Д. Поливанов, М.Н. Петерсон, Л.П. Якубинский, В.М. Жирмунский, В.В. Виноградов, Н.Я. Мар, т.б.

Тілдің қоғаммен байланысы дейтін мәселе қазіргі кездегі тіл білімінің де маңызды объектісі. Бұл салада атқарылған істер де аз емес. Онда бүкіл дүниежүзілік тіл білімінің үлесі бар.

Структуралық лингвистика. XX ғасырдың алғашқы жартысында дүниеге келген лингвистикалық мектептердің ең көрнекті және кең тарағандарының бірі – структуралық лингвистика деп аталатын бағыт.¹ Бұл мектеп салыстырмалы-тарихи тіл біліміне оның бір бұтағы жас грамматикалық мектепте қарсы бағытта туып қалыптасты.

Структуралық лингвистиканың немесе структуралық әдістің дүниеге келуінің ішкі-сыртқы себептері бар. Ең негізгісі – XX ғасыр ғылымы дамуында пайда болған жаңа бағыт. XIX ғасыр ғалымының негізгі сипаты тәжірибе арқылы бақылаудан туған фактілерді есепке алу, сипаттау болса, XX ғасыр ғылымы олардың өзіндік мәнін, ішкі заңдылықтарын, зерттеліп отырған объектінің құрылым ерекшелігін, оны құрайтын элементтердің ара қатынасын, бір-бірімен байланысын, бір-біріне тигізетін әсерлерін ашуға тырысады.

Үстіміздегі ғасырдың бас кезінен бастап философия, жаратылыстану, әдебиеттану, тарих, эстетика, психология, социология, этнография сияқты бірсыпыра ғылымдарда өз пәнін өзара шарттас, біріне-бірі тәуелді элементтерден тұратын күрделі біртұтас құрылым деп санап, оны осы тұрғыдан зерттеу талабы күшейді. Бұл тіл біліміне де әсер етті. Сонымен бірге, жалпы ғылымның, оның жаңа түрлері – кибернетиканың, математикалық логиканың дамуы, электрондық машиналардың пайда болуы, оны тіл біліміне қолдану талабының өсуі, тілдің практикалық қызметінің бірден-бірге күрделене түсуі структурализм бағытының тууына себепші болады.

Структурализмнің тууының ішкі, таза лингвистикалық себептері де жоқ емес. XIX ғасырда дүниеге келген салыстырмалы-тарихи тіл білімі басты назарды тіл туыстастықтарын, тілдің түп төркінін, шыққан тегін ашу сияқты мәселелерге аударды да,

¹Структуралық бағыт 1920-жылдардан бастап белгілі бола бастағанымен, “структурализм” деген термин тіл ғылымында 1939 жылдан бастап қолданылады. Оны алғаш қолданушы Х. Поса.

нормативтік грамматикаға жеткілікті мән бермеді, оны тек мектеп оқулығы дәрежесінде ғана қалдырды. Тілдің өзіндік сипаты, ішкі құрылыс қандай? Тілдік элементтер бір-бірімен қалай байланысады? Олардың байланысында қандай заңдылықтар бар? деген тәріздес сұрауларға тұжырымды жауап болмады.

Структурализм бірден пайда болған жоқ. Оның алғашқы соқпағы В. Гумбольдт, Ф. де Соссюр, И.А. Бодуэн де Куртеэнэ еңбектерінде салынды. Структуралистер өз зерттеулерінде осы ғылымдардың, әсіресе Ф. де Соссюрдің еңбегіне сүйенеді.

Структуралдық бағыттың көпшілікке танылған үш мектебі болды: Прага /Чехословакияда/, Копенгаген /Данияда/ мектептері және дескриптивтік мектеп /Америкада/. Кейін келе бұл бағыт басқа елдерге де тарады. Структурализм мектептерін біріктіретін ортақ бағыт, проблемалар мыналар:

1. Структурализм мектептерінің барлығы да тілді ішкі элементтері бір-бірімен байланысты, тұтас жүйе, *бір* бүтін құрылым деп санайды. Тіл білімінің міндеті – тілдің құрылымын структурасын зерттеу дейді. Бұл бағыттың структуралық лингвистика деп аталуы да осыдан.

2. Жас грамматистер тілді зерттеуде тек дифференциациялық принципті қолданса, тілдік элементтерді бір-бірше байланыссыз жеке зерттесе, структуралистер тілдік элементтерді бір-біріне байланыста, тұтастықта қарайтын интеграциялық принципті қолданады. Тілдің құрылымдық элементтерін зерттеуде лингвистикалық сипаттау әдістемесін қолдануға шешуші мән береді.

3. Үш мектептің үшеуі де құрылымдық, құрамдық элементтерге жіктелушілік және олардың бір-бірімен ішкі байланысы тілдің ең негізгі қасиеті, тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау – тіл білімінің тек өзіне ғана тән, оның бірден бір объектісі деп біледі.

4. Структурализм мектептерінің барлығы да Ф. де Соссюрдің ізімен тілді таңбалар жүйесі деп санайды.

5. Структурализм мектептері синхрония, диахрония проблемасына да мән береді. Синхрондық зерттеу – тіл жүйесінің ішкі механизмін ашуда шешуші роль атқарады деп, оны бірінші орынға қояды /Прагалықтардан басқалары/.

Бұл аталған мәселелерде де көзқарастары бір арнаға тоғысқанымен, әр мектептің ерекше шұғылданған, өзінше шешкен жеке проблемалары да болды.

I. Прага мектебі. Бұл мектеп өзіндік бағыты бар лингвистикалық үйірме ретінде 1926 жылы қалыптасқан. Оны қалыптастырушы чех ғалымы профессор В. Матезиус /1882-1945/. Үйірме құрамында Б. Гавранек, Б. Трнка, В. Скаличка, орыс эмигранттары С. Карцевский, Р. Якобсон, Н. Трубецкой, т.б. болған.

Үйірме 1929 жылдан бастап “Прага лингвистикалық үйірмесінің еңбектері” деген жинақ шығарып тұрады. Мектептің теориялық бағдарламасының мазмұны “Прага лингвистикалық үйірмесінің тезисі” деген атпен осы жинақтың бірінші томында жарияланады.

Бұлар тіл білімінің негізгі объектісі – тілдің құрылым жүйесі мен тілдік элементтердің қызметін зерттеу дегенді баса айтты. Әрбір элемент өзінің тілдік жүйеде атқаратын қызметіне қарай бағалану керек, тіл дегеніміз – функционалды жүйе, белгілі бір мақсат үшін қолданылатын тілдік таңбалардың жүйесі, тіл білімінің міндеті осы жүйені тілдің барлық қабатынан – фонологиядан, морфологиядан, синтаксистан, лексикадан да табу жөн олардың әрқайсысының өзіндік сипаттарын айқындау деп санайды. Тілдік элементтердің қызметін бірінші орынға қоятындықтарына қарап бұл мектепті Прагалық функцияналды лингвистика деп те атайды.

Адамдардың ойлауға, сезімге, еркін білдіруге психикалық қабілеттілігі тілдің үш түрлі қызметін – коммуникативтік,

білдірушілік айту, қаратпалылық қызметтерін туғызды. Бұл қызметтерге тілдегі хабарлы, лепті, бұйрықты сөйлемдер және сөйлеу актісіндегі тілдік таңбалардың құрылымы сай келеді дейді.

Функционалдық лингвистика өкілдерінің әрқайсысы әртүрлі проблемамен айналысты. Солардың ішінде олардың жақсы зерттеп, айтарлықтай табысқа жеткен саласы – фонология. Фонологияны олар функционалды лингвистиканың ең жетекші пәні деп санады. Бұл мәселеде Прагалықтар Бодуэн де Куртенэнің фонема туралы ілімін басшылыққа алып, оны ілгері дамытты. Бұл салада әсіресе Н.С. Трубецкойдың атқарған ролі, ғылыми табысы елеулі болды. Ол өзінің “Фонологияның негізі” /бұл еңбек автор қайтыс болғаннан кейін 1939 жылы неміс тілінде басылып шықты, 1960 жылы орыс тіліне аударылды/ деген еңбегінде әртүрлі тілдердің екі жүзге жуық фонологиялық жүйесін сипаттайды. Фонетика мен фонология тіл білімінің тең дәрежедегі екі саласы: фонетика сөйлеу дыбыстарын, фонология тіл дыбыстарын зерттейді. Фонологияның негізгі объектісі – фонема. Фонема – тілдің ең кіші фонологиялық бөлшегі. Сөйлеу дыбыстары – фонеманың материалдық символдары. Фонема бір сөзді екінші сөзден бөліп танытады, лексикалық, грамматикалық мағыналарды ажыратып танытатын фонологиялық оппозициялардың жиынтығы фонологиялық жүйе деп аталады. Оппозиция фонологияда шешу роль атқарады. Фонема сол оппозицияның бір мүшесі. Таза тіл білімдік пән – фонология, фонетика олай емес дейді. Бірақ фонетиканы тіл білімінің карауынан біржола шығарып тастамайды, фонологиялық элементтердің функцияларын талдағанда, фонетиканың да пайдасы бар, фонетика – тіл дыбыстарының физикалық-физиологиялық сипаттары туралы ілім, ал фонология тіл дыбыстарының функциялық, мағына ажыратқыштық жағымен шұғылданады деп санайды. Бұлардың пікірінше, фонемалардың сөз мағынасын түрлендіру, сөз өзгерту функ-

циясы – фонологияның ең негізгі мәселесі. Прагалықтар әдеби тіл теориясы мәселесіне де көп назар аударды. Әдеби тіл нормасы, тілдік, поэтикалық стиль, сөйлеу мәдениеті мәселелерін зерттейді.

Прага мектебі тілдік элементтердің ара қатынасын зерттеуде, алдымен, сол қарым-қатынас көрсеткіштерінің /элементтердің/ өзіндік сипатына ерекше мән беру керек, қарым-қатынас пен сол қарым-қатынасқа түсетін материал мен формалар өзара байланысты болатындығын естен шығармау керек дейді.

Прага мектебі синхрония мен диахрония арасында жақындаспайтын алшақтық, бітіспейтін қайшылық жоқ деп, екеуін бірлікте қарайды. Диахрондық зерттеудің жүйені бұзбайтыны, функцияны жоққа шығармайтыны былай тұрсын, қайта бұл екеуін /тілдік элементтердің жүйесі мен функциясын/ ескеріп отырмайынша, диахрония өз міндетін толық атқара алмайды, бұл синхрондық зерттеуге де қатысты. Егер синхрондық сипаттау тілдік эволюцияны, бір жүйені екінші жүйе ауыстырып отыратынын ескермесе, өз міндетін жаксы атқара алмайды деп қарайды. Сөйтіп, бұл мәселеде функциялық мектеп Ф. де Соссюрге қосылмайды, мұнысы дұрыс та.

Прага структуралистері тіл – дүниетанудың құралы, ол мәдениетпен, көркем өнермен, әдебиетпен тығыз байланысты, тілді өзімен-өзі тұйықталып жатқан автономиялы дүние деп санау дұрыс емес, сондай-ақ тіл жүйесін бір қалыптан аумайтын, өзгермейтін синхрондық қана жүйе деу де қате, жүйе де үнемі өзгеріп отырады дейді. Мұның өзі Прага мектебінің басқа структурализм мектептеріне қарағанда көп мәселені дұрыс шешкенін көрсетеді.

Прагалықтар өздеріне дейінгі, әсіресе жас грамматикалық бағыттың табыстарына ұқыпты қарады, өздерін оның мұрагеріміз деп есептеді. Бұлар өз зерттеулері арқылы XX ғасыр тіл біліміне елеулі үлес қосты. Прага мектебі беделді лингвистикалық бағыт ретінде елуінші жылдарға дейін өмір

сүрді. Оның ықпалы қазіргі Чехословакия және басқа да біраз елдер тіл білімінде күні бүгінге дейін елеулі.

II. Копенгаген структуралық мектебі. Бұл мектеп өкілдері өздерін компаративистикалық бағыттағылардан бөлектеу үшін гректің глосса деген сөзі негізінде глоссематиктер деп атады. Осы атау арқылы олар өздерінің тек тіл біліміне ғана тән мәселелермен айналысатын, тілдің ғылымдар аралық объектілеріне, жуымайтын зерттеушілер екендіктерін байқатқысы келді.

Глоссематикалық бағатты қалыптастырушы және оған дем беруші Дания тіл ғалымы профессор **Луи Ельмелев/1899-1965/**. Бұл мектептің теориялық негізін белгілеген алғашқы еңбек – Ельмелевтің 1928 жылы жарияланған “Жалпы грамматиканың негіздері” атты кітабы. Глоссематиктер 1933 жылдан бастап Прага мектебімен бірлесіп, “Тіл білімі жөніндегі еңбектер” атты журнал шығарып тұрған. Журнал структуралистердің халықаралық органы деп жарияланды. Осы журналдың бірінші санында жарияланған глоссематик Вигго Брендальдің “Структуралды лингвистика” деген мақаласы мен Ельмелевтің кейініректе жарияланған “Лингвистикадағы структуралық талдау әдісі”, “Тіл теорияларының негіздері”, “Тіл теориясына кіріспе” деген мақалаларында (бұлар орыс тіліне аударылған) глоссематиканың негізгі ұстанған бағыттары кең баяндалған.

Глоссематиктер алғашқыда Ф. де Соссюр тұжырымдарына сүйеніп, Прагалықтармен пікірлес болғандарымен, кейін олардан біраз мәселеде жекеленді. Бұл мектептің негізгі принциптері мыналар:

- нақты тілдік фактілермен байланысы жоқ абстракт аксиомалық теория жасауды көздеу. Бірақ ондай теория жасай алған жоқ, жасау мүмкін де емес еді;

- лингвистикадағы маңызды мәселе – тілді таза катынастардың торы, схемасы деп санау, сол катынастардың сипаттарын айқындау деді;

– тілдің әр түрлі ғылымға ортақ объект болатын тарауларын лингвистикалық пән емес деп жариялап, оларды тіл білімінің карауынан біржола шығарып тастауды ұсыну. Бұларша, фонетика лингвистиканың емес, физика, физиология ғылымдарының объектісі, семантика-логика, философия ғалымдарының объектісі, т.б. Тіл дыбыстары тілдің материалдық жағы болса, семантика тілдің идеялық жағы. Бұл екеуінсіз тіл жоқ. Сондықтан глоссематиктердің бұл екі категорияны лингвистикалық пән емес деп жариялаулары – тілді материясы мен мазмұнынан айыру деген сөз;

– зерттеу жұмысынан салыстырмалы-тарихи әдіс дегенді біржолата аластау керек, тілдер туыстастығына деген ғылыми проблема емес, оның орнына тілдердің жалпы, универсалды грамматикасын жазумен шұғылдану керек деді /Бұл де сыңар жак пікір. Тіл білімі үшін структуралдық та, салыстырмалы-тарихи әдіс те кажет, әрқайсысының өз объектісі, алға қойған өзіндік максаты бар/;

– тілді объективтік өмірден, басқа ғылымдардан бөліп жекелеп карау, /олар қай ғылымның болса да ғылымдар аралық саласы оның басқа салаларына қарағанда анағұрлым терең, анағұрлым жан-жақты шешілетінін ескермейді/;

– зерттеу ісінде индуктивтік, яғни айқыдан жалпыға қарай зерттеу әдісін қолданбауды, дедуктивтік, яғни жалпыдан жалқыға қарай зерттеу тәсілін ғана қолдануды ұсыну. /Көптеген ғалымдар қажетті жеріне қарай бұл зерттеу тәсілдерінің екеуі де қолданылуы керек деп санайды/;

– құрылымды дерексіз таза қарым-қатынастар схемасы, торы деп түсіну. /Структуралық мектеп деп аталғандарымен Прагалықтар мен глоссематиктердің құрылым дегенді түсіндірулері бірдей емес, Прагалықтар оны өзара байланыста, шартты қатынаста тұратын тұлғалардан құралған бірлік, тұтастық дейді. Бұл мәселе дұрыстық прагалықтарда/;

– Ф. де Соссюрдің ізімен синрондық зерттеуге шешуші мән беріп, оны тілдің жүйелік сипатын зерттеудегі бірден-бір тәсіл деп санау;

– Ф. де Соссюрдің ізімен сөйлеуді индивидуалдық деп санап, оны тілдік нормаға, узуска қарсы қою. /Норма – материалдық форма, ал узус қоғам қабылдаған сөйлеу әдетінің, дағдысының жиынтығы. Тіл ішкі құрылымы жағынан алғанда, фигуралар мен функциялардың жиынтығы. Фигуралар – таңба жасауға қажетті материалдар. Функцияға тілдік тұлғалардың байланысы жатады дейді/.

III. Дескриптивтік мектеп үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарында Америкада қалыптасқан. Мектепті қалыптастырушылар және АҚШ тіл білімінің классиктері профессорлар Эдуард Сепир /1884-1939/, Леонард Блумфилд /1887-1949/. Бірақ структурализмді қалыптастыруда екеуінің атқарған ролі мен ұстанған принциптері бір емес. Сондықтан бұл екеуі қазіргі АҚШ тіл біліміндегі – этнографиялық, структуралық деп аталатын екі мектептің дем берушілері болып саналады.

Америка структурализмі дескриптивтік мектеп немесе дескриптивтік әдіс деп те аталады. Бұл әдіс бойынша тілдің белгілі бір дәуірдегі күйі, статикалық калпы эмпирикалық тәсіл бойынша сипатталады, ондағы өзгеріс-құбылыстар, даму, тарих дегендер ескерілмейді.

Дескриптивтік мектеп – тілдік текстерді талдаудың әдіс-тәсілдерін қалыптастыру, жетілдіру, лингвистикалық терминдерді айқындау мәселелеріне ерекше мән береді.

Дескриптивтік мектеп ол баста таза практикалық мақсаттан туған. Американың байырғы тұрғындары индеецтер тілдерін зерттеуге салыстырмалы-тарихи әдіс жарамды. Бұл тілдердің қазіргі статикалық күйін түсіну үшін зерттеудің жаңа әдіс-амалын табу қажет болды. Ізденіс нәтижесінде структуралық әдістің тиімділігі айқындалды.

Дескриптивтік мектептің жұмыс әдісі мен принциптері салыстырмалы принципке сай келгенімен, көп мәселеде Ф. де Соссюр мен Копенгаген структуралистерінің концепцияларын басшылыққа алғандарымен, оның өзіндік ұстанған жолы, бағыты бар. Структурализмнің басқа мектептеріне қарағанда оның қалыптасқан, тұрақты зерттеу жүйесі бар. Кейбір ғалымдар дескриптивтік тіл білімін тілдің құрылымын сипаттаудың ең айқын тәсілін қалыптастырған мектеп деп санайды.²

Америка структуралистеріне бірден-бір материал болған және сол әдістің дүниеге келуіне себепші болған индеецтер тілдерін ең алғаш зерттеген адам – Американың көрнекті тіл ғалымы белгілі антрополог Франц Боас /1858-1942/.

Л. Блумфилд өз зерттеулерінде бихевиоризмдік /мінез-құлық/ психологияның концепцияларын басшылыққа алды. Бұларша, психология тек мінез-құлықты ғана зерттеу керек, ал мінез-құлық дегеніміз – организмнің сыртқы реакциясының жиынтығы, реакция қоршаған орта туғызатын стимулдар арқылы механистік жолмен пайда болады.

Л. Блумфилд те өз ілімін механистік теория деп атады. Бихевиоризмнің механистік концепциясын сол күйінде сөйлеу процесін түсіндіруге белгілі бір жағдайға байланысты туатын реакциясы деп есептейді.

Сөйлеу процесі бірнеше стимулдар мен реакцияларға бөлшектенеді, тіл арқылы қатынас жасау дегеніміз – стимулдар мен реакциялардың, әсер мен салдар туғызған себептердің жиынтығы деп түсіндіреді.

Сөйлеудің ойлаумен, ұғыммен байланыстылығы ескерілмейді. Тіл қызметінде жеке индивидумның мінез-құлқына, адам организмнің құбылыстарына, организмге сырттан болатын әр түрлі әсерлерге, түрткіге шешуші мән беріледі. Тілдің коммуникативтік қызметін мойындағанымен, оның іске асуын

² Степанов Ю.С. Основы языкознания. М.: 1966.

механистік жолмен түсіндіреді. Ал тілдің ойды қалыптастыру қызметін тіпті сөз етпейді.

Бұл тәріздес елеулі кемшіліктеріне қарамастан, Л. Блумфилд негізінен тілдердің қай-қайсысына болса да қолдануға жарайтын, тіл білімінің дамуына белгілі ықпалы болған жаңа әдісті қалыптастырып, сындарлы жүйеге келтірді. Ол тілді формальды сипаттаудың қажеттігін дәлелдеп негіздеді. Л. Блумфилдті әдетте, дескриптивтік, кейде Йель мектебі деп аталатын лингвистикалық бағыттың негізін қалаушы деп санайды. Оның ілімін З. Харрис, Б. Блок, Ч. Хоккет, Дж. Л. Трейджер т.б. шәкірттері басшылыққа алып отырды.

Дескриптивтік әдіс өз дамуының жоғары сатысына 40-50 жылдары көтерілді, Л. Блумфилдтің көрнекті шәкірттерінің бірі З. Харрис 1951 жылы “Структуралық лингвистиканың әдістері” деген монография жазды. Бұл еңбек Америка структуралистері зерттеулерінің жинақталған қорытындысы іспеттес. Онда дескриптивтік әдістің ең түйінді, өзекті мәселелері жан-жақты талданған.

Америка структуралистері өздерінің алдына жалпы тіл білімі теориясын дамыту міндетін емес, тілдік элементтерді оңай және тез табу, оларды есепке алып, қандай контексте қолданылатынын айқындау міндеттерін қойды.

Дескриптивистер тіл – ішкі, сыртқы байланыстары бар сигналдар жүйесі дейді де, тіл білімін металингвистика, микролингвистика деп екі салаға бөледі.

Металингвистика сөздік мінез-құлықтың сыртқы жағын зерттейді. Ол этнолингвистика, психолінгвистика, социолінгвистика, менталингвистика, фонетика, паралингвистика /интонация, ымдау-нұсқау сияқтыларды зерттейді/ деп аталатын салаларды қамтиды.

Микролингвистика сөздік сигналдарды сипаттайды, бірақ оны сипаттағанда металингвистикалық жайттарға, яғни сыртқы өмірмен байланысқа, тарих мәселелеріне, тілдің семан-

тикалык жагына көңіл аудармайды, оның материалдык жагын ғана зерттейді.

Америка структуралистері зерттеудің негізгі әдістемесі ретінде дистрибуцияны алады (бөлу, жіктеу мәнінде). Тіл білімінде дистрибуция дегеннен белгілі бір тілдік элементтің сөйлеу процесінде қолданылатын орны, контексті деген мағына түсініледі. Мысалы, фонема үшін контекст оның алды-артында келетін фонемалар болса, морфема үшін контекст оның айналасында келетін, яғни оны қоршап тұрған морфемалар болады.

Дескриптивтік талдаудың объектісі – сөйлеу тілі, сөйлеу процесіндегі тілдік материалдар. Ал көзделетін түпкі мақсат – сол ауыз екі материалдарды талдау арқылы тілдің құрылымдық сипатын айқындау. Бұл мақсатқа жету үшін әр қабаттың элементтері жеке-жеке айқындалып, есепке алыну керек, екіншідеп, ол элементтердің дистрибуцияларын айқындау керек. Бұл әрекеттердің әрқайсысы екі реттен қайталанады: бірінші -фонемалық элементтерді бөліп, олардың дистрибуциясын ашу; екінші – морфологиялық элементтерді есепке алып, олардың-дистрибуциясын айқындау.

Дескриптивистер әр қабаттың өзіне тән ең кіші элементтері болады: фонологиялық қабатқа фонема, морфологиялық қабатқа морфема тән т.б. Фонема фонологияның, морфема морфологияның объектісі, фонологиядан фонемалардың қатынасын зерттейтін фонотактика, морфологиядан морфемалар қатынасын зерттейтін морфотактика дейтін пәндер бөлінеді, ал фонология мен морфологияға бірдей тән пән морфонология болу керек, мұның міндеті – морфемалардың фонемалар арқылы көріну жолдарын, ондағы заңдылықты зерттеу дейді.

Америка структуралистері глоссематиктер ізімен тілдік элементтердің конкретті мағыналары мен дыбыстық құрамдары тіл құрылысына жатпайды, сондықтан олар тіл біліміне объект бола алмайды дейді. Бұл – қате тұжырым, тіл дыбыстарының тіл ғалымдарын қызықтыратын бір ғана жағы бар, ол – ды-

быстардың фонемалық қасиеті, бұл – тіл дыбыстарының ең негізгі, бірден-бір өзіндік сипаты, грамматика мен лексиканың да назарын аударатын жағы – олардың бір-біріне байланыссыз алынған мағыналары мен акустикалық жақтары емес, форма мен форманың, сөз бен сөздің қатынасы, дифференциациялық мәндері – дейді. Сөйтіп, бұлар үшін тіл ғылымының ең өзекті мәселелері фонология мен морфология. Бірақ фонеманы оның дыбыстық материясынан бөліп алып, оған қарсы қояды. Фонема – лингвистиктердің интеллектуалдық творчествосы, структуралдық нүкте ғана дейді. Бұлардың идсализмі де осында. Дескриптивистер семантика мен фонетиканы тіл білімінің құрамынан шығарып, алдыңғыны логика мен психология, соңғыны физика мен физиология ғылымдарының объектісі етуді ұсынады. Бұл – қате тұжырым.

Шынында, қоғамдық өмірдегі болсын, табиғаттағы болсын әрбір құбылыс бір-бірімен ер түрлі байланыста, шартты қатынаста тұрады. Сондықтан тілдің жүйелік, құрылымдық сипаттарын зерттеу орынды, әрі оның біліміне берері де көп. Бірақ кейбір ғалымдар, әсіресе Копенгаген структуралық мектебі мен Америкадағы дескриптивтік лингвистика өкілдері тілдік жүйе, жүйе элементтерінің байланысы дегендерге шектен тыс мән береді. Олар жүйе элементтерінің өздерін, олардың мағыналық жақтарын ескермей, оларды зерттеуді қажетсіз санап, тілдік материалдардан, мағынадан бөліп алынған әлдеқандай таза байланыс, таза қарым-қатынас дегенді дәріптейді. Сөйтіп, бірінші орынға тілдік элементтердің қатынасын, байланысын қояды. Ал, дұрысында, жалпы материя сияқты тілдік материалдар да алғашқы, бастапқы, ал олардың бір-бірімен қатынасының соңғы, екінші екені дау туғызбайтын мәселе.

Сонымен, айтылғандардан шығатын қорытынды: ХІХ ғасыр тіл біліміндегі әр түрлі ағымдардың, көзқарастардың басын біріктірген, бәріне ортақ нәрсе – өз зерттеулерінде салыстырмалы-тарихи әдіске сүйенуі, соны басшылыққа алуы, бүкіл

тіл білімін сол әдістің атымен салыстырмалы-тарихи тіл білімі деп атауы болса, структурализмнің әр түрлі тармақтарының ба-сын біріктіретін бәріне ортақ нәрсе – өздерінің зерттеулерінде структуралық әдісті қолданып, бүкіл тіл білімін сол әдістің атымен структуралық тіл білімі деп атаулары.

Зерттеу әдістерінің қай-қайсысы болса да мәңгілік емес, ғылымның дамуына байланысты өзгеріп, көнесін жаңасы ауыстырып отырады, бірақ ғылым қала берді. Сондықтан әдістің атын ғылымның атына айналдыру дұрыс болмайды.

Жана структуралды бағыттың тууымен одан бұрын қалыптасқан және қолданылып келген лингвистикалық әдістер, тәсілдер, мектептер жойылып кеткен жоқ, жойылмайды да. Олардың барлығы да структуралық бағытпен қатарласа дамып келеді. Сондай-ақ, өткен ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде дүниеге келген социологиялық, психологиялық, логикалық, ареалдық бағыттар да өз міндерін жоймауы былай тұрсын, қайта жаңа жағдайға жаңа талапқа сәйкестеле дамып отыр. Өйткені бұлардың қай-қайсылары болса да тіл білімі үшін маңызды мәселелер.

• **Этнографиялық лингвистика.** Лингвистика тарихында тіл мәселелерін сол тілді қолданушы қауымның мәдени өмірімен, салт-сана, әдет-ғұрыппен байтаныстыра зерттеушілік те болды. Бұл жөніндегі алғашқы пікір XVIII ғасырдың соңғы жартысында өмір сүрген неміс жазушысы және әдебиетшісі **Иоганн Бердердің /1744-1803/** поэзияға байланысты зерттеулерінде, одан кейінгі кезде Вильгельм Гумбольдт еңбектерінде кездеседі. Бірақ тіл мәселелерін мәдениет, әдет-ғұрып, салт-санамен байланыстыра зерттеуге ерекше көңіл бөлу, оны тіл білімінің күрделі проблемасы ретінде қарау XX ғасырдың 20-30 жылдарында белен алды. Қазіргі тіл білімінде осы негізде туып қалыптасқан екі бағыт бар: оның бірі – Америкада, екіншісі – Германияда.

Бұлардың екеуі де этнолингвистика деген шартты атаумен аталады. Оны Америкада қалыптастырушылар – **Эдуард Сепир /1884-1939/** мен **Бенджамин Уорф /1897-1941/**. Америкалық этнолингвистика мектебінің теориялық негізі Э. Сепирдің “Тіл” /1921/, “Лингвистиканың жайы” /1929/, Б. Уорфтың “Тіл, ойлау және шындық” /1956/ деп аталатын жинаққа енген мақалаларында баяндалған.

Э.Сепир көтерген проблемалар тек этнолингвистикалық шеңберде ғана қалып қоймайды, ол индеецтердің бірнеше тайпаларының тілдерін зерттеген, жиырмасыншы жылдардың аяғына дейін тілдің құрылымы жөніндегі проблемалармен де шұғылданған, тілдердің типологиялық жіктелуі, әр түрлі әлеуметтік құбылыстармен байланысты мәселелері де Сепир еңбектерінің өзекті салалары.

Германия этнолингвистикалық мектебінің (кейде неогумбольдттық этнолингвистика деп те атайды) құрамына қазіргі неміс тіл ғалымдарының көпшілігі енеді. Мектепті қалыптастыруда Лео Вайсгербер көрнекті роль атқарған. Бұл мектептің ұстаған жолы, теориялық негізі Л. Вайсгербердің 1950 жылы шыққан “Неміс тілінің күші туралы” деп аталатын төрт томдық еңбегінде баяндалған.

Бұл екі мектептің бір-бірімен жақын, ортақ жағы – екеуінің де тіл проблемаларын мәдениетпен, халықтың рухани өмірімен байланыстыра қарайтыны, екеуі де зерттеулерінде В. Гумбольдттың дүниені тану, білу процесінде тілдің атқаратын рөлі жөніндегі ілімін басшылыққа алады, соны әрқайсысы өз тұрғысынан дамытуға тырысады. Америка мектебі, Германия мектебі болсын біраз мәселеде эстетизм, неолингвизм ағымдарымен, Г. Шумахер, К. Фосслер пікірлерімен үндеседі.

Дегенмен, екі мектепті туғызған себептер, олардың қалыптасу негіздері екі басқа: АҚШ-тағы мектеп индеецтер тайпаларының тілін, мәдениетін және этнографиясын, Германия мектебі неміс мәдениетінің ұлттық сипатын, белгілерін зерт-

теу негізінде туып қалыптасқан. Екіншіден, Америка мектебі негізгі проблема етіп тіл мен мәдениетті, ал Германия мектебі тіл мен халықты алады. Бұлардың В. Гумбольдт мұраларына қатысы да әркелкі. Германия мектебі оны әлдеқайда кең, жан-жақты пайдаланады, ал АҚШ мектебінде ондай өріс жоқ. Әр мектептің өзіндік ерекшеліктері нақтылы тілдік фактілерді зерттеу ісінде айтылғандардан гөрі де молая түседі.

АҚШ этнографистері тіл білімі мен этнографияны антропологияның жеке тараулары деп санайды. Олардың пікірінше, антропология – мәдениет мәселесімен де, тіл мәселесімен де айналысатын өрісі кең, көп салалы ғылым.

Екі мектеп те В. Гумбольдттың тілді “аралық дүние”, ол – адамды сыртқы дүниемен байланыстырушы, тіл – халық рухының сыртқы көрінісі, халықтың ой дүниетану дәрежесінің көрсеткіші, халық тілі – оның рухы, халық рухы – оның тілі, бұл екеуі тепе-тең, тіл рухтың заңы бойынша дамиды³ дейтін концепцияларын басшылыққа ала отырып, оны жана мысалдармен толықтырып дамытады. Л. Вайсгербер тілдің дүниетанудағы әлеуметтік сипатына, творчестволық күшіне ерекше мән беріп, оны дүниені қайта жасаудың құралы десе, Э. Сепир тіл – әлеуметтік шындықты түсіндірудің құралы, адамдар, белтілі мөлшерде, өз тілінің ықпалында болады, тіл мінез-құлқын нормасына да әсер етеді, халықтың мәдени дәрежесін оның тілін зерттемей тұрып түсіну мүмкін емес, тіл – әлеуметтік шындықты түсіндірудің жетекші құралы дейді.

Сөйтіп, екі мектеп те тіл функциясын, оның қоғам дамуындағы атқаратын ролін шектеумен тыс асыра сөз етеді. Тілге оның жаратылысына тән емес қызметтерді телиді. Адамдардың ой-санасы дүниеге көзқарасы, өзін қоршаған объективтік өмірді тану, мінез-құлық нормалары – бәрі де тілге тәуелді, осылардың бәрін тіл басқарады, бағыт сілтейді, тіпті адамдардың өздері де

³ Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию. М.: 1962.

өз тілдерінің ықпалында болады, тіл – мәдениетті де, тарихты да жасаушы, қайта туғызушы, тіл – объективтік өмірге теуелсіз, тек рух заңына ғана бағынатын өз бетінше бөлек жатқан бір бөлек дүние, ой дүниесі, адамдарды сыртқы әлеммен ұштастыратын, осы екеуінің арасындағы аралық дүние дейді. Мұндай пікірлер, әсіресе Америка лингвисті Уорф еңбектерінде ашық айтылады.

Тілдің қоғам өмірінде, оның даму тарихында елеулі роль атқаратыны, қоғам тарихын, оның рухани өмірін тарихын зерттеуде елеулі септігін тигізетіні белгілі. Сонымен бірге, тілдің қоғамдық ой-пікірдің қалыптасып, дамуында да бейтарап қалмайтындығы айқын. Бірақ соның ешқайсысында да тіл билеушілік, басқарушылық, бағыт сілтеушілік, жол көрсетушілік қызмет атқармайды. Ой-сананың қалыптасуына, жарыққа шығуына тілдің көрсетер қызметі аз емес, бірақ бұдан ойлауды, сананы тіл туғызады, басқарады деген қорытынды шықпайды. Тілдің объективтік өмірді танып, білудегі қызметі де осындай. “Тіл адам санасы мен объективтік шындық арасындағы бірыңғай қатынас тізбегіне ене отыра, өзі сол санадан, объективтік шындықтан туған туынды болып табылады.”⁴

Этнолингвистикалық мектептердің ерекше көңіл бөлген тағы бір мәселесі – тілдің грамматикалық құрылысындағы өзгешеліктер. Бұл мәселеде де этнолингвистер, белгілі мөлшерде, В. Гумбольдт пікірін басшылыққа алады. Ал В. Гумбольдт дүние жүзінде алуан түрлі тілдердің болуын, халықтардың әр түрлі тілдерде сөйлеу себебін рухтан іздейді. Ол: тіл – халық рухының сыртқы көрінісі, соған тәуелді, тіл дегеніміз сол тілді қолданушы халықтың рухы, әр басқа, тілдердің өзгешелігі олардың дыбыстық қабықтарының немесе таңбаларының өзгешеліктерінде ғана емес, дүниеге көзқарастарының өзгешелігінде деген болатын.

Осы ізбен Вайсгербер әр тілдің дүниеге өзіндік көзқарасы болады десе, Уорф әр тілдің өзіндік метафизикасы бола-

⁴Звегинцев В.А. Очерки по общему языкознанию. М.: 1962.

ды дейді. Осы пікірлерге орай бұл мектептер тілдердің құрылымдық өзгешеліктеріне де оларға тән емес функциялар жүктейді. Грамматика – халық идеясын, мінез-құлық нормасын, ақыл, ой, парасатын жасаушы; тілдер құрылымдарының әр түрлі болуы – халықтың ойлау формасының әр түрлілігінің белгісі, т.б. дегендерді айтады. Америка лингвисті Уорф тілдердің грамматикалық құрылыстарындағы өзгешеліктерді халықтардың ойлау формаларындағы, дүниеге көзқарасындағы, дүниетану қабілеттеріндегі өзгешелік деп ашық айтады. Ол Америкадағы хопи деп аталатын индеецтер тайпасының тілін шартты түрде өзі САЕ (орта еуропалық стандарт) деп атаған еуропалық тілдермен (ағылшын, француз, неміс тілдері) салыстыра зерттейді де, еуропалық тілдерде кездесетін кейбір ұғымдардың, грамматикалы категориялардың хопи тілінде кездесетініне немесе басқа тәсілдермен берілетініне қарап хопи тілінің “дүниеге көзқарасы”, “метафизикасы”, “тілдік ойлауы” еуропалық тілдерден басқаша, төмен, икемсіз деген шовинистік, нәсілдік сипатта тұжырым жасайды.

Дамудың жоғары сатысындағы халықтар мен түрлі тарихи себептерден кенжелеп дамыған халықтардың қоршаған әлемге көзқарасы, оның өзіндік заңы туралы түсінігі біркелкі болмайтыны табиғи нәрсе. Бірақ ол белгілі бір халықтардың жаратылысының ерекшелігінен, күдіреттілігінен, ал екінші бір халықтың кері тартпалығынан, жаратылысының төмендігінен, жамандығынан болатын жайт емес, олардың бәрі де әр халықтың экономикалық тұрмыс жағдайларына, әр түрлі объективтік себептерге байланысты. Тілдер құрылымындағы өзгешеліктерге де дәл осы тұрғыдан қараған мақұл.

Тіл мен мәдениеттің қарым-қатынасын зерттеу, сөз жоқ, ғалым үшін қажетті. Этнолингвистер бұл салада көптеген бағалы материалдар жинады және проблеманың актуалдығын дәлелдеді. Бірақ бұл мектеп, әсіресе оның Америкалық

тармағы, тіл табиғатына тән емес идеяны уағыздады. Олардың пікірінше:

- қоғамның рухани жақтары – діні, құқығы, көркемөнері, ғылымы, тұрмыс-салтты халық психологиясына тәуелді, олардың барлығын халық психологиясы белгілейді, сондықтан олар халық психологиясының көрсеткіші болады;
- тіл қоғам өмірінің барлық саласында шешуші, билеуші, нұсқаушы қызметін атқарады, қоғам мүшелерінің ойын, дүниеге көзқарасын, мінез-құлқын қалыптастырады;
- әр халықтың өзгермейтін өзіндік мәдени үлгісі (моделі), тұрақты тілдік үлгісі болатындықтан, тілдердің әр түрлі болуы олардың ойлау дәрежесінің әр түрлілігін білдіреді деп түсіндірді.

Сонымен, тіл білімі өзінің дербес ғылым ретінде дамуының бір ғасырдан аз-ақ асатын тарихы ішінде бірнеше дағдарыстарды, тартыс-талас, сілкіністерді басынан өткізді. Бірақ солардың ешқайсысы да оның алға басқан қадамын тоқтата алмады. Ондағы талас-тартыстар, пікір шайқастары, белгілі мөлшерде болса да, ғылым жолында кездескен бөгеттерді аршуға жәрдемдесті. Зерттеу әдістерінің айқындала, нақтылана түсуіне, ғылыми проблемаларының кеңеюіне жағдай жасады.

Қазіргі заман тіл білімі – дамудың биік шыңына көтеріліп келе жатқан кең салалы, көп тармақты ілім. Оның құрамында әр түрлі лингвистикалық бағаттар, мектептер, зерттеудің әр түрлі әдіс-тәсілдері бар. Оның сипатын, бүгінгі күйін басқаларынан бөліп алынған жеке бір мектеп, я зерттеудің жеке бір әдіс-тәсілі көрсете, білдіре алмайды, оған әресі жетпейді. Сол бағыттарды, мектептерді, әдіс-тәсілдерді бірлікте алып қараған жағдайда ғана тіл білімінің қазіргі күйін, сипатын толық түсінуге болады.

V ТАРАУ

КЕҢЕСТІК ТІЛ БІЛІМІ

Кеңес өкіметі орнауының алғашқы жылдарында тіл білімі алдына қойған ең басты міндеттердің бірі – бүкіл халықпен бірлесе отырып елдегі сауатсыздықты жою, жер-жерде ашылып жатқан оқу орындарына қажетті оқулықтар жазу, өзіндік жазуы жоқ ұсақ халықтардың өз тілдерінің дыбыстық жүйелеріне лайықты жазулары болуына, емлесінің, жазу тілінің қалыптасуына жәрдемдесу болатын. Тіл ғалымдары бұл міндеттерді абыроймен іске асырды.

Жер-жерлерде әр түрлі дәрежедегі оқу орындарының көптеп ашылуы, олардағы оқыту істерінің алғашқыда әр халықтың өз тілінде жүргізілуі, ана тілінің оқу пәндерінің бірі ретінде оқытылуы – одақ көлеміндегі тілдердің грамматикалық құрылыстарын зерттеуді, олардың практикалық және ғылыми грамматикаларын жазуды күн тәртібіне қойды. Күрделі де қиын бұл міндетті де тіл ғалымдары абыроймен орындады. Соның нәтижесінде одақ көлеміндегі жалпы білім беретін оқу орындарының барлығы да ана тілінде жазылған грамматикалық оқулықтарға ие болды, қырық-елуден астам тілдердің академиялық грамматикалары жарық көрді.

Тілдің грамматикасын жазу үшін әр тілдің өзіне тән нормасын айқындау қажет болады. Ол үшін тілдің диалектілік ерекшеліктерін, грамматикалық, тілдік норма етіп ол ерекшеліктердің қайсысын қолданудың жөн болатындығын айқындау қажет. Осыған байланысты кеңес тіл ғылымында диалектологиялық зерттеу де кең көлемде етек алды. Одақтағы көптеген тілдердің диалектілік сөздіктері, диалектологиялық карталары жасалды.

Бұл жұмыс тек норманы, тілдегі диалектілерді айқындаумен ғана шектелген жоқ, соларға қоса жер-жерде әр халықтың ұлттық әдеби тілін қалыптастыру, оның өткені мен қазіргі

күйін, болашақ бағыт-бағдарын зерттеу жұмыстары да қарқынды жүргізілді. Жер-жерде әдеби тілдің теориялық және практикалық жақтарын жан-жақты қамтыған көптеген зерттеулер дүниеге келді.

Айтылғандар жалаң болмау үшін қазақ тілі мысалдарымен толықтыра түсейік. Қазан төңкерісіне дейін түркі халықтарының біразы, солардың ішінде қазақтар да араб жазуын қолданды.

Ислам дінінің енуіне байланысты IX-X ғасырлардан бастап түркі халықтары арасына тараған араб жазуы жертілікті халықтар тілдерінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтар қалай қолданса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Өйткені ез заманында қалыптасқан ұғым бойынша араб тілі канондық тіл деп есептелді, сондықтан оны өзгертуге арабтарға тәуелді болған халықтардың құқы болмады. Сол себептен консонанттық принципті араб жазуы түркі тілдерінің дыбыс жүйесіне сай келмеді. Бірақ соған қарамастан ол он шақты ғасыр бойы түркі халықтарының, солардың ішінде қазақ халқының да мәдени-рухани дамуына қызмет етіп келді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласының әр жерінен миссионерлік мақсатта болса да, орысша-қазақша мектептер ашыла бастағаны, бірді-екілі болса да мерзімді баспасөздің алғашқы қарлығаштарының көріне бастағаны белгілі. Қазақ тілі де араласатын дүниеге келген бұл жаңалықтар енді сол тілдің жазба тіліне икемделуін, өзіндік жазуы болуын қажет етті. Бұл қажеттілік аталған мәселелерді шешуді алғаш рет күн тәртібіне қойды, мерзімді баспасөз беттерінде пікір алысу орын алды. Қазақтың тұңғыш тіл ғалымы Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын өзгертіп, соның негізінде қазақ тілінің ұлттық жазуын қалыптастыруды Қазан төңкерісінен бұрын қолға алған болатын. А. Байтұрсынұлы қазақ әліппесі 1915-жылдың өзінде қазақ халқының ұлттық жазуы деген атқа ие болып, 1929-жылға дейін ел өмірінің барлық саласында да кең қолданылды. Қазақ тілінен мектептерге арналған тұңғыш оқулықтарды жазған

да А. Байтұрсынұлы болды. Оның “Тіл құралы” деп аталған оқулықтары 1914 жылдан бастап 1928 жылға дейін бірнеше рет қайталанып басылды. Сондықтан А.Байтұрсынұлын ана тілімізде дамыған казак тілі білімінің атасы, бас ғалымы дейміз.

Ресейдің әлемдік тіл ғылымына теориялық мәнді ештеңе қоса алмағаны, Батыста қалыптасқан әр түрлі лингвистикалық мектеп пен әдіс-тәсілдерді қайталаудан аса алмағаны белгілі. Бірақ соған карамастан Кеңестік дәуір дүниеге келген күннен бастап, “ескі дүниені талқандап, жана дүние жасаймыз” деген тәрізді өркөкіректікке, астамшылыққа салынып, Батыстағының бәрі жаман, бәрі зиянды деп лепірушілік етек алды. Бұл салада бірінші болып қолға алынған мәселе тіл білімінің философиялық негізі, тілдің әлеуметтік мәні жайындағы проблема болатын. Бұл отан ғылымының, солардың ішінде тіл білімінің де негізі – марксистік диалектикалық материализм деп жарияланды. Сөйтіп, осы негізде Кеңестік жана тіл білімін қалыптастыру талабы қойылды, оны қалыптастырушылардың жолбасшысы, көсемі болып, Н.Я. Марр Кеңестік тіл білімі әлеміне көтерілді.

Н.Я. Марр – иберий-кавказ тілдерінің маманы. Ол алғашқыда бұл тілдердің туыстық төркінін, олардың семит тілдерімен байланысын зерттеді де, келе-келе өз теориясын “яфет теориясы” деп атады. “Яфет” деген терминді басында Н.Я. Марр бүкіл Кавказия, Жерорта – теңізі бассейндеріндегі толып жатқан тілдердің бәріне ортақ шартты атау ретінде қолданған да, артынан осы тілдерді зерттеуде туған өз тұжырымдарын “Яфет теориясы” деп атаған. Бұл атау бертінірек келе “Тіл туралы жаңа ілім” деген атаумен ауыстырылды. Бірақ әдебиеттерде бұл екі атау кейде бірінің орнына бірі қолданыла берді.

Н.Я. Марр бастаған “Тіл туралы жаңа ілім” өз қадамын революциядан бұрынғы үнді-еуропалық тіл білімі деп аталатын ғылымды кеңестік дәуір талабы тұрғысынан қайта қарап, үнді-еуропа тіл біліміндегі сол кездегі қайшылықтардың, тоқыраушылықтардың біразын дұрыс көре білді. Бұл бағыттың

буржуазиялық елдерде бірсыпыра мәселеде реакциялық, нәсілдік бағытта болып, отар елдер мен аз ұлттарды, олардың тілдерін кемсітіп, қорлайтындықтарын анық айтты. Шынында да, әсіресе XX ғасырдың бас кезінде үнді-еуропа семьясына жататын тілдерде сөйлейтін халықтарды жоғары бағалау, бүкіл мәдениетті, ғылымды жасаушы солар, прогресс соларға тән қасиет, басқа халықтар жаратылысынан дамуға икемсіз, керітартпа дейтін шовинистік, нәсілдік тенденция едәуір етек алды.

Халықтар достығы, тең құқылыға туын көтере дүниеге келген кеңестік құрылыс мүлдесіне, жана идеяға қызмет етуді мақсат еткен Н.Я. Маррдың ондай жат идеяға қарсы күресуі, әрине, табиғи нәрсе еді. Бірақ осы сын келе-келе салыстырмалы-тарихи тіл білімінің пайдалы жағынан да бас тартып, тіл біліміне марксизмге тән емес дөрекілік, асқақтаушылық, менмендік әуен енгізді.

Н.Я. Марр тіл туралы жаңа ілімді яфет тілдерін жан-жақты зерттеу, оның басқа семьядағы тілдермен қатынасын айқындау негізінде ғана қалыптастыруға болады деп санады. Ол қалыптастырған “Жаңа ілімінің” өзіндік жүйесі, бағдарламалық бағыты, концепциялары болды. Бірақ олар Маркстің қоғам дамуына байланысты айтылған қағидаларын ешбір өзгеріссіз тілге де қолданғандықтан, бірсыпыра кате тұжырымдар жасалды.

1. Марксизм – құлдық, феодалдық, капиталистік қоғамдар – таптық қоғамдар. Бұларда адамдар қанаушы, қаналушы таптарға бөлінеді, таптан тыс адам болмайды десе, Н.Я. Марр осы қағиданың ізімен таптық қоғамдағы тіл де таптық болады, қанаушы таптың өз тілі, қаналушы таптың өз тілі болады, жалпыхалықтық тіл деген жалған сөз деді.

2. Марксизм – қоғамның саяси, құқықтық, діни, көркем-өнерлік, философиялық көзқарастары – қоғамдық базистің қондырмалары, базис жойылумен бірге бұлар да жойылады, әр жаңа базистің өзіндік қондырмасы болады, ескі базис тұсын-

дағы қондырма жаңа базис мүлдесіне қызмет ете алмайды десе, Н.Я. Марр тіл де қоғамдық қондырма, ол қоғамдық базиспен бірге жойылып отырады, феодалдық базис тұсындағы тіл капиталистік базиске, капиталистік базис тұсындағы тіл социалистік базиске қызмет ете алмайды, қоғамдық формациялардың әрқайсысының өзіндік тілдері болады деді.

3. Н.Я. Марр – дыбыс тілі адам қоғамымен бірге туған құбылыс емес, дыбыс тілінсіз де қоғам болған, дыбыс тілі қоғам мүшелері түрлі таптарға бөлінген кезеңде пайда болған және ол алғаш дүниеге келгенде адамдардың бір-бірімен қатынас жасау құралы ретінде емес, магиялық құрал ретінде, тайпа көсемімен қатынас жасау құралы ретінде шыққан, оны тек баксы-балгерлер, тайпа көсемдері ғана қолданған, адамдардың бір-бірімен қатынас жасауының алғашқы құралы – қол тілі болған дейді. Ал марксизм дыбыс тілі адам қоғамымен бірге туып, қатар жасап келеді, қоғамсыз тіл болған емес. Дыбыс тілі тілсіз қоғам, адамдар қатынасының ең маңызды құралы дейді.

4. Н.Я. Марр тіл зерттеуде төрт түрлі элементке негізделген палеонтологиялық талдау әдісін қолдануды ұсынды. Бұл әдіс бойынша дүние жүзіндегі тілдердің барлығының шығу тегі, глоттогониялық процесі бір. Олардың барлығы да о бастағы *сал, бер, йон, рош* деген төрт элементтен тарайды. Бұл элементтердің қалдығын қазіргі заман тілдерінің қай-қайсысынан болса да табуға болады деді. Бірақ бұл бос болжам еді.

5. Марксизм қоғам өзінің даму тарихында әр түрлі қоғамдық формациядан (алғашқы қауымдық, құлдық, феодалдық, капиталистік, социалистік қоғамдар) өтеді. Дамудың бұл формациялары қоғамдық бірліктің барлығына да тән, барлығы да осы сатылардан өтеді, бір ізді болады десе, Н.Я. Марр осы қағиданы тілге қолданып, тілдің дамуында да әр түрлі формацияға лайық әр түрлі сатылар болады, тіл сатылық жолмен дамиды, бірі өткен сатыдан тілдердің басқалары да өтуге міндетті, тіл атаулының барлығы да дамудың бір ғана жолмен жүреді деді.

6. Марксизм қоғам дамуы тек эволюциялық жолмен ғана жүрмейді, алдыңғы қоғамдық формация кейінгі қоғамдық формацияға орнын өз еркімен, бейбіт жолмен бермейді, соңғысы алдыңғыны күшпен, революциялық жолмен кұлатуы, эволюциялық дамудың революцияға айналуы сияқты секірімелі болады десе, Н.Я. Марр осы қағида ізімен тіл де дамудың бір сатысынан екінші сатысына өткенде революциялық секіру жолымен, бұрынғы тіл кенет жойылып, оның орнына мейлінше жаңа тіл пайда болады, тілдердің сатылық өзгерістерінде, яғни жаңа тілдің пайда болуында тілдер тоғысуының шешуші мәні бар, тоғысқан екі тілдің екеуі де жойылып, оның орнына бастапқылардың ешқайсысына ұксамайтын жаңа, үшінші тіл пайда болады деді.

7. Тілдердің дамудың қай сатысында тұрғанын білдіретін негізгі көрсеткіш — тілдік элементтердің семантикасы, сондықтан семантика тіл білімінің ең негізгі объектісі болады дегенді айтты.

“Тіл туралы жаңа ілімнің” негізгі бағдарламалық концепциялары болып есептелетін бұл тұжырымдардың қай-қайсысы да қоғам жөніндегі ілімінің мәніне жете түсінбей, оны тіл мәселелеріне теріс қолданудан туған жансақ қорытындылары еді. Бірақ осы қате тұжырымдар 1950 жылға дейін отан тіл білімінде үстем болып келді. Кеңес тіл ғалымдары өз зерттеулерінде оларды басшылыққа алуға міндетті саналды.

Лингвистикалық бұл мектепті қалыптастырушы, бұрыннан да ғылыми беделі, ұйымдастырушылық тәжірибесі бар Н.Я. Марр 20-жылдар ішінде-ақ көрнекті марксшіл тіл ғалымы ретінде танылды. 20-жылдардың аяқ кезінен бастап оның ілімін жақтаушы тіл ғалымдарының тобы құрыла бастады. Бұл топ өздерін Н.Я. Маррдың шәкіртіміз деп санады. Елдегі тіл білімін басқару органдары бірте-бірте “Тіл туралы жаңа ілімді” жақтаушылардың қолына көшті. Олар кеңестік тіл біліміндегі істің жайын аздап та болса сынауға, тіпті тіл біліміндегі “жаңа

ілім” дегенді сынау жөніндегі болмашы әрекеттің өзіне тыйым салып, Н.Я. Маррдың мұрасына сын көзімен қараған, оның ілімін мақұлдамаған зерттеушілерді қуғындап отырды. Бұл кеңес тіл білімінің дамуын кенжелетіп, тұйыққа тірей бастады.

Партияның орталық органы “Правда” өзінің 1950 жылға 5-майдағы санында сын және өзара сын арқылы кеңес тіл біліміндегі тоқыраушылықты жойып, бұл саладағы ғылыми жұмысқа дұрыс бағыт сілтеу үшін еркін айтыс жариялайтынын хабарлады. Айтыс мақалалары “Правда”-ның 4-шілдеге дейінгі 9 санында жарияланды. Айтыс бүкіл кеңес интеллигенциясының, әсіресе барлық кеңес тіл ғалымдарының назарын аударды.

Айтысқа өздерін Н.Я. Маррдың шәкірттеріміз дейтіндер де, оларға қарсылар да бірдей дәрежеде қатысты. Пікірлер таласы тіл білімінің ең негізгі, өзекті мәселелерінің айналасында болды. Ол тіл білімінің ең маңызды мәселелері жөніндегі көзқарастардағы жөнсіздіктерді, оны әшкерлеуге талаптанушылардың “жаңа ілімді” жақтаушылар тарапынан қысым көргендігінің бетін ашты.

Тіл біліміндегі айтыстан кейін кеңес тіл білімі ұйымдық, басқарушылық жағынан қайта құрылды. Бұл кезде тіл зерттеуші ғалымдарымыздың ерекше назар аударған мәселесі “Тіл туралы жаңа ілімнің” кателіктерін, оның тигізген зиянды зардаптарын жан-жақты ашып көрсету болды. Бұл іс мақалалар жариялау арқылы да, орталықта болсын, одактас республикаларда болсын тіл мәселелеріне арналған кеңестер өткізу арқылы да жүргізілді. Осы жұмыспен қатар қолға алынған тағы бір маңызды мәселе “Тіл туралы жаңа ілім” үстем болып тұрған кезде көпшілікке теріс түсіндірілген салыстырмалы-тарихи әдістің шын сипатын, тіл зерттеуде тигізетін пайдасын, оны қолданудың жолдарын саралап түсіндіру болды.

Айтылғандарға қоса ұлттар мен тілдері туралы мәселе де күн тәртібінен түспеді. Бұған Ресейдің көп ұлтты мемлекет бо-

луы себепші болды. Мұндай атаққа Ресей өзінің шектен асқан отаршылдығы, айналасындағы көрші ірі-ұсақты ұлттарды аяусыз жаныштап, отарлану нәтижесінде ие болғаны белгілі. Мұндай озбырлық дәмін үш ғасырға жуық уақыт бойы казактар да татты.

ТҮРКІ ТІЛДЕРІ ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМ

Түркі республикалары басқа да көптеген мәселеде Ресей ауқымында болғаны сияқты тілдері туралы ғылымда да оны жетекші, көш басшымыз деп санады, соған жалтақтап келді Одақтық ғылым академиясы жанындағы “Түркология” секторын өздерінің ғылыми бас штабымыз деп санады, соның айналасына топтасты.

Түркология – жалпы Шығыс тану ғылымының бір саласы. Шығыс тану ғылымына араб, иран, монғол, қытайтану ғылымдары енеді. Түркология-түркі халықтары туралы ілім. Ол түркі халықтарының тілін, әдебиетін, тарихын, этнографиясын зерттейтін ғылымдар қосындысы ретінде Ресейде XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқан. Түркология өте күрделі ғалым. Онымен тарих, философия, этнография, археология, лингвистика, әдебиеттану сияқты көптеген ғылымдар айналысады. Аталған ғылымдар өкілдері жазған еңбектер де мол. Қазірде түркология бұрынғыдай өте кең мағынада емес, негізінде, түркі халықтарының тілдері мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін зерттейтін ғылым мәнінде қолданылады.

Түркология ғылым атауы ретінде “түрік”, түркі деген сөздер негізінде пайда болған. “Түрік, түркі” атаулары түркі халықтарының көне жазбаларында өте ертеден бар, ал еуропалық жазбаларда біздің заманның X ғасырынан басталады.

”Түрік “ сөзінің этимологиясы белгісіз. Ғалымдардың айтуына қарағанда, ол батыр, күшті деген мағынаны білдірген.

”Түркі” ертеде этникалық атау ретінде қолданылмаған, әрқайсысының өздеріне тән этникалық атаулары бар тайпалар-

дың саяси бірлестігінің аты болған. Ертедегі әскери шонжарлар “түркі” деп аталған. Келе-келе түркілер басшылығымен біріктірілген тайпалар түріктер деп аталған да, түрік этникалық атауға айналған.

“Түрік” сөзін өзінің этникалық, ұлттық атауы ретінде иемделген және күні бүгінге дейін сол мағынада қолданатын түрік республикасында тұратын, “Осман түріктері” деп аталатын бір ғана халық. Ал “түркі” деген сөз – “түрік” атауы сияқты бір ғана халыққа, ұлтқа тән атау емес, ол – әрқайсысының өздеріне меншікті ұлттық атаулары бар түркі халықтарының бәрін қамтитын атауы. “Түркі” – бір ғана халықтың атауы мәнінде қалыптасқан “түрік” атауымен шатастырмау, барлық түркі халқы Осман түрігінен тараған екен деген теріс ұғым тумау үшін, түркологияда үстіміздегі ғасырдан бастап қолданылып жүрген, әбден орныққан ғылыми термин.

Ертеректе түркі халқын гректер – скиф, қытайлар – гунн, ирандар – сак деп атаған. Түркология дербес ғылым ретінде Ресейде қалыптасты. Олай болуының географиялық та, саяси да себептері бар. Географиялық жақтан алғанда түркі халықтары көне заманнан Ресеймен көрші ел, саяси жағынан соңғы уақытқа дейін Шығыс славяндармен бір мемлекет құрамында болып келді “Түркі тілдері” деген жалпы атау, оның құрамына түркі тілдес 30-ға тарта ұлттар мен этникалық топтар енеді. Солардың бірі – казактар. Түркілер – дамудың талай қиян-кескі өткелдерінен өткен көне халық, казактар да солай. “Арғы атам ер түрік” деп М. Жұмабаев айтқандай, қазақ халқының арғы тегі, түпкі төркіні – түркілер. Түркілердің бір бөлігі, бір тармағы болғандықтан, олар өткен тарихтық өткелдерден казактар да өтті. Осы себептен де қазақ халқының азаматтық, тілдік, рухани тарихы, белгілі шамада болса да, жалпытүркілік тарихпен сабақтасып жатады. Сондықтан түркілер тарихынан, түркология қағидаларынан хабардар болмайынша, туған халқымыздың, тіліміздің тарихын жете білу мүмкін емес.

Қазақ тілі туыстық белгілері жағынан да, типологиялық белгілері жағынан да түркі тілдерімен бірлікте. Оның калыптасу, даму тарихы жалпы түркі тілдерінің тарихымен тығыз байланысты. Осы себептен де қазақ тілі білімі Отандық түркологияның бір саласы болып есептеледі. Отандық түркологияның табыстарына, жетістіктеріне қазақ тілі білімі де ортақ, ол сол табыстарға сүйенеді, соны басшылыққа алады. Сондықтан түркология тарихын білмейінше, қазақ тілі білімінің тарихын жете білу мүмкін емес. Осы себептен де түркі халықтарының ертедегі тарихын білу деген – өз туған халқымыздың тарихын білу деген сөз, сол сияқты, жалпы түркі халықтары тілдерінің, яғни түркі тілінің ертедегі тарихын білу деген өз ана тіліміздің тарихын білу деген сөз. Түркологияны білудің қажеттігі міне осында.

Түркі тілдерінің бір негізден тараған өзара туыстас тілдер екендігі олардың морфологиялық формалары мен синтаксистік тәсілдеріндегі бірліктен, жақындықтан да, дыбыстық жүйелері мен негізгі сөздік қорындағы бірлік пен жақындықтан да байқалады.

Туыстық жақтан бір топқа жатқызылғанымен, түркі тілдерінің бір-бірімен жақындық дәрежелері бірдей емес: олардың ішінде бір-бірінен шамалы ғана өзгешелігі бар, сөйлеушілері бір-бірімен тілмашсыз-ақ түсінсе алатындары да, тілмашсыз сөйлессе, түсінісе алмайтын алыстары да бар.

VI ТАРАУ

ТІЛ БІЛІМІНІҢ БАСҚА ҒЫЛЫМДАРМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Ғылымның жіктелу түрлері. Ғылым – объективтік өмірдің ақиқат заңдылықтары туралы білімнің жоғарғы формасы, теориялық ойлаудың жемісі. Ғылым адам баласының ой-санасының, дүние танымының өсуіне байланысты бірте-бірте туып, қалыптасады. Қазіргі заманда ғылымның алуан түрі бар. Олар зерттейтін объектісінің сипатына қарай әр түрлі топтарға жіктеледі. Әдетте, ғылымға объекті болатын мәселелерді жаратылыс құбылыстарына және қоғамдық құбылысқа жататын мәселелер деп ажыратып сол объектілеріне орай бар ғылымды жаратылыстану ғылымдары және қоғамдық ғылымдар деп екі үлкен топқа бөледі. Бұл екеуіне қосылмайтын ғылым да бар: ол – философия ғылымы. Мұның оқшау тұратын себебі – ол жоғарыда аталған екі топтағы ғылымның екеуіне де қатысы бар жалпы заңдылықты зерттейді. Бұл – табиғаттың да, қоғам мен ойлаудың да жалпы заңдылықтарын қарастыратын методологиялық ғылым.

Тіл білімінің даму тарихында тіл білімін қай ғылым тобына қосамыз деген сұрауға әр түрлі жауаптар беріліп келді. Ол ғылымдардың тілдің өзіндік сипатын әр түрлі түсінулерінен туды. Біреулер тілді биологиялық организм десе, екіншілер психологиялық құбылыс, ал үшінші біреулер физикалық құбылыс деген т.б. пікірлер айтты. Олардың әрқайсыларының өздерінше дәлелдері, сүйенген негіздері болды. Ал шындығына келсек, тілде аталған сипаттардың барлығы да бар. Әңгіме солардың қайсысының негізгі екенін дұрыс тануда.

Ғылымдар байланыстарының себептері. Ешнәрсемен байланыссыз томаға-тұйық болып тұратын құбылыс қоғам өмірінде де, табиғатта да кездеспейді. Түрлі құбылыстар өзара байла-

нысып, бір-біріне ықпал – әсерін тигізеді, біріндегі өзгеріске екіншісі себепші, түрткі болады. Бұл – ғылымға да тән. Тіл білімінің басқа ғылымдармен қатысы жөнінде де осыны айтуға болады. Тіл білімі, – деп жазады Н.И. Конрад, – басқа да барша ғалымдар сияқты қоғамдық өмірдің барлық құбылыстары, сонымен бірге, табиғат дүниесі де өзара байланысты және бір-біріне әсерін тигізіп отыратын дүниеде өмір сүреді. Сондықтан басқа ғылымдардың мейлі ол қоғамдық болсын, мейлі жаратылыстану ғылымы болсын, тіл туралы ғылымға әсер ететіні заңды және ол тіпті болмай қоймайды да, солай болуы, белгілі шамада, қажетті де”¹.

Ғылымдардың бір-бірімен байланысы, олардың зерттейтін объектілерінің ортақ болуынан да туады. Ғылым жаратылыстағы, қоғамдағы белгілі бір құбылысты, затты өзіне объекті етіп тұтас алуы да немесе оның белгілі бір жағын, бір саласын ғана алуы да мүмкін. Осыдан барып жаратылыстағы, қоғамдағы белгілі бір болмыс, құбылыс бірнеше ғылымға ортақ объекті болады. Мысалы, жерді география ғылымы да, геология ғылымы да зерттейді, бірақ екеуі екі түрлі бағытта, екі түрлі мақсатта зерттейді. Ғылымның басқа салаларымен дәл тіл біліміндей байланысы мол ғылымды табу қиын. Ол қоғамдық ғылымдардың да, жаратылыстану ғалымдарының да алуан түрлерімен ұштасып жатады.

Тіл білімінің кең өрістілігі оның объектісі – сөйлеу тілінің орасан күрделі, сан саналы, қыры мен сыры шексіз мол объекті болуынан.

Дыбыс тілінде бір ғана ғылымның, зерттеудің бір ғана әдіс-тәсілдерінің шеңберіне сыймайтын ғылымдараралық мәселелер аз емес. Өйткені дыбыс тілінде қоғамдық сипатта, физика, физиологиялық, философиялық сипаттар да орасан мол. Сондықтан тіл білімі қоғамдық ғалымдармен, де,

¹ Теоретические проблемы современного советского языкознания. М.: – 1964.

табиғаттану ғылымдарының алуан түрлі салаларымен де философия ғылымдарымен де байланысты. Бірақ бұл ғалымдардың ешқайсысы да тіл білімі сияқты тілге тән мәселелерді тегіс камтып, жан-жақты зерттемейді, тек өздеріне тиісті мәселені ғана алып, өз мүддесі тұрғысында ғана сөз етеді. Бұған көз жеткізу үшін басқа ғылымдардың тіл білімімен байланысы жайына тоқталайық.

Тіл білімі және философия. Тіл білімінің философиямен бірлігі ежелгі замандардан басталады. Сөз бен сөз атау болған зат арасында қандай байланыс бар? Атау заттың табиғатына сәйкес қойыла ма, болмаса тағайындалған, әдетке, дағдыға айналған шарты бола ма? – деген мәселеге қатысты айтыс ежелгі грек философтарынан басталады. Содан бері тіл мен ойлаудың бір-бірімен қарым-қатынасы жөніндегі мәселе күн тәртібінен түскен емес.

XIX ғасырға дейін тіл білімі, көп жағдайда, философия ғылымының бір тарауы ретінде қаралды. Тіл мәселелерімен айналысушылардың басым көпшілігі философтар немесе әрі философ, әрі тіл ғалымдары болды. Тіл білімі өз алдына дербес ғылым болып қалыптасқаннан кейін де, философиядан бір-жола қол үзіп кеткен жоқ, қол үзбейді де. Өйткені философия, қандай бағыт ұстанғанына қарамастан, өз жактаушыларына тілдің көптеген жалпы теориялық мәселелерінде (тілдің мәні, қоғам өмірінде атқаратын ролі, даму заңдылықтары, шығу, қалыптасу жолдары, ой-санамен байланысы, тілдегі форма мен мағына бірлігі, т.б.) бағыт-бағдар сілтейді, методологиялық негіз болады.

Қазіргі кездегі тіл білімі философияның тіл философиясы дейтін тарауымен байланысады. Бұл екеуіне ортақ объекті болатын мәселе – тіл мен ойлаудың, мағына мен форманың байланысы. Олай болатын себебі ойлау мен оның заңдары – философияның негізгі проблемаларының бірі. Ал тіл – ойдың жемісі, ойды қалыптастыратын, оны жарыққа шығаратын

форма, яғни ой құралы. Адамдар өз ойын тіл арқылы басқа адамдарға білдіріп, тіл арқылы, сөйлеу арқылы басқанын ойын біледі. Сондықтан ойлаудың жемісі, оның материалдық формасы, құралы болып табылатын тілге философия ғылымы мән бермей тұра алмайды, онсыз ойлау заңдылықтарын дұрыс шешу мүмкін емес. Екінші жағынан, тіл – ойлау құралы, ой оның мазмұны, мағынасы, ал мағынасыз жалаң форма қуыс. Сондықтан тіл ғалымдары тілдің мағыналық жағына, оның ойды қалай жарыққа шығаратынына, форма мен мағынаның арақатысына селсөк қарай алмайды. Ал оны білу үшін ойлау заңдылықтарынан хабардар болуы, бұл мәселе жөніндегі философия ғылымының жетістіктеріне сүйенуі қажет.

Тіл білімі мен философия арасындағы байланыс екі жақты: философия жалпы заңдылықтарды зерттейтін ғылым ретінде тіл біліміне методологиялық негіз болса, тіл білімі ойды қалыптастыруда, оны жарыққа шығаруда тілдің қандай қызметтер атқаратыны және қалай атқаратыны жөнінде философияға материалдар береді. Дегенмен, философия үшін тіл – жалпы заңдылықтар тұрғысында ғана қаралатын жанама объект.

Тіл білімі және логика. Тіл білімі мен логиканың түйісетін жері – тіл мен ойлаудың арақатысы мәселесі. Логика - ойлау формаларын, ол формалардың өзара байланысын, даму жолдарын зерттейтін ғылым. Ал ойлаудың заңдылықтарын тілдік материалдарсыз білу мүмкін емес. Ойлау формалары тілдік элементтермен тығыз байланысты. Сондықтан ұғым, байымдау, ой қорытындысы сияқты логикалық категориялардың тілдік элементтер арқылы көріне алатыны да, олардың – арасындағы бірлік пен өзгешелік те логиктер үшін өте қажетті. Сол сияқты тіл ғалымдары үшін тілдің мағыналық, мазмұндық жағы да аса маңызды. Ал тілдік мазмұн дейтініміз – ой, байымдау. Бұлар – логикалық категориялар. Айтылғандарды жете меңгеру үшін логиктер мен тіл ғалымдары бір-біріне өзара көмектеседі.

Бірақ әрқайсысының көздейтін мақсаты әр басқа: логиктер тіл арқылы ойлаудың заңдылықтарын, ал тіл зерттеушілер тілдегі заңдылықтарды білуге тырысады. Тіл білімін қызықтыратын мәселе — ойлау заңдылықтарының тіл құрылысына қандай дәрежеде әсері ететіні. Ойлау заңдылықтары жалпы адзмзаттық, ал тілдердің құрылымы мен заңдары, негізінде, жеке халықтық, ұлттық, дара-дара болады. Сондықтан да белгілі бір ұғым, мағына, байымдау әр тілде әр басқа тәсілмен беріледі. Тілдің логикалық категориялар ұғым мен байымдауды білдіруі оның толып жатқан функциялық құбылыстарының бір жағы ғана. Тілде бұдан басқа да өзіндік ішкі мағыналық, формалық құбылыстар, өзіндік категориялар мен заңдылықтар көп, Онда тіпті қандай логикаға сыймайтын жайттар да аз емес. Мысалы, орыс тіліндегі *ночь* сөзінің — женский родқа, *день* сөзінің мужской родқа жатуын, *қарным ашты, түйе көзіңе түсті ме? Көз-құлақ, бола жүр* дегендер тәріздестердің білдіретін мағыналарын қазіргі логикаға сай деуге болмайды.

Бірақ бұл айтылғандар логика ғылымының тіл білімінің дамуындағы қызметін төмендету емес. Логика тіл білімінің калыптасуында, дамуында елеулі қызмет атқарды. Көптеген грамматикалық ережелер, терминдер логиканың әсерімен және соның тікелей қатынасымен жасалып калыптасты. Тіл білімі тарихы логикалық грамматикалардың болғанын да біледі.

Логиканың бір саласы — математикалық логика соңғы жылдары тіл білімінің алдына жана проблемалар, тіл зерттеу ісіне математикалық формулаларды колдану міндетін қойып жүр. Мұндай формула күрделі есептерді шығаратын және тексті бір тілден екінші тілге аудару міндетін атқаратын электрон машинасына әрекет үстінде басшылыққа алатын нақтылы нұсқау ережелер жасау үшін, тілдік мазмұнды шартты белгілерге, кодтарға айналдыру үшін керек. Айтылғандарға карамастан тіл — логика үшін де негізгі объекті емес, жанама, көмекші объект.

Тіл білімі және психология. Психология – психика туралы ілім. Психологияның мақсаты – адамдардың психикалық әрекеттерінің объективтік заңдарын, адамның ой-санасын, психикалық қасиеттерінің қалыптасып, даму жолдарын айқындау. Ал, психикалық құбылыстарға сезу, қабылдау, түйсіну, ойлау, байымдау, қиялдау сияқтылар жатады. Бұлардың барлығы да мидың жемісі және барлығы да сөйлеу процесімен тығыз байланысты. Сондықтан ойлау мен сөйлеудің арақатысы жөніндегі мәселе психологиялық зерттеулерде де көрнекті орын алады. Бұл салада психологияның ерекше мән беретін мәселесі – сөйлеу процесінің “қалай іске асатындығы, сөйлеудің түрлері, оның адам психикасымен байланысы, сөйлеу процесіндегі мидың қызметі, мидың зақымдануының сөйлеу әрекетіне, сөйлеу органдарының қызметіне тигізетін зиянды әсерлері тәрізді мәселелер. Бұлар тіл білімі үшін де маңызды. Осы мәселелерді шешуде психология тіл, біліміне, тіл білімі психологияға қол үшін беріп, екі жақты байланысқа, қарым-қатынасқа түседі. Сөйлеу, сөйлесу процестерін, сөйлегенді қабылдау, түсіну жағдайларын психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес. Сөз мағынасындағы алуан түрлі құбылыстар, сөздердің келтірінді мағыналарында қолданылуы, т.б. психологияның ассоциация заңына негізделеді.

Адамның сөйлеу әрекеттерінің көп жағдайда психологиялық құбылыстармен ұштасып жататындығына қарап бірсыпыра ғалымдар психологияның қызметін сыңаржақ, асыра бағалап келді. Олар тілді – психикалық құбылыс, тіл білімін психологияның бір саласы деп жариялады, сөйтіп, тіл мәселелерін зерттеуде психологияға сүйенді. Психология сөйлеу әрекеті мәселесінде ғана тіл білімімен ұштасады. Бірақ тілде адамдардың психикалық құбылыстары тұрғысынан қарап қана шешуге болмайтын толып жатқан мәселелер бар. Оның үстіне, бұл екі ғалымның ортақ объектіні зерттеудегі көздейтін түпкі мақсаты да екі басқа: бірі тілдік материалдардың жәрдемі

арқылы психикалық құбылыстардың сырын ашуды, екіншісі (тіл білімі) психология ғылымының табыстарына сүйене отырып, тілдік құбылыстарды жете түсінуді, айқындауды көздейді.

Тіл білімі және физиология мен физика, медицина. Сөйлеу, сөйлесу дыбыс органдарының артикуляциялары арқылы жасалатын дыбыстар тасқыны түрінде іске асып, ауа толқыны арқылы құлаққа естіледі. Сөйлеу әрекеті – физиологиялық күрделі процесс. Оған мидың да, сөйлеу органдарының да, нерв жүйесінің де қатысы бар. Бұл жағынан тіл білімі физиология, физика, медицина ғылымдарымен де байланысты болады.

Тіл білімі физиологиямен тіл дыбыстарының қалай жасалатындығы жөніндегі мәселеде істес болады. Тіл дыбыстарын жасауда қандай мүшелердің қызмет атқаратын физиологияның артикуляция немесе артикуляциялық физиология деп аталатын саласы зерттейді. Ал тіл дыбыстарының қалай жасалатынын білу – тіл білімі үшін, әсіресе оның фонетика саласы үшін өте қажет. Бұл мәселеде физиологиялық артикуляция тіл зерттеушілеріне көп жәрдем бере алады.

Дыбыстардың жасалу жағымен қатар естілу жағы, дыбыстық сапасы деген болады. Мұнымен физиологияның есту физиологиясы дейтін саласы да, физиканың акустика дейтін саласы да айналысады.

Акустика тек тіл дыбыстарын ғана емес, құлаққа естілетін басқа дыбыстарды да зерттейді. Ол – жалпы дыбыс әуезі жөніндегі ілім. Оған тіл дыбысының сапасын зерттеу – оны тек электр жазуына түсіруді айқындау үшін ғана керек. Ал тіл дыбыстарының фонетика зерттейтін басқа толып жатқан мәселелерінің оған қажеті жоқ.

Сөйлеу әрекеті мимен, жоғары нерв жүйесінің сөйлеу, есту органдарымен тығыз байланысты. Бұлардың зақымдануы сөйлеу әрекетіне зиянды әсерін тигізеді. Бұл мүшелердің ауру-саулығын медицина ғылымы, оның психиатрия, дефектология, логопедия деп аталатын салалары тексереді. Олардың

афазия (сөйлеудің бұзылуы, мылқаулар, саңыраулар “тілдері”) жөніндегі ғылыми табыстары – тіл білімі үшін де пайдалы. Сол сияқты, физиология ғылымының сигналдар жүйесі жөніндегі ілімінің де дыбыс тілінің қалыптасу тарихын айқындауда берері аз емес.

Тіл білімі және әдебиеттану ғылымы. Бұл екі ғылым ежелгі заманнан бірлікте және филология деген ортақ атаумен аталып келеді. Әдебиет пен тіл – айрылмас бірліктегі құбылыстар. Тіл – әдебиеттің жаны. Тілсіз әдебиет жоқ. Тіл әдебиеттің материалдық жағы болса, әдебиет – тілдік материалдар қызметінің жемісі. Тіл әдебиеттен бұрын пайда болған. Тіл білімі де, әдебиеттану ғылым да ежелгі заманнан сақталған тілдік нұсқаулардың мазмұнын, тілін, пайда болу тарихын зерттеу негізінде қалыптасқан филология ғылымынан бөлініп өрбіген тәркіндес, кіндіктес ғылымдар. Осы тұрғыдан алғанда, тіл маманы әдебиет заңдылықтарын, әдебиетші тілдің заң-ережелерін жақсы білуге және оны қатал сақтауға тиісті. Бұлай болу аталған екі ғылымның арақатысын күшейтуге, ортақ мәселелерді бірлесе отырып, терең де жан-жақты шешуге мүмкіндік береді.

Бірақ тәжірибеде бұлай бола бермейді. Кейде екі пән мамандары арасында қайшылықтар, “менің ісіме қол сұғасың” деушіліктер ұшырысады. Мұндай қырғи қабақтық сөз болып отырған екі ғылымның әрқайсысына тән объектінің ара жігі жете ашылмағандықтан болса керек. Бірақ ұқыптылықпен кіріскен адамға ондай объектіні айқындау онша қиынға соқпайды. Кесектеп алып айтқанда, көркем туындының тілдік, стильдік сипаттарын айқындау – тіл білімінің қарауына жатады да, оның идеялық-көркемдік жақтарын ашу, көркем образдар, характерлер жасаудағы тілдік тұлғалардың қызметі деген тәрізділер әдебиеттану ғылымының үлесіне тиеді. Басқаша айтқанда, көркем текст талдағанда тіл мамандары тілдік тұлғалардың, тілдік категориялардың шығарманың

керкемдік-эстетикалық мазмұнындағы қолданысын зерттесе, әдебиетшілер, керісінше, шығарманың идеялық-көркемдігінен бастап, оларды ашуда тілдік құралдардың қызметін зерттейді.

Тіл білімі және тарих, археология. Тіл білімі тілдің белгілі бір дәуірдегі статикалық калпын да, әр дәуірді қамтитын динамикалық күйін де зерттейді. Тілдің тарихи дамуын зерттеу – сол тілді туғызған, оны қатынас құралы ретінде қолданған тарихымен тығыз байланысты. Сондықтан тіл тарихын зерттеуші ғалым сол тілді қолданған қоғам тарихы жөніндегі ілімнің табыстарына сүйенбей, ал тарихшы өз зерттеулерінде тіл фактілерін ескермей тұра алмайды.

Тіл фактілері тарихшыларға халықтың шығу төркінін, оның даму тарихының әр кезеңдеріндегі мәдени дәрежесін, қандай халықтармен қарым-қатынаста болғанын, шаруашылықтың қандай түрлерімен айналысканын айқындауға жәрдемін тигізеді. Бұл мәселелерде тілдің өзгелерден гөрі септігін молырақ тигізетін саласы – сөздік құрамы. Өйткені сөздік құрам – жаңалықты бойына сіңіргіш, қоғам өмірінің барлық саласына да талғаусыз енгіш, бір елден бір елге көшімпаз, жүрдек сала. Сонымен бірге, ол – қоғам өмірінің әр дәуірдегі бейнесін, ізін жоғалтпай сақтайтын қойма. Бұл қойманы аша білген, онда сақталған сөздерді сөйлете білген тарихшы қоғам тарихы үшін де, тілдің өз тарихы үшін де пайдалы материалдар табады. Басқа тілдерден енген сөздер – тарихы зерттеліп отырған халықтың өткенде қандай халықтармен байланысты, қарым-қатынаста болғанын айқындауға септігін тигізеді.

Тіл білімінің халықтың материалдық мәдениеті тарихын зерттейтін – археология ғылымымен де байланысы бар. Қоғам өмірінде пайда болған, қоғам мүшелерінің кәдесіне жараған заттардың қай-қайсылары болса да тілде белгілі атауға ие болады. Сондықтан атауыш сөздердің қалыптасуы, даму жолдары, олардың мағыналық жақтарынан түрлену, жаңару немесе көнеленіп, ескіру тарихы сол атау болған заттар тарихымен

байланысты немесе, осының керісінше, тілде сақталған атау арқылы қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңдерінде қолданылған материалдық игілікті, әдет-ғұрыптық дәстүрді білуге болады. Мысалы, қазіргі әдеби тілімізде көнеленіп бара жатқан садақ, қорамсақ, жебе, сыңсу, ұрын келу, бәдік айту, жамбы тәріздес сөздер – қазақ халқы өмірінде қолданылған қару-жарақтардың, бұйымдардың, салт-ғұрыптардың атаулары. Аталған бұйымдар, ұзатылған қыздың сыңсу, күйеудің ұрын баруы, бәдік айтып ауруды емдеу салттары бұл күнде жоқ, бірақ тіліміздегі бұл атаулар бір кезде солардың болғандығының куәсі.

Тіл ғалымдары мен археологтардың, этнографтардың бірлесіп еңбек етуі – тіл тарихы, ел тарихы сырларын ашуға өлшеусіз пайда келтіреді. Ондай бірлесе істеген еңбектердің нәтижесінде бір кездерде болып, кейін де құрып кеткен бірсыпыра халықтар, мемлекеттер, қалалар тарихының ашылған фактілері ғылым тарихында аз емес.

Сөз бен сол сөз білдіретін заттар тарихын бірлікте қарап зерттеу тек тарих үшін ғана емес, осы күннің қажеті үшін де керек: қазіргі замандағы алуан түрлі терминдік атауларды, термин ретінде алынатын сөздер мағынасын, сол терминмен атамақшы болып отырған зат пен ұғымның қасиеттері мен қазіргі сипаттарын жете білмейінше дұрыс қолдану мүмкін емес.

Тіл білімі және география. Тіл білімінің география ғылымымен ұштасуы ХІХ ғасырдың соңғы кездерінен басталады. Ондай ұштастық жергілікті диалектілік ерекшеліктерді зерттеу, олардың тараған аймақтарын диалектологиялық карталарға түсіру мақсатынан туды да, лингвистикалық география деген атқа ие болды. Оны кейде диалектография, ареалды тіл білімі деп те атайды.

Диалектографияның ең негізгі мақсаты – диалектілік атластар жасау. Диалектологияның дамуында лингвистикалық географияның шешуші мәні болды. Бірақ лингвистикалық

географияның міндеті тек диалектілік атластар жасаумен ғана бітпейді (рас, бұл негізгі міндеті). Әрбір тілдегі диалектілердің орналасқан аймақтарын айқындау – белгілі бір аймақта қандай тілдік ерекшеліктердің барын біліп, тіл тарихын, оның қалыптасуын, даму жолдарын, қандай халық тілдерінің әсері болғандығын айқындауға мол материал береді. Халықтардың қоныс ыңғайының, географиялық жақтарының тілдерде болатын интеграциялық, дифференциялық процестерде, тілдер қарым-қатынасында мәні барлығы тіл білімінде ертеден мәлім. Мұны да лингвистикалық география қарастырады. Лингвистикалық география тіл білімінің бір саласы. Оның мамандары тіл фактілерін картаға түсіру ісін жете білулері керек. География ғылымының тіл зерттеулерге берері негізінде осы. Ал географтардың тіл ғалымдарынан алары мол. Ол, ең алдымен, топонимикаға байланысты. Топонимика – география мен тіл білімінің аралық категориясы. Топонимикалық атаулар ұзақ замандар бойына сақталатын, бір халық тілінен екінші халық тіліне көшіп отыратын, тіпті бұл күнде жоқ халықтың, тілдің қалдығы ретінде де сақталатын болғандықтан, ол – халық тарихын, оның ертеде жайлаған қоныстарын, алғашқылардың мекенін кейін кімдердің басып алғанын, ол жерде қандай этникалық топтардың бас қосқанын байқататын материал. Оны топонимикалық атауларды тілдік тұрғыда зерттеу арқылы ғана айқындауға болады. Ал топонимикалық атаулардың ондай сырларын білу – географтар үшін аса кажет.

Тіл білімі және кибернетика. Үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарынан бері қарай тіл біліміне ерекше әсер ете бастаған ғылым кибернетика. Кибернетика – грек сөзі. Мағынасы – басқару, басқару шеберлігі. Бұл сөзді мемлекет басқару деген мағынада қолдану керек деген пікірді өткен ғасырда француз физигі А. Ампер айтқан. Ал кибернетиканы ғылым атауы ретінде қолдануды және оның алға қоятын мақсатын алғаш айтқан – Америка профессоры Н. Бинер. Кибернетика, мате-

матика, физика, психология, физиология, тіл білімі сияқты көптеген ғылымдардың табыстары негізінде туып, соларға сүйенген, солардың бір жерге жинақталған түрі ретінде дүниеге келген синтетикалық ғылым. Электрондық теорияның дамуына, автоматика мен телемеханиканың қалыптасып, өмір салаларына кең тарауына байланысты осы ғылымның табыстарын басқа ғылымдарға енгізуге, пайдалануға болмас па екен деген талаптар күшейді. Бұл ғылымның соңғы жылдары өте тез қарқынмен дамуына себепші болған тағы бір жайт – хабарлар, мәліметтер теориясының дамуы. Бірақ кибернетикадағы хабар деген сөзді қазақтың байырғы тіліндегі біреудің біреуге тіл, хат арқылы беретін хабары мағынасында ғана түсінуге болмайды, оның мағынасы бұдан әлдеқайда кең. Мұнда есту, көру, сезіну, тату, иіс арқылы қоршаған өмірден алына-тын неше түрлі мәліметтердің барлығы да хабар деп аталады. Кибернетика үшін тіл-хат арқылы берілетін мәлімет те хабар, көше, жол бойларына қойылатын, мекеме, кәсіп орындары маңдайшаларына қағылатын белгілер, түсініктемелер де хабар, темір жол, су жолдарында және әскер бөлімдерінде, тағы басқа жерлерде қолданылатын, әр түрлі жолдармен берілетін алуан түрлі белгілерде, сигналдар да хабар, бір сөзбен айтқанда, бірдемелерді білдіру, байкату, ескерту, әлденелер деп сактандыру, әлденелерге көңіл аударту үшін қолданылатын алуан түрлі белгілердің, сигналдардың бәрі де хабар. Хабар беру, хабар алу, хабарды есте сақтау, хабарды қайта еске түсіру – кибернетика үшін ең өзекті мәселе. Кибернетиканың алға қоятын максаты – осыларды және осыларға ұқсас басқа да көптеген жұмыстарды, солардың ішінде ми қызметін керек ететін біраз жұмысты машинаға, техникаға істету.

Мұндай ізденіске түрткі болған, оның болашағынан үміт күттірген бір жайт – түрлі мәліметтерді қабылдау, хабарлау, сақтау, басқару, өзгерту, қайта шығару әрекеттері жағынан электрон машиналары мен тірі организм арасында біраз ұқсас-

тықтардың болуы. Мысалы, қатты жүріспен келе жатқан шофер жол бойына қойылған “шұғыл бұрылыс” немесе “қауіпті” деген белгіні көріп, жүрісін бәсеңдетеді, болмаса “түс қайта күн райы бұзылады, қатты боран болады” деген хабарды естіген бақташы алдын ала қам жасайды т.б. Мұндағы шофердың көргені де, бақташының естігені де – хабар (информация). Ол хабарды шофер көру мүшесі арқылы, бақташы есту мүшесі арқылы қабылдап білді. Мұндай мүшелерді кибернетика қабылдау аспабы деп атайды. Қабылдау аспабы хабарды алысымен сезім мүшелері арқылы миға береді. Ми түрліше әсерленіп, алған хабарға жауап қайтарады. Мидың әрекеті кибернетика тілінде шығаратын /жауап қайтаратын/ аспап деп аталады. Миды жауап қайтаратын, меңгеретін, басқаратын аспап дегенде, оның алған хабарға лайықты шараларды жүзеге асыратын мүшелер мен органдардың қимыл әрекеттерін реттеп, басқаруын айтады. Айталық, жоғарыда сөз болған хабарларды алысымен шофер де, бақташы да тиісті сақтық шараларын істейді. Ондай шаралар кибернетика тілінде басқару /меңгеру/ аспабы арқылы іске асады. Басқару аспабы арқылы жүзеге асырылатын шаралар, әрекеттер бұрын да әлденеше рет істеліп, бақыланып, өмір тәжірбиелерінен өтіп, солай істеудің бірден-бір дұрыс болатындығы есте сақталған. Оны сақтайтын орынды, кибернетика ес аспабы дейді.

Бұл сияқты қабылдау, басқару, жауап қайтару, сақтау, өзгерту әрекеттерін өзінің аспаптары арқылы электрон машиналары да атқарады. Кибернетиктердің айтуына қарағанда, электрон машинасының негізгі міндеті – хабарды қабылдау, меңгеру, сақтау, өзгерту, қайта хабар беру.

Тіл білімі үшін кибернетиканың маңызды ісінің бірі – материалды, тексті электрон машинасы арқылы бір тілден екінші тілге аудару мәселесі. Бұл мәселе 1954 жылы алғаш рет Америкада басталды, бірақ машина аудару ісі әзірше эксперименттік дәрежеден ұзай қойған жоқ.

Электрон машиналарының қоғам өміріне өлшеусіз пайда келтіретіні даусыз. Бірақ ол кейбіреулердің айтатынындай, адам орнын түгелімен ауыстыра да алмайды, адам істегеннің бәрін істей де алмайды. Ол қаншалықты өнімді істер тындыратынына қарамастан, адамға жәрдемші, оның ақыл-ойы туғызған жаңалықты, адам міндеттейтін, үйрететін тапсырмаларды ғана орындай алатын жансыз техника.

Ғылыми-техникалық революция дәуірінің бұлар тәріздес жаңалықтары тіл біліміне де әсерін тигізбей қойған жоқ. Қолданбалы тіл білімі деп аталатын математикалық әдіс сондай әсерден пайда болған.

Қолданбалы тіл білімі – тіл білімінің тілді практикалық талаптарға сәйкестендіріп қолданудың ғылыми жүйесін қалыптастыратын бір саласы. Ол ғылыми пән ретінде үстіміздегі ғасырдың орта кезінен сөз бола бастады. Қолданбалы тіл білімі ғылыми пән ретінде кейінгі жылдарда ғана қалыптасқанымен, оның қарауына жататын, оған объект болатын мәселелердің көпшілігі ерте заманнан бастап-ақ күн тәртібіне қойылып шешіліп отырған. Мысалы, графика мен орфографияны қалыптастыру, әр түрлі сөздіктер жасау сөйлеу мәдениетін жетілдіру, әдеби норманы орнықтыру, терминдік атауларды жүйеге келтіру дегендердің барлығы да қолданбалы тіл білімінің қарауына жататын мәселелер. Бірақ бұлар қолданбалы тіл білімі ғылыми пән болып бөлінуден көп бұрын да қаралып, өз шешімдерін тауып отырған.

Ғылыми-техникалық прогрестің мейлінше өріс алуы дыбыс тілі атқаратын немесе атқарысатын жаңа міндеттерді алға қойды. Олар бір тілден екінші тілге электрон машинасы арқылы аудару, мәтінді машина арқылы талдау, алуан түрлі информациялық істерді дыбыстық тілдің қатысы арқылы жүргізу т.б.

Тіл білімі және семиотика. Семиотика әр түрлі хабарлар, мәліметтер беру үшін қолданылатын танбалар жүйесі /знактар/ туралы ғылым, семотика сөйлеу тіліне танбалардың бірі

ретінде каралды. Тілде таңбалық сипаттың барлығын тіл білімі де бекер демейді. Мұндай өмірде кездесетін басқа таңбаларға төмендегідей ұқсастығы барлығын басшылыққа алады. Олар:

1. Танба атаулының барлығы да, соның ішінде дыбыс тілі де катынас құралы қызметін атқарады, бірдемелер жайынан хабар береді.

2. Танбаның барлығы да, соның ішінде дыбыс тілі де, қоғамдық кәдеге жарату үшін қоғам мүшелері туғызғандықтан, қоғамдық, әлеуметтік сипатқа ие.

3. Олардың барлығы да солардың ішінде, дыбыс тілі де, сезім мүшелері арқылы білдірілетін материалдар.

4. Олардың барлығы да, солардың ішінде дыбыс тілі де, объективтік өмірді, болмысты бейнелейді.

5. Танбалардың барлығы да /ымдау, нұсқаудан, пиктографиялық таңбалардан басқалары/ өздері білдіретін мағынамен шартты катынаста болады.

Семиотиктерге дыбыс тілін де таңба деп санап, оны өз объектілерінің бірі есептейді. Ал “тіл ғалымдары” болса, жалпы семиотикалық заңдылықтарға қағидаларға сүйене отырып дыбыс тілінің басқа таңбаларға азды-көпті ұқсастығымен қатар өзіндік ерекшеліктері қандай, тілдік элементтер ішінде таңбаға нелерді жатқызуға болады, нелерді жатқызуға болмайды деген тәріздес толып жатқан арнайы мәселелерді шешеді.

Сонымен, тіл білімімен байланысты ғылымдар көп және алуан түрлі. Бірақ олардың ешбірі тілге катысты мәселелерді түгел камтып жан-жақты зерттемейді, тек оның өздеріне қатысы бар жеке бір мәселесіне ғана тоқталады және тілді өздерінің негізгі объектісі деп санамайды. Тілді өзінің негізгі объектісі деп санайтын және оны терең де жан-жақты зерттейтін ғылым тек тіл білімі.

ЕКІНШІ БӨЛІМ
ТІЛ ТЕОРИЯСЫ
VII ТАРАУ
ТІЛДІҢ ӨЗІНДІК СИПАТТАРЫ

Тіл теориясы – тілді я тілдерді зерттеуден туатын ғылыми тұжырым. Сөйлеу тілі – сан-салалы, өте күрделі құбылыс. Ол біртұтас болғанымен өз ішінен әр түрлі ұсақ бөлшектерге бөлінеді, ол бөлшектер бір-бірімен ажырамас бірлікте, шартты қатынаста бола тұра, екінші жағынан, бір-біріне карама-карсы, қайшы сипатта болады. Сондықтан дыбыс тілінің барлық саласын бір шеңберге сыйғызып, бір ғана амал-тәсілмен зерттеу мүмкін емес. Тіпті тілдің жеке бір ғылым өрісіне сыймай, ғылымдар аралық объект болып келетін тарау-тармақтары да аз емес. Тіл адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқаратын болғандықтан, ол жеке адамдардың сөйлеу әрекетімен, ой-санамен, қоғаммен тығыз байланысты. Тіл ғылымының даму тарихында болған және болып келе жатқан социологиялық, этнографиялық, психологиялық, семиотикалық, математикалық тіл білімдері және менталингвистика деп аталатын күрделі терминдердің барлығы да ортақ объектіні бірлесе зерттейтін екі түрлі ғылым атаулары. Тіл ғылымының бұл салалары – бұрын да, қазіргі заман тіл білімінде де зор беделге ие болып келе жатқан негізгі проблемалар.

Теориялық тіл білімінің бұдан басқа объектілері де аз емес. Солардың ішінде күрделі, өзекті проблемалар: дыбыс тілінің табиғаты мен өзіндік мәні (тіл білімі тарихында бұрын-соңды болған әр түрлі лингвистикалық мектептердің, бағыт бағдарлардың барлығы да осы мәселенің қалай шешілуіне қарай аталып, жіктелген); тілдің функциясы, ол функцияның қандай жолдармен іске асатынын айқындау; тілдің тіршілігі, оның

коғаммен, ой-санамен қарым-қатынасы; тілдің құрылымы, оның қандай элементтерден тұратыны, элементтердің бір-бірімен арақатынасы; тілдік элементтерде болатын өзгеріс-құбылыстар, тілдің дамуы, оның ішкі-сыртқы себептері; тілдің диалектілік және әлеуметтік салалары, т.б.

Тіл білімінің негізгі пәндерін, өзекті проблемаларын, олардың арақатынастарын айқындау мәселесі де даусыз, бірден айқындалған жоқ. Бұл тақырып төңірегінде күні бүгінге дейін пікір таластары толастамай келеді, яғни ғылым объектісі деген мәселе де теориялық тіл білімінің басты проблемасының бірі. Өйткені қандай ғылым болса да объектіні айқындаудан басталады, объектісіз ғылым болмайды. Ғылыми тұжырым объектіні зерттеуден туады, зерттеу белгілі тәсілдер, амалдар арқылы жүргізіледі. Ондай тәсілдер зерттеу әдісі деп аталады. Ғылым үшін объект қандай қажет болса, зерттеу әдісі мен әдістеме де сондай қажет. Теориялық тіл білімі үшін өзіндік зерттеу әдісі мен әдістемені айқындап, қалыптастыру да өзекті проблемалардың бірі. Тіл білімі құрамына түрлі ағымдар, лингвистикалық мектептер енеді. Айтыс-тартыстардың, түрлі көзқарастардың, қайшылықтардың барлығына қарамастан, тіл білімі солардың жиынтығы болып есептеледі.

Тілдің анықтамасы. Қазақ тіл деген сөзді екі мағынада – анатомиялық атау, сөйлеу, дыбыстау тіл мағынасында қолданады. Тіл білімінде бұл сөз соңғы мағынаға ие.

Дыбыс тілі дегеніміз не? деген сұрауға тіл білімі тарихында, берілген жауап көп. Оған анықтама бергенде біреулер тілге тән белгілерінің бірін басшылыққа алса, енді біреулер екіншісін басшылыққа алады. Оның үстіне анықтама беруде тілдің қандай белгісін басшылыққа алу – анықтама берушілердің философиялық көзқарастарына, тілдің өзіндік мәнін түсіндірулеріне де байланысты. Тіл білімі тарихында болған әр түрлі лингвистикалық мектептердің, әр түрлі көзқарастағы ғалымдардың тілге анықтамалары, көп жағдайда бір-бірімен

өте жақын, ұқсас бола тұра сол анықтамалардың мәнін талдап ашқан шақта, бір-бірімен мейлінше алшақтап кететіні де бар.

Тілдік теорияны қалыптастыруда тілге берілген анықтаманың шешуші мәні бар. Тілдің табиғатын, мәнін айқындау – көп жағдайда соған да байланысты.

Дыбыс тілін анықтауда оған – тіл дегеніміз не? деген бір сұрау кою да, бұл сұрауға бір сөйлеммен жауап беруді талап ету де дұрыс бола қоймайды. Өйткені дыбыс тілінің өзіндік сипаттары бір сұраудың да, бір сөйлемнен құралған анықтаманың да шеңберіне сыймайды. Әңгіменің түйіні дыбыс тілінің несін, қай сипатын айқындағымыз келетіндігінде. Егер дыбыс тілін қоғамдағы қызметі жағынан айқындағымыз келсе, оған – дыбыс тілі дегеніміз – адамдардың бір-бірімен қатынас жасайтын құралы деп, егер дыбыс тілінің ой-санамен қарым-қатынасын айқындағымыз келсе, “ойды қалыптастырып, жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы, ақиқат, шын сана” деген анықтама береміз. Дыбыс тілін құрылымдық, материалдық жағынан айқындағымыз келсе, “қатынас жасауға қажетті элементтердің, ереже, үлгілердің жиынтығы”, қоғам өміріндегі ролін, алатын орнын байқатқымыз келсе, “қоғамның күресі мен дамуының құралы, мәдени өмір формаларының ең негізгілерінің бірі” деп атаймыз, т.б. Бұл тәріздес анықтамалар тіл ғылымы тарихында орасан көп, кейбір ғалымдар екі жүзге тарта анықтама бар дегенді айтады.

Олардың ішіндегі ең негізгісі тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы дейтін жалпы анықтама. Басқа анықтамалар тілдің жеке сипаттарын ашуға арналған, сондықтан олар тілге жалпы анықтама бола алмайды. Жалпы анықтамада тілдің коммуникативтік қызметі де, экспрессивтік қызметі де ескеріледі. Коммуникативтік қызметі жағынан алғанда, “Тіл – адам қатынасының аса маңызды құралы”, ал экспрессивтік қызметі жағынан алғанда, “тіл – ойдың тікелей шындығы... практикалық шын сана, ойды қалыптастырып жарыққа шыға-

рушы құрал. Тілдің бұл екі функциясы айрылмастық бірлікте, бірінсіз бірі жоқ.

Тілдің қатынас құралы болу қызметі коммуникативтік деп аталса, оның ойды қалыптастыру, жарыққа шығару, адамның психикалық күйін, жан сезімін, ішкі толғанысын білдіру қызметі экспрессивтік деп аталады.

Қатынас құралы болу – тілдің ең маңызды қызметі. Тілдің басқа қызметтерінің барлығы да осы негізгі қызметке тәуелді. Тілдің ең кіші бөлшегі фонемадан бастап, ең күрделісі сөйлемге дейінгі барлық элементтері де бір ғана қажеттіктен, қатынас жасау қажетінен туған және осы мақсатқа қызмет ету процесінде бірте-бірте жетіліп, жаңарып отырған. Тілдің мән-мағынасы, қасиеті, өзіндік сипаты – оның коммуникативтік қызметінде. Тілдің ойлаумен, қоғам өмірімен қарым-қатысын да, өзіндік даму заңдылығын да оның осы қызметінен іздеу керек. Егер тіл адамдар арасында қатынас құралы қызметін атқарып тұрса, ол тірі делінеді де, ондай қызмет атқарудан қалса, өлі тіл деп аталады.

Тілге оның сипатына, құрылымына қарай беріліп жүрген анықтамалар ішінде тілді таңбалар жүйесі, семантикалық жүйе дейтін анықтама да бар. Тұтас алғанда тіл таңбалар жүйесі, семантикалық жүйе емес, өйткені семиотикалық таңбалар – бір жақты, тек материалдық қана белгі. Ал тілдік тұлғалар екі жақты: материалдық көрсеткіш пен мағына бірлігінен тұрады. Сондықтан ол семиотикалық таңбалардан бөлек, онда тек таңбалық кейбір сипат қана бар.

Тілдің табиғаты. Тілдің табиғаты дегенге оның қандай құбылыстар қатарына – қоғамдық, табиғи, психофизикалық тіл білімі тарихында натуралистік мектеп деп аталатын бағыттағы ғалымдар тілді биологиялық құбылыс – демалу, қоректену, жүріп-тұру сияқты адам организміне тән, жаратылыстан берілген биологиялық қасиет деп саналады. Бұлай болғанда тіл атадан балаға, ұрпақтан беріліп отырылуы керек. Бірақ өмір

тәжірибесі тілдің тұқым қуалайтын биологиялық қасиет емес екендігін тілді адам баласы өмірден, өзін қоршаған қауымнан үйренетіндігін көрсетеді. Қандай халыққа, қандай нәсілге жататындығына қарамастан жас баланың өзін қоршаған қауым қай тілде сөйлесе, сол тілде сөйлеп кететіндігі тілдің биологиялық құбылыс еместігін білдіреді.

Сондай-ақ, тіл жеке адамның рухани қасиетіне тән психикалық құбылыс та емес. Олай болғанда, әр адамның тілі әр басқа болар еді де, халықтық, ұлттық тіл деген болмас еді. Сонымен, тіл – биологиялық та, психикалық та құбылыс емес, әлеуметтік құбылыс.

Тілдің шығуы туралы ежелгі Грецияда туған, XVII-XVIII ғасыр ойшыларды тарапынан қолдау тапқан келісім теориясының өзі де, белгілі шамада тілдің әлеуметтік сипатын мойындағандық. “Тіл – қоғамдық” деген тезисті ұсынбағанмен, тілдің қоғам өмірімен байланыстылығы, қоғамдағы орны, рөлі деген мәселелермен XIX ғасырда өмір сүрген көрнекті тіл ғалымдарының көпшілігі-ақ айналысты. Я. Гримм, В. Гумбольдт еңбектері кейініректе туған лингвистикалық мектептердің тілдің әлеуметтік сипатына ерекше мән берулеріне түрткі болды. Бұл мәселеге Н.Я. Марр мектебі де ерекше мән берді. Тіл қоғам қажетін өтейтін, қоғамға қызмет ететін қоғамдық құбылыстар қатарына жатады. Пікір алысу, сөйлесу қоғамдасқан адамдар бар жерде ғана болады, адам жоқ жерде тіл де жоқ. Адам қоғамы қашан туған болса, тіл де осы кезеңде пайда болған. Қоғамсыз тіл, тілсіз қоғам болмайды.

Тілдің мәні. Қоғамдық құбылыстардың барлығы да қоғамға қызмет етеді, қоғамдық қажеттікті өтейді. Қоғамдық қызметтерінің сипатына қарай әр қоғамдық құбылыстың өзіне ғана тән өзгешелігі болады. Сондай өзгешелік тілде де бар.

Тілдің қоғамдық қызметінің өрісі өте кең, тіпті шексіз дерлік. Бұл жағынан ол басқа қоғамдық құбылыстардың бәрінен: өндірістен, техникадан, ғылымнан, ойлаудан, базис пен кондыр-

мадан да ерекше. Басқа қоғамдық құбылыстар қоғамға қызмет еткенде тек белгілі бір салада, бір бағытта ғана қызмет етеді. Мысалы, базис қоғамға экономика тұрғысынан, қондырма қоғамға саяси, заңдық, эстетикалық және басқа идеялар арқылы қызмет етеді, ал тіл адамдардың катынас құралы ретінде қоғам өмірінің барлық саласымен де, қоғам мүшелерінің барлық ісімен де тікелей байланысты. Ол қоғамдық тіршіліктің барлық саласында бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік беретін құрал ретінде қызмет етеді. Бұл – тілдің өзіндік мәні, басқа қоғамдық құбылыстардан елеулі өзгешелігі. Соның нәтижесінде тіл қоғамдық қондырмаға да жатпайды, қоғамдағы белгілі бір тапқа тәуелді емес, соның идеологиясы да бола алмайды.

Тілдің қоғамдық құбылыс ретіндегі тағы бір белгісі-қоғамдық сананы білетіндігі. Қоғамдық сананы қоғамға қызмет ететін басқа құбылыстар да, белгілі шамада көрсетуі мүмкін. Бірақ олардың бірде-бірі оны дәл тілдей толық, жан-жақты көрсете алмайды.

Тіл қоғамға қызмет ететін болғандықтан, қоғам өмірінде болған өзгеріс-құбылыстар, белгілі мөлшерде тілге де әсер тигізеді, онда өзінің ізін қалдырады. Тіл, негізінен алғанда, өзінің объективтік заңы бойынша дамиды, бірақ оның дамуы қоғамның дамуымен, өзін қолданушы қауымның өмірімен тығыз байланысты, көп жағдайда соған теуелді болады. Тілдің қоғамдық құрылысқа тәуелдігі басқа қоғамдық құбылыстардай, мысалы, қоғамдық базис пен қондырмадай емес, соңғы екеуі өздері өмір сүріп тұрған әлеуметтік құрылыстың жойылуымен бірге жойылып отырса, тілде ондай кенет өзгеріс болмайды. Тіл алдыңғы қоғамға да, оның орнына келген жаңа қоғамдық құрылысқа бірдей қызмет етеді. Оның себебі тіл базис пен қондырма сияқты таптық болмайды, оны белгілі бір тап жасамайды, ол адамдардың бүкіл даму тарихы бойында, сол тілде сөйлеп жүрген барлық ұрпақтардың күшімен жаса-

лып, бірте-бірте жетіліп отырады. Бұл – тілдің басқа қоғамдық құбылыстардан тағы бір іргелі өзгешелігі.

Тілдің құрылымы мен функциясы. Бұл екеуі өзара байланысты, бірақ бір емес. Тіл жалпыхалықтық дегенде, оның құрылымының жалпыхалықтығы ескеріледі, өйткені бұл жағынан әр халық, әр ұлт тілі – бір бүтін. Ал қызметі жағынан алғанда, тілде айырмашылық, өзгешелік кездесе береді. Істейтін кәсіптеріне, мамандықтарына, білім дәрежесіне, жас мөлшеріне, жыныстарына қарай әр түрлі әлеуметтік топтардың өз сөйлеу мәнерлері, өзіндік лексикондары болатыны даусыз. Бір кездерде “тіл таптық құбылыс” деушілер оның осы ерекшеліктеріне сүйенеді, сөйтіп олар тілдің қызметтік жағын оның құрылымдық жағымен шатастырды.

Қоғамның әлеуметтік құрылысының тілге тигізетін әсері, ең алдымен, тілдің қызметінен анық көрінеді. Өйткені тілді қолданушы әлеуметтік топтар, таптар оған немқұрайлы қарамайды. Оны өз талап-тілектеріне, өздерінің әлеуметтік жағдайларына сәйкес қолдануға тырысады. Мұндай талап тілдің құрылымдық негізін өзгертпегенімен, оны функциялық құбылыстарға, өзгешеліктерге, әр түрлі жіктерге бөлшектемей қоймайды. Ондай жіктелулердің ең елеулілеріне коныс ыңғайынан туатын ерекшелікті (яғни жергілікті диалекті), тіл қызметінің қандай жолмен іске асуынан туатын, ерекшелікті (жазу тілі, ауызекі тіл), қоғам мүшелерінің таптық, кәсіптік ыңғайларынан, бірліктерінен туатын ерекшелікті, қоғам мүшелерінің жас мөлшері, мәдени өзгешеліктерінен туатын ерекшеліктерді жатқызуға болады. Бұлардың басым көпшілігі функционалдық стиль өзгешеліктері болып келеді. Тіл ғылымындағы әдебиеттерде бұл тәрізді өзгешеліктер жалпыхалықтық тілдің функционалдық варианттары деп те аталады. Функционалдық варианттар қауымның тілге тигізетін әр түрлі әсерінен болады. Тіл білімінің бір саласы-социологиялық тіл ғылымының (экстралингвистиканың)

міндеті — қоғамның әлеуметтік топтарының тілге тигізетін әсерлерін зерттеу болмақ.

Тіл және сөйлеу. Тіл дегеніміз не? деген сұрауға жауап берілді. Енді сөйлеу дегеніміз не, ол қалай пайда болады? деген сұрауға жауап берілуі қажет.

Жай қарағанда сөйлеу арқылы қатынас жасау оп-оңай сияқты; біреу сөйлейді, екінші біреу тыңдайды, сөйтіп өзара ұғынысады. Сөйлеудің мұндай жеңіл көрінуі — оның үйреншіктілігінде. Тереңірек ойласак, сөйлеу актісі — өте күрделі құбылыс.

Психологтар тілімен айтканда, сөйлеу дегеніміз — әрекет. Әрекет белгілі бір нәтижеге жету үшін, бағыты, мақсаты бірлігі арқылы топтасқан процестердің күрделі жиынтығы. Сөйлеу адам әрекеттерінің бір түрі болғандықтан, оның анықтамасы да әрекетке берілген анықтамаға ұқсас. Мұнда да алға белгілі мақсат қойылады, сол мақсатқа жету үшін адам сөйлеу мүшелері арқылы әр түрлі артикуляциялық, акустикалық әрекеттер жасайды. Айырмашылығы — сөйлеудегі әрекет тілдік таңбалардың жанама қатысы арқылы іске асады. Сондықтан да сөйлеу дегенді психологтар тілдік танбалар стимулы, құралы қызметінде қолданылатын әрекет деп анықтайды.

Сөйлеу тілдік материалдар арқылы жүзеге асады және тілдік заң-ережелерге, тілдік нормаға бағынады. Тіл мен сөйлеу бір-бірінен ажырамас бірлікте. Тілсіз сөйлеу жоқ, сөйлеу жоқ жерде тіл жоқ. Сөйлеу — тілдің тіршілік ету, өмір сүру формасы.

Сөйлеу әрекеті сөйлеу мүшелерінің артикуляциялары арқылы пайда болып, ауа толқыны арқылы құлаққа естіледі. Сөйлеу әрекеті сөйлеу, есту, ұғыну деген үш бөлімнен тұрады. Бұл үшеуі бір-біріне ұқсамайтын үш бөлек дүние. Сөйлеуші ми орталығынан хабар алады да, сөйлеу мүшелерін қозғалысқа келтіреді, артикуляция жасайды. Соның нәтижесінде дыбыс пайда болады да, ол ауа толқыны арқылы тыңдаушының құлағына жетеді. Тыңдаушы есту мүшелерінің тітіркенуі арқылы сезінгенін есту талшықтарымен ми орталығына жеткізеді.

Сөйлеушінің айтқандары артикуляциялық жиынтық (комплекс) болады да, тыңдаушының еститіндері, қабылдайтындары акустикалық жиынтық болады. Сөйлеуші мен тыңдаушы бірін-бірі түсіну үшін, екі жиынтық берік бірлікте болуы шарт, яғни “көз” деген сөзді айтушы да, тыңдаушы да бір ғана мағынада түсіну керек. Айту мен есту арасында бірлік болмаса, ұғынысу деген де болмайды.

Сөйлеу дегеніміз – тілді катынас процесінде, өз ойын басқаларға білдіру, басқаның ойын білу мақсатында қолдану деген сөз.

Тілдік элементтер (дыбыс, морфема, сөз, сөйлем) қоғам мүшелеріне өздерінің ойларын, сезімдерін білдіру үшін керек. Адамдар ойлау процесінде өздерінің сезгендерін, түйгендерін тілдік тұлғалармен білдіреді. Сөйтіп, тіл дерексіз тұлғадан жеке адамдардың нақты ойын білдіретін құралға айналады. Осыдан жалпының жалқымен, жекемен бірлігі пайда болады. Бірақ бұл екеуінің бірлігі тепе-теңдік, абсолюттік бірлік болмайды. Тіл дегеннен ондағы бүкіл дыбыстардың, сөздердің, грамматикалық формалардың жиынтығын түсінсек, сөйлеу дегеннен сол тілдік элементтердің өзара қарымқатынасқа келуін, яғни тілдің қимыл үстіндегі күйін түсінеміз. Бұл жағынан алғанда тіл сөйлеуге қажетті материалдардың жиынтығы, Ф. де Соссюрше айтқанда, акустикалық бейненің қоймасы, ал сөйлеу – сол қоймадағы материалдардың жанданып іске қосылуы, адамдардың қатынас айналымына түсуі.

Тілдік материалдар да, тілдік заң-ережелер мен нормалар да жалпыхалықтық, қоғамдық, ал сөйлеу тілдік материалдарға, тілдік нормаларға тәуелді. Бірақ соған қарамастан, сөйлеудің тілге, тілдік жүйеге, тілдік заң-ережелер мен нормаларға тигізер кері әсері өлшеусіз. Сөйлеу – тілдің, тілдік норманың жаны, тіршілігі. Сөйлеу процесінде тілдік элементтер, тілдік нормалар жанданып, өз бойындағы мағыналық, функциялық мүмкіндіктерін жан-жақты көрсете алады. Мысалы, “қабырға”

деген сөз жеке тұрғанда жан-жануардың дене мүшесінің аты (яғни анатомиялық атау) немесе үйдің қабырғасы деген мағынаны білдірсе, “қабырғасы қайысу”, “қабырғасына бату”, “қабырғанмен кеңес”, “қабырғалы ел” дегендерде ол сөз жеке тұрғанда ойға кіріп-шықпайтын мағыналарды білдіреді. Сөздердің алуан түрлі келтірінді мағыналары да, экспрессивтік мәндері де сөйлеу процесінде ғана көрінеді.

Тіл, тілдік нормаға қоғамдық бола тұра, жеке адамдардың сөздері, сөйлеулері арқылы көрініп, өмір сүреді. Тілді пайдаланушы индивидумдар да бірдей емес. Қоғамдық мүлікті олардың әрқайсысы өз шама-шарқынша әр түрлі пайдаланады: біреулері оның ішіндегі ең асылдарын іріктеп алып, оларды өз орындарына дұрыс қоя білсе, енді біреулерде ондай шеберлік, дарындылық болмайды.

Тілде бар нәрсенің бәрі сөйлеуде бола беруі мүмкін, бірақ сөйлеуде болғанның бәрі тілде бола бермейді. Сөйлеу процесінде сөздер кейде тілде калыптасқан, үйреншікті мағынасында қолданылмай, тек контекст арқылы ғана түсінуге болатын келтірінді мағыналарда қолданыла береді. Мысалы, Абай өлеңдерінде кездесетін “Көңілдің жайлауынан ел кеткен соң... Жас жүрек жайып саусағын... Кірлетпей кетті, жүректі... Ат жараттық, сән тараттық, әуейілік күйлестік... Көңілдің күні өшкен соң... Қу тілмен кулық сауған заңы құрысын... Бұлттын сүтін ішіп ержеткенім” т.б. дегендердегі көңілдің жайлауы, жүректің саусағы, жүректі кірлетпеу, әуейілік күйлеу, көңілдің күні, кулық сауу, бұлттын сүті деген тіркестердің мағынасы тілде жоқ. Бұлар сөйлеу (жазу) процесі туғызған мағыналар.

Сондай-ақ, әр адамның өзіндік сөйлеу мәнері, дауыс ырғағы, үн құбылысы, интонациясы, рифма, акценті көңіл күйін, ішкі толғаныстарын, айтып тұрған хабарға өз көзқарасын сездіретін алуан түрлі модальдық жайттардың барлығы тек сөйлеу процесінде ғана болатын құбылыстар.

Тілге жаксы, жаман, нормаға жатады, жатпайды, керек, керексіз деген ұғымдарды қолдануға болмайды. Тілдегінін барлығы да керек, барлығы нормалы. Керексіздік, жамандық, нормасыздық, сөйлеуде (жазуда) болады. Сөйлеуші (жазушы) тіл материалдарын орынды, дұрыс қолдана білмейді де тіл шұбарлығын, нормасыздықты туғызады. Осыдан келеді де қоғамдық сипатты тіл және адамдардың сөйлесу (жазу) процесінде дарлық сипатқа ие болады. Тіл мен сөйлеудің бір-бірінен өзгешеліктері де осында.

Тіл мен сөйлеу арасындағы өзгешелік жеке адамдардың сөйлеу шеберлігіне, даралығына ғана емес, одан әлдеқайда күрделі фактордарға да байланысты. Ондай факторлар қатарына диалектідік ерекшеліктер, көршілес, тілдердің әсері мен ықпалдары, сөйлеу тілі мен жазу тілі, әдеби тіл арасындағы өзгешеліктер, қоғамның, ой-сананың күрделене дамуы, тағы сол сияқтылар жатады.

Сөйлеуді екі я бірнеше адамдардың бетпе-бет отырып, ауызша сөйлеуі деп қана түсінбеу керек, оған жазба тіл де, іштен сөйлеу де, үн шығармай, ойды іште топшылау да жатады. Бірақ бұлардың әрқайсысының мән-мағынасы, көріну, қабылдану жолдары әр басқа.

Тіл мен сөйлеудің бір еместігі, бұлардың арасында айырма барлығын ғалымдар ертеде-ақ байқаған. Әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін жете ашып, екі бөлек мәселе етін қоймағандарымен, сөйлеу мен тілдің бір еместігін ХІХ ғасырда өмір сүрген В. Гумбольдт, Г. Штейнталь, Г. Шухардт сияқты ғалымдар да айтқан. Бірақ тіл мен сөйлеуді екі бөлек мәселе етіп қараудың қажет екенін ғылыми тұрғыдан алғаш дәлелдеп берген ғалым деп, әдетте, Ф. де Соссюрді атайды.

Оның басқа теорияларының (ішкі және сыртқы лингвистика, синхрондық және диахрондық зерттеу, т.б.) барлығы да тіл мен сөйлеуді екі бөліп қарау тезисінен туатын логикалық қорытынды, В.А. Звегинцев – егер Ф. де Соссюр ілімінің тіл

мен сөйлеу арасына шек қою жөніндегі тұжырымын алып тастаса, онда оның ішкі және сыртқы лингвистика, синхрондық және диахрондық лингвистика деп бөлулері акылға сыймайтын, ештемемен дәлелдеуге болмайтын бірдеме болып шығар еді, – дегенді айтады¹.

Ф. де Соссюр тіл ғылымын тіл лингвистикасы сөйлеу лингвистикасы деп екі салаға бөледі де, мұнын алғашқысы – негізгі, оның объектісі – тіл, тіл индивидумға тәуелсіз, әлеуметтік құбылыс, соңғысы негізгі емес, көмекші нәрсе, оның объектісі – септеу әрекетінің индивидуалдық жағы, ол – таза психофизикалық пән, бұл екі пән өзара тығыз байланысты, тіл сөйлеу түсінікті болу үшін және өзінің барлық әрекетін жарыққа шығару үшін қажет, ал сөйлеу тіл қалыптасу үшін қажет² деп біледі.

Ф. де Соссюр “сөйлеу әрекеті” деген терминді де қолданады, Оның пікірінше, тіл мен сөйлеу – сөйлеу әрекетінің екі саласы, екі жағы. Ол; “Тіл – сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі, рас, маңызды бөлшегі ғана³”, – деп жазады. Бірақ Ф. де Соссюр сөйлеу әрекеті дегенді сөйлеу мағынасында да қолдана береді.

Ф. де Соссюрдың тіл мен сөйлеуге қатысты көптеген құнды пікірлерімен қатар кейбір қайшылықтары да бар, ол сөйлеуді тек индивидумдық, даралық құбылыс, онда әлеуметтік ештеме де жоқ дей тұра, тілді сол сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі дейді. Бұл арадағы қайшылық – тілді әлеуметтік, сөйлеуді индивидуалдық дей тұра, тілді сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі деп қарауылда. Егер тіл әлеуметтік болса, онда ол индивидуалдық болып табылатын сөйлеу әрекетінің бір бөлшегі болмауы керек не болмаса сөйлеу әрекеті таза индивидуалдық болмауы керек. Сол сияқты, тіл “сөйлеу әрекеті” түсінікті болу үшін, ал сөйлеу тілдің іске асуы, әжетке жарауы үшін қажет дей тура, сөйлеуді

¹ Звезинцев В.А. Теория и прикладная лингвистика. М.: 1963.

² Соссюр де Ф. Курс общей лингвистики. М.: 1933.

³ Бұл да сонда.

таза индивидуалдық құбылыс⁴ деу де қисынсыз. Егер сөйлеуде тек индивидуалдық қана сипат болса, адамдардың бір-біріне түсінуі мүмкін болмаған болар еді.

Сөйлеушілердің бірін-бірі түсінетіні сөйлеген адам жалпы-халықтық тілдегі бар тұлғаларды, формаларды пайдаланады, оларды тілде қалыптасқан жалпы ережеге, нормаға сәйкес бір-бірімен байланыстырады, ал тындаушы адам айтылған тілдік тұлғаларды, олардың тіркестерін тілде қалыптасқан, қауым қабылдаған мағынада түсінеді. Бұл жағдай сөйлеуді түгелдей индивидуалдық құбылыс деп қараудың, оны тілге қарсы қоюдың жөн еместігін байқатады. Жоғарыда айтылғандай, сөйлеуде даралықтың болатындығы даусыз. Бірақ ондағы даралық сөйлеудің әлеуметтігін жоққа шығара алмайды. Сондықтан сөйлеудің индивидуалдығын сөз еткенде, оның әлеуметтік негізде құрылатынын, әлеуметтік материалды (тілді) пайдаланатынын естен шығармаған жөн. Сөйлеудің индивидуалдық сипаты дегенді жеке адамдардың сөйлеу (жазу) процесінде кездесетін жалпы нормадан, қабылданған, орын тепкен дәстүрден ауытқуы деген мәнде түсінген жөн. Тілдегідей жүйе, норма сөйлеуде де болады. Сөйлеудегі өзгешелік қауым мүшелерінің бәріне бірдей міндетті сол тілдік жүйедегі нормадан ауытқу болатыны.

Ф. де Соссюрдің жоғарыдағы көрсетілген қайшылықтары бұл проблеманы одан кейін зерттеушілер арасында елеулі алауыздықтар туғызып келді. Олардың кейбіреулері (Л. Ельмелев, А.И. Смирницкий, Н. Хомский т.б.) Ф. де Соссюр қағидаларын негізінен қабылдай отырып, оны дәлелдей, толықтыра түсуді көздесе, екінші бір топ ғалымдар бұл мәселені пікір таластарына объекті боларлықтай мәнді проблема деп есептемейді. Ал дескриптивтік лингвистиканың өкілдері тіл мен сөйлеу арасына шек қойып, оны екі бөлек мәселе етіп қараудың тіпті қажеті жоқ деп есептейді.⁵

⁴ Бұл да сонда.

⁵ Общес языкознание. М.: 1970.

Бір-біріне карама-қайшы пікірлердің барлығына карамас-тан, тіл мен сөйлеу арасындағы бірлік пен өзгешеліктерді айқындау талабы – қазіргі заман тіл білімінің өзекті бір мәселесі ретінде әбден орнықты. Сондықтан бұл екеуі арасындағы байланысты көрмеу немесе оларды бір-біріне мейлінше қарсы қою, сондай-ақ олардың арасындағы өзгешеліктерді ескермеу, тіпті оны лингвистикалық проблемалар қатарына қоспау сияқты әрекеттер негізсіз, бос талас.

Тілдің ой-санамен қарым-қатысы. Тіл мен ой-сананың бір-бірімен қарым-қатысы жөніндегі мәселе – біздің дәуірден көп бұрын басталған көне тақырып. Қазір бұл мәселені философтар да, тіл ғалымдары да, логиктер де, психологтар да зерттейді. Бұл саладағы пікірлерді үш түрлі көзқарастың төңірегіне топтауға болады:

1. Тіл мен ойлау тепе-тендік бірлікте ешқандай өзгешеліктері жоқ дейтін көзқарас. Бұл – менталистік бағыт деп аталады.

2. Тіл мен ойлау арасында ешқандай бірлік, ұқсастық жоқ, екеуі екі бөлек дүние дейтін көзқарас. Бұл – механистік, бихевиористік бағыт деп аталады.

Бұл екі көзқарастың екеуі де тіл мен ойлаудың қарым-қатысы жөніндегі мәселені жоққа шығарады, оны проблема етіп көтеруді қажетсіз деп санайды.

3. Тіл мен ой-сана өзара тығыз байланысты, бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Бірақ бұлардағы бірлік абсолюттік, тепе-тендік бірлік емес, әрқайсысының өзіндік дербестіктері, қайшылықтары бар дейтін көзқарас. Тіл мен ой-сананың ара-қатысы жөніндегі бірден-бір дұрыс шешім де осы соңғы, үшінші бағыт.

Тіл мен ой-сана арасындағы қарым-қатынас екі жақты: екеуінің де бір-біріне берері де, бір-бірінен алары да аз емес. Тіл – ой-сананы қалыптастыратын, оны материалдандырып жарыққа шығаратын, басқаларға білдіретін, ой-сана табыстарын сақтап, оны кейінгі ұрпақтарға жеткізетін құрал.

Еңбек процесінде тілдің көмегі арқылы қалыптасып, жетілген ой-сана кейінде тілге кері әсерін, ықпалын тигізеді. Тілді жүйелі, дұрыс қолдана білуде, оның ішінен керектіні дұрыс іріктеп алып, лайықты орындарға қоя білуде ой-сананың атқаратын қызметі өлшеусіз. Ой-сана – сөйлеудің мақсатқа сай болуын қамтамасыз ететін бақылаушы. Тілдің сөздік құрамында, грамматикасында, олардың семантикалық жақтарында болып жататын құбылыстар, жаңалықтар – ой-сананың реттеушілік, басқарушылық әрекеттерінің жемісі. Тілдік механизмнің қозғалысқа келіп, сөйлеу әрекетінің пайда болуында да ой-сананың, мидың қатысы мол.

Айтылғандарға қарамастан тіл мен ой-сана арасында елеулі өзгешеліктер де аз емес.

Ой – тілдің, тілдік элементтердің идеялық жағы, тіл арқылы берілетін мазмұнның негізі. Тіл мен ойлау бір бүтіннің екі саласы, бірі – материалдық жағы болса, екіншісі – мағыналық жағы. Сондықтан ойлаудың танытқыштық қызметін сөз еткенде тілге соқпай, тілдің семантикалық, функциялық жағын сөз еткенде ойлауға соқпай кету мүмкін емес. Тілдік элементтердің мағыналық жағы тілді ойлаумен ұштастыратын дәнекер, желі. Осы мағыналық желінің бір басында тіл, екінші басында ойлау тұрады. Қарым-қатынас болған жерде қатысқа келетін иелердің болуы – табиғи нәрсе. Осы тұрғыдан алғанда тіл мен ойлауды қарым-қатынастың екі мүшесі, екі элементі деуге болады.

Бұл екеуі арасындағы байланыс, бірлік олардың тепе-теңдіктерінің кепілі бола алмайды. Бұл екеуі бір-бірінен қызметі, құрылымдары жағынан да жекеленеді. Ойлаудағы мақсат объектіні танып-білу, жаңа мәлімет, тың білім табу болса, тіл ойды қалыптастыру, жарыққа шығару, оны сақтап кейінгі ұрпақтарға жеткізу міндеттерін атқарады. Құрылымдары, логикалық формалары жағынан алғанда, ойлау ойдың логикалық құрылысына ұғым мен байымдауға негізделеді. Ойлаудың логикалық заңы, формасы – жалпы адамзаттық. Ал тілге

негіз болатын оның грамматикалық құрылысы, сөз өзгерту, сөз туғызу, сөйлем құрау ережелері. Бұлар жалпы адамзаттық емес, жеке халықтық, ұлттық болады. Әрбір этникалық топ тілі ойды өзінше қалыптастырады, тек өзіне ғана тән амал-тәсілдер арқылы жарыққа шығарады. Осы себептен де әр этникалық топ өкілі өз тілі тұрғысында, өз тілі негізінде ойлайды.

Ойлау тілмен байланысты дегенде жалпы түрде, абстракт мәнде алынған тілмен емес, өзін қалыптастырған, жарыққа шығарған тілмен ғана байланысты болады. Тіл мен ойдың қарым-қатысын ғылым объектісі ететін де осы айтылған өзгешеліктер мен бірліктер.

Бұл байланысты тіл білімінің менталингвистика деп аталатын саласы зерттейді.

Мента – ақыл, ой, ойлау деген мағынаны білдіретін латын сөзі. Менталингвистика – экстралингвистиканың бір саласы, екеуі де тілдің сыртқы дүниемен байланысын зерттейді.

Менталингвистика объектілері ішіндегі қиын да актуалды да проблемалардың бірі – тіл мен ойлау арасындағы қарым-қатынас. Оның қиындығы – тіл мен ойлау табиғатының күрделілігінде, қарым-қатынастарының әр жақтылығында. Бұл екеуі адамдықтың айырылмас басты белгілері бола тұра, әрқайсысының өз ішінде қайшылықтары мол. Екеуінде де әлеуметтік, жалпы адамдық сипатпен қатар индивидуалдықта қасиеттер бар. Бұлай болуы, асылы, адам табиғатының екі жақты болуынан болса керек.

Тіл мен ойлаудың қарым-қатысы жөніндегі мәселе мен логика, психология, социология, семиотика сияқты көптеген ғылымдар айналысады. Менталингвистика осы аталған ғылымдардың барлығымен істес болады. Әрқайсысының өзіндік объектісі, өзіндік бағыт-бағдарлары бар бұл ғылымдар тіл мен ойлау арасындағы қарым-қатысты түрліше, өз мүлделері тұрғысында талдайды. Соған қарай қазіргі заман менталингвистикасын-

да бірнеше беделді бағыттар қалыптасты. Солардын бірі – логикалық, екіншісі – психологиялық бағыттар.

Логикалық бағыт – менталингвистикадағы ең кең тараған беделді бағыт. Логикалық менталингвистиканың негізгі объектісі ойлаудың танытқыштық қызметін логикалық категориялар мен тілдік категориялар арасындағы қарым-қатысты зерттеу, тілдік категориялардың логикалық сипатын айқындау. Бұлардың пікірінше, логикалық категорияларға жататын ұғым, байымдау, субъект, предикат деп тілдік категорияларға жататан сөз, сөйлем бастауыш, баяндауыш сияқтылар арасында үндестік, бірлік бар. Алдыңғы логикалық категориялар соңғы тілдік категориялар арқылы жарыққа шығады; ұғым – сөз, байымдау – сөйлем, субъект – бастауыш предикат – баяндауыш арқылы т.б.

Бірақ логикалық категориялар мен грамматикалық категориялар арасында қайшылықтар, бір-біріне ұқсамаушылықтар да көп. Соны байқаған ғалымдар сол үйлесімсіздікті болдырмаудың жолын іздеуде.

Психологиялық бағыт немесе психологиялық менталингвистика логикалық бағытқа қарсы. Бұлардың негізгі объектілері ойлай-процесін талдау, логикалық категориялар мен тілдік категориялар арасындағы алшақтықы үйлесімсіздікті ашу, логикалық бағытты сынау. Бұлардың пікірінші, ойлаудың логикалық құрылымы мен тілдің грамматикалық құрылымы арасындағы негізгі қайшылықтар, үйлесімсіздіктер мыналар:

1. Логикалық байымдау мен грамматикалық сөйлем көп жағдайда өзара үйлеспейді. Байымдау – ойлаудың мақұлдауды мақұлдамауды ғана білдіретін формасы және ол субъекті мен предикаттан құралатын екі мүшелі, ал грамматикалық сөйлем хабарлы да, сұраулы да, лепті де, бұйрықты да болып келеді, сонымен бірге, сөйлем бір құрамды да, жайылыңқы да болады. Мүшеге бөлінуі жағынан да сөйлем байымдаудан өзгеше.

2. Логикалық категориялар мен грамматикалық категориялар арасында да үйлесімсіздік көп: логикада сөздер затты, са-

паны, әрекетті білдіретін түрлерге ғана бөлінеді, ал грамматикада бұлардан басқа да сөздер табы бар.

3. Логикалық ұғым мен сөз мағынасы арасындағы да көп өзгешеліктер кездеседі. Сөздер тек ұғымды ғана емес, ұғымға жатпайтын әр түрлі мағыналарды да, түйсік, түсінік, сезіну, қабылдау, нұсқауларды да білдіреді. Сондай-ақ сөздер көп мағыналы болады, кейде белгілі бір ұғым жеке сөз арқылы емес, сөздер тіркесі арқылы да беріледі. Логикаға карағанда тілдің мүмкіндігі де, өрісі де орасан кең.

Логикалық категориялар мен тілдік категориялар арасындағы үйлесімсіздікті ашумен қатар психологтар ойлау түрлерін жете зерттеуге, ойлаудың бейнелі, эмоционалды, техникалық, индивидуалдық түрлерін айқындауды міндет етіп қояды. Бұлар логикалық формаларға, логикалық байымдауларға түсінік бірлігін, психологиялық байымдауды қарсы қояды, сөйлеу әрекетін, сөйлеу жағдайын (ситуациясын), сөйлеу контексін зерттеуді ұсынады. Психологиялық бағыттар мәселені тіл ғалымдары сияқты тіл мен ойлаудың қарым-қатынасы демейді, сөйлеу мен ойлаудың қарым-қатысы дейді. Өйткені психологтар үшін деректі проблема – адамдардың сөйлеу әрекеті. Сөйлеу әрекеті сөйлеушілердің психикасымен байланысты.

Тілдік мағына. Алдыңғы тақырыпшада тіл мен ойлауды бір-бірімен ұштастыратын дәнекер тілдік элементтердің мағыналық жағы деген пікір айтылды. Тілдік мағына деген не, оның қандай түрлері болады? Енді осы сұрауға жауап берейік.

Тіл екі жакты құбылыс: оның бір жағы сыртқы дыбыстық, материалдық жағы да, екіншісі ішкі мазмұндық, логикалық жағы. Тілдің, тілдік элементтердің логикалық жағы дейтініміз – олардың білдіретін мағыналары, атқаратын қызметтері. Тілдік элементтер сөйлеу процесінде қандай қызмет атқарса, сол олардың мәні, мазмұны, мағынасы болмақ. Басқаша айтқанда, мағына деп тілдік тұлғалардың семантикалық функциясын айтады.

Тілдік элементтердің мағыналық жағы тіл білімінде семантика деп, семантиканы зерттейтін ғалым семасиология деп аталады. Тілдік элементтердің семантикасында бейнелеушілік те, коммуникативтік те сипат болады. Тілдің танымдық және коммуникативтік қасиеттері осы екеуінен көрінеді.

Тілдік элементтердің мағыналары дамудың ұзақ замандық тарихы бойында бірте-бірте калыптасады да, келе-келе әбден орнығып, сол тілде сөйлейтіндердің барлығына бірдей түсінікті және міндетті жалпылық сипат алады. Бұлай болмаған жағдайда тіл арқылы пікір білдіру, оны түсіну мүмкін болмаған болар еді.

Тілдік мағына – тіл біліміндегі өте күрделі проблема және ол ғылымдараралық проблема. Бұл мәселемен, әсіресе сөз мағынасымен, философтар да, логиктер де, психологтар да айналысады. Олардың сөз мағынасына байланысты айтқан пікірлері де аз емес, қайшылықтары да жетерлік. Кейбір лингвистикалық мектептер глоссематика мен дескриптивтік мағынаны лингвистикалық пән деуге болмайды, ол – экстралингвистиканың қарауына жататын, тілден сыртқарғы мәселе дейді. Структуралистік бағыттың глоссематика, дескриптивтік деп аталатын салалары дәл осындай көзқарасты қолдайды. Бұған олар тілдік мағынамен әр түрлі ғылымның айналысатынын дәлел етеді. Бұл – тілді негізгі функциясынан, тілдік зерттеуді кездейтін негізгі мақсатынан жұрдай ету деген сөз. Бұл – қате. Өйткені мағына – тілдегі ең негізгі пән. Сөйлеу, сөйлесу атаулының барлығы да мағынаға тіреледі, біреу біреуге тілдік материалдар арқылы белгілі бір мағынаны білдіру, хабарлау үшін өзара қатынас жасайды. Сондықтан да мағына дегеніміз – тілдік тұлғалардың қызметі дейміз.

Тілде болатын алуан түрлі элементтердің қай-қайсысының да өздеріне тән мән-мағыналары бар. Бірақ ол мағына әр элементтің тілде атқаратын қызметіне, өзіндік ерекшелігіне қарай әр басқа болады.

Мағына дегеніміз не? деген сұрауға беріліп келген және беріліп жүрген көптеген анықтамалар бар. Солардың ішінде теориялық жағынан ұстамды, ойға қонымды келетіні – таңбалаушы мен таңбалаушының қатынасынан туатын мән, мазмұн дейтін тұжырым. Тілдік элемент нені білдірсе, нені байқатса, нені бейнелесе, сол – оның мағынасы. Мағына – ойлау категориясына жататын бейнелік құбылыс. Ой мазмұны тілдік мағыналарға негіз болады. Тілдік мағына – объективтік дүниедегі заттардың, құбылыстардың, болмыстардың санадағы бейнесі. Бірақ бейнесі деген болмыстың адам санасындағы айна катесіз көшірмесі емес, болмыстың санадағы сәулесі, елесі ғана. Адам санасында тілдік элементтердің материалдық бейнесі де, заттардың құбылыстардың, болмыстың физикалық бейнесі де сақталады. Екеуі бірігіп бір бүтін болып тұрады. Тілдік элементтерді айтқанда я естігенде, немесе жазылғанды оқығанда сол екі бейне де еске түседі, көз алдыңа келеді. Осы екі бейненің бірлігі, байланысы, қарым-қатынасы оның мағынасы болады. Түсінік болу үшін айтылған я жазылған тілдік элементтің неменеге қатыстығын, нені білдіретінін білу керек. Ондай білік сөйлеуші (жазушы) үшін де, тыңдаушы (оқушы) үшін де біреу ғана болып, бір жердеп шыққан жағдайда ғана тіл өзінің қатынас құралындық қызметін атқара алады.

Тілдік мағына – сан салалы, күрделі құбылыс. Олай болатын себебі сол мағыналарды білдіретін материалдық көрсеткіштердің қыр-сырлары, тілде атқаратын қызметтері жақтарынан алуан түрлі болғандықтарында. Тілдің құрылымдық элементтерінің (фонетика, грамматика, лексика) әрқайсысының өзіндік қызметі, білдіретін өзіндік мағыналары бар. Мысалы, тіл дыбыстары жеке қолданылмайды, жеке тұрғанда мәнсіз болады, ал тілдің дыбыстық жүйесіндегі өзі сияқты басқа дыбыстарымен байланыста қолданылғанда белгілі мәнге ие болады; әр түрлі тілдік тұлғаларды жасауға материал болады. Бұл конститутивтік функция деп аталады. Сөзді тыңдаушыға жеткізу қыз-

меті. Бұл - перцептивтік қызмет деп аталады. Екінші, бір сөзді я морфеманы екінші сөздегі я морфемадан ажыратып таныту қызметі. Бұл – сигнификативтік қызмет деп аталады. Тіл дыбыстарының мән-мағынасы дегеннен олардың осы қызметін түсінеміз. Бірақ тіл дыбыстарында атауыштық, заттық, логикалық мәндер болмайды.

Тілдік мағыналардың негізгі түрлері – лексикалық мағына мен грамматикалық мағына. Лексикалық мағына деп, әр сөздің білдіретін өзіне тән атауыштық мағынасын айтады, ал грамматикалық мағынаға сөздің лексикалық мағынасы үстіне косымша, үстеме болып қосылатын көмекші мағыналар жатады. Көмекші (грамматикалық) мағыналар, негізінде, түрлі грамматикалық категориялар жасауға негіз болады.

Грамматикалық мағына мен лексикалық мағынаның бір-біріне ұқсастықтары, бірліктері де, әрқайсысының өзіндік сипаты, бір-бірінен өзгешеліктері де бар. Грамматикалық мағынаның бірсыпыра түрлері лексикалық мағынамен ажырамастық бірлікте қолданылады, екеуі де бір ғана көрсеткіш бойынан табылады. Мысалы, *кітап*, *қызғылт*, *кел* деген сөздерде затты, түсті, әрекетті, білдіру сияқты атауыштық, лексикалық мағынамен қатар, *кітап* сөзі зат есімдік, жекелік, атау тұлғалық мағыналарды, *қызғылт* сөзі сын есімдік, шырайлық мағыналарды, *кел* сөзі келер шақтық, екінші жақтық, жекелік, болымдылық, бұйрық мағыналарды білдіреді. Бұлардың барлығы да аталған сөздердің лексикалық, атаушылық мағыналары үстіне үстеме болып қосылып тұрған грамматикалық мағыналар. Бұл мағыналарды қатынастырмай сөздерді тек лексикалық мағына көрсеткіші түрінде ғана қолдану мүмкін емес. Тілдік мағынаның бұл екі түрінің бірлігі, бір-бірінен бөлінбейтіні де осында. Сондай-ақ лексикалық мағынада болсын, грамматикалық мағынада болсын тілдік функция, логикалық мән болады. Бұл жағынан алғанда да аталған екі мағына өзара жақын.

Осындай бірліктерімен, ұқсастықтарымен қатар бұл екеуінің бір-бірінен елеулі өзгешеліктері де бар. Грамматикалық мағынада заттық, атауыштық мән жоқ, ал ол лексикалық мағынада бар. Лексикалық мағына жеке сөзге тәуелді, соның айырылмайтын сынары, ал грамматикалық мағына жеке сөзге тәуелсіз, ол абстракт, жалпы мағынаны білдіреді. Сондықтан грамматикалық мағыналардың көпшілігі жоғарыдағыдай сөз түбірінен ғана емес, одан тысқары әр түрлі арнаулы көрсеткіштер, формалар арқылы де беріледі. Мысалы, *кітаптар*, *қызылырақ*, *келді* деген сөздердің біріншісіндегі көптік, екіншісіндегі салыстырма шырайлық, соңғы сөздегі өткен шақтық, үшінші жақтық мағыналар айтылғанды дәлелдейді. Тілдік коллектив мүшелері сөйлеу процесінде сөздің лексикалық мағынасын түрлендіріп оны ауыспалы, келтірінді мағынада қолдана береді, ал грамматикалық мағыналарды олай түрлендіре алмайды. Бұл жағдайлар тілдік семантиканың сапалық жағынан да, сандық жағынан да, құрылымдық және қызметі жағынан да әр қилы екендігін байкатады. Тілдік мағыналардың сол түрлерін дұрыс айқындап, жан-жақты талдап шешу менталингвистика мен лингвистикалық концептологияның негізгі міндеттерінің бірі.

VIII ТАРАУ

ТІЛДІҢ ТАҢБАЛЫҚ СИПАТЫ

Дыбыс тілі қатынас құралының ең маңызды түрі болғанымен, оны қолдану әрдайым мүмкін де, тиімді де бола бермейді. Кейде дыбыс тілі арқылы хабарлауға, білдіруге болмайтын жайттар өмірде жиі кездеседі. Мұндай жағдайларда бірнәрсе жайында басқаларға хабар беру үшін, сол хабардың шартты көрсеткіші ретінде әр түрлі материалдық белгілерді қолданған. Ондай шартты белгілер орыс тілінде знак, қазақ тілінде таңба деп аталады. Таңба деп басқаларға білдірмекші болған белгілі бір хабардың орнына, қолданылатын сезім мүшелерінің біріне заттық, құбылыстық, дыбыстық, сәулелік, әрекеттік, тағы солар сияқты белгілерді айтады. Белгілі бір нәрсені білдіру, хабарлау қызметін атқарып тұрған материалдық көрсеткіш, яғни таңба, таңбалаушы деп аталады да, ол білдіріп тұрған мағына таңбаланушы деп аталады да, ол білдіріп тұрған мағына таңбаланушы деп аталады. Мысалы: бағдаршамның қызыл жарығы – таңбалаушы да, ол білдіріп тұрған “жүруге болмайды” деген мағына – таңбаланушы. Сондай-ақ, шеберхана-лар маңдайшасындағы телевизор; радио қабылдағыштардың суреттері таңбалаушы да, олар білдіріп тұрған “осы заттар осы жерде жөнделеді” деген мағына таңбаланушы т.б. Таңба ретінде кез келген затты, кез келген шартты белгіні қолдануға болады. Ондай шартты белгілер – материалдық жағынан да, білдіретін хабарының мазмұны, оны беру тәсілі мен таңбаның құрылымдық сипаты жағынан да алуан түрлі, ол – ғылым объектісі болуға әбден жарайтын, мейлінше күрделі құбылыс. Осы себептен үстіміздегі ғасырдың 30-жылдарынан бастап, таңбаларды зерттейтін семиотика деп аталатын дербес ғылым қалыптасты. Семиотика – грек сөзі, мағынасы – белгілі.

Семиотика – хабаршы таңбалар туралы жалпы теориялық ілім, ол таңбалардың табиғатын, жүйесін, түрлерін, қолдану процесіндегі құбылыстарын, таңбалардың бір-бірімен және өздері білдіретін мағынамен қарым-қатынасын зерттейді.

Семиотика – 30-жылдарда ғана қалыптасқан жас ғылым болғанымен, әр түрлі материалдық белгілерді хабаршы таңба ретінде қолдануды адамдар ежелгі заманнан бастап-ақ білген. Сондай-ақ, атқаратын қызметі жағынан алғанда сөйлеу тілінде де жалпы таңбаларға тән сипаттардың барлығын, сондықтан оны да жалпы таңбалар тобында қараудың керектігін ежелгі заман ойшылдарының өздері де айтқан. Аристотель ауыз екі айтылған сөздер – ойдағы түсініктің символы, ал жазу – сөздің символы деген. Кейінгі заманда өмір сүрген Гоббс, Локк, Лейбниц т.б. философтар тіл – таңбалар жүйесі деп есептеген. Тілде таңбалық сипаттың барлығын ХІХ ғасырдағы көрнекті тіл ғалымдары – Ф. Бопп мен В. Гумбольдт та айтқан. Дегенмен, бұл мәселенің тіл білімінің негізгі проблемаларының бірі ретінде қойылып, тіл білімінде оны зерттейтін тілдік семиотика дейтін саланың болу қажеттігіне көз жеткізген ғалым – Ф. де Соссюр. Сөйтіп, бүкіл таңба атаулыны зерттейтін жалпы семиотика мен тіл түйіскен жерден аралық ғылым ретінде тілдік семиотика деп аталатын ғылым қалыптасты.

Жалпы семиотика мен тілдік семиотика. Жалпы семиотика бүкіл таңба атаулыға бірдей дәрежеде қолдануға болатын ортақ теория қалыптастыруды көздейді. Ол таңбалар арасында болатын өзгешеліктерге, әсіресе тілдік таңбалардың спецификалық ерекшеліктеріне онша мән бермейді. Семиотика үшін тілдік таңбалар да, тілдік емес, көмекші таңбадар да бірдей, барлығы да хабар беруші, коммуникативтік қызмет атқарушы тұлғалар. Сондықтан олардың барлығы да бірыңғай ортақ заң-ережелерге бағынуы керек. Бірақ іс жүзінде семиотиканың теориялық тұжырымдары, көбінесе, тілге жатпайтын көмекші таңбаларға негізделеді, соларға тән сипаттарды басшылыққа алады. Бірақ

тілдік таңбалар мен тілге жатпайтын таңбалар арасында түбірлі өзгешеліктер болады. Осы себептен семиотиканың жалпы теориялық тұжырымдары тілдік таңбалардың сырларын ашуда біраз септігін тигізгенімен, таңбалардың өзіндік сипаттарын, таңба мен ол білдіретін мағына арасындағы қарым-қатынасты айқындау мәселелеріндегі оның қағидалары тілдік таңба сипатына сай келмейді. Бұл жағдай тілдің таңбалық сипатын жалпы семиотикалық шеңберінде қалдырмай, одан бөліп алып, ерекше сөз етудің қажеттігін байкатады. Тілдік таңбаларды зерттейтін тілдік семиотика ғылымын дүниеге келтірген де сол өзгешеліктер. Тілдік семиотика біраз мәселеде жалпы семиотиканың қағидаларына сүйенеді, соны басшылыққа алады. Өйткені, жалпы таңбаларға тән кейбір қасиеттер тілдік таңбада да болады.

1. Барлық басқа таңбалар сияқты тілдік таңба да сезім мүшелерінің біріне білінетін материалды болады; 2/ бір нәрсе жайын хабарлайды, коммуникативтік қызмет атқарады; 3/ белгілі бір мағынаға, мазмұнға бағытталады, онымен шартты қатынаста болады; 4/ өзі білдіретін мағынамен қатынасы емін-еркін болады, олардың арасында табиғи байланыс болмайды; 5/ өз жүйесіндегі басқа таңбалардан бір немесе бірнеше айырым белгілері арқылы жекеленіп танылады...”.

Қандай да болмасын белгілі бір материалдық көрсеткішті таңба деп санау үшін, ол өзінің материалдық табиғатына тән емес, қосымша қызмет ретінде жүктелген бір нәрселерді білдіруі, хабарлауы қажет.

Адамдар кез келген затты таңба ретінде пайдалана алады. Мысалы: терезе алдында бір шок гүл қою арқылы “үйде бөтен адам бар” дегенді хабарлай алады, бірақ ол үшін хабар беруші мен хабар алушы арасында келісім болуы қажет. Олай болмаған да, таңба қосымша қызметін атқара алмайды. Қазіргі уақытта көпшілікке танымал болып қалған бірсыпыра таңбалар бар. Олардың қатарына көше және жол бойларындағы жүріс-

тұрыстарды реттеу максатында қолданылатын бағдаршамдар, жол бойына қойылатын әр түрлі белгілер, завод-фабрикалардағы гудоктар, оқу орындарында қолданылатын қоңыраулар, әлеуметтік топтардың өзіндік киім ерекшеліктері, белгілі-значоктары, мемлекеттік гербтар мен ордендар, кейбір ғылымдарда қолданылатын арнаулы графикалық таңбалар, т.б. Мұндай таңбалар өмірдің әр саласында қолданылады және олардың материалдық сипаттары да алуан түрлі

ТАҢБАЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Семиотикалық әдебиеттерде таңбаларды *негізгі* таңба, *көмекші* немесе жасанды таңба деп екіге бөлушілік бар. Негізгі таңба деп тілдік таңбаларды айтады. Оның негізгі болатын себебі ол алғашқы, басқа көмекші таңбалардың барлығы да соның негізінде туған, сол арқылы ұғынылады. Осы себептен де ғалымдар тілдік таңбаны “барлығын да айтуға келетін” /А. Мартине/ “барлық басқа семиотикалық таңбаларды аударуға болатын” /Л. Ельмелев/, “барлық типтегі таңбалардың оркестрі” /Т. Милевский/ деп санайды.

Көмекші таңбаларды материалдық сипаттарына қарай төмендегідей түрлерге бөлушілік бар:

Графикалық таңбалар. Бұған математика, физика, химия, логика ғылымдарында қолданылатын таңбалар және әр түрлі жазулар, мөр таңбалар жатады. Бұлар көру мүшесі арқылы қабылданады. Оларға кейбір ғалымдар ымдау, нұсқау белгілерінде, мылқаулардың мимикалық тілін де, әр түрлі іздер мен белгілерді де жатқызады.

Акустикалық таңбалар. Бұған сөйлеу мүшелерінің – артикуляциялары арқылы жасалатын таңбалар, белгілі мақсат үшін берілетін алуан түрлі сигналдар, дабылдар, қоңырау мен гудоктар жатады. Олардың барлығы да есту мүшесі арқылы қабылданады. Есту арқылы қабылданатын таңбаларды олардың

жасалу тәсілдеріне қарай кейбір ғалымдар вокалды таңбалар, аспапты таңбалар деп екіге бөледі де, алдыңғысына дыбыстау мүшелері арқылы жасалатын сигналдарды, соңғысына әр түрлі музыкалық аспаптар арқылы берілетін арнаулы сигналдарды, дабылдарды жатқызады.

Заттық таңбалар. Бұған жол бойына, көшелерге, кәсіпорындары мен мекемелердің мандайшаларындағы белгілер, көрсеткіштер және әр әлеуметтік топтардың өздеріне тән киім түрлері мен формалары, значоктар мен гербтер, әскери белгілер, түрлі жалаулар арқылы берілетін сигналдар, ентаңбалар жатады.

Ақша таңбалар. Бұған әр елдің, әр дәуірдің қағаз, күміс, бақыр ақшалары жатады.

Сәуле таңбалар. Бұған жарық арқылы берілетін әр түрлі белгілер, сигналдар – бағдаршамдар, су жолында қолданылатын маяктар, бакендер (су бетіне қауіпті жерлерге қойылатын қалқыма шырақтар) жатады.

Ымдау, нұсқау таңбалары. Бұл – семиотикалық таңбалардың ең күрделісі. Ол әр түрлі дене қимыл-қозғалыстары арқылы беріледі. Кейбір ғалымдар ым тілін адамдардың қатынас құралының алғашқы түрі, бастапқы тіл – ым тілі болған, дыбыс-тілі ым тілінен кейін шыққан, ым тілі адамдар қатынасы дамуының дербес бір сатысы дегендерді айтқан. Мұндай пікірді кеңес тіл білімінде Н.Я. Марр да жақтады.

Дене қимылдары арқылы түсінісу, хабарласу әрекеттерінің ежелгі замандардан бері келе жатқанын, оның адам қоғамының өте балаң кездерінің өзінде де мол кездесу мүмкіндігін ғылым бекер демейді. Бұл мәселені зерттеуші мамандар оны хайуанаттар дүниесінде қазірде де кездесетін әр түрлі дене әрекеттерімен төркіндес емес пе екен: қазірде қолданылып жүрген әр түрлі ымдау, нұсқауларымыз адамдардың хайуандар тобынан бөліне қоймаған кезінің өзінде де болмады ма екен деген болжаулар айтады. Қазіргі хайуандар дүниесінде осыған ұқсас әр түрлі

жәйттерге карағанда дене қимылдары арқылы түсіндірудің төркіні тым арғы заманда дейтін пікірдің жаны бар. Бірақ оны дербес катынасыз өмір сүрген дербес тіл еді деуге, қоғам дамуында ым тілі дәуірі болған деуге ешқандай дәлел жоқ. Қайта өмір тәжірбиесі дене қимылдарының дыбыспен, үнмен қосарлана, соған көмекші ретінде қолданылатынын көрсетеді.

Ымдау қызметі жағынан семиотикалық таңбалардан елеулі өзгешеліктері бар. Ым “тілі”, ең алдымен, жасанды емес, ол – ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мұра ретінде беріліп отыратын табиғи құбылыс. Шарттылық ым “тілінде” тым елеусіз, сондықтан ол – негізінде интернационалдық құрал, оны бірінің тілін бірі білмейтін адамдар да түсінісе алады. Барлық халықта жұдырық көрсетуді қорқыту деп, қол бұлғауды шақыру деп түсінеді.

Семиотика ғылымы таңбаларды табиғи таңба, жасанды таңба деп те бөледі. Табиғи таңбаны кейде белгі таңба, симптом деп те айтады. Бұған заттардың өз бойына тән, одан бөліп алуға болмайтын табиғи белгілері, симптомы жатады. Олар бір затты я құбылысты екінші бір заттардан, құбылыстардан, айыруға белгі болады. Соған карап мұны кейде көрсеткіш, танытқыш таңба деп те айтады. Көрсеткіш таңбалар өздері белгісі болатын затпен, құбылыспен тығыз байланыста, айырылмайтын бірлікте болады. Бұлар – өмір тәжірибесі арқылы танылған, заттардың, құбылыстардың табиғатына тән симптомы. Мысалы: қар қыстың, түтін оттың, науқастың, дене қызуының көтерілуі, термометрдегі сынаптың төмендеуі салкындықтың белгілері т.б. Семиотикалық таңбалар білдіретін хабардың, мағынаның, таңбалық қызмет атқарып тұрған затпен, құбылыспен ешқандай табиғи байланысы болмайды, ол екеуі тек шартты катынаста ғана болады және оны біреулер я шағын бір қауым белгілеп береді. Тек олардың нені білідіретіні алдын-ала келісілген болса болғаны. Мысалы: бағдаршамның “жүруге болмайды” деген мағынаны білдіретін қызыл жарығы орнына басқа бір жарықты

алуға да болады, онда тұрған түк те жоқ, тек оны пайдаланатындар алдын-ала білсе болғаны. Бұл – семиотикалық таңбалар мен олар білдіретін мағына арасында айырылмайтын бірліктің жоқтығын, олардың автономиялығын байқатады. Ал табиғи белгілерде мұндай емін-еркіндік болмайды. Бірақ адам баласы табиғи белгілерді хабаршы таңба ретінде қолдана алады. От жағу, түтін салу арқылы басқаларға хабар берілуі мүмкін, тек оның нені хабарлап тұрғанын хабар алушының күні бұрын білуі шарт. Олай болмаған жағдайда олар таңбалық қызмет атқара алмайды.

Семиотикалық таңбаларды өз ішінен сигналдық, символдық, тілдік, субституттық таңба деп бөлушілік те кездеседі.

Сигнал таңбалар – көру, есту арқылы қабылданатын таңбалар. Мұның қатарына қоңырау, дабыл, темір жолда, су жолында, дала жолдарында, көше бойында қолданылатын алуан түрлі белгілер жатады. Сигнал таңбалардың мағыналары шартты болғандықтан, жағдайға қарай өзгеріп отырады, Мысалы: қоңырау бірде сабақтан шығуды білдірсе, енді бірде сабаққа кіруді білдіреді, т.б.

Символ таңба көмекші таңбалардың басқа түрлеріне қарағанда анағұрлым күрделі, ол дерексіз, бейнелі ұғымдарды білдіреді. Бұған әр елдің мемлекеттік гербі, туы, мөрлері, жалаулары, әскери атақ-дәреже белгілері, значоктар, ордендер т.б. жатады.

Таңбаның бұл екі түрінде де олар білдіретін мағына таңба құрамына енбейді, таңбалық қызмет атқарушы материалдық көрсеткіштерден тысқары болады, сондықтан бұларды бір жақты таңбалар деп атайды.

Жоғарыда аталған тілдік және соның бір көрінісі болып есептелетін субституттық /материалдық/ таңбалар – тілдік семиотиканың негізгі объектісі болып табылатын негізгі таңбалар.

Тілдік таңбалардың түрлері және өзіндік ерекшеліктері. Жалпы семиотикалық ереже бойынша таңба бір жақты, тек

материалды ғана болады, мағына таңба құрамына енбейді. Таңбалық қызметтен айырған күнде де олар бастапқы табиғи қалпында қала береді. Бұл қағидаға жеке тұрғанда ешқандай мағынаны білдіре алмайтын, бір нақты элемент болып есептелетін фонемалар болмаса, тілдегі басқа тұлғалардын ешқайсысы да сай келмейді, өйткені тілдегі сөз болсын, сөйлем болсын – бәрі де екі жакты тұлғалар. Оның үстіне, бұлардың мағыналары өздерінің материалдық жағынан бөліне алмайды, бұл екеуі айырылмастық бірлікте тұрады, егер бір-бірінен айырылса, өмір сүруден қалады. Шындығында тілдік жүйе көмекші, шартты таңбалар жүйесіндей емес, мейлінше күрделі, көп сатылы, көп қабатты, көп элементті жүйе. Тілдегі алуан түрлі тұлғалар тек құрылымдары жағынан ғана емес, мағыналары мен қызметі жағынан да түрлі-түрлі. Олардың ішінде екі жакты да, жартылай екі жакты да, бір жакты да тұлғалар бар.

Екі жактағы сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер жатады. Жартылай екі жактыға көмекші морфемалар жатады. Бір жактыға фонемалар жатады.

Тілдің негізгі тұлғалары катарына дыбыс, морфема, сөз сөйлем жатады. Дыбыс – тілдің ең кіші материалды бөлшегі. Ол, біріншіден, тілдің өзінен бірер басқаша жоғары тұратын тұлғаларын жасауға материал болса, екінші жағынан бір тұлғаны екінші тұлғадан айыратын танытқыш белгі қызметін атқарады. Дыбыс жеке тұрғанда ештемені де білдіре алмайды, мағынасыз болады, сондықтан ол екі жакты мәні бар таңба жасауға қатысқаны болмаса, өзі таңбалық қызмет атқара алмайды. Өйткені таңба болу үшін бір нәрсені хабарлауы, білдіруі керек. Дыбыстардың осы айтылған ерекшеліктеріне қарап оны ғалымдар бірде диакритикалық белгі десе, енді бірде фигура деп атайды. Фонемалардан бір басқыш жоғары тұратын тұлға – морфема. Морфеманы, әдетте, өзіне тән мағынасы бар екі жакты тұлға деп санайды. Бірақ морфеманың мағынасы атауыштық, хабаршы мағына емес, грамматикалық мағына

және ол мағынасы номинативтік мәні бар негізгі морфемамен бірге тұрған ғана білінеді. Екіншіден, сөздердің морфемаларға жіктелуі тіл атауының барлығына бірдей тән құбылыста емес, сөздердің құрамын морфемаларға бөлуге болмайтын тілдер де болады. Морфема – атауыштық мәні бар лексемалар мен фонемалар арасындағы аралық категория. Ол – тілдің структуралық тұлғасы, бірақ хабаршы таңба бола алмайды.

Морфемадан жоғары тұратын тілдік қабаттардың үшінші басқышы – сөз. Сөз – тілдегі негізгі тұлға. Сөйлеу атауының барлығы да сөзден басталады. Сөз – ұғымның материалдық көрсеткіші. Ол – жеке тұрып та белгілі бір мағынаны, ұғымды білдіреді. Сөзден төменгі тілдік элементтердің (дыбыстық, морфеманың) ешқайсысы да жеке қолданылмайды, өз беттерінше тұрып номинативтік қызмет атқара алмайды. Мағыналық, қызмет байлығы жағынан тілдік тұлғалардың бірде-бірі сөзге тең келе алмайды. Сөз жеке мағыналы, ұғымды барлап көрсету сияқты атауыштық қызметтен бастап, ойды білдіретін сөйлемге дейін орасан көп міндет атқарады. Сондықтан да сөздің табиғатын, таңбалық мәнін зерттеген ғалымдардың басым көпшілігі оны тілдің ең өзекті, ең универсалды, айрықша тұлғасы, тілдегі негізгі таңба деп санайды.

В. Гумбольдт, Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ сияқты әйгілі ғалымдардың таңба екі жақты құбылыс: оның бір жағы сыртқы материалдық, дыбыстық көрсеткіші де, екіншісі - ішкі мағыналық, идеялық жағы. Таңба дейтініміз осы екеуінің бірлігі дейтін тұжырымдарына толық сай келетін тілдік тұлға – сөз. Бірақ сөз көмекші таңбалар сияқты өз бойында мағынасы жоқ, құр материалдық белгі емес, материалдық жағы мен идеялық жағы бір-бірінен ажырамайтын бірліктегі біртұтас тұлға. Сөздің бұл екі жағы бірінсіз бірі өмір сүре алмайды. Сөздік таңбаның көмекші таңбалардан түбірлі өзгешелігі де осында.

Тілдің тіршілігі сөйлеуде, сөйлесуде екені белгілі. Сөйлеу сөйлемнен, сөйлемдер тіркесінен құралады. Сөйлем – сөйлеу-

дегі, пікір алысудағы ең негізгі және бірден-бір коммуника-
тивтік тұлға. Сөйлемнің негізгі түрі – бірнеше сөздерден
кұралатыны. Сөйлем құрамына ену арқылы тілдің төменгі
кабаттары жанданып, өз бойларындағы барлық мүмкіндік-
терін жарыққа шығара алады. Сөйлем тілдік тұлғалардың ең
жоғары, құранды қабаты болумен, бірге, танбалық жағынан да
ең күрделі, жоғары тұлға боп есептеледі.

Сонымен, семиотикалық сипаты жағынан тілдік тұлғалар-
ды танбалар жүйесі, фигуралар жүйесі деп екіге бөлуге бола-
ды. Танбалар жүйесіне сөздер, сөйлемдер жатады да, фигура-
лар жүйесіне фонемалар мен морфемадар жатады. Бұлардың
алдыңғылары екі жақты тұлғалар да, соңғылары танба құрай-
тын материалдар болғандықтан, бір жақты тұлға болып
есептеледі.

Тілдік танбалардың ерекшеліктері. Қызметіндегі кейбір
ұқсастыққа карап тілдік элементтерде де танбалық сипат
бар делінгенімен, тілдік танбалардың тілдік емес көмекші
танбалардан құрылымы жағынан да, қызметінің көлемі, мәні
жағынан да, білдіретін хабары мен қарым-қатынасы жағынан
да түбірлі өзгешеліктері бар.

Дыбыс тілі және оның танбалары семиотикалық хабар-
шы танбалардай тек бір нәрселерді мәлімдеп қоймайды, соны-
мен бірге ол – айналадағы өмірді танып-білудің, ойды қалып-
тастырып, дамытудың да құралы, басқаша айтқанда, адам
баласының бүкіл күресі мен дамуының құралы.

Тілдік танбаларға қызметті белгілі біреулер я шағын бір
қауым алдын-ала жасаған келісім бойынша белгілеп бер-
мейді. Ол осы тілде сөйлейтін бүкіл қауымның табысы,
сондықтан ол тілдік қауым мүшелерінің барлығына да белгілі,
жалпыхалықтық болады.

Қызмет жағынан алғанда тілдік емес танбалар алдын ала
белгілеп қойылған белгілі бір жайды ғана хабарлап білдіреді.
Олардың коммуникативтік ролі сапалық жағынан да, сандық

жағынан да мейлінше шағын, бір объектіге ғана тәуелді. Тілдік таңба қоғам өмірінің барлық саласында да, қоғам мүшелерінің барлығы үшін де бірдей дәрежеде, мейлінше кең көлемде қолданылатын универсалды таңба. Оның беретін хабары шексіз дерлік.

Нақтылы жағдайдағы максатқа сәйкес тілдік таңбаларды іріктеп, екшеп, түрлендіріп қолдануға болады. Оның алуан түрлі хабарларды жан-жақты етіп құбылтып, кең көлемде беру мүмкіндігі – таңбаларының осындай көптігінде, сансалалығында.

Тілдік емес таңбалар жүйесінде таңбаның бір ғана предикаттық мәні бар түрі болады. Ол ұсак таңбаға бөлшектенбейді. Сондықтан бұларда таңбалардың иерархиялық құрылысы, белгілі тәртіпке бір-бірімен байланысқа келуі дегендер жоқ. Өз жүйесіндегі басқа таңбалармен мағыналық байланысы болмағандықтан, әр таңбаның өзіне белгілеп бастапқы мазмұны өзгермейді, басқа таңбалар мазмұнына әсері болмайды. Тілдік емес таңбалардың өнімсіз болатыны осыдан. Ал тілдік таңбалардың құрылымы мен жүйесі олардан мүлде басқа. Тілде ірілі-ұсақты әр түрлі тұлғалар, элементтер болады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік құрылымы, өзіндік қызметі болады. Бұл тілдік таңбалардың басқа көмекші таңбалардан құрылымдық бір өзгешелігі. Тілдік таңбалардан көп сатылығы да осында. Мұнда таңбаның негізгі екі түрі болады: оның бірі – номинативтік таңбалар да (сөздер, фразалық тіркестер), екіншісі – синтаксистік таңбалар (сөйлемдер), сонымен бірге, бұлар өзара иерархиялық қатынаста болады. Таңбалар қалыптасқан белгілі тәртіп бойынша бір-бірімен байланыса келе күрделі, жаңа мазмұнды екінші бір кабат құрайды. Мұндай кабаттар өз құрамына енген элементтердің жай ғана жиынтығы, бір жерге топтасуы болмайды, олардың мәндерінен, мағыналарынан мейлінше өзге, анағұрлым күрделі, тың сапа

болады. Соның нәтижесінде тілдік таңбалар мағыналық жағынан түрленіп, өсіп, дамып отырады.

Тілдік таңбалардың басқа жүйедегі таңбалардан икемді, оралымды, объективтік өмір шындығы бейнесін соншалықты шебер жинақтап бере алатындығы, басқа таңбалардай тек коммуникативтік қана емес, экспрессивтік те, парадигматикалық та, репрезентативтік те, сигнификативтік те қызмет атқаратын көп функциялы болуы және осы қызметтерінің бір-бірімен байланысты, шарттастығы – тілдік таңбалардың көп қабатты, иерархиялық құрылымды болуынан. Осы себептерден де семиотикалық әдебиеттерде тілдік таңбалардың номинативтік, синтаксистік болып бөлуіне, олардың иерархиялық сипаты мен көп қабатты болуына ерекше мән беріледі. Бұл ерекшеліктер тілдік таңбаларды тілдік емес таңбалардан ажырататын белгілердің ең бастылары деп есептеледі.

Тілдік таңбалар қызметінің көптігін сөз еткенде, оның эмоционалдық – экспрессивтік қызметіне де ерекше мән беріледі. Өйткені бұл қызмет тілдік таңбаларда ғана болады.

Тілдік таңбалардың тағы бір ерекшелігі – оның қолданушылар еркіне тәуелсіз болатындағы. Тілдік таңбалардың емін-еркіндігі дегеннен ең алдымен, таңба мен таңбаланушы арасындағы байланыстың емін-еркіндігін ұғамыз. Таңба мен таңбаланушы арасындағы байланыстың емін-еркін болатындығына, әдетте, бір ғана заттың және ол жөніндегі ұғымның әр тілде әр түрлі алатындығын дәлел етеді. Шынында да, бір ғана зат неліктен орыс тілінде *окно*, қазақ тілінде *терезе* деп аталады? *Тау* неге тау деп, *тас* неге тас деп аталады? Бұл сияқтыларды қазіргі тіл фактілерімен түсіндіруге, дәлелдеуге болмайды.

Таңба мен таңбаланушы арасындағы бұл тәріздес емін-еркіндікті Ф. де Соссюр абсолюттік емін-еркіндік деп атайды да, емін-еркіндіктің салыстырмалы түрі де болады дегенді айтады. Салыстырмалы емін-еркіндікте таңба мен таңбаланушы арасындағы байланысты, қарым-қатынастың азды-көпті мөл-

шерде болса да түсіндіруге болады. Мұндайларға ол туынды, біріккен сөздер түріндегі таңбалардың біразын жатқызады.

Әрине, тілдік таңбалардың оны қолданушылар еркіне тәуелсіз емін-еркін болуында да белгілі шек бар. Тілді қолданушылар таңбалардың қызметіне әсерін тигізбей, оны нормалап, өңдеп-қырнап жетілдірмей тұра алмайды. Бірақ ондай саналы әрекеттердің қай-қайсылары болса да, таңба мен таңбаланушы арасындағы байланыстың емін-еркіндігін, адамдар еркіне тәуелсіздігін жоққа шығара алмайды, өйткені ондай сапалы әрекеттердің тілге жасайтын ықпал-әсері онша емес.

Тілдік таңбалардың тәуелсіздігінің, емін-еркіндігінің негізі тілдік дәстүрде. Қай халықтың тілі болса да атадан балаға, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде беріліп, ауысып отырады. Кейінгі ұрпақ алдыңға ұрпақтан қалатын тілдік мұраны қолданады және байырғы ізбен оны өзінен кейінгі ұрпақ бойына сіңіреді, соған мұра етіп береді. Тілдік эстафетаны қабылдап отыратын кейінгі ұрпақтар аталарымыз *тауды* неге *тау* деді екен, *тасты* неге *143-144, 145 тас* деді екен деп талдап жатпайды, сол қалпында қабылдайды. Сөйтіп, алдыңғы ұрпақтың белгілі бір тілдік таңбаны неге олай қолданғаны кейінгі ұрпаққа белгісіз болады немесе заман өте келе оның себебі ұмтылады. Осыдан келіп тілде неге олай айтылатынын түсіндіруге, дәлелдеуге болмайтын таңбалар көбейіп, жеке қолданушылар еркіне тәуелсіз өмір сүреді.

IX ТАРАУ

ТІЛДІҢ ЖҮЙЕЛІК, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ СИПАТЫ

Жүйе мен құрылымның ғылым объектісіне айналуы. Жүйе, құрылым деген терминдерді бұл күнде қолданбайтын ғылым кемде-кем. Қазіргі заман ғалымдарының қай-қайсысы да, өз объектілерінің жүйелік, құрылымдық сипаттарын айқындауды негізгі мақсат деп санайды. Көптеген көрнекті ғалымдар жүйелік, құрылымдық зерттеу XX ғасырдың орта тұсындағы ғылымдар дамуының ең басты бағыты дегенді айтады.

Жалпы білім тұрғысынан алғанда, жүйе деп белгілі тәртіпте, бір-бірімен тығыз байланыста, қарым-қатынаста тұратын элементтерден құрылған біртұтас объектіні айтады. Жүйе құрамына енетін бөлшектер, тұлғалар жүйе элементтері деп аталады. Жүйе элементтерінің бірлігі – әр түрлі бөлшектердің өзара жымдасып, берік бірлікте, шартты қатынаста тұратын ұйымдасқан тәртіпті бірлік.

Өз объектісін жүйелік, құрылымдық тұрғыдан зерттеу істерімен ғалымдар ертеден бастап-ақ айналысқан, өзге ғалымдарды былай қойғанда, тек тіл туралы ғылымның өзін алсақ та, сонау көне заманнан бастап-ақ зерттеушілердің тілді фонетика, морфология, синтаксис т.б. салаларға жіктеп, әр саланы өз алдына қарастырғандары белгілі. Зерттеудің мұндай тәжірибелерінсіз тілді біртұтас жүйе, құрылымы деп тану да мүмкін болмас еді. Алайда, ол кезде объекті ұсақ элементтерге бөлшектеніп, әрбір элементтердің өзіндік қасиеттері жеке-жеке талданды да, элементтер бірлігіне, олардың ара-қатынастарына жете мән берілмеді. Жүйе, құрылым деген терминдердің өздері де әр түрлі мағынада түсінілді.

Соның арқасында тіл – элементтері бір-біріне тәуелді, шартты қатынаста тұратын біртұтас объекті деп саналмай, әр түрлі

элементтердің кездейсоқ қосындысы, жинағы тәріздес болып көрінеді. Бұлар сияқты олқылықтарды жоюға бағытталған алғашқы кадамдар өткен ғасырда басталғанымен, үстіміздегі ғасырға дейін баяу дамып келеді. Тек XX ғасырдың орта тұсынан бастап объектіні жүйелік, құрылымдық бағытта зерттеу мейлінше кең етек алып, зерттеудің көпшілік таныған үстем бағытына айналады.

Дыбыс тілінің әр түрлі элементтердің кездейсоқ жиынтығы емес, бөлшектері бір-біріне тәуелді, өзара тығыз байланыста, шартты катынаста тұратын біртұтас, бір бүтін күрделі тұлға екендігін алғаш атап айтқан ғалым – В. Гумбольдт. Ол – тіл-тілдің қай-қайсысында болса да, екі түрлі тұлға, сала болады: оның бірі тілдің сыртқы формасына жататын материалдық сала да, екіншісі – тілдің ішкі формасына жататын – идеялық жағы. Бұл екеуінің бірінсіз бірінде күн жоқ. Осы екі форма бірігіп тілдің құрылымын құрайды деген болатын. В. Гумбольд жасаған бұл тұжырымдарды тіл білімінің басты міндеті деп санау – И.А. Бодуэн де Куртенэ мен Ф. де Соссюр еңбектерінен басталады. Жүйе, құрылым деген атаулардың тіл білімінде кең қолданылып, тұрақты ғылыми терминге айналуы да осы кез.

Содан бері қарай тілдің жүйелік сипатын сөз етпеген ғалым кемде-кем. Онымен шетел ғалымдары да, біздің ел ғалымдары да айналысып келеді, бірақ соған карамастан тілдік жүйе, тілдің құрылымы дегендер – күні бүгінге дейін түбегейлі шешілмей келе жатқан проблемалар. Жүйе мен құрылымның арақатысына байланысты айтылып жүрген пікірлерді екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның бірі – бұл екі атаудың арасына шек қоймау, екеуін абсолют синоним ретінде қарау, болмаса екеуінің де мағынасын, ұғымын қамтитын термин ретінде біреуін ғана пайдалану. Мұндай көзқарасқа бұл екі атаудың кейбір тіркестердегі мағыналастығы, бірінің орнына екіншісін қолдануға келетіндігі себепші болса керек. Екіншісі және көрнекті тіл ғалымдарының көпшілігі даусыз деп санайтыны – сөз

болып отырған екі терминді бір-бірінен ажырату, оларды синонимдес атау деп санамау.

Тілдің жүйе, тілдік құрылым деген терминдердің өзара тығыз байланысты екені, бірақ олардың тепе-тең еместігі, бір-бірінен өзгешеліктері барлығы, тіл білімі үшін ол өзгешеліктерді анықтаудың қажеттігі бұл күнде айқындалған шешім. Жүйе тілдік құрылым деген ұғымға карағанда кең мағынаны білдіреді, бүкіл тілдік фактілердің барлығының жиынтығына, бірлігіне катынасты ұғым ретінде колданылады, ал құрылым тілдік элементтердің тек карым-катынасына ғана катысты, жүйенін айырыкша бір бөлшегі ғана деп саналады.

Жүйе, құрылым дейтін атаулардың және бұлардың арасындағы жақындық пен өзгешеліктердің ғылыми проблема ретінде кеңес тіл білімінде зерттеле бастауы елуінші жылдар ішінен бері карай.

Тілдік жүйе құрайтын кесек тұлғалар – фонетика, лексика, грамматика. Бұлар ғылымда ярус – кабат, уровень – деңгей немесе жүйе я құрылым элементтері деп аталады. Бұл элементтер бірлігі – белгілі тәртіпке, ретке келтірілген, бірімен бірі жалғасып, бірінен-бірі туындап өрбіп, ұлғайып жататын өзектес, өрістес, бірінсіз бірі өмір сүре алмайтын шартты катынастағы біртұтас бірлік. Бұлар – тіл деп атанатын тұтасқан күрделі бүтін объектінің жеке тармактары. Өзара бірлікте тұратын бұл салалардың құрылымы жағынан да, атқаратын қызметі мағыналары жағынан да бір-бірінен елеулі өзгешеліктері бар, оның құрамына енетін элементтер белгілі тәртіпте сала-сала, жүйе-жүйе болып, ұсақтары бірлесіп кесек тұлғалар жасап, кесектері өздерінен төменгі элементтерге бөлшектеніп, бір-бірімен сабақтасып жатады. Жүйе элементтері жүйе мүшесі ретінде жүйе құрамына еніп, өзі сияқты басқа тұлғалармен не тікелей немесе жанама түрде байланыска, карым-катынаска түседі. Тілдік тұлғалар байланысының тілдерде кездесетін төмендегідей бірнеше типтік түрлері болады.

Синтагмалық байланыс. Грек тілінен тараған бұл атау алғашқыда бір нәрселердің қосылуы, жалғасуы деген мағынаны білдірген. Қазіргі заман тіл білімінде тілдік элементтердің бір-біріне тіркесе жалғасуы дегенді білдіреді. Синтагмалық байланысқа алдыңғысын кейінгісіне тіркесе, жалғаса айтылатын я жазылатын элементтер байланысы жатады.

Тілдік тұлғалар байланыстары ішінде синтагмалық байланыстың мәні ерекше. Тіл өзінің қатынас құралымдық қызметін элементтердің синтагмалық қатынасы, байланысы арқылы атқара алады. Сөйлеу, сөйлесу процестерінің барлығы да тілдік тұлғалардың бір-біріне тіркесе, жалғаса байланыстары нәтижесінде іске асады. Синтагмалық байланыс элементтер байланыстарының ең алғашқысы. Синтагмалық байланысқа келетіндер бір тектес тұлғалар: морфема мен морфема, сөз бен сөз. Құрылымы, мағынасы, қызметі жақтарынан әр тектес болып келетін тұлғалар синтагмалық байланысқа келе алмайды. Мысалы: дыбыс пен морфема, сөз бен сөйлем т.б.

Парадигмалық қатынас. Грек тілінен ауысқан бұл атау мысал, үлгі деген мағынаны білдірген. Қазір де ол – бір тектес элементтердің тобы, класы деген мағынаны білдіреді. Парадигмалық топ құрамына енетіндер – мағыналық, құрылымдық, жақтарынан бірыңғай болып келетін тұлғалар. Мысалы, септік жалғаулар парадигмасы, фонемалар парадигмасы т.б. Парадигмалық топ құрамына, класына өзара синтагмалық қатынасқа келе алатын тұлғалар енеді.

Иерархиялық қатынас (төмендегінің өздігінен бір табан жоғарғыларға бағынуы). Бұл әр тектес тұлғалар байланысы деген мағынаны білдіреді. Қатынастың бұл түрі ұсак парадигмалық топтағылардың өздерінен бір саты жоғары тұрған парадигмалық топпен байланысына негізделеді. Мысалы: дыбыстар материалдық көрсеткіш ретінде морфемалар құрамына енсе, морфемалар сөз құрамына, сөз тіркесі немесе сөйлем құрамына енеді. Иерархиялық қатынас аркасында

тіл кабаттары бір-бірімен байланысқа келіп, біртұтас тілдік жүйе құрайды, сөйтіп, бүкіл тілдік механизм тұтасып қимыл жасайды.

Иерархиялық қатынас мүшелері фонетика, лексика, грамматика, яғни тілдегі ұсак жүйе элементтері.

Тіл – жүйелер жүйесі. Тілдік жүйенің өмірдегі басқа жүйелерден бір өзгешелігі – оның күрделігінде, көп кабаттылығында. Тіл бүтін, кесек жүйе бола тұра, өз ішінен әр түрлі ұсак жүйелерге бөлшектенеді. Сондықтан тілдік жүйе жалаң болмайды, жүйелер жүйесі, немесе *гетерогендік*¹ жүйе деп аталады. Гетерогендік жүйе әр тектес тұлғалардан құралады, басқаша айтқанда, бұған мүше болатындар – фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйелер. Ұсак жүйелерді, әдетте, *гомогендік*² жүйе деушілік де бар. Гомогендік жүйе бір тектес тұлғалардан құралады. Тілдің жоғарыда аталған әр қабаты өз алдарына жеке бір-бір гомогендік жүйе болып есептеледі.

Біртұтас тілдік жүйе мен (гетерогендік) ұсак жүйелер (гомогендік) арасында елеулі айырмашылықтар бар. Гетерогендік жүйеге мүше болатындар – әр тектес элементтер. Бұлар бір-бірімен тек иерархиялық қатынасқа ғана келе алады. Сондықтан жалпы тілдік жүйеге өзара иерархиялық қатынаста туатын әр тектес элементтердің бірлігі, байланысы деген анықтама дәл келеді. Ал оның құрамына енетін гомогендік жүйелерді құраушы бөлшектер бір тектес болады және олар бір-бірімен синтагмалық, парадигмалық қатыста тұрады. Сондықтан гомогендік жүйе дегенге өзара синтагмалық, парадигмалық қатынастарда тұратын бір тектес элементтердің жиынтығы деген анықтама сай келеді.

Ұсак жүйелер де өз ішінен тағы әр түрлі ұсак салаларға, топтарға бөлшектеніп келеді. Мысалы, тілдің дыбыстық құрамы өз алдына тұтас бір жүйе. Оның құрамындағы элементтердің,

¹ Грекше – әр түрлі, әр текті.

² Грекше – бір түрлі, бір тектес.

яғни жүйе мүшелерінің барлығына ортақ қасиет олар жеке қолданылмайды, жеке тұрғанда ештемені де білдірмейді. Олардың мәні бір-бірімен өзара байланысқа келгенде ғана айқындалады. Мұндай байланыста тұрғанда тіл дыбыстары сөз жасауға қажетті ең кіші материал ретінде пайдаланылады да, сигнификативтік қызмет (сөз мағынасын ажырату, бір сөзді екінші сөзден бөліп таныту) атқарады. Міне, бұл – дыбыстық жүйе құрамындағы элементтерге тән ортақ қасиет. Осындай ортақ белгілерімен қатар, дыбыстық жүйе құрамындағы элементтердің бір-бірінен азды-көпті өзгешеліктері де жоқ емес. Мысалы, *т* дыбысы мен *а* дыбысын салыстырып қарасак, алдымен, алдыңғыдан үннің, дауыстың жоқтығын, соңғыда олардың барлығын көреміз. Осы қасиеттеріне қарай жіктелгенде, *т* дыбысына ұқсас келетін де, *а* дыбысына ұқсас келетін де дыбыстардың барлығы айқындалады. Сөйтіп, *т* дыбысына ұқсастары өз алдына дауыссыз дыбыстар деген атпен бір топ болып бөлінсе, *а* дыбысына ұқсастары дауысты дыбыс деген атпен екінші топ болып бөлінеді. Осындай салыстыруды *т* мен *д*, *а* мен *ө* дыбыстарына да қолдануға болады. Соның нәтижесінде қатаң дыбыстар тобы, ұяң дыбыстар тобы немесе жуан дауысты дыбыстар тобы, жіңішке дауысты дыбыстар тобы деген тәріздес әр түрлі ұсак топтар келіп шығады. Ал осы ұсак топтар жоғарыда айтылған ортақ қасиеттері негізінде бірігіп, парадигмалық ең жоғары топ (кабат) – тілдің біртұтас дыбыстық (фонетикалық) жүйесін құрайды.

Жоғарғы және төменгі топтарға морфема, сөз жүйелері де жіктеле алады. Мысалы: морфема өз ішінен түбір морфема, қосымша морфема деген топтарға бөлінсе, қосымша морфема өз ішінен жұрнақ, жалғау деп аталатын, алдыңғылардан гөрі де ұсак топтарға, кластарға бөлінеді. Ол – ол ма, жалғаулардың өзін септік, көптік, тәуелдік жалғаулар деп бұрынғыдан да гөрі ұсак топтарға бөлшектеп әкетуге болады.

Бұл топтағылар сөздің мағыналы бөлшектері, сөз құрайтын материалдар дейтін барлығына ортақ қасиеттері негізінде бірігіп парадигмалық ең жоғарғы топ (қабат, уровень) – тілдің біртұтас морфемалық жүйесін құрайды.

Осы айтылғандардай жоғарғы, төменгі топтарға сөздер жүйесі де, синтаксистік жүйелер де бөлінеді. Ондай бөліктер тілдердің табиғатында бар нәрселер болғандықтан, оған ешкім таласпайды. Пікір таласы сол топтардың әрқайсысын жеке-жеке жүйе дейміз бе, болмаса, ең жоғарғы бірліктерін ғана (дыбыс, морфема, сөз т.б.) жүйе деп, олардың бөліктерін жүйе ішіндегі жай бірлік қана дейміз бе, жүйе деу үшін нені критерий етуіміз керек – дейтін мәселелерде.

Біраз ғалымдар бір-бірімен салыстыруға, біріне-бірін қарсы қоя қарауға болатын, өзара байланыста, шартты қатынаста тұратын бір тектес элементтер бар жердің бәрінде де жүйе бар дегенді айтады.

Бірсыпыра ғалымдар тілдің жүйелік құрамын бұлай кебейтуді мақұлдамайды. Олар белгілі бір тілдік элементтер тобын бір жүйе гомогендік жүйе деп санауға синтагмалық, парадигмалық қатынастардың бояуын ең негізгі критерий ету керек, олай болмағанда парадигмалық бір класс құрамына енетін элементтердің де жүйелік белгіге жатқызылуы мүмкін деседі.

Расында да, жүйе, деңгей дегендерді бөлуге элементтердің тек қана өзара жақын, бір тектестігің меже ететін болсақ, онда бір ғана дауысты дыбыстардың өзін жуан жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік, созыңқы – келте дауысты т.б. деп алуан түрлі жүйеге, деңгейге бөлуге болар еді. Ал егер жүйені бөлуге жоғарыда көрсетілген қатынастарды өлшеу етсек, белгілі бір парадигмалық топ ішіндегі элементтердің дауысты дыбысқа байланысты жоғарыда айтылғандай ішкі ұсак белгілерін жүйелік белгі деп санамайтын боламыз. Өйткені бұлар сияқты ұсак топтар арасында синтагмалық қатынастар бар тәрізді

дегенінің өзінде де, оларда қатынастың үшінші – иерархиялық түрі бар дей алмаймыз. Қатынастың бұл түрі дыбыс жүйесі деп аталатын ең жоғарғы топқа тән қасиет. Тек бір бүтін ретінде алынған фонетикалық жүйе ғана өзінен жоғары тұрған морфемалар жүйесімен иерархиялық қатынасқа келе алады. Морфемалар мен сөз жүйелері туралы да осыны айтуға болады.

Тілдің фонетика, морфология, синтаксис салаларының өз алдарына жеке бір-бір жүйе екендіктерін, бұл жүйелердің бір-бірінен сапалық өзгешеліктері барлығын көрнекті тіл ғалымдарының қай-қайсысы да бекер демейді. Бірақ бірсыпыра ғалымдар лексикада жүйелік сипат бар дегенді құптамайды.

Тілдің басқа қабатына карағанда лексиканың өзіндік ерекшеліктері бары даусыз. Мұның жүйелік сипаттары фонетика мен грамматикадағыдай айқын, ашық та, көп те емес. Дегенмен, тілдің лексикасына қалай болса солай, кездейсоқ топтасқан жеке сөздердің жиынтығы деп қарауға болмайды. Мұндағы элементтер де әр түрлі жолдармен өзара байланысып жатады. Бір-бірімен салыстыруға, біріне-бірі қарама-қарсы қойып айқындауға болатын жүйелік сипат бұдан да табылады. Мысалы; *ақылды-есті, амандасу-сәлемдесу, ниеттес-тілектес, жасу-дұшпан* тәріздес синоним сөздерді, *жақсы-жаман, үлкен-кіші, алыс-жақын* тәріздес антоним сөздерді, сол сияқты омоним мен полисемия сөздерді, т.б. бір-бірімен теңдестіре немесе қарама-қарсы қоя қарасақ, оларда бір тектес сипаттың барлығы байқалады. Осылар тәріздес сипаттарын ескерген ғалымдар лексиканы тілдің фонетикалық грамматикалық жүйелері сияқты өз алдына гомогендік бір жүйе деп санайды. Бұл – дұрыс пікір.

Жүйеге байланысты айтылуға тиісті тағы бір пікір – тілдегінің барлығы бірдей жүйелі ме, жүйесіздік деген онда бола ма деген мәселе. Тілдің негізіне жататын нәрсе – жүйелілік екендігі, жүйелі болу – оның табиғатына тән қасиет екендігі даусыз. Бірақ бұдан тілде жүйеге жатпайтын, одан ауа жайылған ештеме жоқ деген қорытынды шықпайды.

Мысалы: тіліміздегі дауысты дыбыстар жуан, жіңішке болып екі топқа бөлінеді, бірақ осы қасиет *е* дыбысында жоқ. Сондай-ақ дауыссыз дыбыстар қатан, ұян болып жұпталып келеді, бірақ *сонор* дыбыстарда ондай жүйелік жоқ. Дауыссыз дыбыстар ішінде *к, қ, г, ғ* дыбыстары жуан, жіңішке мәнде бір-біріне қарсы қойылады, бірақ дауыссыздардың басқа түрлерінде мұндай жүйелілік жоқ. Грамматикада зат есімдердің кейбір түрлерін жіктеп айтуға болса (*студенттің, студентсің*), басқа көптеген түрлерін (*стол, кітап*) олай жіктеп айтуға болмалды, т.б. Бұл жағдай тілде мүмкіндіктің орасан молдығын, оның жүйесінің ашықтығын, оны жеріне жеткізе, бар мүмкіндігін сарқа пайдалану – мүмкін еместігін байкатады.

Сонымен, тілдің өз алдына біртұтас жүйе екендігі, өзіндік заңы бойынша өмір сүріп, қызмет атқаратындығы талассыз қағида. Тіл жай ғана жүйе емес, ол өз ішінде қайшылықтарға толы жүйе екендігін, онда күні бітіп құрып бара жатқан көнелер мен өмірге енді ғана келген жаңалардың өмір сүре беретіндігін, оған қоғамның әсерін тигізіп, ықпал жасап отыратындығы жете ескерілуі кажет.

Тіл білімінің нағыз ғылым болғысы келсе, тілдің жүйесін зерттеу шеңберінде калып қоймай, тілге, тіл тіршілігіне байланысты мәселелердің барлығымен де, солардың ішінде экстралингвистика мәселелерімен де жан жақты шұғылдануы керек. Өйткені тіл тіршілігі, тіл өмірі көп жағдайда осы мәселеге де байланысты.

Х ТАРАУ

ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Қоғамсыз тіл болмайды, тілсіз қоғам да болмайды деген қағида қазіргі заман тіл білімінде берік орын тепкен, талассыз тұжырым деуге болады. Сондай-ақ, тіл мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты зерттеудің қажеттігін бекер деушілер де жоққа тән. Бірақ мұндай шешім ғылымда талас-тартыссыз, пікірлер қайшылығынсыз бірден қалыптаса қалған жок. Тілдің қоғамдық мәні жөніндегі алғашқы бұлдыр болжам ежелгі заман ойшылдарынан басталғанымен, тілді қоғамдық құбылыс деп санау, тіл мен қоғам байланысын арнаулы проблема етіп көтеру өткен ғасырдан ғана басталды.

Тілдің қоғаммен байланысын зерттейтін тіл білімінің әлеуметтік тіл білімі деп аталатын саласы осы атқа үстіміздегі ғасырдың 50-жылдарынан бастап ие болды.

Содан бері ұзақ уақыт ішінде тілдің табиғаты мен мәні, тіл тарихы мәселелерімен айналысқан ғалымдардың ешқайсысы да тілдің қоғаммен қарым-қатынасына соқпай өткен емес, олай болатыны аталған мәселелердің бірде-бірін тілді адамдардың қоғамдық өмірімен байланысына қарамай шешу мүмкін емес.

Тіл білімі тарихында бұл мәселеге байланысты әр түрлі көзқарастар болды және қазірде де бар. Біраз ғалымдар тіл тағдырын, онда болатын өзгеріс – құбылыстарды қоғам тарихынан, оның экономикалық және әлеуметтік даму тарихынан ғана іздеу керек деп түсіндірсе, екінші көзқарас бойынша, тіл қоғамда билеушілік, бағыт сілтеушілік роль атқарады. Адамдардың өздері де өз тілінің құзырында болады. Тіл адамдарды сыртқы өмірімен байланысқа келтіретін “үшінші әлем”, зор күш. Бұл бағыт В. Гумбольдтан басталып, неогумбольдтышылар арқылы өріс алды.

Тіл мен қоғам арасында болатын қарым-қатынас – өте күрделі көпқабатты, кең салалы проблема. Бұл проблеманың қарауына жататын басты тараулар қатарына: тілдің табиғаты мен әлеуметтік мәні, оның шығу, даму тарихының адам қоғамы тарихымен бірлігі, тілдің адамдардың этникалық бірліктерімен, қоғамдық формациямен байланыстылығы, тіл қызметінің салалары, олардың әлеуметтік сыры, қоғамның тілге, тілдің қоғамға тигізетін әсерлері, тілдің қоғам мәдениетімен, ғылыми техникалық прогреспен қарым-қатынасы, олардың тілдегі көріністері, тілдер араларында болатын қарым-қатынастар, халықаралық қарым-қатынастағы тілдік бөгет, одан құтылудың жолдары, т.б.

Дыбыс тілінің пайда болуы. Ежелгі заман ойшылдарының тілді әлеуметтік туынды деп санаған пікірлері дыбыс тілінің қайдан, қалай пайда болғандығына байланысты айтқан тұжырымдарынан байқалады. Дыбыс тілінің шығуына байланысты олар айтқан *дыбысқа еліктеу, одағай сөз, келісім теорияларының* қай-қайсысы да ғылыми тұрғыдан алғанда сын көтермейтіндіктеріне карамастан, барлығы да тіл – адамға құдайдың берген сыйлығы дейтін діни көзқарасқа карама-карсы тілді адам баласының өз табысы, өз жемісі етіп көрсетті. Өз дәуірі тұрғысынан қарағанда бұл үлкен жетістік болғанымен, қойылып отырған мәселені ғылыми шешкендік емес. Адам қоғамы тарихының осы қиын да күрделі проблемасына байланысты айтылған бірден-бір ғылыми дұрыс болжамды Ф. Энгельстің “Маймылдың адамға айналуы процесіндегі еңбектің ролі”, Табиғат диалектикасы” атты зерттеулерінен табуға болады.

Ол еңбектердегі болжамдарға қарағанда, дыбыс тілінің пайда болуы үшін екі түрлі шарт қажет: бірі және ең алғашқысы – биологиялық, екіншісі – әлеуметтік алғы шарт Ф. Энгельс, Ч. Дарвиннің іліміне сүйене отырып, адам баласының арғы тегі бір кездерде ағаш басын паналап, ағаштарда өсетін әр

түрлі жемістерді жеп күнелткен адам тектес маймылдар екенін айтады. Келе-келе тұрмыс жағдайы өзгеріп, бір кезде ағаштан ағашқа секіріп жүріп тіршілік еткен адам тектес маймылдар тіршілік азығын жер бетінен табатын болған. Тіршілікті жер бетіне аударған маймылдар тұрмыс жағдайына қарай алдыңғы екі аяғын түріп-тұруға пайдалануды бірте-бірте сиретіп, оны әр түрлі жеңіл еңбек құралына айналдырған. Сөйтіп, төрт аяқтамай, бірте-бірте тік жүруге машыктанады. Жүріп-тұру міндетінің екі аяққа ауысып, қолдың еңбектің, жауынан қорғанудың құралына айналуы маймылдан адамға айналудың ілгері басқан ең шешуші қадамы болған.

Екі аяқтап тік жүру адам тектес маймылдың дене құрылысын, барлық органдарын өзгеріске, қалыпты адамдық түрге келтіреді. Ұзақ жылдық күрестен кейін қол, акырында, аяқтан жекеленіп, тік жүру әрекетке айналған кезде, адам маймылдан бөлініп шығады, сөйтіп, анық сөйлеудің дамуы үшін негіз жасалды.

Тік жүруге дағдылану маймыл-адамның айуандық денесін адамдық денеге айналдырумен бірге оның ой-санасынын жетілуіне де күшті әсерін тигізеді, дүниетанымен молайтады. Сонымен тік жүрудің нәтижесінде пайда болған сәйкестілік қарым-қатынастың, олардың ішінде сөйлеу мүшелерінің де жетілуі-дыбыс тілінің шығуына қажетті биологиялық алғы шарт болып есептеледі.

Қол икемінің барған сайын артуы, жабайы, дөрекі түрде болса да еңбек құралын өңдеп пайдалануы маймыл-адамдардың жаратылыс күштеріне қарсы тіршілік үшін жүргізген күресінің нәтижесін бірден-бірге арттырып, олардың ой-өрісін, дүниетанымын жетілдіреді.

Табиғаттың рақымсыз күштеріне жем болмау. Тіршілік азығын табуды жеңілдету мүддесі маймыл-адамдардың қоғамдасып, күш біріктіруін қажет етеді. Тұрмыстың өзі туғызған мұндай қауым мүшелері әрекеттері жемісті болу үшін өзара

түсінісудің, келісіп істеудің қажеттігін бірте-бірте сезінеді. Осы қажеттілік, яғни басқалармен қатынас жасау қажеттігі дыбыс тілін дүниеге келтірген әлеуметтік алғы шарт болып есептеледі. Ф. Энгельс жоғарыда аталған еңбегінде “Қалыптасқан адамдарда бір-біріне бірденелер айту қажеттігі пайда болады. Бұл қажеттілік өзіне орган жасады. Маймылдың жетілмеген көмейі үнемі өзгере берді, ал ауыз органдары бірте-бірте бір дыбыстан соң бір дыбыста айқын айтуды үйренді¹, — деп жазады.

Сонымен, дыбыс тілі өз табиғатыннан-ақ әлеуметтік қажеттіктен туған қоғамдық құбылыс ретінде дүниеге келген.

Дыбыс тілі алғашқыда неден басталады, қандай болады? деген сұрау адам қоғамы тарихы үшін де, тіл ғылымы үшін де соншалықты маңызды, өте қажетті болғанымен, оған ешкім де еш уақытта нақтылы жауап бере алмайды. Өйткені тілдің ол дәуіріндегі күйінен мәлімет берерлік ешқандай факті жоқ, оның болуы да мүмкін емес. Сондықтан бұл сұрауға берілетін жауап дыбыс тілінің пайда болуы жөніндегі пікір сияқты ғылыми жорамалға ғана негізделеді.

Ғалымдар дыбыс тілі жеке дыбыстарға сараланатын сөз түрінде, бірден пайда болған емес, жалпы жан иелерінде болатындай әр түрлі диффузды дыбыстарды адам тектес маймылдар да шығара білген болу керек, өз үйірдестеріне бір нәрсені хабарлау үшін қолданылған сондай диффузды, яғни мағыналық жағынан да, материалдық жағынан да бөлшектеп саралауға болмайтын одағай дыбыстарды олар дыбыс тілінің бастамасы ретінде қолданған болар да, келе-келе солардың негізінде дыбысты тіл пайда болған болар деп жорамалдайды. Дыбыстық сигналдарға қосынша маймыл-адамдар ымдау, нұсқау сияқты әр түрлі дене қимылдарын да қатынас құралы ретінде пайдаланған болу керек дегенді де айтады. Қалай болған күнде де өз дамуының алғашқы басқышында тұрған

¹ Маркс К пен Энгельс Ф. Таңдамалы шығармалар. Алматы, 1956.

кезде дыбыс тілінің өте карапайым, тым жұпыны, сөздік құрам өте тапшы болуы табиғи нәрсе.

Тіл және этникалық бірлік. Тіл ғылымында тілді адамдардың этникалық бірліктерінің атымен ру тілі, тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі, туыстас тілдер семьясы деп атаушылық бар. Тілдерді былай бөлу – этникалық тұрғыдан сипаттағандық. Этникалық бірліктің қандай түрінде болса да, олардың тұтастығын, бір бүтін екендігін білдіретін негізгі белгілердің бірі – тіл. Тіл бірлігі жоқ жерде этникалық бірлік те жоқ. Қоғам дамуының әр тарихи кезеңдеріндегі этникалық бірлік атауларының тілге де атау болуы да сол себептен болса керек.

Тіл бірлігі – бір қалыптан өзгермейтін, қатып қалған құбылыс емес, өзгеріске ұшырап отыратын тарихи құбылыс. Белгілі бір тіл бір ғана этникалық бірліктің тілі болуы да, араласып кеткен бірнеше этникалық топтың ортақ тілі болуы да мүмкін. Соған қарай тілдік бірліктің географиялық көлемі де әр түрлі.

Негізінен алғанда тайпалық бірліктің бірнеше рулардың, халықтық бірліктің бірнеше тайпалардың бірігуінен барып қалыптасатынын ғылым бекер демейді. Этникалық топтардың бұлай күрделене шоғырлануы олардың тілдерінің де бірігіп, күрделенуін туғызады. Бұлай шоғырлануда тайпа құрамына немесе халықтық бірлік құрамына енген белгілі бір этникалық топтың тілі басқалар арасына кеңірек тарап, бара-бара бірлік құрамына енгендердің барлығына ортақ тілге айналады да, өзге тілдер бірте-бірте оның құрамына еніп сіңеді. Бұл жағдай қоғамның этникалық бірліктерінің ұсактан іріге қарай күрделене дамитындығы сияқты тілдің де көптен азға күрделене дамитындығын байқатады.

Белгілі бір ұлт немесе этникалық бірлік тілінің бірнеше ұлттарға этникалық бірліктерге ортақ тіл болуы қазіргі заманда да бар: мамандардың айтуына қарағанда, ағылшындар мен шотландықтар, солтүстіктегі американдықтар бір ғана тілде, ағылшын тілінде, испандықтар мен кубалықтар да бір тілде,

испан тілінде сөйлейді. Сондай-ак, неміс тілі бірнеше топтарға ортақ тіл болып есептеледі (неміс, австриялық). Португал тілінде бразиялықтар да сөйлейді. Сондай-ак түрлі этникалық топтың бір немесе бір-біріне өте жақын тілде сөйлейтіндері де болады. Мысалы, кабардылар мен черкестер екі түрлі халық бола тұра кабарды – черкес деп аталатын бір тілде сөйлейді, карачай мен балкарлар да, американдықтар мен ағылшындар да, т.б. солай. Осының керісінше, бір ғана халықтың екі түрлі әдеби тілді қолданатыны да бар. Мысалы, мордвалықтар эрзя-мордва, мокша-мордва дейтін екі тілді бірдей қолданса, комилар комизырян, комиперм дейтін екі тілді қолданылатын көрінеді.

Дүние жүзіндегі тілдер қызмет өрістері жағынан да, қолданушыларының саны жағынан да, даму сатысы, зерттелу тарихы, қызметі, грамматикалық құрылыстары жақтарынан да алуан түрлі болып келеді. Олардың ішінде жеке ұлттық тіл де, ұлтаралық тіл де, халықаралық тіл де бар. Жүздеген миллион адам сөйлейтін алып тілдер де, бірнеше мыңдаған адамдар сөйлейтін шағын тілдер де бар. Біздің жыл санауымыздан көп бұрын жазба тілі болған көне тілдер де, күні бүгінге дейін жазба тілі қалыптаспаған тілдер де бар. Дыбыстық, грамматикалық құбылыстары жағынан алғанда да әр түрлілік мол.

Бірақ бұл айтылғандардан дүние жүзіндегі тілдер арасында тек бір-бірінен өзгешеліктер ғана болады, олардың арасында жақындық, ұқсастық болмайды деген қорытынды шықпайды. Дыбысты тіл жалпы адамдық құбылыс. Сондықтан адам баласының бәріне де тән ортақ сипаттардың, қасиеттердің болатыны сияқты дыбысты тілде бірлік пен ұқсастық мол кездеседі. Ондай ұқсастықтардың негізгі түрлері осы еңбектің кіріспе бөлімінде айтылады.

Ғылым атаулының қай-қайсысы да зерттеуді, түсінуді жеңілдету үшін өз объектісін түрлі топтарға бөліп, жіктеп қарайды. Бұл тәсіл тіл білімінде де кең қолданылады. Мұндай жіктеулер ғылымда латын тілінен ауысқан термин бойынша

классификация деп аталады. Жіктелу объектілері арасындағы бірлікке, жақындыққа, ортақ белгілерге негізделеді. Ондай ортақ белгілер, классификациялық белгі, классификациялық принцип деп аталады. Жіктелудің әр түрінің басшылыққа алатын, сүйеніш ететін белгілері әр басқа болады. Мысалы, ареалдық (географиялық) жіктеуге негіз болатын тілдің немесе диалектілердің тараған аймағының, орналасу ыңғайының, орналасу ыңғайының бірлігі болса, қызметіне қарай жіктеу тілдің өзін қолданушы қауыммен, халықпен байланысына (рулық, тайпалық, халықтық, ұлттық тіл болып бөлінуі), тілді қолданушылардың әлеуметтік жіктеріне, сипаттарына (Ошалект, жаргон, профессионалдық лексика), генетологиялық жіктеу тілдердің материалдық жақтарындағы жақындыққа, туыстастық, төркіндестікке сүйенеді, ал енді типологиялық жіктеу сөздердің тұлғалық құбылыстарындағы сөздердің өзара байланысып, сөйлем құрау тәсілдеріндегі ұқсастықтарға негізделеді т.б.

Тілдердің бөліну, бірігу процестері. Адамдардың қоғамдық бірліктері сияқты олардың тілдері де бір-бірінен ажырап бөлшектену, қосылып бірігу жолынан өткен. Тілдің қай-қайсысы да осы күнгі дәрежесінде пайда бола қалмаған.

Баяғы замандардан бері қоғамдық құрылыста талай өзгерістер болды. Алғашқы, тапсыз қоғамды тапты қоғам ауыстырды. Тайпалар мен халықтар бөлшектеніп ажырасты, араласып тоғысты. Ұлттар мен мемлекеттер шықты. Революциялық төңкерістер болды. Ескі қоғамдық құрылыстар орнын жаңа қоғамдық құрылыстар басты. Осының бәрі тілге, оның дамуына әсер етті. Әрбір қоғамдық экономиялық формацияның өзіндік ерекшеліктері, айрықша белгілері азды-көпті болса да, тілде белгілі із қалдырып отырады. Өйткені тілдің тағдыры сол тілде сөйлейтін, сол тілді жасаушы, оны қолданушы қауым, халық тағдырымен тығыз байланысты, соған тәуелді.

Адам қоғамының алғашқы рулық бірліктен ұлттық бірлікке карай дамитыны сияқты, тіл де ру тілінен тайпа, халық, ұлт тіліне ауысып курделене дамыды.

Ертедегі шағын қауымдастықтар тілінен кейінгі замандардағы күрделі қауымдар тіліне карай даму жолында тілдер дамуында екі түрлі процесс болды. Оның біріншісі – белгілі бір дәуірдегі біртұтас тілдің өз ішінен ыдырап, жеке диалектерге, тілдерге бөлшектену процесі. Бұл процесс – тіл білімінде дифференциация² деп аталады. Екіншісі – жеке диалектілердің, тілдердің бір-бірімен жақындасу, бірігу процесі. Бұл процесс тіл білімінде интеграция³ деп аталады.

Тілдер дамуында болатын дифференциациялық процесс те, интеграциялық процесс те қоғамға байланысты болады. Біртұтас тілде сөйлейтін белгілі бір қауымның әр түрлі тарихи себептермен ыдырауы, бір-бірімен байланысы, қарым-қатынасы жок жеке-жеке топтарға бөлшектенуі ол бастағы біртұтас тілдің де ыдырауын, бөлшектенуін туғызады. Осының керісінше, әр түрлі диалектілерде, тілдерде сөйлейтін қауымдардың белгілі бір тарихи себептермен бірігулері, қосылулары олардың тілдерінің де өзара жақындасуын, бірігуін туғызады. Сөйтіп, қоғам мүшелерінің ыдырауы тілдің ыдырауына, олардың бірігуі тілдік ерекшеліктердің жойылуына, тілдердің бірігуіне себеп болады.

Тілдердің ыдырап бөлшектенуі немесе бірігіп күрделенуі қоғам дамуының барлық дәуірінде бірдей дәрежеде болып отырмайды. Қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде тілдің бөлшектенуіне, бір-біріне жақын, туыстас диалектілердің, тілдердің пайда болуына қолайлы жағдай жасалса, екінші

² Дифференциация – латынның дифферентатио деген сөзінен алынған, мағынасы – өзгелену, ажырасу.

³ Интеграция – латынның интегратио деген сөзінен алынған, мағынасы – бірігу, қосылу, жақындасу.

бір дәуір, оған карама-қарсы, тілдердің бірігуіне, диалектілік ерекшеліктердің бірте-бірте жойылуына қолайлы жағдай жасайды.

Тіл дамуында болатын дифференциациялық процесс басқа қоғамдардан гөрі ру қоғамында молырақ болады. Өйткені адамдардың жеке-жеке ұсақ қауым болып өмір сүруі – алғашқы қауымдық бірліктің негізгі белгілерінің бірі. К. Маркс бөлінуге, жекеленуге үздіксіз ұмтылу рулық қоғамның бүкіл негізіне орныққан әрекет деп көрсетеді. Ф. Энгельс өзінің “Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы” деген еңбегінде Америка тайпаларындағы адамдардың орта саны екі мыңнан кем болғанын айтады. Оның себебі ол дәуірдегі қоғамдық тіршіліктің өзі адамдардың бір жерге көп шоғырлануын қажет етпейді. Рулар өсіп, ұлғая, адам саны молая келе, кең қонысқа бытырап кетеді. Олардың кейбір топтары басқалармен байланысын үзіп, өз бетінше өмір сүретін болды. Ондай топтар қоныс ыңғайына қарай бірте-бірте өз алдына жеке руға, тайпаға айналады. Сөйтіп, ру ішінен ру, тайпа ішінен тайпа бөлініп шығады, яғни туыстас рулар, тайпалар пайда болады. Мұндай тайпаларды Ф. Энгельс “кандас, бауырлас тайпалар” деп атайды.

Бұл ыдырау бастапқы біртұтас рулық, тайпалық тілді де ыдыратады. Өйткені бөлінген рулар, тайпалар бара-бара өздері бөлінген топтардан қарым-қатынасын біржола үзіп, окшауланады да, әрқайсысының тұрмысында өзіндік ерекшеліктер пайда болады. Сондай ерекшеліктерге орай олардың тілдері де өзгеріске ұшырап, заман өткен сайын бір-бірінен алыстайды. Сөйтіп, бастапқы біртұтас рулық, тайпалық тіл өзара жақын, бірақ белгілі өзгешеліктері бар туыстас диалектілерге, тілдерге айналады. Бұл процесті Ф. Энгельс “бөліну арқылы жаңа тайпалар мен жаңа тілдердің жасалуы”⁴ деп сипаттайды.

⁴ Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы.: 1980.

Бірақ бұл айтылғандардан дифференциациялық процесс рулық қоғамнан басқа қоғамдарға тіпті болмайды деген ұғым тумайды. Ұсақ бөлшектерге, помещиктік қоныстарға жіктелу феодалдық қоғамның да негізгі бір белгісі, бірақ басқа қоғамдарға рулық қоғамға карағанда сирек болады. Ал қоғамдық құрылыстың бұл сипаты тілге де әсерін тигізеді. Сыртқы дүниемен қатынасын үзіп, өзімен-өзі тұйықталған помещиктік территорияда бірте-бірте тіл өзгешелігі туып, әр түрлі говорлар пайда болды.

Капиталистік қоғамда өндірісті, ортақ нарықтық қатынасты дамыту мүддесі – елдің территориялық бөлшектерге бөлінуін жойып, біртұтас капиталистік мемлекет құруды кажет етеді. Бұл кезеңде ұлттық бірлік оның негізгі белгісі ретінде біртұтас ұлттық тіл қалыптасады. Ұлттық тіл негізінде ұлттық әдеби тіл, жазба тіл қалыптасады. Әдеби тілдің қалыптасып, дамуы жергілікті диалектілердің өрісін тарылтады. Дегенмен, буржуазиялық қоғам диалектілік ерекшеліктерді біржола жоя алмайды. Өйткені халықтың басым көпшілігі болып есептелетін еңбекші халық білімнен, сауаттылықтан шеткері болатындықтан, әдеби тіл (жазба тіл) үлгілерін меңгере алмайды.

Халқы жаппай сауаттылыққа жеткен, бірыңғай, біртұтас әдеби тіл үлгілерін таратушы – жазу тілі дамыған елде бұрын болып келген диалектілік ерекшеліктердің ұзақ өмір сүруіне мүмкіндік қалмайды.

Интеграция – дифференциацияға тура карама-карсы процесс. Интеграция – өзіндік тілдік ерекшеліктері бар қауымдардың бір-бірімен жақындасуларының, араласып бірігулерінің нәтижесі.

Бір-бірімен жақындасып бірігетіндер, араласып тоғысатындар белгілі бір тілдің жеке диалектілері болуы да, туыстас, тіпті ешқандай жақындық қатынасы жоқ тілдер болуы да мүмкін. Екіншіден, интеграциялық процесс тілдердің бір-бірімен достық ынтымағы негізінде немесе бірін екіншісі күштеу, ассимиляциялау негізінде жүруі де мүмкін.

Интеграцияның күшке, теңсіздікке негізделген түрі – жеңіп алған, күшпен бағындырғандар мен жеңілген, бағынышты болғандардың тілдері арасында болады. Билеуші үстем қауымның тілі де үстемдік етеді. Ол қатынас жасаудың, пікір алысудың негізгі құралы есептеледі де, бағынышты қауым оны білуге, үйренуге міндетті болады. Сөйтіп, жеңілгендер тілінің қимыл өрісі заман өткен сайын бірден-бірге тарылады. Ресей мен оның отары болған түркі халықтары, солардың бірі казак халқы арасындағы жағдай дәл осы айтқандардай болды.

Тілдің қоғаммен тығыз байланыстылығын бір кездерде өмір сүрген халықтардың, мемлекеттердің жойылуымен бірге олардың тілдерінің жойылғандығынан да байқауға болады. Қоғам тарихы мұндай фактілердің талайын біледі. Ассирия, Вавилон мемлекеттерінің, мәдениеттерінің құрып жойылуымен бірге, *аккад* тілі де жойылды. Хеттар мемлекетінің жойылуымен бірге оның халықтары сөйлеген *несит*, *лувий*, *палай*, *хетт* деп аталатын бірнеше ұсақ тілдер де жойылады т.б.

Тілдің кейде қауымның артына қалатыны, одан көбірек өмір сүретіні де болады, бірақ ондай тілде даму болмайды. Ол қолдану аясы өте тар, белгілі бір мақсатта, өте ын топ арасында ғана қолданылатын тілге айналады. Католиктер тіліне айналған көне латын тілі, орта шығыста қолданылған классикалық араб тілі және үндістанда қолданылған санскрит тілі т.б. дәл сондай тілдер.

Билингвизм. Көп ұлтты мемлекеттерде әр түрлі ұлт өкілдері бір-бірімен қатынас жасау үшін, өзінің-ана тілінен басқа тілді де, өзімен аралас-құралас халық тілін де білу қажеттігі туады. Сөйтіп, өздерінің күнделікті өмірлерінде олар екі немесе одан да көп тілдерді жарыстыра қолдана береді. Осыдан барды да, екі тілділік, немесе көп тілділік пайда болады. Ол – тіл білімінде билингвизм⁵ деп аталады.

⁵ Билингвизм – күрделі сөз. Би – латын тілінен ауысқан, мағынасы – екі.

Екі немесе одан да көп тілді қолданушылар жеке адамдар болуы да, бүкіл этникалық қауым болуы да мүмкін. Кеңестер Одағы – көп ұлтты мемлекет болды. Мұндағы әр түрлі ұлттар бір-бірімен қарым-қатынас жасау үшін, орыс тілін пайдаланды. Сөйтіп, орыс тілі – орыс ұлтының ана тілі болуымен қатар, екінші жағынан, кеңес заманында халықтардың ұлтаралық тіліне де айналды.

Әр түрлі этникалық бірліктегі адамдардың бір-бірінің тілін білуі немесе ортақ тілді білуі олардың арасындағы қарым-қатынасты, бірлікті күшейтеді. Өйткені тіл бірлігі – халықтар қарым-қатынасында шешуші дәнекерлік қызмет атқарады.

Қазіргі замандағы халықтардың көпшілігінің екі тілді болуы, тіпті кейбіреулердің басқа тілге біржола ауысуы – ана тіл деген атаудың ұғымына да өзгерістер енгізе бастады. Қазір де ана тіл деген атауды бұрынғыша ұлттық тіл, этникалық, ұлттық бірліктің белгісі деп түсіну – әрдайым дұрыстыққа жатпайды. Өздерінің төл, тума тілін тастап, бөтен тілді ана тілім деп санаушы этникалық топтар, адамдар аз емес. Ол ол ма, тіпті бір жанұядағы адамдардың әрқайсысының әр түрлі тілді ана тіл етіп жүргендері де бар. Бұл, негізінде, өзара некелескен әр түрлі этникалық бірлік өкілдері жанұясында жиі кездеседі. Мұндайлардың ана тілім дейтіндері – олардың қай ұлтқа, қандай этникалық бірлікке жататынының көрсеткіші, белгісі бола алмайды. Сондай-ақ, белгілі бір тілдің, бірнеше этникалық, ұлттық бірліктерге ортақ тіл болу фактілері де өмірде жиі ұшырайды. Бұл туралы алдыңғы тарауларда айтылады. Бұл жағдайдар тіл бірлігі, тіл тұтастығы дегенді этникалық, ұлттық бірліктің кепілі, соның көрсеткіші, белгісі дегенді байқай қолданудың қажеттігін аңдатады.

Әлемдік тіл. Тіл басқалығы барлық дәуірде де адамдар қарым-қатынасына бөгет болған. Халық оны бірін-бірі түсінбесін, күш біріктірмесін деп сыртқарғы бір кереметтің адам баласына әдейі істеген дұшпандық әрекеті деп түсінген.

Осы бөгеттен кұтылудың жолын халықтар ежелгі заманнан бастап-ақ іздестірген. Бірыңғай ортақ тілдің болуын өзіне дейінгі қоғамдық формациялардың қай-қайсысынан да көбірек қажет еткен — капиталистік қоғам. Ол капиталистерге кәсіпорындарындағы жұмыстарды жолға қою, отар елдерде сауда-саттық істерін дамыта түсу үшін қажет болды.

Қоғамның, ғылым мен техниканың, халықтар қатынасының дамуы түрлі халықаралық кеңестердің, ұйымдардың, информацияның молаюы әлемдік тілдің болуын қай замандардағыдан да молырақ қажет етуде.

Қазіргі заманда кейбір ұлтаралық тілдердің бір мемлекет шеңберінде қалмай, дүние жүзінің түрлі аймақтарына таралу фактілері бар. Мұндай тілдер қоғам дамуының барлық дәуірінде бірдей болған емес, тіл қызметінің әлемдік дәрежеге көтерілуі ол тілдің иесі болып табылатын халықтың халықаралық қатынастардағы салмағына, орнына, ғылыми, мәдени, шаруашылық өрісіне байланысты болады. Антикалық Еуропада латын тілінің бүкіл Еуропа халықтарына канондық тіл болғаны сияқты, араб тілі де ислам діні тараған аудандар үшін канондық тіл болған, XVII-XVIII ғасырларда жер шарының әр түрлі аймақтарына кең тараған испан, француз, неміс тілдері болса, XIX ғасырда мұндай дәрежеге ағылшын тілі, XX ғасырда орыс тілі көтеріліп отыр. Бірақ бұл тілдер халықаралық деп аталғанымен, олардың ешқайсысы да әлемдік тіл болған жоқ. Алайда, бұл бағыттағы ізденістер толассыз жүріп жатыр. Сондай ізденістің нәтижесінде бірнеше жасанды, көмекші тілдердің жобасы ұсынылды. Солардың ішіндегі ең елеусізі — *вол-пюк*, *эсперанто* деп аталатындар. Мұның алғашқысы — әлемдік тіл деген мағынаны білдіретін ағылшынның *вал-пюк* деген екі сөзінің бірігуінен жасалған. Бұл жобаны 1880 жылы неміс католигі Шлейер жасаған. Кейбір әдебиеттерде бұл жасанды тілді 200 мыңдай адам қолданған дегенді айтады. Бірақ *воля-пюк* өріс ала алған жоқ,

Жасанды тілдер ішінде көптеген елдерде тарап, кең етек алған қазіргі түрі эсперанто деп аталады. Эсперанто ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бері қарай белгілі болып келеді. Оны қалыптастырушы және оған осы атауды беруші — поляк дәрігері Заменгоф. Ол 1887 жылы жарық көрген “Лингво ин-тернация” (халықаралық тіл) деген кітабына эсперанто деген, бүркеншік атты автор еткен. Эсперанто сенуші деген мағынаны білдіреді. Асылы, Заменгоф өз жобасына әлемдік тіл болады деп сенетіндігін білдіргісі келген болу керек. Эсперанто келе-келе осы атпен дүниенің төрт бұрышына тегіс таранды, бастапқы түрі біраз өзгерістерге ұшырап, жетіле де түсті. Бұл күнде эсперантомен шұғылданушылар саны едәуір артты, ел-елде бұл жасанды тілді зерттеуші, таратушы арнаулы одақтар құрылды. Кейбір мәліметтерге қарағанда, 80 елмен қарым-қатынас жасап тұратын 50 шақты одақ бар көрінеді. Бұлар бірнеше рет халықаралық эсперантолық конгрестер, конференциялар өткізген. 25-тей радиостанция эсперанто тілімен хабар таратып тұратын көрінеді. Эсперанто тілінде оқулықтар, әр түрлі зерттеу еңбектері, жобалар, журналдар шығарылған және шығарылып та тұрады. Лондондағы арнаулы эсперанто кітапханасында осы тілде жазылған 30 мыңдай еңбек жиналған көрінеді. Россияда эсперанто одағы 1921 жылы құрылып, жұмыс істеп келеді.

Эсперантоның тілі жеңіл де қарапайым. Оның сөздік құрамы Үнді Еуропа және басқа да тілдерге белгілі ортақ сөздер негізінде жасалған. Эсперантода не бары 16 грамматикалық ереже, 40-қа жуық жұрнақтар мен сөз алды қосымшалары бар. Әліппесі латын графикасы негізінде жасалған, ол 28 таңбадан тұрады.

Эсперанто нағыз тіл емес, тілге көмекші, тәжірибе ретіндегі дүние. Оның сипаты мен мәні, қызметі, болашағы туралы ғалымдар арасында бірізділік жоқ. Эсперантоның тар шеберлігі, материалдық құрылымының тапшылығы, тым қарапайым

жұпынылығы, қызметтік мүмкіндік өрісінің тарлығы оның болашағына күдікпен қарауды арттара түседі.

Ұлтаралық қатынастардың, билингвизмнің қазіргі дамуы барысы әр ұлттан өз туған тілі шеңберінде ғана қала алмайтынын, өз тілімен қатар ұлтаралық тілді де жете меңгеру қажеттігін байқатып отыр. Әр түрлі ұлттардың бір-бірімен бөгетсіз қатынас жасау қызметін атқарушы ұлтаралық тілдер қазірдің өзінде де жер шарының біраз аймақтарында қалыптасқаны белгілі. Көп ұлтты мемлекеттерде халықтардың өмірлік қажеті туғызған осы фактілерді ескере отырып, ғалымдар халықаралық қатынастар жолында зор қырсық болып отырған тілдік бөгетті адам баласы бұзбай қоймайды, сөйтіп, халықтардың барлығына ортақ әлемдік тілдің қалыптасатыны даусыз, бірақ бұл міндетті эсперанто сияқты жасанды, көмекші тіл атқара алмайды, әлемдік тіл нақтылы бір тілдік фактілер негізінде пайда болмақ, бірақ оның қандай тіл болатынын қазір тап басып айту қиын – дегенді айтады.

Ұлттық өзгешелік, ұлттық тіл дегендердің тарихи категория екендігін, дүние жүзінде коммунистік қоғамның жеңуімен ол өзгешеліктердің де бірте-бірте жойылатынын, сөйтіп, адам баласының бүкіл әлемдік бір тілде сөйлейтінін марксизм классиктері айтқан. В.И. Ленин ешбір ұлтқа, ешбір тілге артықшылық берілмесін дей келе, социализмнің негізгі мақсаты – адам баласының ұсақ мемлекеттерге бөлшектенуін, ұлттардың оқшаулығын жою ғана емес, олардың қосылуын да көздеу деген болатын. “Күн көсемнің” бұл айтқандарын бүкіл кеңес тіл ғалымдары өз жұмыстарында басшылыққа алуға бағдарлама деп түсінуге міндетті болды. Түптеп келгенде, Л. Брежневтің Ресей отарындағы ұсақ ұлттардың дербестігін жойып, орыс халқының құрамына қосып, Совет халқы деген бір ғана атаумен атауды ұсынуы да, Н. Хрущевтің коммунизмге Кеңес одағы құрамындағы ұсақ ұлттар тілдерін жойып, бір

ғана тілде, орыс тілінде, сөйлеп жетуді уағыздауы да жоғарыда келтірілген В.И. Ленин өсиетінен туындаған болатын.

Белгілі бір этникалық топ немесе ұлт өкілдері арасында катынас құралы қызметін атқаратын ортақ тілді – жалпыхалықтық тіл деп атаушылық бар. Бірақ бұлай атаудан жалпыхалықтық тіл тұтас, бөлшектенбейтін, абсолюттік бірліктегі құбылыс деген ұғым тумады. Тілдің жалпыхалықтығы оның құрылымдық, жүйелік тұтастығында, грамматикалық құрылысы мен дыбыстық жүйесінің және сөздік құрамының негізгі салаларының бірыңғайлығында, сөйлеу, дыбыстау, интонация дағдыларының бір тектестігінде. Ал жеке сөздердің жеке дыбыстарды, кейбір сөздердің мағыналарын түсіну жағынан алғанда, жалпы-халықтық тіл бір қалыпты бола бермейді.

Өйткені тіл өзін пайдаланушы қауымның сөйлеу әрекеті тәжірбиесінде қалыптасып дамиды. Ал тілді қолданушы қауым мүшелері әлеуметтік жағынан да кәсібі, білімі, рухани өрісі жағынан да, жасы, жынысы жағынан да біркелкі емес. Мұндай өзгешеліктің жалпыхалықтық тілді қолдануда да, белгілі шамада болса да, ала-құлалық туғызбай қоймайтын табиғи нәрсе.

Сондықтан да жалпыхалықтық я бірыңғай ұлттық тіл дегенді абсолюттік бірліктегі тіл деп түсіну жөн емес. Ондай тіл өмірде болған емес және болмайды да. Өйткені тіл дамуының бүкіл тарихы бойында екі түрлі фактор – тіл тұтастығын, тіл бүтіндігін сақтайтын факторлар мен оны жарықшактайтын, өзгешелік тудыратын факторлар жарыса жүріп отырады. Жалпыхалықтық тілде түрлі нұскалар туғызатын да осы ерекшеліктер. Тіл білімінде жиі қолданылатын сөйлеу тілі, кітаби тіл, әдеби тіл, жертілікті диалекті, говор, кәсіби тіл, жаргон дейтіндер жалпы халықтық тіл ішіндегі жоғарыда айтылғандардай қызметтік, әлеуметтік көріністердің, түрлердің атаулары. Бұлар жалпыхалықтық тілдің жеке көріністері ғана болуларына қарамастан, бір-бірінен елеулі өзгешеліктері де болады. Енді соны сөз етейік.

Сөйлеу тілі мен кітаби тіл. Бұлардың екеуі де бір ғана этникалық бірлік тілінің жеке көріністері, олар бөлек-бөлек тілдер емес, тіл біреу-ақ, сондықтан оларды тіл демей, стиль, яғни сөйлеу тілі стилі, кітаби стиль деген жөн. Дәстүрге айналған атауды бұзбау үшін ғана “тіл” деп отырмыз.

Ауызекі сөйлеу де, кітаби немесе жазба тіл де жалпыхалықтық тіл қызметінің екі түрлі көрінісі, екі түрі. Сөйлеу тілі -алғашқы, кітаби – жазбаша тіл – соңғы. Бұл алғашқының негізінде қалыптасады, соның материалдарын пайдаланады. Сөйлеу тілі тілдік мәтін жасаушылардың сандық шамасына қарай *монолог*, *диалог*, немесе *полилог* деп аталатын түрлерге бөлінеді. Монологта тілдік мәтін жасаушы бір ғана адам болады, ал тілдік туынды екі я одан да көп адамдардың қатынасымен жасалса, диалог немесе полилог деп аталады.

Тілдік мәтін мағынасына, айтылу мақсатына қарай *филиппика* (ызалы, қаһарлы сөз), *полемика* (сөзбен қағысу), *панегирик* (көпірме сөз) деп бөлушілік те болады.

Ауызекі тілде қалыптасқан дәстүрден ауытқушылық (речевой хаос) бола береді. Мұнда тілдік материалдарды екшеп, іріктеп қолдану талғамында да шалғайлықтар, жұпынылық, үйреншіктілік мол, диалектілік, жаргондық, тіпті кейде тұрпайылық сөз қолданыста да сау болмайды. Жазба қалыптасқанға дейінгі ауызекі тілдің анағұрлым сымбатты түрі – фольклорлық туындыларда болады.

Кітаби-жазба тіл болу үшін жазудың, баспа орнының болуы шарт. Бұларсыз кітаби-жазба тіл болмақ емес. Сөйлеу тілі мен кітаби-жазба тіл этникалық бірлік тілінің екі түрлі көрінісі, екі түрі дедік. Негізінен алғанда, солай екені рас, бірақ кітаби-жазба тіл этникалық бірлік тілі негізінде болмай, жат жұрттың кірме тілі болуы да мүмкін. Еуропа халықтарының ұзақ замандар бойына жазба тіл етіп латын тілін, бірсыпыра шығыс халықтарының араб тілін пайдаланғанын жоғарыда айтқанбыз. Қандай негізден туғанына қарамастан кітаби-жазба тілдің

сөйлеу тілінен едәуір өзгешеліктері болады. Ондай өзгешелік, ең алдымен, бұлардың қолданылу орындары мен қызметтік мақсаттарында болады. Кітаби-жазба тіл мемлекет басқару істерінде, ғылымда, көркем туындыларда қолданылады да, ауыз-екі тіл, негізінде, күнделікті тұрмыс мүддесіне қызмет етеді. Тіл қызметінің бұл екі түрі айтылған ерекшеліктерін күні бүгінге дейін сақтауда.

Жат жұрт тілі негізінде калыптасқан кітаби-жазба тіл тек оқыған ат төбеліндей азшылық арасында ғана қолданылады және соларға ғана түсінікті болады, жалпы халық оны қолдана білмейді, түсінбейді де.

Қазіргі заман тіл білімінде кітаби тіл дегенді өз ішінен әр түрлі стильдерге (тілдерге) бөлушілік бар. Олардың қатарына *ғылыми-публицистикалық, көркем туындылар* тілі (дұрысы – стилі), соңғыны өз ішінен *прозалық, драмалық, поэтикалық* тіл (стиль) деп бөледі. Мұндай стильдерге бөлушілік ұлттық әдеби тілдің калыптасуына байланысты соңғы замандарда пайда болған.

Ежелден келе жатқан ауызекі тіл мен кітаби-жазба тілді бір-біріне қарсы қоя қарау әдеби тілдің, оның әр алуан стильдік түрлерінің тууына байланысты кейінгі замандарда анағұрлым күрделене түсті. Қазіргі заманда бір-біріне қарсы қойыла қаралатындар *әдеби тіл, жергілікті диалект, жаргон* дегендер.

Әдеби тіл. Ұлттық тілдің бір белгісі – онда міндетті түрде жазба әдеби тіл болады. Әдеби тіл – ұлт тілінің ең жоғарғы типі, оның өңделген, жөнделген, ең үлгілі саласы. Әдеби тіл – жалпыхалықтық тіл маржанын жинақтап, сұрып алған, екшелген, қызметке бай, әлеуметтік сипаты мен стильдік ерекшеліктері мол сала.

Әдеби тіл дегеннің не екенін түсіндіруде бір ізділік жоқ. “Общее языкознание” деп аталатын академиялық еңбекте «әдеби тіл дегеннен оның қандай формада іске асуына (жазба түрде ме, ауызекі ме) қарамастан, кез-келген тілдің өңделген,

екшелген түрі түсініледі»⁶, – деп жазады. Бұған карағанда әдеби тіл дегенді тек жазба тіл деп түсінбеген жөн. Ал басқа көптеген әдебиеттерде әдеби тіл жазба тілмен тығыз байланыста қаралады. Бұл оқулық та осы соңғы принципке сүйенеді.

Әдеби тіл дегенміз, негізінде, жазба тіл. Оның қалыптасуы жазба тілдің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты. Сөз жоқ, тілдік материалдарды іріктеп, екшеп, өңдеп қолдануға талаптанушылық қай дәуірде болса да және сөйлеу тілінде де бола береді. Жазба тілдің жоқ кезеңдерінде кең етек алған фольклорлық туындыларда тілдік материалдарды екшеп, іріктеп, өңдеп қолдану болмады деу жөн болмас, алайда, ауызекі тілдегі өңдеу – екшеулер мен жазба әдеби тілдегі өңдеу, екшеулер бір емес. Мұндағы өңдеу-жөндеулер, екшеп іріктеулер – әлдеқайда жетілген, бір ізге түсіп орныққан, бүкіл тілдік қауым таныған, қабылдаған, барлығына бірдей міндетті үлгіге, нормаға айналған өңдеулер.

Әдеби тіл жазба тіл негізінде қалыптасып, орнығып, халық арасына кең тарағаннан кейін, ол тек жазба түрде ғана емес, ауызекі сөйлеу тілі арқылы да іске асып отырады. Әдеби тіл дегеніміз – жалпыхалықтық, біртұтас ұлттық тілден мейлінше бөлек жатқан дүние емес; ол солардың өңделген, жетілген, жоғарғы сатысы, жалпыхалықтық тілдің диалект, говор, жаргон, ауызекі тіл сияқты қызметінің бір түрі. Әдеби тіл де тарихи құбылыс. Сондықтан ондағы өңдеу, екшеп, іріктеп қолдану дегендердің дәрежесі барлық тілдерде және барлық дәуірде бірдей болмақ емес, олар да төменгі дәрежеден жоғары сатыға біртіндеп көтерілмек.

Ұлттық тілде әдеби тілдің болуы шарт болғанымен, әдеби тіл болу үшін ұлттық бірліктің болуы міндетті емес. Әдеби тіл ұлттық бірлікке дейін де бола береді. Бұл дәуірдегі әдеби тіл оны қолданушы қауымның тарихи жағдайына, мәдени дәрежесіне

⁶Общее языкознание М., 1970.

қарай белгілі *бір* жергілікті диалекті негізінде қалыптасуы да немесе күшпен енген жат жұрттықтар тілі болуы да мүмкін.

Әдеби тіл кенеттен, ғайыптан пайда болмайды. Ол бұрыннан бар белгілі бір тілдің негізінде жасалады. К. Марке пен Ф. Энгельс “Неміс идеологиясы” дейтін еңбегінде ұлт тілі мен әдеби тіл қалыптасуының үш түрлі жолын көрсетеді:

Бұрыннан бар халықтық тіл негізінде қалыптасады. Мұндай әдеби тіл әр халықтың өзіне тән тума төл тілі болып есептеледі.

1. Әр түрлі ұлттардың, олардың тілдерінің араласып будандасуы негізінде белгілі бір тіл бірнеше ұлттар әдеби тілдерін қалыптастыруға негіз болуы мүмкін. Мысалы, мамандардың айтуына қарағанда, Латын Америкасында тұратын жиырма шақты ұлт, ұлт тілі әдеби тіл ретінде испан тілін пайдаланады; ағыл-шын тілі ағылшындардың да, солтүстік американдықтардың да, канадалықтар мен новозеландиялықтардың да ұлттық тілі; неміс тілі, немістердің де, австриялықтардың да; португаль тілі португальдықтардың да, бразилиялықтардың да ұлттық тілі т.б. Тіл білімінде бұлар ортақ тілдер деп аталады. Әрине, негізіне ортақтық жатқанымен, бұл ортақ тілдердің әр ұлт ішінде қолдануларында, нормасында бір-біріне ұқсамайтын өзгешеліктер болмай қоймайды.

2. Мұндай ортақ тілдер әр ұлттың өз ішінде ұлттық бірліктің белгісі, көрсеткіші болғаны болмаса, ұлттар аралығы тұрғысынан алғанда, ол өзін қолданушы әр түрлі этникалық топтардың бір тұтастығының, бір ұлттығының көрсеткіші, көпірі бола алмайды.

3. Өзара туыстас, төркіндес, бір-бірімен тығыз байланысты диалектілердің шоғырлануы негізінде қалыптасады. Мұндай жағдайда ол диалектілер ішіндегі басқаларға қарағанда жалпылық, ортақтық сипаты молырақ бірі ұлттық әдеби тілдің қалыптасуына негіз болуы мүмкін. Қазақ әдеби тілі осылай қалыптасты.

Жазба тіл деген бар да, жазу деген бар. Бұл екеуі өзара жақын болғанымен, бір ұғымды білдірмейді. Жазба тіл – баспасөз тілі, ғылым – білім тілі. Ал жазу – әліппе, ойды қағаз бетіне түсіру үшін қолданылатын таңбалар жиынтығы. Жазу болған жердің бәрінде қалыптасқан жазба тіл, әдеби тіл бола бермейді. Мысалы: басқа да түркі халықтары сияқты қазақ халқы да араб жазуын ертеден бастап-ақ қолданады. Бірақ, біріншіден, оны қолданушылар сан жағынан мейлінше аз болды, екіншіден, жазу болғанымен, XX ғасырдың басына дейін қалыптасқан жазба тіл болған жоқ. XIX ғасырдың екінші жартысында он шақты жылдай өмір сүрген “Түркістан уалаяты”, “Дала уалаяты” атты газеттер, аздаған кітапшалар, Ташкентте, Қазанда басылған қиссалар болмаса басқа мардымды ештеме болған жоқ. Тіпті өзіндік баспа орны да болмады. Ал сол шағын басылымдардың өздері де таза қазақ тілінде емес, кұранды тілде шығарылды. Қазақтың жалпыхалықтық тіліне негізделген өзіндік жазба тілін қалыптастыру талабы XX ғасырдың бас кезінен бастап мықтап қолға алынды. Бұл істі өзгелерден гәрі “Айқап” журналы едәуір алға бастырды.

XX ғасырға дейін казактың жалпыхалықтық тілінің шұрайлысы, бейнелісі поэзиялық туындыларда қолданылды. Бірақ поэзия қаншалықты көркем, жетілген болғанымен, ол әдеби тілдің бір тармағы ғана. Әдеби тілдің басқа салаларына жататын көркем туындылардың басқа жанрлары, ғылым-білім, саяси, публицистика, үгіт-насихат, оқу-ағарту, алуан түрлі іс қағаздары тілдерінің ешқайсысы да XX ғасырға дейінгі тілімізде болмағаны баршаға аян. Ал бұлар жоқ жерде қалыптасқан шын мәніндегі әдеби тіл болып еді деу-дәлелді бола алмайды. Сондықтан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап өз негізін орнықтыра бастаған ұлттық әдеби тіліміз Кеңес дәуірінде шын мағынасындағы әдеби тіл болып кең өркен жайды, дамыды.

Бұл пікірге қарсылар да баршылық. Олар әдеби тіл бір мезгілде ғана қалыптаса қала ма екен дегенді желеу етеді.

Әрине, бір мезгілде қалыптаса қалмайды. Қазақ халқының ұзақ дәуірден бері қарай келе жатқан бай ауыз әдебиеті және ақын, жыраулардың поэзиялық туындылары, кейінгі ғасырларда көріне бастаған баспасөздері – осылардың бәрі-бәрі – әдеби тілді қалыптастырудың дайындықтары, қаланып жатқан ірге тастары. Ал дайындалу дәуірі – шын мәніндегі әдеби тілдің өзі емес, бірі жетсе, бірі жетпей жатқан құралу дәуірі.

Әдеби тілдің сипаты да біркелкі болмайды. Көп жағдайда әр ұлт тек өзіне ғана меншікті жеке әдеби тілге ие болатындарымен қатар, кейде бір этникалық бірліктің екі бірдей әдеби тілге (жазба тілге) ие болатыны бар. Мысалы: мордвалықтар эрзя мордва, мокша-мордва деп аталатын екі тілді; коми-перм деп аталатын екі тілді; мари-эрз деп аталатын екі тілді қолданатын көрінеді. Кейде осының керісінше, екі немесе одан да көп халықтардың, ұлттардың ортақ бір ғана әдеби тілді қолданатыны да бар. Мысалы: кабардылар мен черкестер екі түрлі халық бола тұра, кабарды-черкес тілі деп аталатын бір тілді қолданады, карачай мен балқарлар да осындай. Бұл екі халық та карачай-балқар тілі деп аталатын бір тілді қолданады. Бұған дәлел болатын фактілер осының алдында да айтылды.

Әдеби тілдің өзіндік нормасы, сол нормаға негізделген әр түрлі стильдік ерекшеліктері болады. Әдеби тіл нормасы тілдік жүйемен де, жалпыхалықтық тілді қолдануда қалыптасқан тілдік дәстүрмен де байланысты, солардың негізінде қалыптасады. Сондықтан әдеби тіл нормасын осылармен байланыста қараған жөн.

Тілдік дәстүр және әдеби тіл нормасы. Жалпыхалықтық тілдің де, әдеби тілдің де нормасының негізі – тілдік жүйе. Жүйе – тілдің құрылымдық мүмкіндігі, дерексіз схемасы деп түсінілсе, норма – сол дерексіз құрылым, жүйе мүмкіндіктерінің тілдік мәтін жасау тәжірибесінде көріну, сөйлеу процесіндегі күйі. Норма тілдік жүйеде бар тұлғалардың қызметінде, тілді

қолдану тәжірибесінде орныққан, заңға, дәстүрге айналған, іріктеліп екшелеген, тілдік қауым қабылдаған, жалпыхалықтық, әлеуметтік мәнге ие болу жиынтығы.

Норма тілдік жүйеге негізделеді дедік, бірақ бұдан оның тілдің тек ішкі заңдылығынан ғана туатын, тек соған ғана бағынатын, қоғамға, тілдік қауым еркіне тәуелсіз, объективтік құбылыс деп түсінуге болмайды. Тілдік норманы қалыптастырып дамытуда, реттеп, оған сындарлы сипат беруде тіл иелері, тілдік қауым шешуші қызмет атқарады.

Тіл білімінде тілді қолданудағы заңдылықтарды сөз еткенде узус⁷, норма деген терминдер қолданылады. Бұл екеуі арасында өзара байланыстылық барлығына қарамастан, бір-бірінен елеулі өзгешеліктері де бар. Узус – этникалық топ өкілдерінің тілді қолдану процесінде қалыптасқан, орныққан дәстүрі, дағдысы, ережесі. Бұл дәстүрлерді, дағдыны біраз әдебиеттерде норма, нормалылық (нормативность) деп те атайды. Біздіңше, норма деген терминді тек әдеби тіл үлесіне қалдырып, жалпы тілдік норма, тілдік дәстүр дегенді узус деп атаған жөн. Өйткені узустың мағынасы кең және мұндағы талап нормадағыдай катал да, берік те емес. Узус диалектілік, әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан, тілді қолданудағы барлық көріністерді, құбылыстарды қамтиды. Ал олардың ішінде нормаға жататыны да, жатпайтыны да болады. Мұндай еркіндік, мол кездесетін ала-құлалық әдеби нормаға түспеген тілде кездесе береді. Бірақ бұдан әдеби үлгіге, нормаға түспеген тілді бейберекет жатқан жүйесіз, әркім өз қалауынша қолдана беретін, заң-ережемен шектелмеген бірдеме деп түсінуге болмайды. Егер тілде оны қолданушыларды “олай деме, былай де, ананы қолдану теріс, мынаны қолдану дұрыс” деген тәріздес тежеп отыратын қалыптасқан тілдік дәстүр, үлгі болмаса, тіл өзінің қатынас құралындық қызметін атқара алмас еді. Тілді қолданушылардың ауа жайылуына жол бермейтін узуска да,

⁷ Узус – латын сөзі. Мағынасы – әдет, дағды, ереже.

нормаға да тән бірнеше тежеуіш белгілер бар. Олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады.

Бірінші, тілдік материалдарды, тіл мүмкіндігін қалай болса, солай ала салмай, іріктеп, екшеп қолдану. Бұл – тіл мүмкіндіктерінің бір тектес болмай, әр қырынан көрінуін узус пен норманың әр түрлі нұскалы, динамикалы болуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп, тілдің сымбаттылық, сомдық қасиетін үздіксіз жетілдіріп тілдік қауымның сөйлеу мәдениетін дамытып, олардың тілді қолданудағы жауапкершілігін, ұқыптылығын арттырып отыруға түрткі болады.

Узус пен нормаға тән *екінші принцип* – тұрақтылық. Бұл ұрпақтан-ұрпаққа көшіп отыратын тілдік норманы, тілдік дәстүрге айналдырады, тілді қолданушылардың оны әлеуметтің, қоғамның, көпшіліктің ортақ мүлкі деп санауына, әлеуметтік дәстүр деп сенуіне себепші болады. Норманың тұрақтылығы арқасында әр тарихи кезеңде өмір сүрген тілдік қауымның сөйлеу әрекеттері сөйлеу үлгілері бір-біріне жалғаса, ұштаса алады. Бірақ тұрақтылық дегенді абсолюттік мәнде түсінбеген жөн. Оның да шегі бар. Заман өткен сайын тілдік норма да шындалып, жетіліп отырады. Белгілі *бір* тарихи дәуірде үйлесімді, қолайлы көрінген норма кейінгі бір замандағы жаңа ұрпақтың талап-талғамына сай келмеуі, қанағаттандыра алмауы мүмкін.

Норма мен узустың *үшінші ерекшелігі* – тілдік қауым мүшелерінің барлығына бірдей дәрежеде міндетті болуы. Норманың жалпылық, ортақтық сипаты – екінші жағынан, оны бұзбауды, тәжірибеде одан ауа жайылмай, берік сақтауды міндетті етеді. Норманың міндеттілігі жүйенің өзіндік ішкі заңынан туатын, соған тәуелді жайт емес, сыртқы әлеуметтік талаптан, тілдің қатынас құралындық қызметі қажетінен туатын талап. Тіл өзінің негізгі қатынас құралдық қызметін – дұрыс атқару үшін оның элементтерін, мүмкіндіктерін тілдік қауым мүшелерінің барлығы да біркелкі мағынада, біркелкі

қызметте қолдануы шарт. Сөйлеуші мен тындаушы арасында ондай бірлік болмаса, түсінісу де болмайды. Норманың міндеттілігі осы бірлікті қамтамасыз етеді. Қоғам таныған, қабылдаған заң – ереже, норма, сол қауым мүшелеріне міндетті болғандықтан, ол бірден-бір үлгі болып та есептеледі.

Әдеби тіл нормасы. Осының алдында ғана узуска байланысты айтылған: тілдік материалдарды сұрыптап пайдалану, оны тұрақтандырып дәстүрге айналдыру, дәстүрді қоғамдық, әлеуметтік ереже деп санап, оны пайдалануда жауапкершілік барын сезіну дегендер әдеби тіл нормасына да тән. Мұнда аталған принциптер узустағыдан анағұрлым күшті, анағұрлым берік заңдастырылған міндетке айналады.

Норма пайда болу үшін, алдымен, тілдік қауымның немесе оның алдыңғы қатардағы бір тобының тілдегі барды қандай орында, қалай пайдаланса дұрыс болады, дұрыс болмайтыны қайсы деген талғамының болуы шарт. Ондай талғамсыз әдеби норманың болуы мүмкін емес. Норма тіл қызметінің барлық саласында да, барлық көрінісінде де болуы шарт. Мұндай норманы қалыптастырып бүкіл этникалық топ ішіне тарату және оны тұрақтандыру тек кітаби-жазба тілдің ғана қолынан келеді. Сондықтан әдеби норманың қалыптасуы үшін кітаби-жазба тілдің болуы шарт. Өйткені нормаға орфоэпия мен орфографияның бірізді болуы да енеді. Ал қазақ орфографиясының тілдік материалдарды әр түрлі танбалауға жол бермейтін морфологиялық принцип қазақ жазуында тек 1938 жылдан бастап қана қолданылды, бас әріпті қолдану тек 30-жылдан басталды, ғылыми-техникалық, саяси-өнерлік терминдер қолданысын бірізге келтіру талабы да осы кездерден қолға адынды. Осыларды ескермей кейбір зерттеушілердің қазақ әдеби тілінің, оның нормасының қалыптасу тарихын көнелендіруге тырысатындықтарын мақұлдауға болмайды.

Норма тілдің ішкі заңына, жүйелік құрылымына тәуелді, соның қажетінен туатын объективтік құбылыс емес, қоғамдық

кажеттіліктен туады. Оны реттеп, бір жүйеге келтіріп, зандастырып отыратындар тілді колданушылар, мемлекеттік орындар. Әдеби нормада узуска карағанда тілдік материалдарды пайдалануда саналылық, жауапкершілік мейлінше күшейеді.

Әдеби норма бірізді, тұрақты болады дегенді абсолюттік мәнде түсінбеген жөн. Бірізділік деген бірқалыпта катып қалу деген емес, әр түрлі нұсқада келу әдеби нормаға да тән. Олай болмаған жағдайда, ол сымбаттылықтан, тартымдылықтан, бейнеліліктен айырылған, семиотикалық таңбалар сияқты тақ-тақ тіл ғана болып қалмақ. Мұндай әр түрлі нұскалық *сияқтыны – сиықты, шейінді – шекейін, барды – барғын, алайықты – аяалы, асты – ауқат, қыз баланы – нашар бала* деуде емес, синонимдік материалдарды пайдалануда, тұрақты және еркін тіркестерді стилистикалық талапқа сай пайдалануда, синтаксистік құбылыстарда болмақ. Норма да тарихи құбылыс, ол – динамикалы. Тіл дамуының белгілі бір тарихи дәуірінде пайда болып, қоғам талабына сөйкес жанарын, жетіліп отырады. Бұл туралы жоғарыда айтылды.

Тілдің диалектілік, әлеуметтік жіктері. Диалект – жалпыхалықтық, біртұтас ұлттық тілдің өзіндік дыбыстық, сөздік, грамматикалық ерекшеліктері бар бір саласы. Диалект, негізінде тілдік қауымның қоныс ыңғайына қарай әр түрлі аймақтарға бөлінеді. Диалектінің мұндай түрі жергілікті диалект деп аталады. Жертілікті диалектіге белгілі бір аймақта тұратын адамдар тілінде кездесетін ерекшеліктердің жиынтығы жатады.

Белгілі бір этникалық бірлікке тән жалпыхалықтық тіл мен диалект арасында әлеуметтік те, функциялық та, құрылымдық та өзгешеліктер болады. Тіл бүкіл этникалық бірліктегілердің барлығына да ортақ, бәріне бірдей қызмет етеді, ал диалект оның белгілі бір аймақта тұратын бір бөлігіне ғана қызмет етеді. Тіл қызметі сан-алуан болады, ал диалектінің қызметтік шеңбері бар, ол негізінде сөйлеу тілі түрінде ғана болады.

Тіл құрылымдық жағынан басқаға тәуелсіз дербес болады, ал диалект құрылымдық жағынан жалпыхалықтық тілге тәуелді болады.

Әрине, бұл өзгешеліктер, әсіресе қызмет өзгешелігі, барлық заманда, этникалық бірліктің барлық тілінде бірдей болып отырмайды, олардың шамасы нақтылы өмірлік жағдайға байланысты болады.

Диалектілік ерекшеліктердің пайда болуының негізгі себептері, жоғарыда айтылғандай, бір кезде жалпыхалықтық тілде сөйлейтін қауымның белгілі тарихи себептерден бір-бірінен бөлініп, қоныс аударып, ұзақ заман бойына бір-бірімен қатынастарының үзілуінен немесе көрші тілдер әсерінен болулары мүмкін.

Жалпыхалықтық немесе біртұтас ұлттық тіл құрамындағы диалектілердің бір-бірінен өзгешеліктері әр түрлі дәрежеде болады. Мысалы: белгілі бір аймақта тұратын адамдар тілінде бар сөздер екінші бір аймақта тұратын адамдар тілінде немесе әдеби тілде болмайды, болғанымен де біраз өзгешелікте айтылады, болмаса олардың әрқайсысында әр түрлі мағынаны білдіретін болады. Дәл осындай өзгешелік дыбыстық жүйеде де, грамматикада да кездесуі мүмкін. Әр аймақ тұрғындарының тілінде кездесетін ондай өзгешеліктердің жиынтығы олардың өз алдарына жеке-жеке диалект екендіктерін байқататын көрсеткіш болып есептеледі.

Жалпыхалықтық тілдер сияқты жертілікті диалектілер де тарихи құбылыс. Олар да қоғам дамуының белгілі бір тарихи дәуірінің жемісі. Қоғамдық жағдайларға лайықты, соған негізделе пайда болып, дамып, өзгеріп отырады. Диалектілік ерекшеліктер негізінде, рулық, тайпалық, феодалдық дәуірлердің жемісі.

Жалпыхалықтық тілдің жергілікті диалектілерге қарағанда қызмет жағынан да, ерекшелік жағынан да, қолданушы

қауымның, сандық шамасы жағынан да, едәуір шағын көлемді тармағы әлеуметтік диалектілер. Әлеуметтік диалектілерге кәсіби, жаргондық ерекшеліктер жатады. Бұлардың өзіндік ерекшелігі мынада: жертілікті диалектілердің өзіндік лексикалық та, фонетикалық та, грамматикалық та ерекшеліктері болады. Және ол белгілі бір аймақ тұрғындарын тегіс қамтиды. Ол ол ма, тіпті кейде жоғарыда аталған әлеуметтік тілдік ерекшеліктер сол жергілікті диалект ішінде де болуы мүмкін. Әлеуметтік типтер деп аталатындардың ерекшеліктері, негізінде, олардың лексикалық жағында ғана және олар белгілі шағын топ арасында ғана қолданылады. Бұлардың ішінен кәсіби ерекшеліктерді бөліп алған жөн. Ол – тек шартты түрде атағандық болмаса, диалектіге де, жаргонға да қосылмайды. Кәсіби лексика – әдеби тіл сөздігінің бір саласы және оның әдеби тілге жаттығы да жоқ. Әр кәсіпорындарының өз ерекшеліктерше лайықты қолданатын атауыш сөздері – әдеби тілдің бір байлығы.

Жалпыхалықтық, біртұтас ұлттық әдеби тіл үшін арам без сияқты болып тұратындар – әдеби тілді ластайтын, оның біртұтастығына зиян келтіретіндер – жаргондар.

Жаргон – тілдің әлеуметтік бір жарқыншағы. Бұл табиғаты жағынан да, қызметі жағынан да, шығу төркіні жағынан да диалектілерден мейлінше өзгеше. Жаргонның географиялық ұғымға, қоныс ыңғайына ешқандай қатынасы жоқ. Ол – тұрмыс, тіршілік, кәсіп ыңғайлары бір-біріне ұқсас келетін әлеуметтік шағын топтар арасында пайда болады. Өзінің жаргондары бар әлеуметтік топ әр түрлі болуы мүмкін /саудагерлер, қайыршылар, бұзакы, ұры-қарылар т.б./, солар ішіндегі елеулі де күрделісі таптық жаргондар. Таптық жаргондардың едәуір елеулігіне карап кейбір ғалымдар, солардың ішінде Кеңес тіл ғалымы академик Н.Я. Марр да тіл таптық болады, әр таптың өзіндік тілі болады дегенді айтқан. Дұрысында, жар-

гондар мейлі ол таптық болсын, мейлі таптық болмасын – бәрі бір, дербес тіл емес, жалпыхалықтық тілдегі өзіндік кейбір сөз өзгешеліктері арқылы ғана окшауланатын тілсымақ кана.

Жаргонға басқа тілдерден орынсыз еніп, қолданылған кірме сөздер де жатады. Мысалы: елді күлдіру үшін айтылатын “Қарағым, айналайын черный көзім, никогда не забуду айтқан сөзін”, немесе “еду-еду кашыкка” дегендердегі орыс тілінен алынған сөздер – казак тілі үшін жаргондар.

Жазушылардың, әр текке жататын кейіпкерлердің өзіндік ерекшеліктерін байқату үшін, олар қолданатын жаргондарды өз шығармаларында келтіретіні тұрмыста жиі кездеседі.

ХІ ТАРАУ

ТІЛДІҢ ДАМУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ

Проблеманың зерттелу тарихынан. Тілдің дамуы жөніндегі мәселе – жалпы тілтану ғылымының күрделі проблемаларының бірі. Заманға, уақытқа қатысты болып отыратын тілдік құбылыстардың сырын білмейінше, тілдің өзіндік сипатын, мән-мағынасын түсіну мүмкін емес.

Соған карамастан тіл дамуы жөніндегі мәселенің тіл ғылымындық проблемалардың бірі ретінде қарала бастағанына көп уақыт өткен жоқ. Көрнекті ғалымдардың зерттеулеріне карағанда, тілдің тарихи құбылыс екендігіне көңіл аударып, оның тарихын зерттеуге бет бұрушылық ХІХ ғасырдың басында, салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дүниеге келуінен басталады¹.

ХІХ ғасырға дейін едәуір етек алған, тіл жүйесіндегі өзгерістерді құбыжыкетіп көрсететін көзқарастың салқыны, ықпалы ХІХ ғасырдың өзінде де қалмады. Р.А. Будагов бұл жөнінде: “Жалпы айтқанда, тіл тарихы жөніндегі концепцияның жолы болмады, дүниеге келіп үлгермей жатып-ақ күмәнданушылыққа душар болды. Өткен ғасырдың алғашқы жартасындағы салыстырмалы-тарихи тіл білімін негіздеушілердің бірі Франц Бопптың өзінде де тілдегі даму – оны бұлдіруге, деформацияға әкеп соқтыратындай болып көрінді. Мұндай пікірдің тууына үнді-еуропа тілдерінің жана түрлеріне карағанда, оның көне түрлерінде флекцияның редукциялануы тілдің бүлінуімен пара-пар деп саналды. Флекцияның молдығын, әр жақтылығын тілдің байлығымен, оның даму дәрежесімен тең қою концепциясы каншалықты аңғырттық болғанымен, ол ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы ең үстем пікір болды²,” – деп жазды.

¹ Будагов Р.А. Проблемы развития языка. М., 1965; Чикобова А.С. Проблема языка как предмет языкознания; М., 1959, изучения языков. М., 1960.

Тілдің дамып отыратын тарихи құбылыс екенін мойындаушылардың өздері де тіл дамуының табиғатын, сандық өзгерістер мен сапалық өзгерістердің сипаты мен арақатынасын, дамуға түрткі болатын ішкі-сыртқы факторларды айқындауда бірауыздылық болмады. Оның төркіні ғалымдардың, лингвистикалық, мектептердің басшылыққа алған методологиялық көзқарастарында, тарихи дамудың заңдылықтарын қалай түсінетіндіктерінде жатыр. Сондай-ақ, бұл мәселеге олардың басқа қандай ғылымдағы жетістіктерді, критерийлерді үлгі-өнеге етулерінің де тигізетін әсерлері аз болмаса керек.

Динамизм – тілдің барлық жағдайдағы күйіне де тән қасиет. Ол – өзінің жаратылысынан өзгеріске, дамуға бейім құбылыс. Өзгеру, даму тіл атаулының табиғатына тән өзіндік қасиет. Бұл – тілдің қоғам өміріндегі атқаратын қызметіне, алатын орнына байланысты. Тілді қатынас құралы ретінде қолданушы қауым әрқашан да өзін қоршаған, үнемі қозғалыс, даму үстіндегі ақиқат өмірмен, әлеммен қарым-қатынаста болады. Одан үздіксіз жаңа әсер, жаңа ұғымдар алып, өз түсінігін, өзінің ой-санасын дамытып отырады. Олай болса, сол дамып отыратын ой-сананың көрсеткіші, қалыптастырып жарыққа шығарушысы – тілдің бір қалыпта тұрып қалмайтыны табиғи жайт. Бірақ бұдан тілдің синхрондық жағдайдағы қозғалысымен, өзгерісімен диахрондық эволюция жағдайындағысы бірдей деген қорытынды шықпайды. Шартты түрде мұның алғашқысын қозғалыс, соңғысын өзгеріс деп атауға болады.

Қозғалыс (варирование) тілдің синхрондық жағдайдағы күйіне тән. Мұнда тілдің құрылымы өзгермейді. Құрылымның барлық қабаттарында да тек сандық құбылыстар, түрленістер болады. Сөйтіп, бірте-бірте кейін болатын өзгеріске, эволюцияға әзірлік жасалады. Ал, эволюция, өзгеріс диахронияға тән қасиет.

² Будагов Р.А. Проблемы развития языка. М., 1965.

Ол – тілдің синхрондық күйіндегі қозғалыстардан келіп туады, соның жоғары сатысы, аяқталуы болып есептеледі. Мұндағы өзгеріс тілдің құрылымына да әсерін тигізеді.

“Өзгеру процесі дегеніміз”, – деп жазады “Общее языкознание” атты еңбектің авторлары, – бір элементтің екінші бір элементі ығыстырып шығаруынан, соның орнын басуынан бастап, белгілі тұлғаның бірте-бірте материалдық, функциялық немесе семантикалық өзгеріске ұшырауына дейінгі процесі. Ал қозғалыс, түрленіс (варирование) дегеніміз – қатар өмір сүру, белгілі бір ұқсастықтарына қарай бірігетін гетерохрондық немесе гетерогендік туындылардың, тұлғалардың, конкуренциялық процесі”³.

Синхрондық зерттеу тілдің белгілі бір ғана дәуір ішіндегі жүйесін, құрылым сипатын баяндайды. Бірақ соларды баяндау үстінде, қажетті жерінде, элементтердің, амал-тәсілдердің тарихына да көз жіберу қажеттігі тумай қоймайды. Диахрондық зерттеу тілінің белгілі бір мезгілдегі жүйе элементтері екінші бір кезеңдегі жүйе элементтерімен салыстырылады. Бұл – диахрондық зерттеудің синхрониямен, тілілік жүйе дегенмен ешқандай байланысы жоқ дейтін көзқарастың теріс екендігін, диахрондық әдістің синхронияны қажет ететін жері де барлығын көрсетеді.

Сөйтіп, тілдің синхрондық және диахрондық зерттеу әдістерін бір-біріне байланыссыз, бірін-бірі жоққа шығаратын екі бөлек тәсіл деп санауға болмайды. Бұл екеуі – өзара тығыз байланысты, бірін екіншісі айқындай, толықтыра түсетін тілдік құбылыстың біртұтас даму процесінің екі түрлі кезеңі, сатысы.

Өзгеріске ұшырамайтын, бір қалыпта қалып қоятын тіл болмайды. Тіл атаулының барлығы да сөздік құрамы жағынан болсын, грамматикалық және фонетикалық құрылымдары

³ Общее языкознание. М., 1970.

жағынан болсын заман өткен сайын өзгеріске ұшырап, дамып отырады. Тілде болатын өзгеріс-құбылыстар алуан түрлі, бірақ солардың барлығы бірдей тілдің дамуы деген ұғымға жата бермейді. Тілдің дамуы деп оның лексикалық құрылымының жана атаулармен, жана ұғым көрсеткіштерімен толығып, грамматикалық және дыбыстық құрылымдарының шыңдалып, жетілуін, сөйтіп, тілдің икемділік, орамдылық қасиетінің артуын айтады. Бірақ бұл айтылғандардан тілде тұрақты ешнәрсе жоқ, бәрі де тұрақсыз, көшпелі деген ұғым тумауы керек. Тіл атаулының барлығында да және оның барлық салаларында да тұрақты элементтер мен тәсілдер өзгерімпаз, тұрақсыз элементтермен, амал-тәсілдермен жарыса қатар жүріп отырады. Тілдің өз негізін ұзақ замандар бойына елеулі өзгеріссіз сақтай алатыны да онда статикалық та, динамикалық та қасиеттің барлығынан. Бірақ оның статикалық күйін абсолюттік мәнде түсінбеген жөн. Динамизм онда да бар.

Тілдің құрылымдық және қызметтік, функциялық дамуы. Тілдің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысында, лексикасында болатын жетілістер, дамулар құрылымдық даму деп аталады. Сонымен бірге, тіл дамуы деген ұғымға оның қоғамда атқаратын қызметінің ұлғаюы, кеңеюі де енеді. Дамудың бұл түрі функционалдық даму деп аталады.

Тілдің функциясы дегеннен оның қоғамда атқаратын қызметін түсінеміз. Тілдік құбылыстар ішінде оның қызмет жағынан дамуының мәні ерекше. Тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қандайы болса да, оның қоғамдық қызметі үстінде туып, қалыптасады. Тіл өзінің қоғамдық қызметі арқасында тынымсыз қозғалыс, әрекет үстінде болады да, соның нәтижесінде қоғамсынына түсіп, өмір талабына сәйкестеніп отырады. Сондықтан да тілдің қызметі мен құрылымдық эволюциясы бірлікте қаралады. Бұл екеуі өзара тығыз байланысты, бір-біріне тәуелді, шарттас деп есептеледі. Бірсыпыра ғалымдар тілдің қызметі мен құрылымдық эволюциясы арасындағы қарым-қатынасты

тіл мен сөйлеу арасындағы қарым-қатынас деп те атайды. Тілдің қызметтік дамуы, негізінде экстралингвистикалық жағдайларға тәуелді, соның қызметінен туады.

Тіл дамуының заңдылықтары. Тіл дамуының өзіндік заңдылығы бар, оның өзгеріске ұшырауына себепші, түрткі болатын жағдайлар болады. Тілде болатын өзгерістердің біразы оны қолданушы қауымның еркінен тыс, тілдің өзіндік ішкі даму заңы бойынша іске асады. Тілдің ішкі даму заңы жалпы тілдік болуы да, жеке нақтылы бір тілдік болуы да мүмкін. Бірақ бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты.

Тілдер дамуындағы жалпы заңдылыққа төмендегілер жатады:

1. Тіл бірте-бірте, эволюциялық жолмен дамиды.
2. Тілдік қабаттарының барлығы бірдей дәрежеде, біркелкі дамымайды, жағдайға, өмір талабына сәйкес әр түрлі қарқында, әр түрлі салада дамыды. Бірақ тілдің жеке қабатында болған өзгеріс, белгілі мөлшерде болса да, тілдік жүйеге әсерін тигізбей тұра алмайды. Олай болмағанда, тілді әрбір қабаттары, элементтері бір-біріне байланысты, тәуелді, өзара шарттас болып келетін бір бүтін жүйе деуге де болмас еді.
3. Тіл қатынас құралы қызметін атқарып тұрған жағдайда әрқашан да даму үстінде болады. Сондықтан оның дамуын тарихтан бұрынғы, тарихтан кейінгі деп екі кезеңге, немесе әр түрлі сатыға бөлу дұрыс емес.
4. Тілдің дамуы қоғам дамуымен тығыз байланыста болады, бірақ бұл екеуінің дамуы бір емес, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Тілде қоғам өмірінде болатындай революциялық секіріс, дүмпу, ескіні жаңаның күшпен бірден жоюы сияқтылар болмайды. Тілге енетін жаңалық топтанып, түйдектеніп, бірден енбейді, мысқалдап, біртіндеп келіп сініседі және ондай жаңалықтардың басым көпшілігі ескілікті жамыла, ескі материалдар негізінде туып жатады да материалдың ескілігі, үйреншіліктігі ондағы жаңалықты бүркеп, байқатпай

тұрады. Мысалы: казіргі әдеби тілімізде *жарыссөз, мейраммен құттықтау, жалынды сәлем, биік мұрат, өндірістік басқарма, тірі мүйіс, демалыс күн, ашық жиналыс, жабық жиналыс, пікір алысу, тәжірибе алмасу, су қоймасы, өзара сын, социалистік жарыс, еңбеккүн* дегендер тәрізді тіркестер жүздеп, мындап қолданылады. Бірақ өткен ғасырлар ескерткіштерінен дәл осындай мағынада мұндай тіркестер кездеспейді. Бұл тәріздес тіркестердің бәрі де үстіміздегі ғасырда, әсіресе Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі дәуірде ғана пайда болды. Тілімізге біртіндеп, елеусіз сіңіскені сондай, қазір де бұларды тілдегі жаңалық деу киын. Оның тағы бір себебі жоғарыда келтірілген тіркестердің барлығы да тілімізде бұрыннан бар көне материалдан (сөздерден) жасалған⁴.

Сөйтіп, тілдің дамуы, шындалып жетілуі бірте-бірте болады. Тіл дамуының басқа қоғамдық құбылыстар, әсіресе базис пен қоғамдық қондырмалар дамуынан өзгешелігі де осында.

5. Тілдің даму қарқыны, шындалып жетілу – дәрежесі қоғам дамуының түрлі кезеңдерінде түрліше болады. Оның кейбір кезеңдерінде тіл мардымды өзгеріске ұшырамайтын болса, екінші бір дәуірлерінде тез қарқынмен дамиды. Қоғам өмірінде айтарлықтай күрделі өзгерістер, қарқынды дамулар болмаған дәуірлерде тілдің дамуы да баяу болмақ. Керісінше, қоғам өмірінде ұлы өзгерістер, жаңа бет бұрыстар, қарқынды дамулар болған дәуірде тіл дамуы да қарқынды, өнімді болмақ. Бұған, өзгені былай қойғанда, Кеңес одағындағы әр түрлі халықтар тілдерінің, олардың ішінде қазақ тілінің де Қазан революциясы жеңгеннен кейінгі даму дәрежесі дәлел. Қазақ тілінің осы қысқа мерзім ішіндегі даму дәрежесі одан бұрынғы бірнеше ғасырлар бойғы дамуынан әлдеқайда қарқынды және өнімді болды дей аламыз.

⁴ Қордабаев Т. Қазақ жазбалары тілінің синтаксисі. Алматы, 1966.

6. Тілдің қай-қайсысында да оның құрылымдық элементтерін абстракциялап қолдану заңы бар. Бұл заң бойынша, тілдегі бір кездегі деректі элемент барған сайын дерексізденеді, бір кездердегі толық мағыналы сөздер келе-келе грамматикалық морфемаларға, шылау сөздерге айналады, сөздер бастапқы, негізгі мағыналары үстіне келтірінді, ауыспалы мағыналар үстеп, семантикалық жағынан дамиды т.б.

7. Дыбыс тілі дамуына тән тағы бір ортақ заңдылық – дифференциация заңы. Ежелгі замандар тілінде тілдік элементтер қазіргідей сараланбаған, дыбыстау, сөйлеу диффузды болған. Көрнекті ғалымдардың болжамдарына қарағанда, дыбыс тілі пайда болуының бастапқы кезеңінде қазіргі түсінігіміздей жеке дыбыс сөз, сөйлем дегендер болмаған, яғни дыбыс тілі атаулының қай-қайсысы да сөйлеудің бастапқы диффузды (элементтері бір-бірінен жекеленбеген, бөлінбеген) түрінен оны жеке элементтерге бөлшектеу, даралау принципі арқылы дамыған. Сөздердің әр түрлі таптарға бөлінуі, сөйлем түрлерінің көбеюі сияқтылар тілдік тұлғаларды бір-бірінен жекелеу, даралау талабынан туғандар. Бұл екі тәсіл – абстракциялау мен дифференциялау тәсілдері тілдер дамуында жарыса жүріп отырған, процестер.

8. Тіл дамуында дифференциялаумен қатар, оған қарама-қарсы мәндегі интеграциялау (топтау, біріктіру) принципі де болады. Бұл тәсіл бойынша ұсақ тұлғалар өздерінен бір саты жоғарғы тұлғалар құрамына еніп, анағұрлым күрделі тұлғалар жасалады. Морфемалардан сөз, сөздерден сөз тіркестерін, бұлардың тіркесулерінен сөйлем құрау, лексикалық мағыналары әр түрлі сөздерді белгілі бір ғана сөз табы етіп топтау – интеграция принципіне негізделеді.

9. Тілдер дамуында болатын ортақ құбылыстардың тағы бір түрі – аналогиялық принцип. Бұл тәсіл бойынша тілде бұрыннан бар белгілі бір тұлғаға, амал-тәсілге сүйеніп, соған ұқсас жана, тын туындылар жасалады. Мысалы: қазақ әдеби

тілінде аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп” деген бірді-екілі сөйлемшеде ғана болмаса, = *ар+ман*, = *ер+мен* деген қосымшалар арқылы жасалатын сөздер жок еді. Соңғы жылдары аналогия тәсілімен көрермен, оқырман, кадырмен деген сөздер; жұмыскер, балалық, сәлемдеме дегендер тәріздес сөздерге аналогия ретінде қаламгер, оқулық, аялдама дегендер тәріздес сөздер қалыптасып орнықты.

Орыс тілінде легализация, активизация деген сөздердің аналогиясы ретінде паспортизация, советизация; машинист, артиллерист сөздеріне аналогия ретінде значкист, очеркист; метражға ұқсатып, листаж; ипподромға ұқсатып, аэдром, космодром т.б. сөздер қалыптасқан⁵.

Тілдік өзгерістердің ішкі, сыртқы себептері. Тілдік құбылыстарға себепші болатын факторлар алуан түрлі. Қазіргі заман тіл білімінде олардың ішіндегі ең елеулісі ретінде екі түрлі факторға ерекше мән береді; оның бірі – сыртқы фактор, екіншісі – ішкі фактор деп аталады. Егер тілдегі белгілі бір өзгерістің пайда болуына түрткі, себепші болған жағдайлар тілдің өзіне, өз жүйесіне тән, өзінің ішкі ерекшелігінен туған заңдылығы болса, ол ішкі себеп болады да, тілдің өз заңдалығынан болмай, одан тысқары, тілді қоршаған әлемнен, ортадан туған түрткі болса, ол сыртқы себеп болады. Сыртқы факторға тілді қоршаған ортада болатын алуан түрлі себептердің жиынтығы, өзгеден бұрын, қоғамның тарихи дамуына тілдік қауымның қоныс аударуларына, миграцияға, бірігуі мен ыдырауына, қатынас жасау формасының өзгеруіне, мәдениет пен техникадағы прогреске байланысты себептер жатса, ішкі факторға тілдің өмір сүріп тұрған жүйесін жетілдіре беру мақсатынан туған себептер жатады.

Тілдік өзгерістерге себепші болатын сыртқы факторлардың ең күштісі – қоғамдық прогресс, қоғамның рухани өміріндегі, өндіргіш күштер мен техникадағы, ғылымдағы, шаруашы-

⁵ Реформаторский А.А. Введение в языковедение. 1967.

лықтағы өзгерістер. Қоғам өмірінде болатын мұндай прогресс тіл дамуына елеулі ықпал жасайды. Бұған дәлелді басқа жақтан іздемей-ақ қазақ тілінің Қазан революциясынан кейінгі жағдайынан-ақ табуға болады. Бұл кезең ішінде қазақ халқының саяси-шаруашылық, ғылыми техникалық, рухани, мәдени өмірінде бұрынғы ұзақ ғасырлық тарихында болып көрмеген ұлы өзгерістер, жаңалықтар болды. Соған лайықты тіліміз де бастапқы негізін сақтай отырып, біраз елеулі құбылыстарға ұшырады. Ол құбылыстар, ең алдымен, тіліміздің қоғамдық-әлеуметтік қызметінде болған үлкен өзгерістердің нәтижесінде пайда болды.

Қазақ тілі кейініректе біртұтас ұлттық әдеби тіл, жазу тілі дәрежесіне көтерілді де, жалпыұлттық әдеби тіл, жазу тілі атқаруға тиісті, қызметтердің бәрін де атқаруына тура келді. Ол Кеңес дәуірінде кең етек жая алған мерзімді баспасөздің, публицистиканың, көркем прозаның, саяси-ғылыми әдебиеттердің кең жолға қойылған үгіт-насихаттың, оқу-ағарту істерінің тілі, яғни алуан түрлі стильді көркем саяси, ғылыми, техника тілі болып қайта құрылды.

Қазақ тіліне байланысты айтылған бұл пікірді басқа көптеген ұлттар тілдерінің кеңес дәуіріндегі даму тарихына байланысты айтуға да болады. Өйткені Кеңес халықтары тілдерінің дамуы қалай болса солай стихиялық жолмен болған құбылыстар емес, партия мен үкіметтің қоғамымыздың даму талабына, ұлттық, тілдік саясаттың принциптеріне, саналы түрде жүргізген және жүргізіп келе жатқан бірыңғай реттеушілік, басқарушылық әрекеттерінің нәтижесі. Сондықтан еліміздегі ұлттар тілдерінің Кеңестік құрылыс жылдарындағы даму заңдылығы бір тектес, бір-біріне өте ұқсас.

Тіл дамуына себепші болатын сыртқы факторлардың тағы бір елеулі түрі – тілдердің бір-бірімен байланысы, қарым-қатынасы. Басқа тілдермен байланыссыз, томаға-тұйық өмір сүретін тіл болмайды. Қандай халық болса да, өзімен көршілес

баска бір халыктармен экономикалық немесе мәдени байланыссыз тұра алмайды. Мұндай байланыс, яғни әр түрлі тілде сөйлейтін қауымдардың байланысы, тілдердің де қарым-қатынасын күшейтеді. Олардың қайсысының көбірек ықпал жасауы толып жатқан әлеуметтік факторларға байланысты. Оған қарым-қатынасқа түскен тілдер иелерінің мәдени дәрежелерінің, экономикалық жағдайларының, әлеуметтік беделдерінің, ол тілдерде сөйлейтін адамдар санының тигізетін әсері аз болмаса керек.

Тілдер қарым-қатынасының тіл дамуына тигізетін елеулі әсері барлығы тіл білімінде бұрыннан белгілі. Бұл әсер тілдер арасындағы қарым-қатынастың сипатына қарай әр түрлі болады.

Тілдік қарым-қатынас /контакт/ әр түрлі тілде сөйлейтін халықтардың бір-бірімен тікелей немесе жанама түрде қарым-қатынасқа келуі нәтижесінде пайда болады. Оның да жолы әр түрлі.

Белгілі бір тілде сөйлейтін қауым қонысына басқа тілді этникалық топтың келуі мүмкін. Мұндай келімсектердің жергілікті халықты күшпен бағындыруы, олардың тілін ассимиляциялап, өз тілдерін зорлап қабылдатуы, болмаса өз тілінен айрылып, жергілікті халық тілін қабылдауы немесе өзара қатынаста тұрып, олардың тілдері бірінде жоқты бірінен алын, қатар дамуы да мүмкін. Бір аймақта тұратын тілдер бірін екіншісі ассимиляциялағанда жеңілген тіл із-түзсіз жойылып кетпейді, оның қалдықтары жеңген тіл ішінде ұзақ сақталады. Егер қалдық жертілікті тілдікі болса, *субстрат* делінеді де, келімсектер тілінің жойылуынан қалған қалдық болса, *суперстрат* деп аталады. Ал достық қатынастағы тілдердің бір-біріне тигізген әсерлері *интерстрат* делінеді.

Кеңес одағындағы тілдер қатынасында орыс тілі шешуші роль атқарып келді. Орыс тілін бүкіл Кеңес халқы бір-бірімен қатынас жасайтын ұлтаралық тіл ретінде қабылдады да, оны екінші ана тіліміз деп – жариялады.

Тілдер дамуына ішкі себептердің тигізетін әсері де аз болмайды. Бірақ тілдік құбылыстарға түрткі болатын ішкі себептер мен сыртқы себептерді бір-бірімен ешқандай байланысы жоқ, екі бөлек жатқан дүниелер деп санауға болмайды. Бұлар өзара бірлікте, қарым-қатынаста болады. Тілде болатын өзгеріс-құбылыстар қандай себептерден туса да, тілдің ішкі мүмкіндігіне, оның жүйелік сипатына негізделеді, соған сәйкестенеді. Алдыңғы параграфта тілдік құбылыстарға себепші болатын ортақ заңдылықтар – абстракциялау, дифференциялау мен интеграциялау және аналогия жасау тәсілдері тілдің дамуына себепші болатын ішкі факторлар деп есептеледі. Алайда, осы себептер арқылы болатын өзгеріс-құбылыстардың қандайы болса да әлеуметтік қажеттіксіз болмас еді. Сондай-ақ, кейбір зерттеулерде тілдік механизмнің адам организмінің физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес болуын кездеу, тілдік тұлғалардың айтуға жеңіл, сөйлеу органдарына күш түсірмеу талаптарын да тілдің дамуына түрткі болатын ішкі себептерге жатқызады. Бұларды да таза тілдік себептер деуге болмайтыны тәрізді, әлеуметтік қажеттілік, экстралингвистикалық себеп мұнда да жоқ емес.

Аталған ішкі және сыртқы себептердің тілдің құрылымдық тарауларына тигізетін әсерлері бірдей болмайды. Оны байқау үшін тілдік әр саласының даму ерекшеліктерше жеке-жеке тоқталамыз.

Тілдің әр саласының даму ерекшеліктері. Тілде дамымай, өзгеріске ұшырамай, бір қалыпта қалып қоятын еш нәрсе де жоқ, заман өткен сайын оның барлық саласы да өзгеріске ұшырап, дамып отырады. Оларда болатын өзгеріс-құбылыстардың тағдыры, қарқын-сипаты ішкі, сыртқы себептерге байланысты.

Дегенмен, дәуір талабы, сол тілде сөйлейтін қауым мұқтажы деңгейлес бола тұрса да, тілдік әр қабаттың әр түрлі сипатта өзгеріп, дамитындығы бола беретін құбылыс. Ол әр қабаттың өзіндік ерекшеліктеріне байланысты.

Лексиканың дамуы. Тілдің лексикалық құрамы оның басқа салаларының қай-қайсысынан болса да өзгеріске бейім тұрады. Сөздік құрамның тілдік категориялар ішіндегі ең бір өзгерімпаз, дамығыш сала болатын себебі ол адамдардың қоғамдық өмірінің, барлық саласымен, күллі тіршілігімен тікелей байланысты, қоғам өміріндегі өзгерістерді, жаңалықтарды тез қабылдайды және дереу, тікелей атап көрсетеді.

Сөздік құрам екі түрлі жолмен дамиды: біріншісі – әр тілдің өзіндік байырғы материалдары негізінде, екінші – басқа тілдерден сөздер қабылдау негізінде.

Бірінші тәсіл – тілдің сөздік қорын дамытудың ең өнімді, ең маңызды жолы. Бұл тәсіл арқылы тілдің сөздік құрамын дамытудың, жаңа заттардың, жаңа ұғымдардың атауларын жасаудың жолдары әр түрлі. Ондай жолдардың біріншісі, тілде бұрыннан бар, бірақ әрқайсысы әр түрлі мағынада қолданылатын екі түрлі сөзді біріктіру арқылы жаңа сөз жасалады да, жаңа ұғымды білдіреді. Мысалы, қазақ тілінде *бертінде ғана біріктіріліп айтылып, жаңа ұғымдарға атау болып жүрген өнеркәсіп, жалақы, демалыс, еңбеккүн, бесжылдық, баспасөз, көзқарас, қолөнер, өмірбаян, кәсіпорын, ишкізат, келіссөз* дегендер тәріздес сөздер. Екінші жол – тілде бұрыннан бар сөздердің ескі мағыналарының өзгеріп, жаңа мағынада немесе бұрынғы мағыналарының үстіне қосымша жаңа, кеңірек мағынада қолданылуы арқылы іске асады. Баспасөздің дамуына байланысты тіліміздің жазу тіліне, ғылым тіліне айналуының нәтижесінде бұрынғы көптеген карапайым сөздеріміз күрделі жаңа ұғымдардың көрсеткішіне, белгілі бір ғылыми саласындағы терминдік сөздерге айналды. Оларға *дыбыс, жұрнақ, жалғау, одақ, дәріс, сезім, баспа, түйсік, ұя, қондырма, айналым, төңкеріс* тәріздес мыңдаған сөздер жатады.

Сөздік құрам дамуының өнімді жолы түбір сөздерге түрлі жұрнақтар қосу арқылы жаңа сөздер жасау тәсілі. Бұл тәсіл бойынша қазақ тілінде тек кейінгі жылдардың өзінде ғана

жасалған сөздер орасан көп, әрі олардың көпшілігі ғалым мен техника саласындағы терминдік сөздерге айналған. Қазіргі сөздігіміздегі *өндіріс, кеңістік, кәсіпшілік, қорғаныс, өнім, анықтауыш, толықтауыш, көрініс, құбылыс, белсенді, жұмыссыздық, болмыс, төрешілік, өзіндік /құн/, өзімшілдік, көтеріліс, төлем, қорғауыш /күш/, қайраткер, табиғи, дара-шылдық, нұсқаушы* т.б. дегендердің барлығы да тіліміздің бұрыннан бар көне сөздер негізінде жасалған жаңа, көпшілігі терминдік сөздер.

Сөздік құрам дамуының ғылымға белгілі екінші кезі – басқа тілдерден сөздер ауысу жолы. Лексика – қашанда тілдердің қарым-қатынас процесіндегі ең бірінші объекті. Бір тілден екінші тілге мол ауысатын және көшпелі де сіңімпаз сала – осы лексика. Қазақ тілінің орыс тілімен қарым-қатынасы бұған айқын дәлел болады. Қазақ тіліне орыс тілінен сөз ауысу процесі Қазан революциясына дейін де болды. Бірақ ол дәуірлерде ауысқан сөздер сан жағынан да, түр жағынан да онша көп емес. Олардың көпшілігі жеке заттардың, әсіресе үй тұрмысына қажетті азын-аулақ заттар мен кейбір әкімшілік атаулары ғана болатын және олардың өздері де баспасөз арқылы ауыспай, сөйлеу тілі арқылы ауыскандықтан, көпшілігінің бастапқы дыбыстық құрамы өзгеріп, бұзып айтылған түрде қалыптасып кетті. Мұндай сөздерге қазіргі лексикамыздағы *самауыр, керу-ет, шәйнек, кірпіш, кәрәсін, жәшік, сот, старшын, болыс, ояз, түрме, доға, теңге* дегендер тәріздес сөздерді жатқызуға болады.

Тіліміздің сөздік құрамының орыс тілінен сөз ауысу арқылы дамуы Кеңес өкіметі тұсында қарқынды болды. Қазан революциясынан кейінгі дәуірде қазақ халқы қоғамдық өмірдің барлық саласында да орыс халқымен бірге болды. Қазақ халқы орыс халқының шаруашылық, техникалық, мәдени-өнерлік, ғылымдық байланыстарының бәрін де кең игере бастады. Соның нәтижесінде үй тұрмысында қолданылатын ең ұсақ заттардан, ыдыс-аяқ, киім-кешектерден бастап, өміріміздің барлық

саласына да үлкен өзгерістер, жаңалықтар енді. Бұл жаңалықтар өздерімен бірге тілімізге өз атауларын да ала келгендігі табиғи нәрсе. Қазіргі әдеби тілімізде кең қолданылып жүрген *радио, телефон, институт, университет, декан, кафедра, аудитория, класс, колхоз, совхоз, трактор, комбайн, клуб, театр, фильм, музыка, драма, поэзия, философия, лингвистика, диалект* т.б. дегендер тәрізде әлденеше мыңдаған сөздер жоғарыда айтылғандарға дәлел.

Тілдің сөздік құрамының жаңаны қабылдауға икемдігі сондай, ол қоғам өмірінде болған әрбір жаңалықты араға күн салмастан-ақ көрсете алады. Бұған мысал ретінде тек алпысыншы жылдар ішінде ғана пайда болып, көптеген халықтар тілінің актив сөздігіне айналған *космонавт, космос, космодром, лунник, луноход* деген сөздерді алса да болады.

Тілдің сөздік құрамы өзгергіш дегеннен оның барлық саласы, барлық қабаты бірдей дәрежеде өзгереді деген қорытынды шықпайды. Сандағы ғасырлар бойы бір қалыптан аумай, бірде-бір жаңа сөз қосылмай, өзгеріссіз қалатын тұрақты сала лексикада да бар. Лексиканың ондай тұрақты қабаттары қатарларына сандық, сындық мағыналарды білдіретін сөздерді, өсімдіктерді, туыс, мал атауларын, етістіктерді, яғни негізгі сөздік қорға жататын сөздерді, ал сөздік құрамның өзгерімпаз, дамығыш саласы қатарына ғылыми-техникалық, мәдени-өнерлік, саяси-әлеуметтік, шаруашылық терминдерді, атауларды жатқызуға болады.

Кеңестік құрылыс жылдарында аударма арқылы да орыс тілінен елдегі әр түрлі ұлттар тіліне, солардың ішінде казак тіліне де, көптеген фразалық тіркестер, сөйлемшелер енді. Жасанды жер *серігі, коммунистік еңбек бригадасы, астық үшін күрес, социализм үшін күрес, коммунизмнің материалдық-техникалық базасы, пролетариат диктатурасы, социалистік жарыс, ұлттар советі, диалектикалық және тарихи матери-*

ализм, барлығы бірі үшін, бірі барлығы үшін, адам адамға дос, туыс, жолдас, еңбек етпеген ішін-жесемейді т.б.

Тілдің сөздік құрамына жаңалық қаншалық тездікпен еніп жататын болса, ондағы жеке сөздердің активтен пассив сөздікке, одан бірте-бірте архаизмге, историзмге айналуы да сондай тездікпен жүріп жатады. Бірақ қашанда енетін жаңалық мол болады да, тілдің сөздік құрамы молығып байып отырады.

Сөздік құрамның дамуы оның сан жағынан көбеюімен ғана өлшенбейді. Бұл мәселеде сөздердің семантикалық құбылыстарының, семантикалық байлықтарының, экспрессивтік, стилистикалық икемдіктерінің және бір-бірімен тіркесімпаздық қасиеттерінің де алатын орны, атқаратын қызметі аз емес.

Фонетикалық дамуы. Әдетте, тілдің дыбыстық құрылымы лексикаға карағанда әлдеқайда баяу өзгертін сала деп есептеледі. Сөйлеудің фонетикалық құбылыстарға ұшырауы – оны пайдаланып отырған бір ұрпак өмірінде болмайтындығы, оның тілдің бір ұрпактан екінші ұрпакка ауысқан дәуірінде болатындығы ғалымда орныккан қағида. Өзгерістің бұл түрі “көпшілік жағдайда кейінгі ұрпактың алдыңғы ұрпактан қабылдаған тілдік жүйеден ауытқуға жол беретіндіктеріне келіп тіреледі”⁶.

Ондай ауытқу екі түрлі болады: а/ алдыңғы ұрпак тілінде өзара жақын болғанымен, бір-бірінен елеулі өзгешеліктері бар екі дыбысты кейінгі ұрпактың біріктіріп, бір-ак дыбыс ретінде колдануы. Бұл – тіл білімінде *конвергенция* деп аталады; ә/ алдыңғы ұрпак тілінде бір дыбыс немесе бір дыбыстың басқа түрі ғана болып келгендер кейінгі ұрпак тілінде екі бөлек дыбыс болып кетуі мүмкін. Бұл – *дивергенция* деп аталады.

⁶ Поливанов Е.Д. Факторы фонетической эволюции языка как трудового процесса. Ученые записки института языка и литературы. Т. 3. Линг. серия. М., 1928.

Тіл дыбыстарының қай-қайсысы да сөйлеу органдарының артакуляциясы арқылы жасалатыны белгілі. Тілдегі әрбір дыбыстың сол тілде сөйлейтін барлық адамға ортақ, калыптасқан артикуляциясы болады. Жеке дыбыстардың артикуляциясынан біртұтас артикуляциялық база калыптасады. Артикуляциялық база деп, әр қауымның сөйлеу мүшелерінің өз тіліндегі барлық дыбыстарды айтуға әбдеп калыптасқан әдетін, үйренген дағдысын айтады. Фонетикалық құрылымда болатын өзгеріс-құбылыстар ең алдымен тілдің артикуляциялық базасына өзгерістер енгізеді. Жеке дыбыстардың колданудан калып, жойылуы сөйлеу органдарындағы сол дыбыстың артикуляциясын да жояды, немесе тілде бұрын болмаған жаңа дыбыстың пайда болуы сөйлеу мүшелеріне жаңа артикуляция үстейді. Бірақ сөйлеу әдетінде болатын ондай құбылыстардың сипаты біркелкі болмайды. Басқа бір тілден ауысқан дыбыс енген тілінің артикуляциялық базасынан берік орын алып, ол тілдің байырғы сөздерінде де колданылатын тума дыбысы болып кетуі мүмкін. Мысалы, орыс тіліне өткен ғасырларда енген *ф* дыбысын кейбір русистер сондай дыбыс деп санайды. Болмаса басқа тілден ауысқан, дыбыс енген тілінің байырғы сөздерінде колданылмайтын, ауысқан сөздермен бірге енген және тек сол сөзден ғана колданылатын дыбыс болуы да мүмкін. Мысалы, қазақ тілі дыбыстық құрамына орыс тілінен ауысқан *ф*, *ц*, *ч*, *в* сияқтылар. Бірақ бұл дыбыстар өздері құрамына енетін сөздердің тілімізге көптеп енуі және сол сөздердің күнделікті өмірде жиі колданылуы аркасында тілімізге сіңісіп келеді. Біздің сөйлеу мүшелеріміз, әсіресе орыс тілінде еркін сөйлей алатын қазақтардың сөйлеу мүшелері, бұл дыбыстарды жатсынбай айтатын болып алды. Олай айту бұл дыбыстардың артикуляцияларының қазақ тілінің артикуляциялық базасына сіңісе бастауы деген сөз. Осыған байланысты айтылатын бір жай орыс тілінің сөйлеу әуеніне, екпін интонациясына лайықты қазақ тілінің сөйлеу әуенінде де, әсіресе қазақ интеллигенциясының

сөйлеу әуеніне, біраз өзгерістердің ене бастағаны байқалады. Бірақ бұл әсіресе казак сөзін, казак сөйлемдерін орыс тілі акцентімен, орыс тілі екпінімен айтушылық – тіліміздің дыбыстық құрылымының даму фактісі емес, өйткені мұндайлар тіл дамуы болып есептелмейді.

Тіліміздің фонетикалық заңы сөз басында бірнеше дауыссыз дыбыстардың қабаттасып айтылуын көтермейді. Сондықтан 30-жылдарға дейін *трактор, станция, драма, пролетариат* дегендер теріздес сөздерді айтуда да, жазуда да оларға қысан дауысты дыбыстардың бірін қосақтайтынбыз. Ал бұл күнде орыс тілі арқылы енген сөздердің я олардың буындарының басында екі дауыссыз дыбыс келтіріп айту тіліміздің фонетикалық заңынан берік орын ала бастады. Мұның ешқайсысы да кездейсоқ құбылыстар емес, олардың барлығының да әлеуметтік негізі бар, ол негіз – казак тілінде орыс тілінен я орыс тілі арқылы енген және енетіні сөздердің айтылу және жазылу ерекшеліктерін өзгертпей сақтау принципі. Орыс тілінен казак тіліне енген фонетикалық заңдардың барлығы да осы принципті басшылыққа алудан туған. Бұл принциптің берік сақталуы – тілдердің, оның ішінде орыс тілі мен казак тілінің де өзара жақындаса түсуіне қолайлы жағдай туғызады деп есептеледі.

Айтылған жағдайлар тілдің орфоэпиялық жағының өзгеріске бейімірек тұратындығын байқатады. Кейде оған жазу нормасының елеулі әсер ететіні де жиі кездеседі. Қай халықта да сөз қалай жазылса, солай оқуға тырысатын адамдар аз болмайды. Бұл әсіресе тілдік заңды біле бермейтін адамдар арасында жиі кездеседі. Бұл дәуір үшін онша елеулі болып есептеле қоймайтын орфоэпиялық құбылыстар мен алуан түрлі үндестік заңдары заман ете келе фонетикалық жүйенің өзгеруіне, жаңа екінші бір жүйенің пайда болуына себепші, түрткі болатыны даусыз.

Грамматиканың дамуы. Тілдердің грамматикалық құрылыстарының тұрақтылығын, оның өте баяу өзгертетінін тіл

ғалымдары өткен ғасырдың өзінде-ақ байқаған. Бірақ әңгіменің түйіні ненің тез, ненің баяу өзгертетінін айтуда ғана емес, сонымен бірге оның себебін ашуда. Грамматикалық құрылымның баяу өзгеруінің себебін көптеген көрнекті ғалымдар оның құрылым ерекшелігінен, өзіндік ерекше категориялары болатындығынан іздеуді ұсынады. Грамматикалық жүйе – басқа қабаттар жүйесіне, әсіресе лексика жүйесіне, қарағанда әлдеқайда күрделі, берік, қат-қабаты мол жүйе. Сондай-ақ грамматикалық формалар мен олардың мағыналарының арақатынастары да анағұрлым күрделі, жанама түрде болып келеді. Бұлардың үстіне тілдің грамматикалық құрылымындағы құбылыстар лексикадағыдай бірден кезге түсіп, кернеу тұрмайды. Мысалы, қазіргі тіліміздегі қосымшалар, сөйлем мүшелері мен жай және құрмалас сөйлем түрлері, т.с.с., – сонау ертеректердегі жазу нұсқауларының өзінде де бар категориялар. Бүкіл түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің де, қазіргі грамматикалық құрылысының типологиялық негізгі белгісі -жалғамалылық қасиет сонау V ғасырдан сақталған Орхон-Енесей жазбаларының өзінде де әбдеп орныққан, жетілген күйде, яғни қазірдегі тәрізді сипатта кездеседі.

Бірақ сырттай қарағанда қаз қалпында сияқты болып көрінгенімен, грамматикалық құрылымының өзі де қаз қалпында тұрмағандығы іштей түлеп жатқаны байқалады. Мысалы, көне жазбаларда етістіктің жедел өткен шағы үш жакта да *дұқ-дұғ* формалары арқылы берілген де, оның жақтық мағынасы жіктеу есімдігі арқылы аналитикалық жолмен айқындалған (Мен иармак тердүк. Біз иек күрдүк. Ол сүт сағдүк. Ол оны ұрдық. Олар үвге кірдүк). Ал кейінде түркі тілдерінің бәрінде дерлік жедел өткен шақты білдіру қызметі алдыңғы *-дү, -ды*, формасында ғана сақталған да, оның соңындағы *-қ, -г, -к, -г*, қосымшалары жақтық, көптік жалғауға айналған. Сол сияқты, көне жазбаларда барыс жалғау мағынасы *-ғару, -геру*, табыс

жалғауы мағынасында *-ығ, -іғ*, жатыс жалғауы мағынасында *-ра, -ре*, шартты рай жасайтын жұрнақ *-сар, -сер* түрлерінде қолданылған.

Қазіргі әдеби тіліміздегі есімше жасайтын *-тын, -тін* жұрнақтарының үсгіміздегі ғасырдың бас кезіндегі жазбалардың өзінде де *тұрған, тұғын* /айта тұрған, айта тұғын т.б./ түрлерінде айтылып, жазылып келгені мәлім. Жіктік жалғауының үшінші жағын білдіретін *-ды* қосымшасының *-дүр* (барадүр, қаладүр) түрінде айтылып, *-дай* жұрнағының *-дек* түрінде, қазіргі *-ушы* формантының *-ғушы* (жазғушы т.б.) түрінде қолданылып келгені де белгілі.

Грамматикалық құрылымдағы құбылыс жеке қосымшалардың формалық жағынан ықшамданып өзгеруімен ғана бітпейді. Сонымен бірге белгілі бір тұлғаның қолданудан қалып жойылуы, немесе актив тұлғадан пассивке, пассивтен актив функцияға ие болуы арқылы да болып жатады. Үстіміздегі ғасырдың 20-30 жылдарына дейін едәуір жиі қолданылып келген *һәм, һәммә, оның үшін* тәріздес жалғаулықтар бұл күнде қолданудан қалды, немесе қалып барады. *-У* формалы қимыл атауы XIX ғасырдың аяқ кезіне дейінгі жазбаларда некен-саяқ ғана кездесіп, өте елеусіз қызмет атқарған болса, қазіргі әдеби тілімізде ол мейлінше жиі қолданылатын, күрделі синтаксистік қызмет атқаратын актив тұлға болып алды. Мұның активтенуі өткен ғасыр жазбаларында өте жиі кездесетін кейбір тіркестерді қолданудан ығыстырып шығарды да, солардың орнын басты. Сөйтіп, ертеректегі жазбаларда өте жиі қолданылатын он шақты форманың, тіркестің қызметін бір өзі атқаратын болды⁷.

Грамматикалық құрылымдағы дамудың, жетілудің фактілері синтаксистен де табылады. Асылы, грамматиканың морфологиядан гөрі синтаксис саласына жаңалық молырақ еніп отыратын тәрізді. Мысалы, қазіргі әдеби тіліміздің синтаксисін Кеңес дәуіріне дейінгі, дәлірек айтқанда, XIX ғасырдың соңға

⁷ Бұл туралы толығырақ мәлімет осы кітап авторының «Қазақстан мектебі» журналының 1967 жылғы 5 санындағы мақаласында келтірілген.

жартысымен үстіміздегі ғасырдың бастапқы жиырма жылындағы, жазба нұсқалар тілі синтаксисімен салыстырып карағанда, бірден көзге түсетін нәрсе – сөйлемнің құрылысындағы пікір қамтығыштығы мен пікір сыйғымпаздығындағы құбылыстар.

Кеңес дәуіріне дейінгі мерзімді баспасөз тілі синтаксисіне тән бірден көзге түсетін жай ондағы сөйлемдердің, негізінен алғанда, ауызекі тілдегі күйден онша өзгермей, сөйлем элементтерінің орны сақталмай және олар бір-бірімен қиыса жымдаспай, олпы-солпы болып тұратындығы. “Түркістан уалаята” газеті мен “Дала уалаяты” газетінен бір мысал келтірейік.

“Сол кезде біздің қайық ел бастап, түрікнің кемесінің қасына дәрі салуға жақындап барғанда, түріктің кемесінің үстінде түрік ұзын құрық салып, қайықтың үстінен біздің бір төрені тартып алмақшы болғанда, құрықпенен төренің киімін ұстап, енді тартып алып кетеді деген кезде, қайықтың үстіндегі біздің бір солдат құрық ұстап тартып тұрған түрікке оқ атып жіберіп, біздің төре есен-аман қайықтың үстіне қалыпты” /“Түркістан уалаяты”, 22.IX.1877/.

“Осыған карағанда көрініп тұр жатақтың ұлғаятын себебі уақытысыменен егінге айналыспағаннан екені һәм егін салуды бағзыларының білмейтүнінен екендігі және карасынан айырылып қалған соң егін салуға шамасы келмей қалатұнынан” /“Дала уалаяты”, 5.1.1890/.

Бұл сөйлемдерде пікір қайталауын туғызатын ежіктеулер, сөйлем сымбатын, тұтастығын бұзатын басы артық элементтер көп. Солардың аркасында сөйлемдердің көпшілігі реңсіз, компоненттер бірлігі нашар, пікір бытыраңқы, артық сөзді болып келеді. Халықтың ауызекі тілі жазу тілі стиліне түсіп қалыптаспаған, өңделіп, қырналып сомдалмаған, жазушылардың жазу тілі дәстүріне төселмеген шорқақ кездерінде ондайлардың болатындығы табиғи нәрсе. Мұны айтқанда, соларды сынау үшін емес, қазіргі жазба тіліміздің ол кездегідегі кан-

шалықты ілгері кеткендігін, қандай өзгерістерге ұшырағандығын айқынырақ көрсетуді мақсат еттік.

Қазіргі әдеби тіліміздегі сөйлемдер ертеректегі шежірелердегі немесе фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін аз сөзді, келте қайтарылатын шолақ немесе біріне-бірі олақ жалғасып, ұзақ-сонар болып келетін сөйлемдер емес, құрылымы мен пікір сыйымдылығы жағынан бұл екеуінен де өзгеше, жаңа сапалы сөйлемдер. Мұндағы өзгешелік сөйлем құрылысындағы келістілік, шымырлық, пікір қайталау, орынсыз ежіктеуді туғызатын басы артық элементтердің жоқтығы, синтаксистік единицалардың орны-орнында тұрып, бір-бірімен жымдаса, кіріге байланысуы, сөйлемдердің бас аяғының жинақылығы. Қазіргі жазба тілімізде, әсіресе публицистикада, негізінде, орта көлемді жайылынкы сөйлемдер көп, көркем туындыларда кездесетін құрмалас сөйлемдердің бірсыпыра түрлері публицистикалық жазбаларда қолданылмайды. Бірақ соған қарамастан, жоғарыда айтылған қасиеттерінің аркасында, олар жеңіл оқылып, жақсы түсініледі, пікір пікірді жетектеп, желідей тартылып жатады. Ертеректегі жазу тілі мен ауызекі тіл бір-бірінен онша жырықтай қоймай, негізінде, бір стильді болып келсе, қазір де бұл екеуі стильдік жағынан бір-бірінен алыстаған.

Бірақ айтылған жаңалықтардың бәрі де тіліміздің бізге белгісіз заманнан бері қарай келе жатқан жүйесі ішінде, типологиялық сипаты шеңберінде болып жатқан құбылыстар.

Тіл дамуына әсер ететін ішкі, сыртқы себептердің тілдің грамматикалық құрылынына да қатысы бар. Бірақ тілдің грамматикалық құрылымы екінші бір тілдің әсеріне оңай көне қоймайды.

Әсіресе бір тілден екінші бір тілге грамматикалық форманың ауысуы – өте сирек, әлдеқалай кездесетін құбылыс. Кейбір русистердің орыс тіліне шет тілдердегі *-изм*, *-ист* жұрнақтары ауысты дейтіндері сияқты, бұл жұрнақтарды орыс тілінен

казак тіліне енді деушілер де бар. Дұрысында, казак тіліне бұл жұрнактар жекелеп енген жоқ, сөзбен бірге келді. Сондықтан да олар казактың байырғы сөздеріне қосылмайды. Бұл жөнінде Г. Пауль “Сөз әрқашан да толығымен /бүтін күйде/ ауысады, сөз тудырушы жұрнак пен жалғау ешуақытта жекелей ауыспайды”⁸, – дейді, бірақ көп болмағанымен жекелеген фактілер айрықша жағдайға байланысты бір тілден екінші тілге жалғаулардың, тіпті кейде жұрнактардың ауысатынын байқатады. Мысалы, түркі тілдері тобына жататын қазіргі якут тілінде септік жалғаудың (тоғыз түрі бар) басқа түркі тілдерінен көп болу себебін кейбір ғалымдар онымен көршілес тұратын эвенкий, эвен тілдерінен жалғау ауысқандықтан дейді⁹.

КСРО кезінде көптеген халықтар, солардың ішінде казак халқы да, орыс тілінде фамилияны, әкені білдіретін қосымшаларды қабылдады.

Қазактың қазіргі әдеби тілінде кең қолданылып жүрген косарлы айқындауыштар (телефон-автомат), онашаланған мүшелердің басқа да кейбір түрлері, автор сөзін төл сөзді сөйлемнің ішінде келтіріп айту, қыстырма сөйлемдер, т.б. орыс тілінің әсерінен туғандар.

Тілдер араласуы нәтижесінде бір тілден екінші тілге грамматикалық формалар, грамматикалық мағына туғызатын әртүрлі амал-тәсілдер де ауысады. Мысалы, әлеуіт тіліндегі етістіктердің жіктелуі орыс тілі үлгісінде құрылған: баю – работаю баите – работаете

абаим – работаем абаит – работает

абаиш – работаешь абают – работают¹⁰ т.б.

Мордва тілінде жай сөйлемдерді бір-бірімен сабақтастыра құрмаластыру үшін, орыс тілінің *что, потому что* тәрізді жалғаулықтарын қолданады т.б.

⁸ Пауль Г. Принципы истории языка. М., 1960.

⁹ Общее языкознание. М., 1970.

¹⁰ Фигуровский И.А. Введение в общее языкознание. М., 1969.

XII ТАРАУ

ТІЛ БІЛІМІН ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Зерттеудің тәсілдері мен жолдары. Ғылымның алға қоятын мақсаты – өз объектісін жан-жақты танып білу, оның белгісіз сырларын, заңдылықтарын ашып айқындау. Ғылымды қызықтыратын нәрсе – әлі шешілмеген, белгілі болмаған, сыры ашылмаған жайттар, проблемалар. Сондықтан ғылыми зерттеу – белгісізді белгілі ету, ашылмағанды ашу, шешілмегенді шешу процесі.

Ғылыми зерттеудің барлық түрінде де объектіні танып-білу үшін өзара байланысты үш түрлі әрекет іске асырылады. Олар: 1/ қажетті материалдар, фактілер жинау; 2/ жиналған материалдарды, фактілерді сұрыптау, талдау; 3/ фактілер негізінде теориялық тұжырымдар, болжамдар жасау. Бұлар ғылым атаулылардың қай-қайсысында болса да, қайталанып отырылатын зерттеу процестері, зерттеу кезендері. Құбылысты, объектіні ғылыми танып-білу процесінде іске асырылатын бұл әрекеттер басқа да ғылымдардағы сияқты тіл білімі үшін де іс жүргізудің негізгі баспалдақты кезендері болып есептеледі.

Алға қойған мақсатты орындап шығу үшін, зерттеуде әр түрлі амал-тәсілдер қолданылады. Ондай әдіс-амалдар қатарына методология, методика, /әдістеме/ жатады. Бұл үшеуі өзара тығыз байланыста, бірлікте болуларымен қатар әрқайсысы әр түрлі ұғымды білдіреді және бұлар бүкіл ғылыми механизмді қозғалысқа келтіретін қозғаушы күштер деп есептеледі. Ендігі әңгіме осы үшеуінің өзіндік сипаттарын, ара қатынастарын айқындауға арналады.

Методология. Методология – гректің метод және логос деген екі сөзінің бірігуінен жасалған. Мағынасы – метод /әдіс/ туралы ілім. Методология – теориялық ойлаудың философиялық негізі.

Методология – дүниеге көзқарас, өмірдегі алуан түрлі құбылыстарды, болмысты танып-білудің жолы, философиялық принципі. Орыс тіліндегі үлкен энциклопедиялық сөздікте “Әдіс – болмысты түсіндірудің тәсілі, жаратылыс пен қоғам өміріндегі құбылыстарды танып-білудің, зерттеудің тәсілі” деген анықтама бар. Бұл – әдіске жалпы ғылымдық, философиялық тұрғыдан, яғни методология деген тұрғыдан берілген анықтама. Бірсыпыра ғалымдар әр түрлі қызметтегі ұғымды бір-бірімен шатастырмау үшін және әдіс деген терминді монотемиялы ету үшін, оның жоғарыда айтылғандай жалпы ғылымдық, философиялық түрін методология деп атаған жөн дейді. Бұл – орынды пікір.

Методология – әр ғылымның зерттеу жұмысында басшылыққа алатын философиялық көзқарасы. Методология – жалпы ғылымдық ортақ принцип. Кеңес Одағы кезінде бір ғана методологиялық принципке сүйенді. Ол – маркстік диалектикалық және тарихи материализм принциптері. Бұл принцип дүниенің негізі – материя, ол – алғашқы, ал ой-сана – мидың жемісі, материалдық сыртқы дүниенің бейнесі, ол – соңғы, дүниеде танып білуге болмайтын еш нәрсе де жоқ, ғылым мен практиканың күші арқылы бәрін де тануға, білуге болады, өмірдегі алуан түрлі заттар, құбылыстар бір-бірімен тығыз байланыста, шартты қатынаста болады және олар үздіксіз қозғалыста болып өзгеріп дамып отырады, олардың ішкі қозғалысы, дамуы араларында болатын қарама-қайшылықтардың күресі негізінде болып жатады, құбылыстардың дамуы сандық өзгерістерден сапалық өзгерістерге ауысып отырады деп санайды.

Бұл табиғат пен қоғамдық өмірдің, ой-сананың жалпыға тән заңдылықтары. Бұл заңдылықтар ғылым атаулының қай-қайсысын болса да, бірде болмаса бірде кездеспей қоймайды. Осы себепте ән де методология ғылыми зерттеу ісінде зерттеушінің басшылыққа алатын, әрдайым есте ұстайтын бағдарлаушы принципі болып есептеледі.

Кенес тіл ғалымдары тілді зерттегенде марксизм классиктерінің осы айтылған философиялық тұжырымдарын басшылыққа алды, өз зерттеулерінде оларды қалай колданудың жол-жобасын айқындады. Осы тұрғыдан алғанда зерттеудің методологиялық принципі дегенді оның басшылыққа алған философиялық қағидалары, дүниетанымы деп түсінген жөн.

Әдетте, басшылыққа алған методологиялық принципінің, сүйенген философиялық негізінің кандай болуына карамастан, ғылым жетістіктері, ғылым ашқан жаңалықтар таптық болмайды, жалпыхалықтық жалпы адамдық итілік болады. Бірақ бұдан ғылым табыстарын адамдар әр түрлі максатта пайдаланбайды, ұстанған методологиялық, философиялық принциптің таптық мәні болмайды деген қорытынды шықпайды.

Әрбір ғылымның өзінетән арнаулы зерттеу әдісі зерттеушінің басшылыққа алған методологиялық принципіне, сол белгілеп берген негізгі максатқа сай келіп отырады. Зерттеу әдісі бір болғанымен, егер басшылыққа алған методологиялық принциптері әр түрлі болса, әдіс алдына қойылатын талап та, одан шығарылатын қорытынды да әр түрлі болмақ. Мысалы, ХІХ ғасырда және ХХ ғасырдың бас кездерінде бір-біріне карама-қарсы бағытта қалыптасқан лингвистикалық мектептердің басым көпшілігі салыстырмалы-тарихи әдісті зерттеудің бәріне де ортақ тәсілі ретінде қолданды. Бірақ ол әдісті натуралистер “тіл – биологиялық құбылыс, организм” дейтін негізгі концепцияларын дәлелдеуге пайдаланса, психологистер “тіл – таза психикалық құбылыс” дейтін концепцияларын дәлелдеуге пайдаланды. Сол сияқты құрылымдық әдіс те түрлі мектептерге ортақ әдіс болғанымен, олардың әрқайсысы әр түрлі максатта, әр түрлі бағытта қолданылады т.б.

Зерттеу әдістемелері. Арнаулы зерттеу әдісінен туатын негізгі максатқа жету үшін, зерттеуші ғалым қажетті фактілерді жинап, сұрыптап, қажетті жүйеге келтіруде, жинақтап қорытуда қолданатын көмекші іс жүргізу тәсілдері болады. Ондай тәсіл-

дер жұмыс әдістемесі деп аталады. Баскаша айтқанда, әдістеме дегеніміз бақылау, есепке алу, салыстыру, эксперимент сияқты зерттеу тәсілдерінің жиынтығы. Кейбір әдебиеттерде мұны да әдіс деп санайды. Әдіс пен әдістеме арасында белгілі жақындық, қарым-қатынас барлығы даусыз. Өйткені әдістеме әдістен туатын мақсатқа жету жолында қолданылатын іс жүргізу тәсілі, көмекші құрал. Солай бола тұра бұл екеуінің арасында елеулі өзгешеліктер де жоқ емес.

Әдіс зерттеп отырған объектіні танудың, фактілерді талдаудың жолын айқындайды, ал әдістеме қажетті фактіні қалай жинауды, қалай екшеп сұрыптауды, қалай топтап жіктеуді, зерттеуге ыңғайлы, қажетті, тиімді түрге қалай келтіруді айқындайды. Баскаша айтқанда, әдіс — көздеген мақсатқа жетудің жолы болса, әдістеме — сол жолды аршып, тазартып отыруға қажетгі құрал.

Әдістеме жалпылық, стандарттық сипатқа ие. Ол бір әдіске ғана тәуелді болмайды. Іс жүргізудің белгілі бір әдістемесі барлық әдісте де қолданыла беруі мүмкін.

Қазіргі заман ғылыми-зерттеу ісінде жиі қолданылатын бірнеше әдістемелік тәсілдер бар. Соның бірі — бақылау әдістемесі. Бұл ғылым атаулының, әдіс атаулының, барлығына дерлік ортақ, ең жиі қолданылатын, кең тараған тәсіл. Өйткені бақылай білмейінше қажетті фактілерді дұрыс жинап, олардың құбылыс сипаттарын дұрыс айқындап, дұрыс топтау мүмкін емес. Дұрыс бақылай білу — дұрыс қорытынды жасаудың кепілі. Бақылау — адам санасының, ақыл-ойының тынымсыз қайталанып отыратын әрекеті, объектіні танып-білу құралдарының бірі.

Бақылау — ғылыми-зерттеу атаулының барлығына тән, ортақ тәсіл дедік. Бірақ бұдан бақылаудың жолдары бәрінде бірдей деген қорытынды шықпайды, азды-көпті болса да, бір-бірінен өзгешеліктері болады. Тіл білімінде бақылау, негізінде, мәтіннен белгілі бір фактіні тауып, онык сөйлеу процесінде қандай

кұбылыстарға ұшырайтынын ескере отырып, зерттелетін категориялар құрамына енгізу түрінде болады. Бақылаудың сәтті шығуы бақылаушының тілді жете білуіне, сезімталдығына, байқағыштығына байланысты. Бұл үшін тіл білімінен дайындық, калыптасқан әдет-дағды, тәжірибе болуы кажет.

Әрине, бақылау баска қосымша амал-тәсілдерсіз, жеке дара әрдайым нәтижелі бола бермейді. Бақылау – бақылауға алынған элементтердің, формалардың өзгеріс-кұбылыстарын, байқаған қасиеттерін есепке алу, сипаттау тәсілдерімен қатарласа жүреді. Бұларсыз бақылаудан туған ой түйіндерін бір жүйеге бір ізге келтіру, жинақтау, оның дұрыс-терісін қайта тексеру мүмкін де болмас еді. Сондықтан кажетті фактілерді есепке алу, оны сипаттау – ғылыми зерттеу істерінің барлық саласында да бақылаумен жарыстырыла қолданылатын әдістеменің екінші түрі. Мысалы, тіл білімінде тілдің қай саласын, қандай мақсатта зерттесе де, ең алдымен, соған кажетті тілдік фактілер жиналып, есепке алынады. Ол фактілердің мағыналық, функциялық, формалық құбылыстары, тіл құрылысында алатын орны, баска элементтермен, фактілермен қарым-қатынасы, т.с.с. жан-жақты бақылана отырып, есепке алынады. Алдын-ала жүргізілетін мұндай әдістемелік әрекетсіз ештеме де істеуге болмайды.

Зерттеу жұмыстарында жиі қолданылатын әдістеменің үшінші түрі – фактілерді бір-бірімен салыстыра қарау тәсілі. Салыстыру әдістемесі тілдік фактілердің әрқайсысының өзіндік сипатын айқындауға, бір-бірінен қандай өзгешеліктері барлығын жан-жақты ашуға, сөйтіп, оларды дұрыс жіктеуге жәрдемдеседі. Салыстыру әдістемесі негізгіні көмекшіден, ең басты, шешуі сипатты екінші, үшінші дәрежедегі белгілерден, шешуші мәні жоқ сипаттардан ажыратуды жеңілдетеді. Бұл әдістеменің әсіресе тіл тарихын зерттеуде атқаратын қызметі едәуір салмақты. Зерттеу жұмыстарында эксперименттік, категориялық, лексикографиялық әдістемелер де қолданылады. Эксперименттік әдістемені кейде аспапты әдістеме деп те атай-

ды, ол тілдің фонетика саласын зерттеуде жиі пайдаланылады. Оның аспаптары қатарына магнитофонды, кимограф пен осциллографты т.б. жатқызуға болады.

Лексикографиялық әдістеме – өте күрделі тәсілдердің бірі. Мұның құрамына бақылау, фактілерді есепке алу, оларды сипаттау, тілдік элементтерді бір-бірімен қарым-қатынаста қарау сияқты көптеген әдістемелер енеді.

Әдістемелер ішінде кеңірек тоқталуды керек ететін аса күрделісі – картографиялық әдістеме. Мұны көбінесе лингвистикалық география немесе картографиялық әдіс деп те атайды. Бұл әдістеме тіл білімінің диалектология саласында қолданылады. Соған қарай кейбір әдебиеттерде оны диалектография дейді артографиялық әдістеменің негізгі мақсаты – диалектілік ерекшеліктердің тараған аймақтарын арнаулы белгілер арқылы картаға түсіру, әрбір ерекшеліктердің жайылған шекарасын көрсету. Диалектологиялық зерттеулерде картографиялық әдістеменің қолданылуы – бұл ғалымның үлкен табысы. Осы әдістеменің аркасында да көптеген тілдердің диалектілік ерекшеліктерінің тараған аудандарын нақтылы айқындауға, оның тарихи себептерін ашуға мүмкіндік туды.

Картография әдістемесі диалектологиялық зерттеулерде ХІХ ғасырдың аяқ кездерінен бастап қолданылады. Бұл – үлкен ғылыми күшті, көп зерттеуді, көп уақытты керек ететін жұмыс. Сондықтан да көптеген жеке тіл білімінде, солардың ішінде қазақ тілі білімінде де диалектография әзірше жарық көре алмай келеді.

Әдіс туралы жалпы түсінік. Әдіс /грек сөзі/ – ғылыми-зерттеу ісінде қолданылатын әр түрлі әдіс-тәсілдердің, зерттеу ережелерінің жиынтығы, әдістемелер арқылы айқындалған фактілерді ғылыми игерудің жолдары. Әдіс – ғылыми зерттеудің айырылмайтын серігі, адастырмайтын, мақсатқа тура бастайтын құбылнамасы. Өзіндік әдіс-тәсілі жоқ зерттеудің болуы мүмкін емес. Олай болатыны зерттеуге тиісті объектінің сыры,

табиғаты әрдайым ашық-айқын көрініп тұрмайды, көбіне жасырын болады. Ал оны стихиялық жолмен ашу мүмкін емес. Объектінің ерекшелігіне, алға қойылатын мақсатқа сай келетін белгілі бір амал-тәсілдердің қолдана отырып зерттеу қажет. Зерттеудің әр түрлі әдістерін дүниеге келтіретін де осы қажеттілік.

Әдіс – объективтік өмір құбылыстарда, материалдық дүниеде болатын, соларға тән қасиет емес, бұларда тек объективтік заңдылық қана болады. Әдіс – зерттеушілердің саналы әрекеттерінде болатын, соған тән әр түрлі туынды тәсілдер жүйесі, яғни субъективтік диалектика категориясы. Бірақ субъективтік болғанымен, оның материалдық негізі болады, объектінің өзіндік мәні мен табиғаты жөніндегі мәліметке, білікке негізделеді.

Объектінің, пәннің өзіндік сипаты жөніндегі білім – әдіс атаулының теориялық негізі, оны қолданудың дұрыс жолын көрсететін, ғылыми зерттеу ісінде әсерлі, тиімді тәсілге айналдыратын күш. Пәннің, объектінің негізгі сипаттарын, заңдылығын білмей тұрып, оны зерттеуге қандай әдіс-тәсілдерді қолдануға болатынын айқындау да мүмкін емес. Мысалы, тілдің заман өткен сайын өзгеріп, дамып отыратын тарихи құбылыс екендігін, тілдердің өзара туыстас болатынын білмей тұрған заманда тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдіс те болмады. Оны тіл білімінің зерттеу әдісі етіп қалыптастыру әрекеті – айтылған жайттар белгілі болғаннан кейін ғана мүмкін болды. Міне, осы білік – салыстырмалы-тарихи әдісті дүниеге келтірген әрі теориялық, материалдық, әрі тілдік негіз болып есептеледі. Әдістің теориялық, материалдық немесе тілдік негізі дегендерден осындай жайттарды түсінген жөн.

Зерттеу әдісі бір қалыпта қалып қоймайды және ол әр ғылымда бірнешеуде болуы мүмкін. Әдістің өзгеруі зерттейтін объектінің сипатына, ғылымның даму дәрежесіне байланысты. Ғылым дами келе объектінің бұрын байқалмаған жаңа сырла-

ры, тың құбылыстары ашылады, Оны жан-жақты және терен айқындау үшін бұрын қолданылып келген зерттеу тәсілдері жарамсыз болады да, зерттеудің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану қажеттігі туады. Ондай әдістердің бұрын қолданылмаған тын туынды болуы да, немесе басқа бір ғылымнан ауысқан бодуы да мүмкін.

Әрбір әдістің қолданылатын өзіндік аумағы, алға қоятын мақсаты болады. Ол өзіне лайықты сол шенбер аумағында қолданылғанда ғана жемісті бола алады. Бұл жағдай кейбір ғалымдардың, лингвистикалық мектептердің өздері қолданатын әдістеріне монополиялық сипат, жетекшілік роль беріп, әдіс атын ғылымға танып, ғылымды жеке әдіс атымен атауға тырысушылықтарының жөн болмайтынын байқатады. Мұндай әрекет әсіресе қыры мен сыры орасан мол тіл туралы ғылым үшін тым зиянды.

Тіл білімінің әдістері, олардың түрлері. Тіл білімінің әдісі деп тіл білімінде қолданылатын зерттеу әдістерін айтады. Кейбір әдебиеттерде тіл білімінің әдістерін бір сөзбен филологиялық, немесе гуманитарлық әдіс деп атаушылық та бар. Әлем тіл ғылымында болсын, Кеңес тіл білімінде болсын әдістің түрін айқындауда, оны жіктеуде бір ізділік жоқ. Біраз әдебиеттерде әдістемеге жатқызуға тиісті тәсілдерді де әдіс құрамына енгізіл, әдіс санын мейлінше көбейтсе, екінші біреулерінде жеке әдіс ретінде қарауға тиісті әдістерді бір-біріне қосып, өзара топтап екеу-үшеу етіп қана көрсетеді. Мысалы, О.С. Ахманова құрастырған “Лингвистикалық терминдер сөздігінде” әдіс саны 15-16-ға жеткізілсе, 1973 жылы жарияланған “Общее языкознание” атты еңбектің үшінші томында салыстырмалы-тарихи, лингво-географиялық, құрылымдық, типологиялық деп төрт түрге ғана бөледі Сондай-ақ, Б.Н. Головин 1977 жылы шыққан “Введение в языкознание” деп аталатын оқу құралында әдісті сипаттама, салыстырмалы-тарихи, тарихи, салғастырмалы, құрылымдық, стилистикалық, сандық, автоматикалық талдау

әдістері деп сегіз түрге бөлсе, В.И. Кодуховтың 1974 жылы басылған “Общее языкознание” атты оқулығында әдісті зерттеудің негізгі бағытына қарай топтауды жөн көріп, оны сипаттама, салыстырмалы, нормативті-стилистикалық әдіс-аспект деп үш түрге бөледі де, құрылымдық әдісті сипаттама әдіс құрамында салыстырмалы-тарихи, тарихи-салыстырмалы деп аталатын әдістерді салыстырмалы әдістің салалары ретінде қараған. Ал енді О.С. Ахманова, Б.Н. Головин еңбектерінде әдіс ретінде қаралған басқа түрлерін В.И. Кодухов сипаттама әдіске тән тәсілдер әдістемелер деп саналған.

Мұндай ала-құлалық, біріншіден, әдіс деген терминді кең мағынада, әдістеме мен методология мағынасында да қолданудан туса, екіншіден, бір-біріне белгілі жақындығы, ұқсастығы бар әдістерді біріктіріп, бір ғана атаумен беруге тырысудан туған. Бұлар өзіне лайықты орында кейініректе сөз болады.

Қазіргі заман тіл білімінде зерттеу әдістерінің көпшілікке тағылған, зерттеу объектісі айқындалған бірнеше түрі бар. Олар: сипаттама, салыстырмалы-тарихи, типологиялық, структуралық, математикалық әдістер.

Сипаттама немесе синхрондық¹ әдіс. Сипаттама әдіс – тіл білімі әдістері ішіндегі ең көнесі. Тілге байланысты алғашқы зерттеулердің барлығы дерлік осы сипаттама әдіс бойынша жүргізілген. Сипаттама әдіс зерттеліп отырған объектінің өткендегі күйін, тарихи даму жолдарын ескермейді, тек оның белгілі бір дәуірдегі калпын синхрондық күйін сипаттаумен шұғылданады. Сипаттама әдіс бойынша жазылған еңбектер осы әдістің атымен сипаттама грамматика, сипаттама фонетика, сипаттама лексика деп те аталады. Тілдің белгілі бір дәуірдегі құрылым жүйесін айқындауда сипаттама әдіс бойынша жүргізілетін зерттеудің мәні ерекше.

¹ Синхрон – гректің сун және хронос деген сөздерінің бірігуінен жасалған күрделі атау. Мағынасы бір мезгіл, бір уақыт.

Сипаттама әдіс зерттеудің көне замандардан келе жатқан тәсілі болғанымен, ол – ескірген, қолданудан қалған тәсіл емес, қазіргі заман тіл білімінде де үздіксіз қолданылып келе жатқан жасампаз тәсіл.

Структуралық тіл білімі түгелдей дерлік осы сипаттама әдіске сүйенеді, соны қолданады. Бірсыпыра ғалымдар құрылымдық әдісті осы сипаттама әдістің жаңарған, жетіле түскен жалғасы дейді де, оны сипаттама әдістің құрамында қарайды, екеуін біріктіріп, синхрондық әдіс деген бір ғана атаумен атайды. Сипаттама әдіс болсын, құрылымдық әдіс болсын тілдің белгілі бір дәуірдегі күйін, статикалық жүйесін зерттейді. Бірақ қолданыла бастау мерзімі жағынан болсын, зерттеу тәсілі, алға қоятын мақсаты жағынан бұл екеуі арасында бірсыпыра өзгешеліктер де бар.

Оны байқау үшін қалыптасу кезеңінің көп кейіндігіне қарамастан құрылымдық әдісті де осы тақырыпқа жалғастыра қарап, екі әдіс арасындағы бірлік пен өзгешеліктерді ашқан жөн.

Структуралық әдіс. Бұл әдіс тіл білімінде үстіміздегі ғасырдың 20-жылдарынан бастап қолданыла бастады. Бірақ ол ғалыми зерттеу әдісі ретінде басқа ғылымдарда бұрыннан қолданылып келген, тіл біліміне солардан ауысқан әдіс. Құрылымдық әдіс бұл күнде дүние жүзіне кең тарап, тіл біліміндегі ағым ретінде құрылымдық тіл білімі немесе структурализм деп те аталып жүр.

Бұл әдістің құрылымдық деп атаулының мынадай себебі бар. Әдісті қолданушылар тілді өзара тығыз байланыста, шартты қатынаста тұратын, біріне-бірі тәуелді бөлшектерден құралған біртұтас, бірбүтін құрылым, жүйе деп санайды да, тіл білімінің міндеті – тілдің сол құрылымын зерттеу дейді. Тіл құрылымын зерттеуде қолданылатын әдіс – құрылымдық әдіс дейді. Бұл көзқарасты жақтаушылар, яғни құрылымдық әдісті қолдана

отырып, тілдің құрылымын зерттеу – тіл білімінің бірден-бір міндеті деп санайтындар – структуралистер деп аталады.

Тілдің құрылымын зерттеу тіл білімі тарихында структурализмге дейін де болған, сондықтан структурадистердің өзіне дейінгілерден, яғни XIX ғасыр тіл ғалымдарынан, өзгешеліктері соңғылардың тілдің құрылымын зерттеуінде емес, соны зерттеу тәсілдерінде, алға қоятын мақсаттарында. Бұл пікірді талдаңқырап көрсетсек, төмендегідей болып шығады.

1. Өткен ғасырдағы тіл ғалымдары тілдік тұлғаларды бір-біріне байланыссыз бөлек-бөлек алып, оларды мағыналық, дыбыстық жақтан талдауға ерекше мән берсе, структуралистер тілді біртұтас құрылым, элементтер бірлігінен тұратын бір бүтін жүйе, сондықтан оның элементтері жеке тұрғанда өз мәндерін толық көрсете алмайды, олардың семиотикалық сипаты, тіл біліміндегі орны өз жүйесіндегі өзі сияқты басқа элементтермен байланыста, қарым-қатынаста қарағанда ғана айкындалады дейді де, элементтер арасындағы қарым-қатынасқа, байланысқа ерекше мән береді. Сөйтіп, алдыңғылардың зерттеулерінде тіл тұтастығы ескерілмей, ол бір-біріне байланыссыз жатқан кездейсоқ бөлшектер жиынтығы сияқты болып көрінсе, соңғылардың зерттеулерінде ол – бөлшектері бір-бірімен тығыз байланыста, шартты қатынаста тұратын, бірі беріне, бәрі біріне тәуелді біртұтас құрылым, сындарлы жүйе болып көрінеді.

2. XIX ғасыр тіл ғалымдары тілдің, тілдік элементтердің тарихын зерттеуге ерекше мән берсе, ғылыми зерттеу деп тек тарихи тұрғыдан жүргізілетін зерттеулерді санаса, структуралистер тілді семиотикалық жүйе, тіл білімінің негізгі міндеті – тілдік жүйесін зерттеу, тіл жүйесін зерттеу тек синхрондық-статикалық тәсіл арқылы ғана жүргізілу керек, диахрондық тәсілдің тіл жүйесін зерттеуге қатысы жоқ, нағыз ғылыми зерттеу тек синхрондық зерттеу дегенді айтады. Сөйтіп, структуралистер тілдің таңбалық қызметіне, жүйелік сипатына,

синхрондық күйіне шешуші мән береді, құрылымдық әдістің табан тірейтін принципі осылар деп санайды.

Бірақ құрылымдық әдіс барлық елде, барлық жерде бірыңғай, бір мақсатта ғана қолданылмайды. Бұл әдісті қолданушылар арасында қайшылықтар да, ала-құлалықтар да жеткілікті. Ондайлар жоғарыда, “құрылымдық лингвистика” деген тарауда айтылды.

Құрылымдық әдіс Кеңес тіл білімінде де қолданылып келді, қолданылып та жүр. Алдыңғы тарауда да айтылғандай, бізде құрылымдық әдісті жақтаушылар да, оған қарсылар да болды. Бірақ түптеп келгенде, бұл әдісті қолдануға болатындығы айқындалды. Сөйтіп, 50 жылдардан бастап ол Кеңес тіл білімінде берік орын тепті. 1958 жылы КСРО Ғылым академиясының Тіл, әдебиет бөлімі бюросы структуралды тіл білімін дамыту жөнінде арнаулы қаулы алды да, осыдан кейін бұл бағыттағы жұмысты өркендетудің әр түрлі жолдары жүзеге асырылды.

Кеңес тіл білімінің құрылымдық әдісті қолдануда, оның міндет-мақсатын айқындауда өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, бұл әдісті қолдану тіл білімі әдістерінің басқа түрлерінен бас тартуды, олардың пайдалы жақтарын жоққа шығаруды көздемейді. Ол басқа да әдістермен қатар қолданыла береді. Екіншіден, құрылымдық әдісті қолдану тіл тарихын, диахрондық зерттеудің маңызын тіпті де жоққа шығармайды. Үшіншіден, құрылымдық әдісті мағынадан жұрдай жалаң формаларды тізімдеудің немесе формалардың абстракт мәнде алынған жалаң қарым-қатынасын ғана зерттеудің құралы етуге қарсы. Кеңес структуралистері тілдік формамен бірге оның мағыналық, қызметтік жақтарына да ерекше мән берді.

Құрылымдық әдісті қолдануда Кеңес тіл ғалымдары арасында ала-құлалық бар. Бірақ олардың барлығы да маркстік диалектикалық және тарихи материализм принципін басшылыққа алды. Жоғарыда құрылымдық әдістің белгілі шамада си-

паттама әдіспен үндес келетіні айтылды. Бірақ сол үндестігімен қатар, бұл екеуі арасында елеулі өзгешеліктер де жоқ емес. Сондайлардың бірі ретінде мынаны айтуға болады: сипаттама әдістің ерекше назар аударатыны тілде қолданылып жүрген элементтердің, тұлғалардың мағыналық, дыбыстық жақтарын, қызметін жеке-жеке айқындап, оларды түрлі категорияларға топтау болса, құрылымдық әдістің ерекше мән беретіні олардың бір-бірімен қатынасы, байланысы, дистрибуциясы.

Тіл біліміндегі талдау тәсілдері. Жоғарыда, ескертілгендей, сипаттама әдістің болсын, құрылымдық әдістің болсын алға қоятын мақсаты – тілдің белгілі бір дәуірдегі жүйелік құрылымын синхрондық күйде сипаттап шығу. Ал оны сипаттау – тілдік тұлғаларды бөлуге, олардың өзіндік ерекшеліктерін, қызметтерін дистрибуцияларын айқындауға байланысты.

Тілдік тұлғаларды сипаттау, талдау үш кезеңге бөлінеді: бірінші кезеңде текстен номинативтік, коммуникативтік тұлғалар бөлініп алынады. Екінші кезеңде ажыратылып алынған номинативтік және коммуникативтік тұлғалар әрі қарай құрылымдық бөлшектерге, яғни сөз – морфемаға, сөйлем – сөз тіркестері мен сөйлем мүшелеріне жіктеледі. Ал үшінші кезеңде алдыңғы екі кезеңде бөліп алынған номинативтік, коммуникативтік және құрылымдық тұлғалар талданып түсіндіріледі.

Құрылымдық түсінік, негізінде, категориялар және дискреттік талдау арқылы беріледі. Категориалды талдау арқылы айқындалған элементтер әр түрлі жақындықтарына қарай әр түрлі парадигмалық топтарға жіктеледі. Ал дискреттік (латын сөзі – бөлшектік) талдауда құрылымдық элементтер әрі қарай бөлшектеуге келмейтін ең ұсақ элементтерге дейін жіктеледі.

Тілдік талдаудың жоғарыда аталған үш кезеңінің алдыңғы екеуіндегісі компоненттік талдау деп аталады. Мұнда сөз – морфемдік, сөйлем – мүшелік бөлшектерге талданады. Компоненттік талдау, сонымен бірге, сөз мағынасын түсіндіруде де қолданылады. Мысалы, “Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде

адам” деген сөздің лексикалық мағынасы былай айқындалған: “Ойлау және сойлеу қабілеті бар, өмірге қажетті өндіріс құралдарын өндіре алатын және ол құралды қоғамдық еңбек процесіне пайдалана алатын жан иесі, кісі”. Бұл анықтамада *адам* деген сөздің лексикалық мағынасының алты түрлі белгісі аталған. Олар: ойлау, сөйлеу, құрал өндіру, құралды пайдалана білу, жан иесі және кісі. Бұлардың әрқайсысы – сөздің лексикалық мағынасының жеке компоненттері. Осы компоненттердің бірігуі аркасында сөз мағынасы жан-жақты айқындалады. Компоненттік талдау дегеннің мәні де осында.

Бірақ көптеген сөздердің, басқа да тілдік тұлғалардың мағынасын айқындауда компоненттік талдаудың жетімсіз болатыны, контекстік талдауды қажет ететіні болады. Контекст деп тілдік тұлғаны орналасқан ортасын айтады. Лексикалық, грамматикалық омонимдердің, полисемиялы сөздердің мағыналарын айқындауда контексті пайдалану шешуші роль атқарады (күннің көзі, терезенің көзі, бұлақтың көзі, малды суар, малды ауыл, қолын малды).

Кейбір әдебиеттерде контекстік талдау дистрибутивтік әдістеме деп те аталады. Бірақ бұлай атау орынсыз, өйткені контекстік талдау мен дистрибутивтік талдау бір емес: алдыңғы, негізінде, тілдік тұлғалардың мағыналарын айқындауды көздейді, ал соңғы кез-келген тілдік элементтің орналасу тәртібін, қандай элементтер арасында, қасында келе алатынын, олардың қызметін айқындауды көздейді, сондықтан ол синтагмалық тіркесудің барлық түрінде, фонема үшін фонема тіркестерін, морфема үшін морфема тіркестерін контекст ретінде қолдана береді. Тіл құрылымын сипаттауға байланысты қолданылып жүрген әдістің бір түрі – математикалық әдіс.

Математикалық әдіс. Кейінгі жылдарда физика, химия, математика ғылымдарының тез қарқынмен дамуы нәтижесінде техниканың ролі мейлінше артты. Ол өмірдің бар саласына да кең тарала бастады. Күрделі есептер шығаратын, күрделі есеп-

тер шығаратын, бір тілден екінші тілге аударатын электрондық машиналар жасалып шығарылды. Содан барып математикада қолданылатын әдісті басқа ғылымдарда, солардын ішінде тіл біліміне де қолдануға болмас па екен деген сұрақ туады. Оған себепші боларлық кейбір жайттың тілде барлығы даусыз. Мысалы, тілдің құрылымында оның элементтерінің сандық шамасының да атқаратын қызметі аз емес. Онда белгілі бір элемент, форма көп болса, екінші біреулері сан жағынан одан әлдеқайда аз болады. Бірі өнімді, актив қызмет атқарса, екінші біреулері өнімсіз, пассив болады, өге сирек қолданылады. Бұларды айқындау, есепке алу – ғылым үшін қажет нәрсе. Өйткені тіл білімі үшін тілдік элементтердің сапалық сипаты қандай мәнді болса, сандық сипаты да сондай мәнді.

Математикалық әдісті (кейде сандық әдіс деп те аталады) тіл білімінде де қолдану керек дейтін ғалымдар әр түрлі категориядағы, топтағы сөздерді, олардын әр алуан формаларын, байланыстарын, математикалық көптік, жиынтық деп карауға, сөйтіп, оларды ғылыми талдауға математиканың көптік теориясы деп аталатын формуласын, ұғымын қолдануға болады дегенді айтады.

Бұл әдістің негізгі мақсаты – тілдің, сөйлеудің сандық сипатын, тіл құрылымының қызметімен, дамуын байланысып жататын сандық заңдылықтарды айқындау, солардың сырын ашу. Оған зерттеу материалы болатындар – тілдік элементтердің, формалардың сандық жағы, сандық сипаттарының жиынтығы.

Математикалық әдіс тілді күрделі есептер шығаратын, немесе тексті бір тілден екінші тілге аударатын электрондық машинамен қалай жақындастыруға болады дегенді зерттейді. Кейбір ғалымдар математикалық әдістің бұл міндетін автоматтық анализ әдісі деп бөліп қарайды.

Математикалық модельдер үлгісін тілге де қолдану, тіл білімін де автоматтандыру талабы хабар, информация теориясы негізінде, соның қасиетінен туып, соңғы жылдары өте

тез қарқынмен дамып келе жатқан кибернетика ғылымының әсерінен пайда болды. Бұл әдіс кеңес тіл біліміне 50-жылдардың екінші жартысынан бастап ене бастады. Содан бергі уақыт ішінде ағылшын, француз тілдерінен орыс тіліне электрон машинасы арқылы аударуға бірнеше әрекет жасалды.

Математикалық әдісті тіл білімінде қолдануға бола ма деген мәселенің басы әлі ашыла қойған жоқ. Оған себеп болып жүрген қиыншылықтар да жоқ емес. Математикалық әдістерін, модельдерін тіл білімінде қолдану үшін алдымен солардың өзін жақсы білу керек. Ал тіл ғалымдарының барлығы бірдей математикалық идеяларды біле бермейтіні белгілі. Екіншіден, бұл әдісті қолдануды жақтаушылардың өздері де бірауызды емес. Оны қалай қолдану керек және тіл білімінің қай саласында жемісті қолдануға болады дегендер тәріздес сұрауларға беріліп жүрген жауаптар да әр түрлі. Бірақ елеулі қиындықтарында қарамастан, математикалық әдіс, егер дұрыс қолдана білсе, тіл біліміне едәуір септігін тигізері даусыз.

Салыстырмалы әдіс. Фактілерді бір-бірімен салыстыра тексеру – ғылыми зерттеу атаулының бәріне де қажетті тәсіл. Сондықтан бұл әдіс барлық ғылымдарға тән, ортақ тәсіл деп есептеледі. Салыстыру тек ғылыми зерттеуде ғана емес, әр түрлі тілдерді үйрену, оқыту істерінде, салыстырмалы сөздіктер жасауда да кең қолданылады. Салыстыру арқылы салыстырылып отырған объектінің өзіндік ерекшеліктері, басқаларға ұқсастық және одан өзгешелік жақтары айқындалады. Салыстырудың жолдары, одан шығатын қорытынды, көзделер түпкі мақсат – әр ғылымда әр басқа болуы мүмкін. Сондай өзгешелік тіл білімінде қолданылатын салыстырмалы әдістеде бір. Басқа ғылымдарда қолданылатын салыстырулардан өзгешелігін айтпаған күнде де, бұл әдістің бір ғана тіл білімінде қолданылуының өзінде де әр түрлілік аз емес. Ондай түрлілік салыстырылатын фактілердің ерекшеліктерінен, салыстырудан күтілетін нәтижелерден, көзделетін түпкі мақсаттан туады.

Салыстырылатын фактілер әр түрлі тілдерден алынуы да, бір тілдің өз фактілері болуы да мүмкін. Сондай-ақ, салыстырылатын әр түрлі тілдер өзара туыстас, төркіндес тілдер болуы да, бір-бірімен ондай жақындықтары жоқ тілдер болуы да мүмкін. Салыстырылатын фактілердің осындай өзгешеліктеріне қарай салыстырмалы әдіс тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдіс, тарихи-салыстырмалы әдіс, салыстырмалы әдіс делініп үш түрге бөлінеді. Енді осылардың ішінен кітаптың бұрынғы тарауларында көп сөз болмағаны – тарихи-салыстырмалы әдіс жайына тоқталалық.

Тарихи-салыстырмалы әдіс. Кейбір әдебиеттерде зерттеудің бұл түрін тарихи әдіс деп те атайды. Олай аталатыны: бұл тәсіл тілдік фактілердің тарихын айқындау үшін қолданылады. Оны айқындауда, зерттеліп отырған тілдің әр дәуірдегі фактілерін бір-бірімен салыстыра зерттеу әдісі қолданылады, яғни фактілер тарихи салыстыру арқылы ашылады. Сондықтан біраз әдебиеттерде тарихи деген атауға салыстырмалы деген сөзді қосарлап, тарихи-салыстырмалы әдіс деп атайды. Бұлай атау – әдістің барлық сипатын біршама толық көрсететіндіктен, бұл оқулықта да осы шартты атау қолданылады.

Мұндағы салыстырудың салыстырмалы-тарихи әдіспен негізгі өзгешелігі – алдыңғыда туыстас бірнеше тілдер фактілері салыстырылса, соңғыда бір тілдің өз фактілері де бір-бірімен салыстырылады.

Тарихи-салыстырмалы әдіс тілдің өзгеру, даму жолдарын ол өзгерістің заңдылықтарын және оған түрткі болған ішкі-сыртқы себептерді зерттеу үшін қолданылады. Бұл әдіс тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудың, сөйтіп, оның тарихын зерттеуге мән берудің нәтижесінде ХІХ ғасырда пайда болды. Бұл әдіс сипаттама әдіске тура қарама-қарсы мәнде. Сипаттама әдіс тілдің белгілі бір ғана дәуірдегі, негізінде, осы заманғы статикалық күйін айқындауды көздесе, тарихи әдіс оны даму, өзгеру үстінде, динамикалық, диахрондық күйде

алады. Тіл басынан кандай құрылымдық құбылыстарды өткізді, алғашқы құрылым, норма немесе құрылымдық элемент неге жойылды, оның орнын не басты, соңғының алғашқылардан артықшылығы неде? – деген сияқты сұрауларға жауап іздейді. Ол үшін тілдің белгілі бір дәуірдегі құрылымдық күйін, оның соған жалғас екінші бір дәуірдегі құрылымдық күйімен салыстыра зерттейді. Тілдік өзгерістерге түрткі болған ішкі-сыртқы себептерді айқындайды.

Тарихи-салыстырмалы әдісті қолдана отырып, тіл тарихын зерттегенде, тілдік құрылымның әр қабаты – фонетикасы, морфологиясы, синтаксисі, т.б. жеке-жеке зерттелуі мүмкін. Соған қарай, тіл білімі тарихи фонетика, тарихи морфология, тарихи синтаксис немесе тарихи грамматика деп бөлшектеніп те аталады.

Тілдік құрылыстардың көпшілігі, әдетте, қоғам дамуымен, қоғамның рухани өмірінің дамуымен тығыз байланысты. Сондықтан тіл тарихын зерттеуші ғалым сол тілдің иесі болып табылатын қауым тарихын ескерусіз қалдыра алмайды. Оның үстіне, тілдің әрбір тарихи дәуірдегі күйін білдіретін жазба нұсқа да бола бермейді. Мұндай жағдайда тілдің өткен кезеңдерінен сақталған белгілі фактілерді бір-бірімен салыстыра отырып, белгісіз кезеңдердегі тілдік жүйенің, тілдік элементтердің сипаты туралы ғылыми болжамдар жасауға да тура келеді. Бұл ретте археология, этнография, тарих ғылымдары ашқан фактілердің тигізетін пайдасы да аз болмайды. Осыған байланысты тіл тарихшысы бұл ғылымдардан да хабардар болуы шарт. Бұл жағдайлар тарихи әдіс бойынша жұмыс істеудің қиын да күрделі екендігін байкатады. Солай болғанымен, тарихи әдіс – тіл біліміне өте қажет және бірте-бірте жетіліп, толығып келе жатқан маңызды тәсіл.

Тіл фактілерін тарихи тұрғыдан алып зерттеу, білу ғалым үшін де, практика үшін де керек. Өйткені кандай құбылыстың,

фактінін болса да, өткенін, тарихи даму жолдарын білмей тұрып, оның қазіргі күйін, сырын жете білу мүмкін емес.

Бұл айтылғандар тілдің жеке тілдік категориялардың тарихи даму жолдарын зерттеудің білудің шешуші мәні барлығын байқатса керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аветян Э.Г. Природа лингвистического знака, – Ереван, 1968.
2. Амирова Т.А., Ольховиков Б.А., Рождественский Ю.В. Очерки по истории лингвистики, – М., 1975.
3. Античные теории языка и стиля. /Под ред.Фрайдепберга М.Л. 1936/.
4. Ахманова О.С. Основные направления лингвистического структурализма. – М., 1985.
5. Березин Ф.М., Головин Б.Н. Общее языкознание. – М., 1979.
6. Березин Ф.М. История лингвистических учений. – М., 1975.
7. Бондаренко А.В. Современное сравнительно-историческое языкознание //Уч. зап. Лен. гос. пед. ин-та им. И.А. Герцена, 1967. т. 354.
8. Будагов Р.А. Человек и его язык. – М., 1974.
9. Будагов Р.А. Система и антисистема в науке о языке // Вопросы языкознания, 1978, № 4.
10. Взаимодействие и взаимоотношение языков народов СССР. М., 1969.
11. Вопросы развития литературных языков народов СССР. – А., 1964.
12. Вопросы социальной лингвистики. – М., 1969.
13. Волков А.Г. Язык как система знаков. – М., 1966.
14. Вопросы методики сравнительно-исторического изучения индоевропейских языков. – М., 1956.
15. Глисон Г. Введение в дескриптивную лингвистику. – М., 1959.
16. Горнунг Б.В. Место лингвистики в системе наук //Вопросы языкознания. 1960, № 4.
17. Звегинцев В.А. История арабского языкознания. – М., 1958.
18. Иванов В.В. Очерки по истории семиотики в СССР. – М., 1976.

19. Исаев М.И. Решение национально-языковых проблем в советскую эпоху // Вопросы языкознания, 1977, № 6.
20. Китайская письменность и ее форма. – М., 1959.
21. Кодухов В.И. Общее языкознание, – М., 1974.
22. Краус И.К. К общим проблемам социалингвистики // Вопросы языкознания, 1974, № 4.
23. Мейе А. Введение в сравнительное изучение индоевропейских языков. – М.-Л., 1938.
24. Мұқанов М. Бақылау және ойлау. – А., 1959.
25. Общее языкознание. – М., 1970; М., 1972; М., 1973.
26. Основные направления структурализма. – М., 1964.
27. Панфилов В.З. Филологические проблемы языкознания. – М., 1977.
28. Рациг С.И. Введение в классическую филологию, – М., 1965.
29. Смирницкий А.И. Сравнительно-исторический метод. – М., 1955.
30. Солнцев В.М. Языковой знак и его свойства // Вопросы языкознания, 1977, № 2.
31. Солнцев В.М. Язык как структурно-системное образование, – М., 1977.
32. Томсон А.И. История языковедения до XIX в – М., 1938.
33. Троянский И.М. Учение о части речи Аристотеля // Уч. зал. ЛГУ, 1941 № 63, вып. 7.
34. Филин Ф.П. К проблеме социальной обусловленности языка // Вопросы языкознания, 1966, № 6.
35. Язык и мышление. – М., 1967.

М А З М Ұ Н Ы

Алғы сөз.....	3
Кіріспе	5
Жалпы тіл білімінің қалыптасуы.....	8
Бірінші бөлім	
Тіл білімі тарихы	14
I Тарау. Ежелгі дәуір тіл білімі	16
II Тарау. Орта ғасыр тіл білімі	27
III Тарау. XIX ғасыр тіл білімі	36
IV Тарау. XX ғасыр тіл білімі	59
V Тарау. Кеңестік тіл білімі	91
VI Тарау. Тіл білімінің басқа ғылымдармен байланысы ..	101
Екінші бөлім	
Тіл Теориясы.....	116
VII Тарау. Тілдің өзіндік сипаттары.....	116
VIII Тарау. Тілдің таңбалық сипаты	138
IX Тарау. Тілдің жүйелік, құрылымдық сипаты	151
X Тарау. Тіл және қоғам	160
XI Тарау. Тілдің даму заңдылықтары.....	189
XII Тарау. Тіл білімін зерттеу әдістері.....	211
Пайдаланылған әдебиеттер	230

Т. Қордабаев

**Жалпы
тіл білімі**

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ
сериясы

Бұл басылым С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Е. Бекмаханов атындағы «Өлкенің тарихы мен этнографиясын зерттеу» ғылыми-практикалық орталығында дайындалды.

Орталықтың директоры
Құдабаев А.Ж.

Бас ғылыми қызметкер
Арын Р.С.

Аға ғылыми қызметкер
Ысқақ Б.Ә.

Ғылыми қызметкер
Аубакирова С.С.

Кіші ғылыми қызметкерлер
Искакова З.С.

Қайырбекова А.А.

Құдабаев Ш.А.

Компьютерде терген
Алдабергенова Н.Б.

15.03.2010 ж. басуға қол қойылды. Көлемі 60x84/16.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі KZ Times.
Шартты баспа табағы 13,6. Есептік баспа табағы 9,8.
Таралымы 200 дана.

Сытина Е.А. ЖШ-та басылған.
Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ.,
29 Ноябрь к., 2, Тел.: 8 (7182) 32-16-08